На уроке необходимо сочетать словесное описание действий, предметов и ситуаций для слабовидящего ученика с собственным изучением материала на ощупь. Нецелесообразно изображать на одном листе предметы одинаковой величины, если в натуре они отличаются размерами [2].

На письменные работы необходимо предоставлять больше времени или сократить количество упражнений и заданий, использовать интерпретацию текста художественного и научного стиля.

К стратегиям «Развитие критического мышления через чтение и письмо» при обучении слабовидящих и незрячих детей следует подходить творчески:

– Адаптировать, видоизменять метод Джиксо, заменяя чтение текста всеми учащимися прослушиванием на читающей машине, диктофоне и т.п. Заполнение таблицы Инсерт: в целях продуктивной деятельности детей с нарушением зрения при объёмной работе с текстом выделять цветом тот фрагмент текста, где содержится наиболее приемлемая часть для соответствующего вывода. Не записывать в таблицу тезисы, а выложить в мозаичном порядке готовые, набранные соответствующим шрифтом (основной шрифт Calibri, кегль 16). Дать возможность выбора нужного тезиса из ряда предложенных для оформления таблицы в виде аппликации, что соответствует стратегии «Карусель» и «Ярмарка». Это будет способствовать продуктивному использованию времени для вывода по теме.

Работая с техническими средствами, отдавать предпочтение озвученной презентации или поясняющему видефрагмент, дать возможность учащимся рассмотреть на столах предложенные на экране изображения.

Предлагается использовать театрализацию и ролевые игры на уроках как гуманитарного, так и политехнического цикла не менее важна для формирования и развития функциональной грамотности детей с нарушением зрения внеклассная и внеурочная деятельность в рамках предметных недель.

Хочется поделиться видами внеклассной деятельности при проведении предметной недели Русского языка и гуманитарных наук в КГУ «Специальная школа-интернат № 3» область Абай г. Семей

Первое мероприятие предметной недели, а именно Урок-игра по эмоциональному интеллекту «Умеете ли вы понимать чувства других?» совместно с научным сотрудником музея Ф.М. Достоевского Е. Рыбченко-Демьяненко, прекрасно показала возможности слабовидящих учащихся в умении определять эмоциональное настроение героев психологической игры. В нашей педагогической деятельности большую роль имеет игровая

направленность обучения, в том числе организация и проведение дидактических и сюжетно ролевых игр, так как снижение познавательных возможностей вследствие зрительного дефекта обуславливает ограничение объема представлений об окружающем мире, и негативно отражается на механизме и динамике оперирования его образами в воображаемом плане.

В связи с этим в течение Недели были представлены яркие и запоминающие уроки и весёлые переменки, конкурс рисунков и конкурс «Полиглоты», чтение сказок писателя – юбиляра Шарля Перро и дидактическая игра по русскому языку «Всё обо всём».

В школе-интернате в течение более 30 лет работает драматическая студия, в которой все желающие ученики могут попробовать свои силы на сцене. Учащиеся 5-7 классов показали для малышей отрывки сказок Ш. Перро: «Золушка» на английском языке, «Мальчик с пальчик», «Спящая красавица» и в полном варианте сказка «Дары феи». Представление вызвало восхищение зрителей – малышей, которые после премьеры активно отвечали на вопросы ведущего и викторины, которую проводила уже постоянный гость школы-интерната Е.Рыбченко-Демьяненко, представляя также инклюзивный иллюстративный материал по указанным сказкам. Завершилась Неделя русского языка и гуманитарных наук литературной гостиней, посвящённой М.О. Ауэзову, которая дала возможность воочию увидеть на школьной сцене героев его произведений «Серый лютый», «Выстрел на перевале Караш» «Путь Абая», «Енлик-Кебек». Хочется отметить, что представление на сцене отрывков художественных произведений практикуется в течение всех лет существования студии и имеет целью следующее: привитие интереса к чтению, из выделенных отрывков слабовидящие и незрячие дети воспринимают наиболее значимые моменты произведения, из которых складывается целостная картина, проявляется проблематика и конфликт как драматических, интерпретация произведений даёт возможность ученику представить образ героя, его основные черты, действия, переживания, которые определены содержанием произведения, творчество ребенка проявляется в правдивом изображении персонажа, чтобы это осуществить, надо понять, почему он так поступает, представить себе его состояние, чувства, т.е. проникнуть в его внутренний мир [3].

Необходимость игры на сцене обусловлена также коррекционной работой над компенсацией недостатков, вызванных последствиями зрительных нарушений слабовидящих и незрячих детей по следующим коррекционным дисциплинам: Развитие зрительного восприятия и охрана зрения, Развитие мимики и пантомимики, Пространственная ориентировка, Социально-бытовая ориентировка, Коррекция недостатков развития речи.

Таким образом, в результате совместной деятельности всех педагогических структур КГУ «Специальная школа-интернат № 3» по формированию и развитию функциональной грамотности выпускники школы – интерната по итогам ЕНТ за последние годы по предметам Математическая грамотность и Грамотность чтения на казахском и русском языке дают 100% качество знаний и имеют возможность продолжить образование в престижных вузах Республики Казахстан, а также ближнего и дальнего зарубежья, а значит, готовы к самостоятельной жизни в условиях взаимосвязанного и взаимозависимого мира.

Литература

1. Денискина В.З. Коррекционная направленность уроков математики в начальных классах школ для детей с нарушением зрения. М., АКАДЕМИА АПК и ПРО 2002 г.
2. Ермаков В.П., Якунин Г.А. Основы тифлопедагогики. – М., 2000 г.
3. Жустова Н.А. Театр, театр, театр // Вестник Педагога искусств. Москва. ТФД . 2022. № 2.
4. Земцова, М.И. Учителю о детях с нарушениями зрения / М.И. Земцова. – М. Просвещение, 1973 г.
5. ИМП «Об особенностях учебного процесса в организациях образования РК в 2020-2021 учебном году» Нурсултан 2020 г.

б. Крылова Н.А. Специальные приёмы и методы обучения русскому языку слабовидящих детей. М., ИПТК «Логос» ВОС 1990 г.

МРНТИ: 14.01.11

Ж.Т. Оспанова, А.Е. Рахтаева
«№ 12 тірек мектебі (ресурстық орталығы)» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Адамды қолдайтын, оның күші мен қабілетін, сенімін нығайтатын күшті сезім – бұл оның өз елінің азаматы екенін түсіну, оның бүкіл елімен және халқымен туыстық сезімі.

Балаларды өз Отанын сүйуге, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм» ұғымдары сол заманның ақиқаты – наным-сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы-қазақстандық патриотизм болды. «Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси- әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді.

Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.

Туған жерге деген ыстық сезім, атамекенге деген құрмет пен қадір-қасиет тұтуды ұлы дала ойшылдары Қорқыт ата, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари т.б. айтқан болатын.

Қазақта ең алғаш қазақ балалары үшін халық мұрасына, салт-дәстүріне, ерлік, адамгершілік тәрбиесіне негіздей отырып, оқулық жазған Ыбырай Алтынсарин болды. Ол көшпелі елдің басына дүनियाуи ғылым-білім, өнер үйретуді армандады. Абай Құнанбаевтың еңбектерін зерделеп қарайтын болсақ жастарды ерлік рухта, патриотизмге баулып, намысын, ар-ожданын, адамгершілік қасиеттерін оятуды үнемі мақсат етті. Оның «азаматтың бәрін сүй бауырым деп» деген сөзі ұлы гуманистік идеяның айқын көрінісі еді.

Қазақ халқының батыры, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы «отаншылдық - Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз- мемлекет деген ұғымды, оны жеке адам мен барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағы мен қарым-қатынасын біріктіреді», - деп атап көрсеткен болатын. Сондай-ақ соңғы жылдардағы педагогикалық зерттеулерде жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориялық тұстарының ескерілмей келгені де байқалады. Міне, осы проблемалардың бәрі отансүйгіштік тәрбие мәселесінің белсенділігін көрсетсе керек.

Қазіргі егеменді ел жағдайында жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу, олардың елін, жерін сүйетін, ана тілін ардақтайтын, ұлтын пір тұтатын азамат болып өсуін қамтамасыз ету – бүгінгі мектептің басты мақсаты деуге болады. Жоғарыда отансүйгіштік ұғымына берілген сипаттамалар мен зерттеушілер, ұлы ойшылдардың, қазақ зиялыларының пікірлеріне сүйене отырып, біз өз пайымдауымызды білдірдік. Отансүйгіштік-ол өзінің туған жеріне, тіліне, еліне, мемлекетке деген сүйіспеншілік сезімі, сол мемлекеттің, Отанның гүлденуіне, өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосу, қызмет ету. Ел Президенті Қазақстан халқына жолдауында: – Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз, - деген болатын. Қазақстан – түрлі тарихи аласапырандарды басынан өткізіп барып, тәуелсіздікке қолын жеткізген, көп ұлтты республика. Сондықтан оның берік

болуы отансүйгіштік тәрбиені дұрыс жолға қоя білуге байланысты болмақ. Тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа Конституциясында да республика қызметінің түбегейлі қағидаларының бірі – қазақстандық патриотизм деп атап көрсетілген.

Қазақстандық патриотизм – ата-анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім мен білікті, ақыл-парасатты ел игілігіне жұмсау, атамекен мүддесіне арнау дегенді білдіреді. Өз елінің өткенін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм құрамына кіреді.

Өсіп келе жатқан жас буындардың бойында ұлттық патриотизмді қалыптастыруда, олардың әрқайсыларының «өзін ұлтының перзентімін» деп сезінуін нысанаға ала отырып, Қазақстандағы дәл бүгінгі жағдайда «ұлтты сақтап, одан әрі өркенін өсірудің кепілі», -деп білген жөн. Мұның өзі «ұлт дегеніміз – ұлттың өзін-өзі билеу идеясы басын құраған адамдардың шынайы жүрек жарды бірлестігі» деген идеядан өрбиді.

Бастауыш сынып оқушысы еліктегіш келеді соған байланысты отансүйгіштік қасиет бірінші ата-анасы жағынан беріліп содан кейін мектеп қабырғасынан бастау алады. Осыған орай бастауыш сынып мұғалімі көбінесе ана тілі, қазақ тілі және дүниетану сонымен қатар сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беріп отырады.

Оқушыларын патриоттық рухта тәрбиелеуде оқу тәрбие процесінің мүмкіндіктерін сыныпта және сыныптан тыс бірізді және жүйелі жүзеге асыра ұтымды ұштастырса, олардың патриоттық сезімі деңгейін жоғарлатуға болады.

Демек, бастауыш сынып оқушыларының патриоттық сезімін қалыптастырудың жүйесі; ұлттық тілге, тарихқа, дәстүрлерге, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсете білуі, Отанға саналы көзқарас, сүйіспеншілік танытуы патриоттық білім мен тәрбие бірлігінен құралады.

Бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің педагогикалық шарттары:

– патриоттық білім мен тәрбие беруді сыныпта және сыныптан тыс жұмыстарда үздіксіз ұйымдастыру;

– мұғалімнің патриоттық тәрбие мақсатын, мазмұнын, міндетін нақты түсіну, патриоттық тәрбие берудің әдістемесін, оны ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен тәсілдерін меңгеру;

– ата-аналардың патриоттық білімдерін көтеру;

– бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру міндеттерін жас және дербес ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы білім беретін орта мектептегі патриоттық тәрбие беру жүйесінде жүзеге асырту.

Қазіргі қоғам адам тағдырына жаңа көзқараспен қарап, соған сәйкес оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуды, халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің негізінде ұлттық сана-сезімді қалыптастыруды, оқушылардың білім сапасын жетілдіруді талап етуде.

Олай болса, тәуелсіздік туы желбіреген еліміздің болашақ отансүйгіш ұрпағын тәрбиелеуде олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүйушілік секілді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына сіңіруде осы ұлттық құндылықтарды басшылыққа алсақ, өте ұтымды болар еді.

Әдебиеттер

1. Қалиев Ж. Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру. – Астана, 2015.
2. Бейсенбаева А., Аукаримова Л. Отансүйгіштікке тәрбиелеу // Бастауыш мектеп, № 9, 2021.
3. Абшанкова Ғ. Отанын сүйуге тәрбиелеу // Бастауыш мектеп, № 1, 2022.
4. Қалиев Ж. Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру. – Астана, 2017 ж.

Н.В. Васильченко, Э.А. Ильясова
 КГУ «Гимназия им. Шакарима», vasna20@mail.ru

ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ

В настоящее время функциональная грамотность стала одним из главных ориентиров и важной задачей современной казахстанской системы образования. Ее актуальность обусловлена обновлением содержания обучения, меняющимися условиями в глобализовавшемся мире. Постановлением Правительства РК от 25.06.2012 г. № 832, подготовка школьников к жизни, к труду рассматривается как один из приоритетов образования, требующего пересмотра результатов образования. В условиях модернизации выполнение этой задачи продолжается, так как умение анализировать, структурировать информацию и максимально эффективно ее использовать для самореализации в социуме и есть одно из основных направлений модернизации образования. Сегодня выпускник школы должен владеть новейшими технологиями, уметь принимать самостоятельные решения, уметь адаптироваться в социальной и будущей профессиональной сфере и стремиться к самообразованию на протяжении всей жизни, быть конкурентоспособным.

Согласно определению ЮНЕСКО под грамотностью (в буквальном смысле) понимается способность человека осмысленно читать, понимать и составлять простые короткие тексты, имеющие отношение к повседневной жизни. В широком понимании термин «грамотность» трактуется, как минимальный объем навыков, обеспечивающих нормальное функционирование личности в системе социальных отношений. В связи, с чем в образовательной практике под понятием «функциональная грамотность» подразумевается способность личности взаимодействовать с внешней средой и мобильно адаптироваться к ней.

В современной казахстанской школе проектно-исследовательская технология, основанная на гуманно-личностной ориентации педагогического процесса, давно нашла свое активное применение, стала своеобразным ключом к формированию функциональной грамотности и показывает прекрасные результаты.

«Метод проектов» возник в начале XX века в таких странах как США и Российская империя. Истоки его возникновения связаны с идеями гуманистического направления в философии и образовании и именами таких педагогов и философов как Дж. Дьюи, В.Х. Килпатрик, С.Т. Шацкий, А.У Зеленко. В 1931 году в СССР постановлением ЦК ВКП (б) метод проектов был осужден, и не предпринималось сколько-нибудь серьезных попыток возродить этот метод на практике. [1]. Однако в советское время «в рамках внеурочной общественно – полезной деятельности проводились порой мероприятия, по существу представляющие собой реализацию проектов» [2].




Рисунок 1 – Этапы деятельности учащихся

Суть идеи заключалась в обучении на активной основе через целесообразную деятельность ученика, соотносясь с его личным интересом именно в этом знании [3]. Поэтому важно было показать детям их личную заинтересованность в приобретаемых знаниях, которые могут и должны им пригодиться в жизни.

Организация проектно-исследовательской деятельности предполагается под руководством учителя и направлена на решение учащимися различного рода задач – творческих, исследовательских и других, тем самым реализуя один из основных научных методов познания.

Рассмотрим кратко технологию проектно-исследовательской деятельности. Условно вся деятельность учащихся сосредотачивается на следующих этапах, отраженных на рисунке 1.

Суть идеи заключалась в обучении на активной основе через целесообразную деятельность ученика, соотносясь с его личным интересом именно в этом знании [3]. Поэтому важно было показать детям их личную заинтересованность в приобретаемых знаниях, которые могут и должны им пригодиться в жизни.

Организация проектно-исследовательской деятельности предполагается под руководством учителя и направлена на решение учащимися различного рода задач – творческих, исследовательских и других, тем самым реализуя один из основных научных методов познания.

Рассмотрим кратко технологию проектно-исследовательской деятельности. Условно вся деятельность учащихся сосредотачивается на следующих этапах, отраженных в схеме 1.

На что необходимо обратить внимание педагогу под чьим руководством осуществляется проектно-исследовательская деятельность учащихся?

Важно выбрать проблему знакомую или значимую для ученика, для решения которой ему необходимо применить имеющиеся знания, а также новые знания, которые еще предстоит приобрести. На разных этапах проектной деятельности возможно использование таких методов как «брейнсторминг» (мозговой штурм), статистический метод, творческий отчет и т.д. Оформление результатов исследовательской работы или как иногда употребляется термин «готовый продукт» может быть представлено в различной форме: слайд – презентация, видеофильм или видеоклип, статья, атлас, виртуальная экскурсия, web – сайт и т.д.

Популярность и успешность проектно – исследовательской деятельности обусловлена целым рядом аспектов – степенью вовлеченности обучающихся, которые с азартом и интересом занимаются исследования разного рода проблем; возможностью ученикам попробовать свои силы и приложить свои знания и возможно принести пользу обществу и своей стране. В нашем регионе благодаря таким конкурсам, как конкурсы проектов «Зерде», «Дарын», Центрально-Казахстанского отделения Малой академии наук РК (ДДиЮ г. Караганды) и ряду других, данная технология обучения прочно вошла в казахстанское образование и показала свою успешность в развитии творческих, исследовательских и организаторских способностях детей.

Таким образом, если мы хотим видеть осознанные действия молодого поколения, ответственность за свои поступки, их активность и сознательность, инициативность, эффективное решение жизненных задач, то проектно-исследовательская технология обучения доказала, что она не только необходимый компонент образовательного процесса, но и эффективный инструмент для формирования функциональной грамотности школьников.

Литература

1. Полат Е.С. «Метод проектов». М., «Народное образование», 1998 г.
2. Гузев В.В. «Планирование результатов образования и образовательная технология». М., «Народное образование». 2000 г.

3. Селевко Г.К. «Современные образовательные технологии». М., «Народное образование», 1998 г.

МРНТИ: 14.01.11

Г.Д. Абдрахманова, И.Н. Кайырбекова
«№ 48 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, жан-жақты, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болып, нәтижеге жетеді. Бастауыш сынып мұғалімі үшін, оқушы жазылмаған ақ қағаз секілді таза, пәк. Бастауыш сыныпта оқытудың негізгі міндеті – баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілетін анықтау мен дамыту, білімдерін ашу, дұрыс түсінік қалыптастыру. Білім берудің кешенді міндеттерін және мұғалімдердің әртүрлі жағдайларда жұмыс істейтіндігін ескерсек, тиімділік деген сөзге аса мән беріп курста оқыған модуль туралы қысқаша тоқталайық.

Жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы аясында оқушыларымызға заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттігі бүгінгі күн талабы. Басшылыққа әдістемелік материалдардың толық ресурсы: оқу бағдарламалары, оқулықтар, күнделікті сабақ жоспарлары, мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар, бағалау жөніндегі ұсынымдардың бәрі де бар.

Кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру үшін:

- білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдану
- сын тұрғысынан ойлау
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану
- коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды.

Пайдалану:

Топпен, жұппен және жеке жұмыс жасай білу.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер:

- құндылықты-бағдарланған;
- әрекетті;
- тұлғалық-бағдарланған;
- кіріктірілмелі;
- коммуникативті;
- әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын

құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады.

Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі. Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге

және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

Оқыту әдіс-тәсілдері:

Құндылықты – бағдарланған тәсіл – оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін – өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық – бағдарланған тәсіл – педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақыл ойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік – әрекетті тәсіл – оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл – бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл – оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі – зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс.

Интербелсенді әдіс – үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танытын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрене білу өзіне деген сенімге тәрбиелейді шешендік өнерін жетілдіреді танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын) сыни ойлау дағдыларын дамытады өз пікіріне деген құқығын түйсінуді артады.

Интербелсенді оқыту – әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ән тәсілдері ретінде танылады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;

- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

- бірлескен жұмыс;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.)
- презентациялар,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама т.б.

Интерактивтік әдістеме өзара қарым – қатынастың мол ауқымын қамтиды.

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқты т.б. Интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді.

«Маршрут» ойыны.

Бұл ойын чайнворд ұстанымы бойынша жүреді. Чайнворд (ағыл. chain – шыңжыр және word – сөз) бас қатыру есебі – ойланып табылған сөздің әріптерін, алдыңғы сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырады.

Мысалы, Алматы-ыдыс-сабын-нар-рахмет-тарақ,-қарбыз т.б.

«Екі ассоциация» ойыны. Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Мысалы егер бірінші бағанға мысық, екіншісіне жарық деп жазылса, екі сөзді қосып «жарыққа жылынған мысық», «лампочка спиралы мысық мұртына ұқсайды», «лампочка сияқты» мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы лампочка сияқты» т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады.

«Қара жәшік» ойыны. Оқушылар екі топқа бөлінеді. Стол үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ оларды жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы керек.

«Дұрыс-дұрыс емес» ойыны. Ойынға қатысушыларды екі топқа бөледі. Оларды бір-біріне қарама-қарсы отырғызған дұрыс. Ортаға бос екі орындық қояды. Бір орындық «дұрыс» дегенді білдірсе, екінші орындық «дұрыс емес» дегенді білдіреді. Мұғалім немесе бір оқушы қағазда жазылған ой-тұжырымды оқиды: Ы. Алтынсарин – алғаш мектеп ашушылардың бірі». Бұл тұжырымды дұрыс деп санаса, олар тез барып «дұрыс» орындығына отыруы тиіс. «Дұрыс емес» деп санаса, соған сәйкес белгіленген орындыққа отырады. Қайсысы бірінші барып отырса және жауапты дұрыс тапса, сол жеңімпаз болады.

«Кемпірқосақ» ойыны. Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады.

Әдебиеттер

1. Ахметов С. Бастауыш сыныпта білім берудің тиімділігін арттырудың жолдары. Алматы, «Рауан», 1999.
2. Баширова Ж.Р., Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру //оқу әдістемелік құрал. Алматы, Қазақ университеті 2003- 61 б.
3. Оқушылардың белсенділігін қалыптастыру. //Бастауыш мектеп 2017-№1/2 31-33 б.

МРНТИ: 14.01.11

М.М. Белтенова, Г.К. Машаева
«№ 44 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Мұғалім – тікелей оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне жаңалықты енгізуші, оқушымен бірлесе жұмыс істейтін белсенді әрекет иесі. Мектептегі оқу жұмысының сапасы мұғалімнің оқушылардың оқу әрекеті дұрыс ұйымдастыра білуіне, оның тиімділігін мейлінше жетілдіре білуіне байланысты болады. Оқушылар әрекетінің ең басты және жетекші түрі – оқу. Тәуелсіз еліміздің ертеңі, болашағы, қазіргі ұрпақ- мектеп оқушылары. Жас ұрпақты тәрбиелеу, білім нәрімен сусындату біздің, яғни мұғалімдердің негізгі міндеті деп түсінемін. Еліміздің болашағы жарқын болу үшін, жас ұрпақты білімді, әрі жан-жақты етіп тәрбиелеу. Бұл мәселенің бірі- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру маңыздылығын айтуға болады. Бүгінгі таңда мектеп мұғалімінің алдында тұрған жауапкершілігі мол міндеттердің бірі- оқушыға тиянақты білім беру. Тиянақты білім дегеніміз- жаттанды емес, белгілі жүйесі бар тұрмыспен, күнделікті өмірмен тығыз байланысты, оқушының ой-өрісінің дамуына көмектесетін ұғымдар жиынтығы. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда мектеп мұғалімдері оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін өз тәжірибесінде пайдалануы керек. Егер оқушы алған білімінің мәнін терең сезінсе, демек, ол мәнді мәселені мәнсізден айыра біледі, білімнің ақиқаттығын айыра алады. Ол үшін бастауыш сынып оқушысының ой-өріс деңгейіне сай технология түрін таңдап алған дұрыс. Шығармашылық жұмыстар дарынды дамыту және сабақ сапасын көтеруде мақсатты әрі жүйелі жүргізілуі тиіс. Оқушылардың шығармашылық қабілетін жан-жақты тапсырмалар (жұмбақ, ребус, тест, сөзжұмбақ) беру арқылы дамытқан жөн.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

- Сабақты кең көлемде, көрнекі құралдарды пайдалану;
- Сабақты түрлендіріп өткізу;
- Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер мен схемаларды пайдалану;
- Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
- Сабаққа қатысты бейне таспаларды, фильмдерді көрсету;
- Белгілі бір тақырыпқа сөзжұмбақ құрастыру.

Осы жұмыстарды орындау барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- Сабақ түбегейлі оқушыға бағытталып, ұжымда қарым-қатынас орнайды;
- Оқушылардың үлгерімі жоғарылайды;
- Өз беттерінше әр түрлі шешім қабылдайды, жауап кершіліктері артады;
- Ойларын жүйелеуге, ашық айтуға үйренеді;
- Өзін-өзі тексеріп, бағалай алады.

Математика сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Қазіргі замандағы ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс – әрекетіне қабілетті, еркін және жан – жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықты шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Шығармашыл адамның бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттер мен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, зандылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалу тиіс.

Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу;

Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болуы;

Ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жету;

Оқушының шығармашылық іс – әрекетіне жағдай туғызу;

Оқушының шығармашылық іс – әрекетіне жағдай туғызу дегеніміз – оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннен шығармашылық қабілетті талап етпес бұрын, оны соған үйреткен жөн. Оқушының зейінін, есін, қиялын, интеллектісін дамыта отырып, ойлау қабілетін, шығармашылық іс – әрекетін жоғары деңгейде көтеруге болады. Оқушының математика сабағындағы шығармашылық қабілетін дамыту.

Үшінші сынып оқушыларымен осы бағытта жүргізілген жұмыстарға тоқталайық.

Көркем жазу жұмысын жүргізуде

1. Цифрларды өсу ретімен тауып, атау.
2. Үш таңбалы санның бірлігін кемітіп жаз
3. 4,5,6 цифрларынан үш таңбалы сан құрастыру.
4. Разрядтық қосылғыштарға жіктеу

Суретте барлығы неше үшбұрыш бар? Мақсаты: үшбұрышты басқа фигуралар арасынан ажырата және тани білуге үйрету.

Екі бала 2 сағат шахмат ойнайды. Олардың әрқайсысы неше сағат шахмат ойнайды? Мақсаты: Оқушыларды мәтіннің логикалық түйінін түсіне білуге үйрету.

Көбейту кестесін орындауға қима қағаздар беремін. Мақсаты: оқушылардың жылдам есептеу дағдыларын дамыта түсу.

Бастауыш сыныптарда дүниетану пәні бойынша оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Дүниетану пәні – жоғары сыныптардағы биология, география, физика, химия, тарих пәнінің бастамасы. Ендеше, бұл пәндердің негізі бастауыш сыныпта қаланады да, бастауыш мұғалімдерінің мойнына ауыр жүк артылады. Осы себепті дүниетану сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып отыру қажет. Жалпы оқушылардың шығармашылығын дамытуда «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы мен «Дамыта оқыту» технологиясын тиімді деп есептейміз және сабақтарымызда жиі қолданамыз. Енді сол жұмыстарымыздың кейбір түрлеріне тоқталып өтейік.

Пайдалы қазбалар тақырыбын өткенде «Кластер» құрастыру.

Су. Судың қасиеті. Бұл тақырыпты өту барысында оқушыларды топқа бөлемін. Тәжірибелер жасау барысында оқушылар судың түссіз, мөлдір екеніне, оның ағатынына, жұғатынына, жабысатынына және табиғатта 3 күйде кездесетініне көздерін жеткізеді деп төмендегідей кластер құрастырады:

Сабақты қорыту мақсатында әр топқа тапсырма беремін:

1 топ-эссе жазады.

2 топ- сурет салады.

3 топ-өлең шығарады.

ЭССЕ «Су-тіршілік көзі»»

Бізге су өте қажет. Су болмаса біз өмір сүре алмаймыз. Біз суды күнделікті өмірде пайдаланамыз. Су түссіз, мөлдір болады. Сусыз жануарлар да тіршілік ете алмайды, өсімдіктер де өспейді. Сондықтан суды үнемдеуіміз керек.

5 жолды өлең:

Су

Мөлдір, түссіз

Ағады, жұғады, жабысады

Ол бізге өте қажет

Сусын

Өсімдік пен жануарлардың байланысы.

Өсімдік пен жануарлардың байланысы.

Оқушыларға ой тудыратын сұрақ қоямын: – егер адам осы ағашты кесіп алып тастаса не болар еді?

Адам мен табиғаттың байланысы.

– Біз табиғаттан не үйренеміз?

Шәйнектің қайнауына қарап, паровозды ойлап тапқан.

Инелікке қарап тікұшақты ойлап тапқан.

Бұлбұл да ән айтуды үйренген.

Осындай шығармашыл жұмыстың нәтижесінде қоғамымызда табиғатты сүйе білетін, қайырымды, мейірімді, өзін-өзі тани алатын, байқағыш, үнемді, табиғат құндылығын түсіне білетін тұлға тәрбиеленеді.

Әдебиеттік оқу сабағында қолданылатын шығармашылық тапсырмалар:

Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау.

Ақын, жазушылардың дайын мәтіндерін басқаша аяқтау.

Белгілі мақал негізінде әңгіме жазғызу.

Мәтін бойынша мақал құрастыру.

Табиғат құбылыстарына, заттарға және жеке суреттерге қарап жұмбақ құрастырту.

Әңгімелерді салыстыру, бөліктерге бөлу.

Шығарма, мәтін, ертегі құрастыру. (тақырып бойынша, жоспар бойынша, тірек сөздер арқылы)

Өлең, мақалдар құрастыру.

Шығармадағы әңгімелерге ұқсас оқиғалар айтқызу.

Кейіпкерге мінездеме беру.

Шығарма бойынша сурет салғызу, ауызша суреттеу, қиялдау арқылы суреттеу, мүсіндеу.

Рөлге бөліп оқыту.

Логикалық ойлауын дамытатын ойындар мен берілген тапсырмаларды шешкізу (анаграмма, сөзжұмбақ, ребус)

Диалог-ертегі.

Образға кіру.

Осы сияқты жұмыс түрлерін жүргіземіз. Енді осы шығармашылық тапсырмалардың кейбіреуіне тоқтала кетейік. Олар: образға кіру, талдау және қиялдау, суырып салма ақын, диалог-ертегі, жұмбақ-мақалдар құрастыру.

I тапсырма «Образға кіру»

Жансыз заттардың, өсімдіктердің, жануарлардың орындарында өздері қандай күй кешетіні, қандай қызмет атқаратынын сезіну. Мен-Гүлмін. (Қасықпын, Шыршамын, Бағдаршаммын, Доппын) деген әртүрлі тақырыптарда әңгіме жазғызу. I оқушының әңгімесі: Мен-Гүлмін. Мен жерде өсемін. Маған ауа, су, жылу, жарық, қорек қажет. Мен адамдарға қуаныш сыйлаймын. Адамдар мені аналарына, мұғалімдеріне бақыт, қуаныш әкелсін деп сыйлайды. Мені адамдар төрге қояды. Мен әр түрлімін. Менің иісім хош, жақсы. Мені адамдар жақсы көреді. Мен ешкімге жамандық істемеймін. Осы арқылы оқушылардың ой-өрісі кеңейтіліп, тілдері дамиды.

О. Бальзактың “Ұдайы еңбек ету- өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді. Сондықтан, білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру.

Бізге ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Әдебиеттер

1. Байгаринова Ж.К. Сабақты зерттеу (Lesson study): А-дан Я-ға дейін: әдістемелік ұсынымдар. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 36 б.
2. Абдраманова Ж.Б., Биярова С.Б., Зейнолдина Г.Т. Lesson Study: өз сабағын зерттегісі келетіндер үшін: әдістемелік ұсыным. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 52 б.
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. – Алматы, 2015. – 180 б.

МРНТИ: 14.01.11

А.Т. Бозаева

«№ 41 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Білімнің бастауы, қайнар көзі- мектеп болса, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы – бастауыш білім беру саласы екені баршамызға аян. Осы тұста Мұхтар Шаханов «бала жүрегі кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында үнемі кілт жүруі керек» дегендей, бастауыш сынып мұғалімі үнемі ізденісте болуы керек.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты: Бастауыш сынып пәндері бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесінен егізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

Бағдарламаның міндеттері:

- Бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

- Бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз енгізу.

Бастауыш білім беру мақсаты — келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға:

- білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
- сыни ойлау;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
- әртүрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
- топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;
- проблемаларды шешу және шешімдер қабылдауға ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер

- құндылықты-бағдарланған;
- әрекетті;
- тұлғалық-бағдарланған;
- кіріктірілмелі;
- коммуникативті

әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады.

Күтілетін нәтижелер: бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсіне отырып, қолдана білу. Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зертеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау. АКТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді қолдана білу. Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқушылар бойында білім алу, іздену, ой қорыту, шешім қабылдау дағдыларын тәрбиелеуде түрлі стратегияларды тиімді қолданылады:

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды. Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға, өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу.

оқушылардың жеке пікірін тыңдау, олардың өздерінде бар білім, білік дағдыларын қолданудың маңыздылығына назар аудару;

оқушылардың өз жұмыстарын бағалауға және түзетуге ынталандыру.

Бастауыш білім берудің мақсаты – кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру болып табылады.

Білімді функционалдықыпен және шығармашылықпен қолдану Сын тұрғысынан ойлау

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану

Коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін оның ішінде көптілділік дағдыларды пайдалану

Топпен, жұппен және жеке жұмыс жасай білуге қалыптастыру

Оқыту әдіс-тәсілдері:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл— педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалды, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл— оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл-бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі – зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс

Интербелсенді әдіс– үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танытын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты– тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.Интербелсенді оқыту- әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ән тәсілдері ретінде танылады.

Интер белсенді әдістер оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өзідеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу.

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

- бірлескен жұмыс;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет,
- құжаттар, мұражай т.б.)
- презентациялар,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама т.б.

Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет.

Жаңартылған білім беру мазмұнының өзектілігі - бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының

үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білу.

XXI ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және техникалық ортада табысты болу үшін қажетті дағдыларды меңгертуге бағытталған. Олар оқушыларды сын тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, проблемаларды шешу сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі көптеген дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге, зерттеуге дайындайды және ынталандырады.

1. Зерттеушілік құзіреттілік –педагогикалық жүйенің жағдайы мен дамуын болжап, ақпаратты жинақтау, сақтау, өңдеп нәтижеге жету.

Зерттеушілік құзіреттілік пен зерттеушілік іс – әрекеттің сипаттамасы. Қажетті білімдердің болуы; зерттеушілік әрекетті орындауға қажетті біліктердің қалыптасуы; білім берудің міндеттерді шешу бойынша объективті көзқарастың болуы; ғылыми іс - әрекетке мотивацияның болуы; жеке дара және ұжымдық сипаттағы зерттеулерді жүргізу; қажетті тұлғалық сапалардың жиынтығының болуы;

Қазіргі оқыту үрдісінің мақсаты: оқушыны жан жақты қалыптасқан, бәсекелістікке бейім жеке тұлға тәрбиелеу; Бастауыш сыныптардан бастап ғылыми жұмыстармен айналысқан дұрыс екендігіне көз жеткізу; Ғылыми жұмыстар ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық, шығармашылық дағдыларын, өз білімдерін өз бетімен құрастыра білу; Ақпараттық кеңістікте жөн таба білу іскерлігін дамыту; Сыни тұрғыдан ойлауын дамыту; Ғылыми жұмыстармен, жобалармен айналысатын бала- ол дарынды бала.

2. Бастауыш сынып оқушыларына ұсынылатын зерттеу жұмысының тақырыбы қандай болу керек?

Анық, мағыналы, қысқа, дәл болуы керек.

1. Тақырып оқушыға қызықты, оларды тартатындай болуы керек.

2. Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек.

3. Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, жетекші өз жақсы білетін тақырып аясында таңдау керек.

4. Тақырып шынайы болу керек. Онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік болу керек.

5. Тақырыпты зерттеу ұзақ уақытқа созылмау керек.

6. Тақырыпты бәрі түсінетіндей болу керек. Және оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес болу керек.

Тақырып таңдалып алынған соң, зерттеу жұмысына, ең алдымен жоспар жасап алу керек. Жұмыс жоспары «Не істеу керек, қандай жолдары бар, қандай әдістер дұрыс ? » деген сұрақтарды қамтиды.

3. Ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбына қойылатын талаптар: зерттеу нысаны, зерттеу мақсаты, зерттеу міндеттері, өзектілігі, жаңашылдығы, болжамы, ғылыми жаңалық, нәтижесі.

4. Зерттеу жұмысының құрылымы: бет парақ, мазмұны, кіріспе, негізгі бөлімі, зерттеу бөлімі, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымша (егер қажет болса), жалпы алғанда, оқушының ғылыми жобасы ұқыпты орындалуы керек және әдемі болуы керек, аннотация (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде), ғылыми жетекшінің жұмыс туралы пікірі, оның қолымен расталады, зерттеу күнделігі

5. Оқу – зерттеу әрекетінің өткізу кезеңдері: зерттеу мәселелерін теориялық талдау; экспериментальды (практикалық бөлім) зерттеу; зерттеу күнделігін жүргізу; зерттеу мәселелерін теориялық талдау- мәселенің маңыздылығын оның ерекшеліктерін; осы тақырып бойынша әртүрлі көзқарастарды сипаттау; экспериментальды (практикалық бөлім) зерттеу

Мәселелердің мәнісін түсіндіреді;Ғылыми әдістерді пайдалануға шақырады; Зерттеу жұмыстарының бұл бөлігі маңызды болып табылады.

Эксперименттер байқау, сауалнама, әңгімелесу, сұрақ қою, интервью алу; жас зерттеушінің жеке күнделігі болу керек; зерттеу әдістері жүреді.

Тақырыпты әрі қарай аша түсу үшін жас зерттеушінің жеке күнделігі болу керек.

Жас зерттеушінің жеке күнделігі қандай болу керек?

Күнделік оқушыға берілген тақырып жайында мақсатын айқындайды; Зерттеу жұмыстарын жүргізуге көмек болады; Зерттеу күнделігі оқушылардың тақырыпты таңдаған күнінен басталады; Әдебиеттермен жұмыс жасайды; Мәліметтер мен деректер жинақтайды; Тәжірибе жасайды, бақылайды, зерттейді, зерделейді,

Ғылыми жұмыстарға үңілу. Керектісін күнделікке түртіп алу;

- Ғалымдардан, басқа да адамдардан ақыл – кеңес сұрау;

- Қорытынды жасау; Осының бәрі жас зерттеушінің күнделігінде қамтылады. Оған қосымша бейне материалдар, слайдтар, фотосуреттерден альбом жасау ұсынылады. Соңы жұмыс қорғауға дайындалумен аяқталады.

6. Мектепте жаңа технологияларды кеңінен қолдан уорын алып отыр. Қазіргі оқыту үрдісінің мақсаты оқушыны жанжақты қалыптасқан, бәсекелістікке бейім жеке тұлға тәрбиелеу. Осыны еске ала отырып бастауыш сыныптардан бастап ғылыми жұмыстар мен айналысқан дұрыс екендігіне көз жеткіздім.

Әдебиеттер

1. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар – талапшаң мұғалім еншісі//Бастауыш мектеп. – 2011 – № 4
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ» ДББҰ ПШО
3. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Астана 2021ж
4. Құсайынов А. К. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы. – 2018

МРНТИ: 14.01.11

Р.Т.Ботаханова, С.К.Садыкова

«Приречное жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІН НЕГІЗДЕУ

Адам мен табиғат қатынасындағы адамгершілік сапасы қазақ халқының ұлттық экологиялық мәдениетінен айқын көрінеді. Қазақ халқының дүниемен, табиғатпен қатынасында үш құбылыс байқалады: адамның аспан әлемі мен өз арасынан тұтастық іздеуі, ел мен жердің біртұтастығы туралы ұғым, адамның жер бетіндегі тіршілік иелерімен ішкі рухани тұтастыққа ұмтылуы. Бұл – халықтың табиғатты қара басының пайдасынан жоғары ұстап, қадірлеп-қастерлейтін экологиялық мәдениеті.

Адам мен табиғат қатынасындағы адамгершілікті қамқор, мейірбанды көзқарас қазақ халқының ұлттық экологиялық мәдениетінен айқын көрінеді. Қазақ халқының дүниемен, табиғатпен қатынасында адамның аспан әлемі мен өз арасынан тұтастық іздеуі, ел мен жердің біртұтастығы туралы ұғым, барынша тіршілік иелерімен ішкі рухани тұтастыққа ұмтылуы сияқты үш құбылыс түркі ақындарының, демократ ағартушыларының, «Бес арыстың» дүниетанымында көрініс тапқан. Қазақ халқының экологиялық ойлауы, экологиялық сана-сезімі, табиғатқа көзқарасы ауызекі шығармаларында бейнеленген. Ә. Нысанбаев пайымдағандай, қазақ философиясы негізінен «фольклорда, поэзияда, мақал-мәтелдерде, шежіре-дастандарда, эпостарда, мифологияда жинақталған және

тұжырымдалған». Сан ғасырлық тарихы бар қазақ қауымы жазба әдебиеті пайда болғанға дейін ауыздан-ауызға тарап, ел есінде сақталған мол рухани қазына жасай білген [1].

Қазақ халқының өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беруде жинақтаған тәжірибесін ең алдымен ауызекі шығармашылығынан табамыз. Осындай мол тәрбие көзіне бет бұру халықтың табиғатқа деген қарым-қатынасындағы даналығын, экологиялық тепе-теңдікті, сақтауға мүдделігін, табиғат байлығын тиімді пайдалану тәжірибесін, табиғи ортаға деген саналы да жауапкершілікті қарым-қатынасын бағамдап, ұрпақ тәрбиесінің кәдесіне жаратуға мүмкіндік береді.

Қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясын алғашқылардың көш басында кемел зерттеген Қ.Б. Жарықбаевтың халықтың тәрбие идеяларын талдап, оның тәрбиелік әдіс-құралдарына, ақыл-ой, еңбек, адамгершілік тәрбиесіндегі ықпалына берген сипаттамалары олардың экологиялық мазмұны мен функцияларын танып-білуге көмектеседі.

Қазақ этнопедагогикасының зерттелуіне айрықша үлес қосқан С. Қалиевтың қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздерін, қазақ халқының тәлімдік және ұлттық ойлауының ерекшеліктерін, халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі мүмкіндіктерін, қағидалары мен принциптерін, әдіс-құралдарын ғылыми тұрғыда саралап, халық педагогикасының озық үлгілерін бүгінгі мектептің оқу-тәрбие жүйесіне ендіру жолдары мен амалдарын анықтап беруі ауызекі шығармашылығында көрініс алған қазақ халқының экологиялық тәрбиедегі бай тәжірибесін танып-білуде маңызы ерекше деп түсінеміз.

Профессор С. Ұзақбаеваның зерттеу нәтижелері өзінің сонылығымен, ауқымдылығымен ерекшеленеді. Оның жетекшілігімен халықтық педагогика, этнопедагогика мәселелері жөнінде докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалып, аталған проблеманың зерттелуіне айтарлықтай теориялық, практикалық үлес қосылды. С.А. Ұзақбаеваның халықтың ауызекі поэтикалық шығармашылығын (мақал-мәтелдер, эпос, айтыс өлеңдері, жыраулық дәстүр, жыр-терме), музыкалық шығармашылығын (ән мен күй), сәндік-қолданбалы өнерін (қыз балаларды киіз басу, сырмақ сыру, кілем, алаша тоқу, кесте және шілтер тоқу, киім тігу, оларды ою-өрнекпен әшекейлеу тәрізді еңбекке баулу, үйрету; ер балаларға ұсталық, зергерлік, етікші, ерші, үйші т.б. кәсіптік еңбек түрін меңгерту) педагогикалық мақсатпен саралап қарастыруы және оларға берген сипаттамалары бізге олардың экологиялық мән-маңызын пайымдауда негізге алынды [2].

М.Х. Балтабаевтың фольклордың трансляциялық, эстетикалық, тәрбиелік, идеологиялық, дидактикалық, тұрмыстық, танымдық, қатынастық қызметін қарастыру барысында музыкалық шығармашылық үлгілеріне берген функционалдық сипаттамасы олардың әлеуметтік-педагогикалық, экологиялық мәнін терең ұғынуға септігін тигізеді.

К.Ж. Қожахметованың этникалық тәрбиеге берген анықтамалары бойынша жеке адам қазақтың салт-дәстүріндегі этникалық құндылықтармен этноәлеуметтік рольдерді, этникалық нормаларды игереді. Автордың дайындауындағы қазақ этнопедагогикасының құрылымдық-логикалық үлгісі, бізге қазақ ауызекі шығармашылығында көрініс тапқан халықтың табиғатпен қарым-қатынас жасаудағы мінез-құлық нормаларын пайымдауға мүмкіндік береді [3].

Халық тәрбиесінде адам мен адамның, қоғам мен халықтың еңбекке, табиғатқа адамгершілік қарым-қатынасы, имандылық идеясы жетекші орын алады. Қазақ ауызекі шығармашылығы салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы, наным-сенімдері, ырым-рәсімдері қазақ философиясын зерттеушілерге (А.Н. Нысанбаев, Р.П. Абсаттаров, К.Ш. Нұрланова, М. Орынбеков, О.А. Сегізбаев, А. Қасабеков, Ж. Алтаев, Т. Ғабитов т.б.) қазақ философиясының уақыт пен кеңістік арасындағы бітімін топшылауға, қазақтың ертедегі философиялық «даму элементтерінен бастап қазіргі философиялық теориясын жасауға мүмкіндік беріп» қазақ философиясының идеологиялық бастау бұлағы болды. Олай болатыны - «Халық эпостары, ертегілері, аңыздары, лирикалық-тұрмыстық поэмалары, мақал-мәтелдері адамдарды табиғи және әлеуметтік құбылыстарды, саяси-экономикалық

жағдайларды, ізгілік мақсаттарды өз уақытына сәйкес танып-білуінің куәгерлері» екендігінде [4].

Экологиялық тәрбиені дамыту халық педагогикасының жетекші дәстүрі болып саналады. Қазақ халқының экологиялық мәдениетінің басты ерекшелігі, З.Ж. Кенжалиев тұжырымдағандай: халықтың табиғат танымымен және адам танымымен етене тығыз байланыста, болғандығында, солармен аралас-құралас, «бөлінбеген түрде өмір сүретіндігінде.... Көшпенділер өздерін табиғаттың тікелей жалғасы, соның төл баласы сезінеді». Бұл өз кезегінде қазақ халқының табиғатты қорғауды, табиғат ресурстарын үнемді пайдалануды, табиғат байлықтарын қалпына келтіруді өзінің қасиетті борышы санайтындығын көрсетеді.

Жоғарыда талдауға алынған пайымдаулар біздерге бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың экологиялық тәрбиесін дамыту қазақ ауызекі шығармашылығында айшықталған халықтың экологиялық тәжірибесіне негізделуі тиіс екендігіне көз жеткізеді. Қазақ ауызекі шығармашылығы оқушылардың экологиялық тәрбиесін дамытуда жан-жақты қызмет атқарады. Біздер С.А. Ұзақбаеваның ғылыми жетекшілігімен орындалған еңбектерде берілген мазмұндық-функционалдық сипаттамаларға: халық ойындарының танымдық-тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендіру функциялары (А. Айтбаева); қазақ домбыра музыкасының қоғамдық жаңғырту-компенсаторлық, танымдық-эвристикалық, көркемдік-тұжырымдық, ақпараттық, коммуникативтік, тәрбиелік, иландыру, эстетикалық, гедонистік (Е. Қозыбаев); қазақ этномәдениетінің танымдық, тәрбиелік, дамытушылық, ақпараттық-коммуникативтік, реттеушілік, әлеуметтендіру (Б. Қайырова); халық білімдерінің жалпы этникалық дүние мен күнделікті өмір жайлы түсініктерінің негізгі қызметін атқаруы; адамның өз іс-әрекетінің бағытын анықтаудағы бағдарлық ролі; туыстық қарым-қатынастар жүйесі, этноәлеуметтік рольдердің мәнін айқындау және этнос субъектілерінің арасындағы қарым-қатынастарды реттеу, туыстық тегін тану сияқты функцияларына (К. Қожахметова) сүйеніп, қазақ ауызекі, шығармашылығының келесі функцияларын анықтадық: танымдық, тәрбиелік, дамытушылық, коммуникативтік, реттеушілік. Біз өз зерттеулерімізде халық шығармашылығының экологиялық тәрбиедегі көрінісіне, оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға деген мүмкіндіктеріне мазмұнды сипаттама беруге талпындық. Адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынастары жөнінде мағлұматтар беру тәжірибесі, экологиялық білімдерге деген қызығушылықтарын арттыруға септігін тигізеді. Сонымен бірге табиғатты қорғау, қоршаған ортаның тазалығы үшін күресуге деген қажеттіліктерін тұрақтандырады.

Әдебиеттер

1. Қазіргі таңдағы мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары – Алматы, 2003. – 286-289
2. Жас ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің бағыттары // Ұлт тағылымы. – 2003. – № 2. – 19-21 бб.
3. Экологиялық тәрбие бойынша дайындалған оқу-әдістемелік кешені // Бастауыш мектеп. – 2003. – № 8. – 18-19 бб.
4. Қожахметова К. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы: РБК, 1997 – 141 б.

Г.М. Буланова, К.Т. Оспанова

«Б. Момышұлы атындағы № 34 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН БІЛІМБЕРУ ВЕБ-САЙТТАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазіргі ақпараттандыру дәуірі оқу процесінде білім беру веб-сайттары мүмкіндіктерін кең көлемде қолдануды қажет етеді. «Білім беру жүйесін ақпараттандыру – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлеріне қазіргі оқу мен оқытудағы тиімді тәсілдерді енгізу, оларды дамыту, нақты жүзеге асыру шараларын айқындау» болып табылады деп көрсетілген [1].

Әлемдік ғылым мен практикада білім беру веб-сайттарын оқыту процесіне енгізу келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын сара жол.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың ғылыми негізделген әлеуметтік-философиялық тұжырымдамасы мен компьютермен оқытудың бағыттарына арналған іргелі және қолданбалы сипаттағы мәселелер, білім беру веб-сайттары мәні, мазмұны мен құрылымы алдыңғы қатарлы ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Сайт немесе Веб-сайт – (ағылшынша Website: Web – тор, желі және site – орын, желідегі орын, сегмент) – бір мекенжайға (домен атымен немесе IP – мекенжаймен) біріктірілген компьютер желісіндегі жеке тұлғаның немесе ұйымдары электрондық құжаттар (файлдар) жиынтығы. Ғаламтор желісінің негізін құрайтын барлық сайттар болып табылады.

Әлемдегі ең алғашқы сайт Info.cern.ch 1990 жылы пайда болды. Сайтты жасаған Тим Бернерс-Ли. Сайтта HTTP деректерді беру хаттамасы негізінде жасалған World Wide Web жаңа технологиясы сипаттамасын жариялаған. URInің бағыттауын жүйеге және HTMLның гипермәтін белгісінің тіл негізделген жаңа технологиясына сипаттама онында жариялады.

Біз, білім беру веб-сайттары арқылы оқытудың жүйелі әдісі – техникалық ойлау және оқушының танымдық әрекетіне бағыттап оқытуда түрлі техникалық, электрондық және компьютерлік құралдарды қолдану мәселесі деп түсінеміз.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесін басқару мен оқытуда білім беру веб-сайттары қолданудың бірнеше негізгі бағыттарын ерекшелеп көрсетуге болады:

- білім беру веб-сайттарын көрнекілік құрал ретінде пайдалану;
- оқытудың әртүрлі формасын жүзеге асыру: дербес, ұжымдық, өзіндік, қашықтықтан оқыту. Оқыту процесін автоматтандырылған оқыту жүйелерін қолдану арқылы автоматтандыру;
- әртүрлі пәндер бойынша оқу курстары мен программалық әдістемелік кешендерін жасақтау;
- білім беру жүйесінде веб-сайттарды қолдану;
- білім беруді басқаруда Білім беру веб-сайттарын кәсіби қолдануға оқыту;
- психологиялық-педагогикалық зерттеулерде білім беру веб-сайттарын қолдану.

Жылдан-жылға дамып келе жатқан материалдық-техникалық мүмкіндіктер мұғалімдерге, оқушыларға жоғарыда аталған бағыттардың әртүрлі аспектісін меңгеруге мүмкіндік береді. Мұндай бағыттарды меңгеруде оқыту процесінде қолданылатын білім беру веб-сайттарының алатын орны ерекше.

Аталған құралдарды өзінің ерекше қызметімен қатар, оқушылардың танымдық белсенділігін дамытудың құралы ретінде қамтамасыз ету мәселесі де өзекті болып отыр. Бұл білім беру веб- сайттарын бастауыш мектептің оқу процесіне қолдануды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қайта қарауды қажет етеді. Бастауыш мектепте аталған білім беру веб-сайттарын танымдық тұрғыдан қолданудың әртүрлі психологиялық-педагогикалық аспектілері С. Пейперт, Б. Хантер, Дж. Нокс, Т.М. Ньюсем және т.б. ғалымдардың

еңбектерінде зерттелген. С. Пейперт «Білім беру веб-сайттарымен оқытуда бала – өзінің интеллектуалдық құрылымын құрушы құрылысшы. ... бала қазіргі техниканы меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар жаратылыстану, математика пәндерінен, басқа да интеллектуалдық дамуына қажетті ақпараттармен танысады» деген. Шынында дәстүрлі оқытуда бала дайын білімді арнайы іскерліктерді меңгереді. Мұндай жағдайда ересектер балаларда өздігінен оқудың дағдыларын қалыптастырудың қажеттілігін, оның нәтижесінде бала жан дүниесінің үлгісін құратынын естен шығарады. Білім беру веб-сайттары жұмыс барысында оқушы өздігімен әртүрлі әуестігіне байланысты (сурет салу, өлең құрастыру, ән айту) оқу дағдыларын меңгеріп, өзі үшін жаңаны таниды, қоршаған әлемді зерттейді, білімді өздігімен ізденуге деген қызығушылығы, білуге құштарлығы пайда болады. Бұдан білім беру веб-сайттары есте сақтаудан терең ұғынуға көшуге мүмкіндік беруін, заттардың ұқсастық, айырмашылығын ерекшелеуін, ақылмен, санамен әрекет жасауға төселдіруін, өзіндік қызығушылығына байланысты тапсырмаларды орындай білуге дағдыландыруын балалардың танымдық процестерін дамытуда жүзеге асыру көзделеді.

Білім беру жүйесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары

Ақпараттық құралдар:	Педагогикалық мүмкіндігі
Компьютер	Кез келген ақпаратты өңдеуге арналған әмбебап құрал
Интерактивтік тақта	Оқу сабақтарын ұйымдастыруға және семинарлар мен пікірталастар өткізуге ыңғайлы құрал.
Принтер	Мұғалім мен оқушылардың дайындаған ақпаратын қағазға шығаруға арналған құрылғы.
Проектор	Сабақтың көрнекілік деңгейін арттыруға және оқушылардың өз жұмыстарының нәтижесін көрсетуге арналған құрал.
Телекоммуникациялық блок	Ресейлік немесе әлемдік ақпараттық ресурстарға кіруге мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытуға, басқа мектептермен хат алысуға көмектесетін құрал.
Сыныптағы және мектептегі желі	Ақпараттық желіге кіруге мүмкіндік беретін техникалық және уақыттық ресурстарды тиімді қолдануға көмектеседі.
Дыбыс-бейне құралдары	Сканер, фотоаппарат, видеокамера, магнитофон қоршаған Әлемнің ақпараттық бейнесін оқыту процесіне енгізуге мүмкіндік береді.
Программалық құралдар:	Педагогикалық мүмкіндігі.
Ақпараттың өзегі интернет	Ұйымдастырылған ақпараттық массивтер – компьютердегі энциклопедиялар, ақпараттық сайттар және Интернет жүйесі.
Жаттықтырғыштар	Ақпараттық нысандармен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға – мәтінді енгізу, экрандағы графикалық нысандармен жұмыс, жазбаша және ауызша жұмыстар жүргізуге бағытталады.
Компьютерлік тест программалары	Оқушылар автоматты түрде компьютер арқылы тапсырманы орындайды және нәтижесін алады. Компьютер оқушыны бағалайды.
Оқытушы кешендік жиынтық (электрондық басылым)	Жоғарыда аталған білім беру веб-сайттары сәйкестігіне қарай дәстүрлі түрде оқыту процесін автоматтандырады, мұғалім мен оқушы іс-әрекетін дербестендіреді.
Басқарудың ақпараттық жүйелері	Білім беру процесінің барлық қатысушыларымен – оқушылар, мұғалімдер, басшылық, ата-аналар, қоғам мүшелерінің арасындағы ақпараттық ағындардың жүруін қамтамасыз етеді

Білім беру веб-сайттарын қолдану арқылы оқу процесін басқарудың өзіндік ерекшеліктері бар. Түс, графика, мультипликация, дыбыс, қазіргі видеотехниканың барлық құралдары оқытуға қолайлы жағдай жасап, оқу процесінде ақпаратты беру мүмкіндігін кеңейтеді, оқушылардың зейінін оқуға аударуға септігін тигізеді.

Аппараттық және программалық құралдардың ақпараттарды түрлі деңгейде көрсету арқылы көрнекілік ретінде қолданылуы оқушылардың кез келген ақпаратты ғылыми, практикалық, құбылыс және болмыс түрінде меңгеруін оңтайландырады. Дәл осындай пікірді Я.А. Каменский дидактиканың алтын ережесінде оқыту процесіне баланың барлық белсенділігі көрінетін сенсорлық – перцептивтік ағымның енгізілуін талап еткен болатын. Бұған қазіргі таңда аппараттық және программалық құралдарды қолдану жағдайында қол жеткізуге болады. Себебі бұл құралдардың шексіз ресурстарының балалардың сезімдік әсерленушіліктерін арттырудағы орны ерекше.

Білім беру веб-сайттарын оқу процесін оңтайлы басқара отырып, оқушының іс-әрекетіне сапалы түрде бақылау жүргізуге мүмкіндік береді. Ол барлық жауапты тексеруге, көпшілік жағдайларда қатені тіркеп қана қоймай, сонымен бірге оның дәл сипатын анықтап, оны тудыратын себепті дер кезінде жоюға мүмкіндік береді. Дәстүрлі оқыту процесінде мұғалім оқушының оқу әрекетіндегі барлық сәттерін бақылауға, сыныппен жұмыс жасай отырып, барлық оқушылардың орындаған тапсырмаларының дұрыстығын тексеруге мүмкіндігі болмайды. Бұдан оқушыларда осы білім аймағында дұрыс емес түсініктер қалыптасып қалуы мүмкін. Оқушының білім беру веб- сайттарын оқу әрекеті құралы ретінде пайдалану мүмкіндігі зор.

Бастауыш сынып оқушысы білім беру веб-сайттары арқылы оқу әрекетінде өзін жетілдіре отырып, әртүрлі әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгереді. Өзінің алдына біршама күрделі мақсаттарды қоя біледі; яғни оқушы бұл жағдайда биік таудың шыңына шығуға талпынғандай болады. Бұл кезде оқушының қызығу қарқыны әртүрлі болып келеді: кейбіреуі аяқ астындағы әрбір ұсақ тасты байқай, баяу және бірте-бірте, ал екіншісі жырықтардан секіре-мекіре, қателесуге тәуекел ете қызығады. Мұндағы әрекет біршама жалпыланған тәсілдермен жүзеге асады да, олардың иерархиясы «адам – құрал – мақсат» жүйесінің дамуына бейнеленеді. Құралы компьютер болып табылатын балалардың танымдық іс-әрекетіне сәйкес, жүйе «адам (бала) – құрал – мақсат» түрінде анықталады, мұндағы мақсат іс-әрекетке бағдарланған, сондай-ақ оның мазмұны мен айқын сапасын анықтайтын әлемнің бейнесін (психикалық) іштей жалпыланған және жайылған түрде түсіну болып табылады [2].

Бала білім беру веб-сайттарымен қарым-қатынаста бола отырып эксперимент жасауға, сыныптағы көшбасшы болуға ұмтылады. Негізінен бастауыш мектеп жасы:

– оқуға түрткісін қалыптастыруда, тұрақты танымдық қажеттілігі мен қызығушылығын дамытуда;

– оқу әрекетінің дағдылары мен тәсілдерін, «оқу іскерлігін» дамытуда;

– жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін айқындауда;

– өзін өзі бақылау, өзін өзі ұйымдастыру және өзін өзі реттеу дағдыларын дамытуда;

– өзіне және қоршаған ортаға және т.б. сын көзбен қарауда өзіндік баға беруге

икемді келеді. Сондықтан, бастауыш сынып оқушысының жасы – бұл жағымды өзгертулер мен түрлендірулер кезеңі болып табылады. Әрбір бала осы жас кезеңінде өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенімді болмаса, жүзеге асырған таным белсенділігін сезінбесе, оқуға деген іскерлікті меңгермесе, онда баланы әрі қарай дамыту қиын және дене күшін қажет етеді.

Қазіргі білім беру веб-сайттар оқушыларға берілген тапсырманың күрделілік деңгейін, кей жағдайда оқу материалының тізбектілігін таңдауға, қажетті көмекті шақыруға, өз жұмысының нәтижесін алуға, орындағаннан кейін жіберген қателерін табуға, қатесінің сипатын анықтауға, оны уақытымен түзетуге жағдай жасайды. Мұндай тізбектіліктің жүзеге асырылуы оқушылардың өз әрекетінің рефлексиясын қалыптастыруын қамтамасыз етеді. В.В. Давыдов рефлексия – оқушының ойы мен әрекетінің негізін қадағалауы деп көрсеткен [3]. Соның ішінде, бастауыш мектеп оқушылары үшін білім беру веб-сайттарымен жұмыс жасау, өз әрекетінің нәтижесі туралы кері байланысты жасауда жоғары деңгейде мүмкіндік береді.

Барлық оқушылар білім беру веб-сайттарын жоғары немесе төмен дәрежеде меңгереді, бірақ оларды оқушылардың барлығы бірдей дәрежеде қолданбайды. Арнайы білім беру веб-сайттарымен жұмысқа деген қызығу терең және берік, диффузды болады. Қызығуларды жіктеу – табиғи құбылыс, бірақ біздің бақылауымыз көрсеткеніндей, жағымсыз «бұрмаланулардың» болуы мүмкін. Білім беру веб-сайттарымен жұмыс жасауда тақырыптан ауытқу лайықты іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруда қиындықтар туындауына мүмкіндік береді. Мұндай келеңсіздіктер болмау үшін оқытуда білім беру веб-сайттарын оқушының танымдық белсенділігін дамытатын тиімді құрал ретінде қолдану оқушының білім, іскерлік пен дағдысын қалыптастыруға, ойлауын дамыту мақсатындағы танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінділігі мен ынтасын дамыту бағытында оқу процесін жетілдіруге жағдай жасайды.

Білім беру веб-сайттары арқылы ақпаратты алуға, түрлендіруге, білуге құштарлық. Бұл қолданбалы және теориялық білімді меңгеруге және өз бетімен білім алу үшін жұмыс жасауды, арнайы терең білімді қажет ететін қызығу болып табылады. Бұл қызығу арнайы білімді ғана қажет етпейді, сонымен қатар тұлғаның қалыптасқан арнайы сапаларын: алгоритмдік мәдениеті мен ақпараттық мәдениетін қажет етеді.

Қызығудың бұл түрі жоғары иерархиялық деңгейімен іріктелуімен, бастауыш мектеп пәндерін меңгеруге бағытталғандығымен сипатталады, бірақ оның тереңдігі соншама білімнің шектелген аймақтарына немесе бірнеше оқу пәндеріне деген қызығуды туғызады. Біз мұнда математика, әдебиеттік оқу, АКТ, дүниетану мен жаратылыстану пәніне деген қызығуды дамытуды ерекше үйлесімде ерекшеледік. Пәннің ішкі мазмұнын түсіну үшін ақпаратқа қажеттілік, білім беру веб-сайттарын қолдануға қызығуымен бірге жүруі міндетті. Әртүрлі типтегі тапсырмаларды шешуде білім беру веб-сайттарын қолдану маңызды болып келеді.

Бірқатар білім беру веб-сайттары, мысалы «Балбөбек еліне саяхат» кешені балалардың өзінің алдына мақсат қоя білуіне және оған өзі жетуге талпынуға, баланың танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Бұл веб-сайт арқылы балалар іс-әрекеттің негізгі мақсатын қосалқы іс-әрекеттерге бөлуді үйренеді және шығармашылық тәжірибе жүргізу процесі қалыптасады. Олар өзінің алдына (толық немесе толық емес) жаңа күрделі мақсаттарды қойып және оларды жүзеге асыруға тырысады. Бұл процесте негізгі және қосалқы мақсаттарға бағынуды сипаттайтын әрекеттің біршама күрделі құрылымы қалыптасады. Аталған нәтижелер оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға негіз болуы қажет.

Қорыта келгенде, бастауыш сынып оқушысының алгоритмдік және ақпараттық мәдениетін дамытпайынша, баланың білім беру веб-сайттары арқылы білуге құштарлығын дамыту мүмкін емес.

Әдебиеттер

1. Красильникова В.А. Білімді ақпараттандыру ісінің түсініктілік аппараты. // Информатиканегіздері. – 2003, № 3. – 2-6 б.
2. Панюкова С.В. Использование информационных и коммуникационных технологий в образовании. – М. 2010. – 224 с.
3. Давыдов В.В. О статье «Построение модели шестилетней начальной школы». // Начальная школа. – 1995. № 1. – 19-25 с.
4. Андерсен Б. Бент. Мультимедиа в образовании. – М., 2007. – 224 с.

Б.О. Галимова, А.Т. Дуйсенбаева
«№ 35 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҮРДІСІН ДАМУ

Жекелеген психикалық процестерді дамыту бүкіл бастауыш мектеп шағында жүзеге асырылады. Балалар мектепке қабылдау процестері едәуір жетіліп келсе де, олардың оқу ісіндегі қабылдау формалары мен түстерді тану және атауға келіп тіреледі. Бірінші сынып оқушылары өздері қабылдайтын заттардың қасиеттері мен салаларына жүйелі талдау жасай алмайды. Бұл жағдай арнайы жасалған тәжірибеден айқын көрінеді. Мәселен, 1-сынып оқушылары қарап отырып салу үшін түрлі-түсті құмыра алды. Балалар оны тез қарап шығып, атын атады, содан соң оның өзіне онша көңіл аудармай, бірден оның суретін салуға ұмтылады. Олардың салған суреттерінде құмыралардың көлемі де, формасы да, әртүрлі болып шықты, тіпті бір-бірінен едәуір айырмашылығы да болды, өйткені балалар форманың өзіне талдау жасамаған еді. Құмыраның түсін беру мәліметтері де ұқсас болды. Бірінші сынып оқушылары бұл түсті танып, атап та берді, бірақ оның нақты ерекшеліктері оларды қызықтырмады. Саралап қабылдауға кемшіліктер басқа тәжірибелерден де байқалады. Баланың қабылдаған заттарын талдау және саралау мүмкіндіктері онда заттардың жекелеген тікелей қасиеттерін аңғару мен айырудан гөрі күрделілеу қызмет түрінің қалыптасуымен байланысты. Бақылау деп аталатын бұл қызмет түрі мектептегі оқу процесі кезінде ерекше жедел қалыптасады. Сабақтардың үстінде оқушы қандай да бір пәннің және құралдың қабылдау міндеттерін алып, ал одан кейін өзі де кең түрде тұжырымдайды. Осының арқасында қабылдау мақсатқа бағытталады. Зейінді дамыту. Мектепке келген балалардың әлі мақсатқа бағытталған зейіні болмайды. Олар өздерінің зейінін негізінен өздеріне тікелей қызықтығымен, ашықтығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін нәрселерге аударды (ырықсыз зейін), мектеп жұмысының шарттары алғашқы күннен бастап баладан сол кезде оны қызықтырмауы да мүмкін пәндерді және мәліметтерді назардан тыс қалдырмауды талап етеді. Бала біртіндеп жай сырттай тартымды заттарға емес қажеттілерге зейінін бағыттап, оны дәйекті ұстауды үйренеді. I-III сыныптарда көптеген оқушылар ырықты зейінді игереді, оны мұғалім түсіндірген немесе кітапта бар кез-келген материалға көздей алады. Ырықты зейін, оны қандай да бір міндетке алдын-ала ойластырып бағыттап білу-бастауыш мектеп шағындағы маңызды жетістік ретінде айқын байқалады.

Бірінші сынып оқушыларының ырықты зейінін олар әлі өздерін-өздері алып жүрудің ішкі құралдарын игермегендіктен тұрақты болмайды. Сондықтан тәжірибелі мұғалім оқу ісінің сабақты бірін-бірін ауыстырып отыратын және балаларды шаршатпайтын әр алуан түрлерін (түрлі тәсілдермен ауызша есептеу, есептер шығару және нәтижелерді тексеру, жазбаша есептердің жаңа тәсілдерін түсіндіру, оларды орындап жаттығу және т.б.) қолданып отырады. 1-2- сынып оқушыларының ақыл-ой әрекетінен гөрі сыртқы іс-әрекетті орындауда зейіні неғұрлым тұрақты. Бұл ерекшелікті ақыл-ой сабақтарын графикалық схемалар, суреттер, макеттер, аппликациялар жасаумен алмастыра отырып сабақтарда пайдалану абзал. Қарапайым, бірақ біркелкі сабақтарды орындауда бастауыш сынып оқушылары жұмыстың түрлері әдістері мен тәсілдерін қолдануды талап ететін неғұрлым күрделі тапсырмаларды шешу кезіндегіден көрі көбірек алаңдайды.

Зейінді дамыту, сондай-ақ оның көлемін кеңейтумен және зейінді іс-әрекеттің алуан түріне бөле білумен байланысты. Сондықтан оқу тапсырмаларын былайша қойған дұрыс: бала өз тапсырмасын орындай отырып, жолдастарының жұмысын қадағалауы керек және қадағалай алатындай етіп, мысалы, берілген мәліметті оқи отырып, оқушы басқа оқушылардың мінез-құлқын тексеріп отыруға міндетті. Қате жіберіп алған жағдайда ол жолдастарының теріс әсерін байқап, оны өзі түзетуге тырысады. Кейбір балалар сыныпта зейінін бөле алмайтындықтан «алаңғасар» болады: олар бір іспен айналысып отырып,

басқаларын естен шығарады. Мұғалім оқу ісінің әр түрін балалар бір мезгілде бірнеше іс-әрекетті бақылауды үйренетіндей (алғашқыда, әрине, біршама қарапайым), жалпы жанама жұмысқа даярланатындай етіп ұйымдастыру керек.

Есте сақтауды дамыту. Мектепке келген жеті жасар бала көбіне сырттайашық және эмоциялы оқиғаларды, суреттерді, әңгімелерді дәл есте сақтайды. Бірақ мектеп өмірі бастан-ақ балалардан материалдарды еркін есте сақтауды талап етеді. Оқушылар күн режимін, мінез-құлық ережелерін, үй тапсырмаларын арнайы есте сақтауы тиіс, ал одан кейін оларды өзінің мінез-құлқына басшылыққа ала білуі немесе оларды сабақта еске түсіре білуі керек. Балалар ең мнемикалық міндеттерді ажырата алатын болады. Олардың біреуі материалды дәлме-дәл есте сақтауды, екінші оны тек өзі сөзімен айтып шығуды қарастырады және т.б. Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтауының табыстылығы олардың мнемикалық міндеттердің сипатын түсінуіне, есте сақтау мен еске түсірудің тиісті әдіс-тәсілдерін меңгеруіне байланысты.

Ал алғашында ең қарапайым тәсілдерді қолданады-материалды мағыналық бірліктері бойынша сәйкес келмейтін бөлшектерге бөлу кезінде оны, әдетте, бірнеше қайталау. Есте сақтау нәтижесін баланың өзінің тексеруі тану деңгейінде ғана болады. Мысалы, бірінші сынып оқушысы тексті бір қарайды да таныс сияқты болып көрінгесін жаттап алдым деп ойлайды. Аздаға ғана балалар есте еркін сақтаудың тиімді әдістерін қолданады. Көпшілігі мектепте және үйде арнайы әрі ұзақ үйретуді керек етеді. Мұндай жұмыстың бір бағыты балалардың мағыналық жағынан еске түсіру тәсілдерін, есте сақтау нәтижелерін өзіндік тексеру тәсілдерін қалыптастырумен байланысты. Қазіргі нарықтық қатынас жағдайында оқушылардың білім алуға деген ынтасының төмендеп кеткені бізді қатты алаңдатады. Оқуға білім алуды мақсат етіп келетін оқушылар ынтасы, қызығушылығы, ұмтылысы неге нашар деген сауал әрбір ұстаздың көкейінде тұратыны мәлім. Оқушылардың ынтасының төмендеу себебі әр түрлі. Нәтижеге бағдарланған білім моделінде «Мұғалім оқуды ұйымдастыру шарты ретінде оқыту процесін шығармашылық қарастыруға жауапты»-деп көрсетіледі, яғни оқу процесін ұйымдастыруда «оқушыны қалай оқытуды емес» оқушыны оқуға қалай үйрету қажеттілігі ойластыруды талап етеді. «Ұстаз оқушының танымдық іс-әрекетін жақсы ұйымдастырушы, баланың табысына қатты ынта қоятын, олардың рухани өсуіне мүдделі, ықтиятты да қамқор адам». Көптеген зерттеулер бойынша танымдық қызметтің толық жетіспейтіндігі қосалқы мектеп оқушыларына тән қасиет екендігі дәлелденген. Дәннің өсіп-өнуі топырағына, күтіміне байланысты болатыны сияқты, бала ақыл-есінің қалыптасуы да өскен ортасына, алған тәрбиесіне, білім алған мектебіне байланысты. «Мектеп білім ордасы, ұстаз мектеп тұлғасы»-дейді халық даналығы. «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп» деп білімді күннің нұрына, мыңның күшіне балайды. Сондықтан оқу инемен құдық қазғандай деп бағалаған халқымыз. Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман мұғалімге сегіз қырлы бір сырлы ерен қасиет иесі болуды міндеттейді. Ұстаз адында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, енді біреулері төмен қабылдайтын, зейіні, қабілеті, қабылдауы, есте сақтауы әрқилы шәкірттердің жүрегіне жол тауып олардың шығармашылық қабілетін дамыту, күрделі құрылым екендігі даусыз.

Көрнекті педагог В.А. Сухомлинский: «Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өмірінде құр ғана сабақ болып қоймас үшін, ол қызықты болу керек. Осыған қол жеткізгенде ғана мектеп-жасөспірімдер үшін рухани өмірдің тікелеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесімен сақтаушысына, кітап-мәдениеттің баға жетпес қазынасына айналады»-деген екен. Сондықтан, балалармен өткізілетін әрбір сабақты балалар өз күштеріне сенімділігін сезінетіндей етіп, олардың оқуға деген ықыластарын оятып, қызықтыратындай етіп ұйымдастыруы қажет.

Қызығу танымдық іс-әрекеттің қозғаушы күші. Оқушыларды танымдық қызығуды қалыптастырудың үш жағдайы бар:

– оқытудың мазмұнын, оның берілу түрі, жаңалығы, ғылым мен техниканың соңғы табыстары;

- оқушының таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдістерін жетілдіру;
- мұғалім мен оқушы, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасы, сыйластық, ізеттілік орнатып, жүрек жылуының болуын қамтамасыз ету.

Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын тәрбиелеу үшін өтіп жатқан материалдың практикалық қолдануымен толықтыру керек. Оқу процесінде ойынды тиімді қолданудың бала дамуы үшін маңызы өте зор. Ойын-баланың негізгі әрекеті. Ойын-балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын оқушылар сабақта жалыққан кезде сергітіп, сабақты ынталандыра түсу үшін пайдаланылады.

Сыныптарда ойындар негізінде түрлі жұмыстар өткізудің танымдық, тәрбиелік маңызы зор. Сондықтан да мұғалім сабақ берудің әдістерін үнемі жетілдіріп, оның түрлері мен тәсілдерін өзгертіп отырса, олардың сабаққа деген ынтасы артып, ізденімпаздық дағдысы жетіле түседі. Ойын араласқан сабақтарда балалар өздерін еркін ұстайды әрі олардың білуге деген белсенділігі артатыны байқалады.

Ойын үстінде бала өзін-өзі ұмытып, сыныптағы іс-әрекетке ден қойып, өзгелермен еркін ынтымақтасып, бірге еңбек етуге құштар болады. Кейде нашар оқитын оқушылардың өздері де ойынға араласып, сабаққа ынтасы артады. Сабақтың мазмұнына сай ойын элементтерін қолдануға балалар іштей әзірленеді. Ойын арқылы ұйымдастырылған сабақ балаларға жеңіл әрі тартымды, әрі түсінікті болады.

Сондай-ақ ойын олардың мінез-құлқына әсер етіп толғантады. Ойын үстінде бала өзін батыл ұстап, айтайын деген ойын еркін жеткізуге тырысады. Ойын сыныптағы оқушылардың көбін қамтитындықтан, әр оқушы өзінің ойлау қабілетін шыңдай түседі.

Ойын балаларды бір-біріне жақындастырады, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашып, топтастыра түседі.

Ойын-бой жазатын алданыш қана емес, баланың өмірлік ортаға жан-жақты дайындайды, денесін де өсіріп, жа дүниесін, таным-түйсігін кеңейтетін қызығушылықтарын арттыратын құрал. Ойын бала қабылдауының, зейінінің, қиялының, ынта-ықыласының, ойлау инициативасының, белсенділігінің дамуына жәрдемдеседі, эмоция туғызады.

Осының негізінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Ойын әлі де болса өз маңызын жоймайды, ол-баланың танымдық қызығушылығы мен адамгершілік сапаларын дамытатын басты нәрсе білім, әрекет, қарым-қатынас.

Ойын не үшін қажет деген сұраққа атақты психологтар өз еңбектерінде былай деп жауап береді.

1-ден, ойын мінез-құлықтың ырықты дамуының алғашқы баспалдағы, яғни, мектебі дейді психолог Д.Б. Эльконин.

2-ден, әйгілі психолог А.Н. Леонтьевтің айтуы бойынша ойын іс-әрекеттегі әдептілікке үйрену мектебі болып табылады. Психологиялық бақылаулар мен зерттеулерге жүгінсек егер балаларды екі топқа бөліп ойнатқан жағдайда бірін-бірі жеңуді көздейді немесе бір-бірімен дос емес балаларды бір топқа біріктірсек олар ойын үстінде бір-біріне көмектесіп, тез тіл табысып кететіндігін аңғаруға болады. Осындай ойындарды ұйымдастыруда ересектер үлкен роль атқарады.

3-ден ойын-баланың интеллектуалдық ой-өрісінің тереңдей түсуіне, дене бітімі мен ептілік, шапшаңдық қасиеттерін шыңдайтын құрал. Қазақтың ұлттық ойындарының көптеген түрлері вербалдыққа бағытталған ойындар психодиагностикалық мәнділікке ие.

Біздің әрқайсысымыз есте сақтау қабілетіміз әр түрлі. Біреуіміз көру арқылы жақсы есте сақтаймыз, ал екіншіміз есту арқылы жақсы есте сақтаймыз.

Белгілі бір нәрсені ұзақ уақыт есте сақтау үшін біздің соны әлденеше рет қайталауымыз қажет болады. Ұмыту-табиғи нәрсе.

Ондай адамдар бір көргенін, бір рет естігенін «бірден-ақ» есіне алып табан астында айтып береді және ұзақ уақытқа дейін есте сақтайды. Мысалы оқушыларға есімі белгілі үш бидің және Абай мен Ыбырай ақын аталарының суреттерін көрсетіп сұрақтар қойылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: Ғылым, 1990.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030». Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 11.10.1998.
3. Сабиров Т.С. Теоретические основы подготовки учителя к рациональному использованию методов и форм обучения для активизации познавательной деятельности учащихся. Алматы, 1996.

МРНТИ: 14.01.11

Т.Н.Жамағатова, А.Х. Идрисова

«№ 38 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» КММ

ЖОҒАРЫ БУЫН ОҚУШЫЛАРЫНА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА КЕРІ БАЙЛАНЫС ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ

Кері байланыс педагогикалық нәтижелерді талдаудың негізгі тәсілі ретінде шет тілін оқытуды ұйымдастыру кезіндегі педагогикалық өзара іс-қимылдың базалық процестерінің бірі болып табылады.

Белгілі болғандай, педагогика философия, элеуметтану, психология және тіпті кибернетика сияқты ғылымдармен өзара байланысты. «Кері байланыс» ұғымы сол кезеңде қарқынды дамып келе жатқан кибернетикадан 60-шы жылдары педагогикаға келіп, осы ғылымда «оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдыларын меңгеруін бақылауға бағытталған әдістер мен тәсілдер кешені» ретінде бекітілді [1].

Кері байланыс оқушының оқу деңгейі туралы ақпарат алуға негізделген бақылау функцияларының бірі болып табылады. Өз кезегінде педагогикалық психология кері байланыс ұғымын «мінез-құлықты реттеуде пайдалы ақпарат көзінен қайтарылған кез келген түрі» деп қарастырады.

Кері байланыс ретінде адам реципиенттен, өзінің мінез-құлқынан, өзінің келбетінен, өзі туралы мәліметтерден алатын кез келген ақпарат тікелей немесе жанама, кейінге қалдырылған немесе дереу болатын іс-әрекетті айтады.

Ағылшын тілі сабағындағы кері байланыс – бұл оқытушының өзінен және бірлескен қызмет бойынша серіктестерден алған талдау, рефлексия және бақылау өнімі. Ағылшын тілі сабағындағы кері байланыс тұлғааралық қарым-қатынас формасы болып табылады, біздің мінез-құлық және эмоциялық реакциялардың жиынтығын құрайды [2].

Кері байланыс мақсаты – ағылшын тілі сабағы оқытушысының сабақ мазмұнын, ақпарат беру тәсілдерін, оқушылардың іс-әрекеттерін және эмоциялық аясын түзетуі болып табылады. Кері байланыс нәтижелерін білім алушылардың өздері де бірлескен қызметті, алынған нәтижелерді бағалау үшін пайдаланады. Осылайша, оқытушы мен білім алушылар кері байланысты пайдалана отырып, өзінің мінез-құлқы мен тілін түзете алған сайын, оқыту өзара іс-қимылдарының нәтижелері соғұрлым жоғары болады [3].

Ғылыми әдебиетте кері байланыстың сан түрлері мен әдістерін бөліп көрсетеді: бейнелі әдіс («бет бейнесі», «сызбалар»); ауызша әдіс («еркін хат», «заңсыз ұсыныстар», «сөздік метафора»); графикалық әдіс («шкалирование», «линия», «версты», «баспалдақ»); векторлық әдіс («эллипсис», «қар ұшқыны»).

Рефлексия сөзі латын тілінен аударғанда reflexio – кейінге айналым мағынасын білдіреді. Бұл терминді Джон Локк XVII ғасырда енгізген. Рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсініп, оны ойлану барысында өз-өзіне нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі.

Ағылшын тілі сабағында рефлексияның мақсаты – еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс- әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Кері байланыс жүргізу бір күннің іс-әрекеті емес, ол уақыт пен ізденісті қажет етеді.

Ағылшын тілі мұғалімі рефлексия арқылы алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдеп, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімді не тиімсіз болғанын анықтап, орындалған іс-әрекетін зерделейді [4].

Ағылшын тілін қолайлы оқу үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан кері байланыс жүргізілуі тиіс. Ашық сауалдар, оқыту міндеттерімен алмасуы сияқты әдістер оқушылардың өз біліміне белсенді қатысу қабілетіне әсер етеді. Оқушылар жұппен де, өз беттерімен де өз білім деңгейлерін бағалауға және оған жеткенін түсінуге мүмкіндіктер бар.

Ағылшын тілі сабағында рефлексияның әртүрлі әдіс-тәсілдермен сабақтың әр кезеңінде: тақырыптың соңында, сабақ бөлімдерінен кейін және тарау соңында жүзеге асыруға болады. Кері байланысты түрліше өткізуге болады: топтық рефлексия түрінде, әңгімелесу түрінде т.б. Кері байланысты ауызша және жазбаша да жүргізуге болады. Еңдеше, ағылшын тілі сабағындағы кері байланыс түрлері:

1. Көңіл-күймен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс. Көңіл-күйді білдіретін әр түрлі суреттер, смайликтер және бояу түстерімен анықтау. Мысалы: «Weather»,

«Traffic light», «Apple tree».

Мысалы «Apple tree» («Алма ағашы») әдісінде оқушыларға сабақ басында түрлі-түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – «мен бүгін бәрін жақсы орындадым, сондықтан көңіл күйім көтеріңкі», қызыл түсті алма – «мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл күйім жоқ» дегенді білдіреді.

«Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау).

2. Сабақтағы іс-әрекетке байланысты кері байланыс. Мысалы: «Success stage» («Табыс сатысы») әдісінде кәдімгі сатының суреті беріледі.

- 1- баспалдағы Мен...білемін;
- 2- баспалдағы Мен...түсінемін;
- 3- баспалдағы Мен...жасай аламын.

3. Ағылшын тілі сабағындағы оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс. Бұрын мен білмеуші едім. Енді мен білемін деген сияқты ой-пікірлерін білдіру боп табылады. Мысалы:

«Plus, Minus, Interesting» [5].

Дұрыс жүргізілген кері байланыс арқылы оқушылардың өзіндік пікірін білуге болатынын және мұғалімнің кері байланыс жасай отырып, өз ісіне сыни көзбен қарайтыны туралы баяндалады.

Жоғарыда келтірілген ағылшын тілі сабағындағы кері байланыс түрлері жеке оқушының жұмысына бағытталған.

Сонымен қатар, оқушылардан топтық кері байланысты алуға болады.

Негізінен ағылшын тілі сабағындағы рефлексия оқушылардың үш қасиетін: өз бетімен білім алуын, шешім қабылдай білуін, бақталастыққа түсе білуін қалыптастырады. Өйткені бұл – ХХІ ғасырдың талабы.

Сонымен қатар, кері байланыс арқылы оқушылар өз-өзіне есеп беріп, өз-өзін реттеуге дағдыланады. Оқушылар ойлауға, сөйлеуге, өзін-өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады. Кері байланыс жасауға сабақтың белгілі бір уақытын бөліп, олардың ой-пікірлерін шыдамдылық танытып тыңдау қажет.

Кері байланыс жасау арқылы бұрынғы сабақтарда енжар отыратын оқушының себебін анықтап, олардың белсенділігін арттыруға жол іздеуге болады.

Қорытындылай келгенде, кері байланысты жасағанда мына жайттарды есте ұстаған жөн: кері байланысты жұмысымызды жақсартудың ең тиімді нысаны ретінде сабырлылық таныту, кері байланыстың субъективті болатынын ескеру, кері байланыс жасалған істі бағалау емес, не жасалу керектігін көрсету.

Сонымен бірге, кері байланыс оқумен оқытудың қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл әрекет оқушының психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, ал мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне көмегін тигізеді.

Рефлексия, яғни кері байланыс – нәтижелі білімнің жоғары көрсеткіші екенін бүгінгі күндегі оқушылардың жеткен жетістіктері арқылы толық сеніммен айта аламыз.

Бүгінгі таңда күнделікті сабақтарымызда рефлексия жасауды дағдыға айналдырып келеміз.

Әдебиеттер

1. Малиночка Э.Г. Категория обратной связи в педагогике: Дис. в виде науч. докл. на соиск. учен. степ. д-ра пед. наук. – М., 1998. – 74 с.
2. Арутюнян М.Ю., Петровская Л.А. Обратная связь в системе понимания человека человеком. – М., 1981. – 61 с.
3. Панина Т.С., Вавилова Л.Н. Современные способы активизации обучения: учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений / под редакцией Т. С. Паниной. – М., 2006. – 176 с.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым, 2012
5. Зулкашева Ш.М. «Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі». – Орал, 2013.

МРНТИ: 14.01.11

А.С. Жексенбекова, А.А. Касенова
«№ 35 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Мақсаты: бастауыш сыныпта инклюзивті білім беру технологияларын қолданумен таныстыру

Міндеттері: Инклюзивтік білім берудің педагогикалық технологиялары саласындағы педагогтарды арнайы білімдері мен практикалық дағдыларымен таныстыру;

– бастауыш сынып оқушылары үшін инклюзивті білім берудің педагогикалық технологияларын тәжірибеде пайдалануды үйрету;

– мұғалімдердің шеберлігін арттыру.

Мемлекет қазіргі таңда даму мүмкіндігі шектеулі жандарға айрықша назарын аударып, қамқорлық көрсетіп отыр. Бұл қамқорлықтың бәрі Елбасының халыққа жолдауында, ҚР Білім туралы заңында: «Кемтар балаларды әлеуметтік-медициналық – педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» жолдауында басты назарда болып, айтылды. Психологиялық тексеру – кемтар балалардың психикалық жағдайының ерекшеліктері мен психикалық дамуындағы әлеуметтік мүмкіндіктерінің тиімді жүйесі, оларды оқыту, тәрбиелеу, еңбекке баулу және кәсіби даярлығын шешуде бала мүгедектігінің алдын-алуға бағытталған көптеген көкейтесті мәселелері жан-жақты қарастырылған. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Балалардың сапалы тәрбие және оқытумен толық қамтылуын, олардың мектепке дейінгі тәрбие оқыту бағдарламаларына теңдей қол жеткізуін және «инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруін» қамтамасыз ету көзделген.

Инклюзивті білім беру жүйесінде балаға сабақ беретін мұғалім алдымен баланың даму ерекшелігін анықтайтын тесттер арқылы ойының, қиялының, зейінінің тұрақтылығын анықтап алу керек. Ол үшін «Дөңгелек қию», «Лабиринт», «Танграм», «Көру әдісі», «Есту әдісі» тәрізді тесттерді қолданып, баланың шама-шарқын анықтап алады. Сабақ барысында баланың тілмүкісін, қолының буындарының қимылын, саусақтарының моторикасын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыру қажет.

Ол үшін қазіргі таңда қолданылатын көптеген дамыту жаттығуларын пайдалануға болады. Солардың бірнешеуін қарастырайық.

“Сағат тілі”. Мазмұны: Күлімдеп тұрамыз, ауызымызды ашамыз. “Бір-екі” деп санап тілімізді жоғарғы, төменгі тістерге кезек-кезек тигіземіз. Астыңғы иек қимылдамау керек.

“Тостақшы”. Мазмұны: Езуді тартып күліп аузымызды ашамыз, тілімізді жалпақ етіп астыңғы ерінге қойып, екі жағын тостақтың ернеуі сияқты иеміз. 5-ке дейін санап тұрамыз. Астыңғы ерін тістерге тимеу керек.

“Барабан”. Мазмұны: Езу тартамыз, аузымызды ашамыз. Анықтап қайта-қайта Д-Д-Д-Д деп айтамыз. Дыбысты айту барысында тіл жоғарғы тістерге жабысып тұрады. Аузымызды жаппаймыз. Осы жаттығуды орындау барысында көп бала аузын жауып алады. Осы жағдай болмау үшін тіспен екі бір сантиметрлік таяқшаны немесе осыған ұқсас затты (сызғышты) тістеп тұру керек [1].

Осы жаттығуларды жасау барысында баланың тілін дамытуға болатыныны көреміз. Ең бастысы мүгедек балаларды сәби кезінен бастап анықтап, олардың ортаға бейімделуіне жағдай жасауымыз керек. Сондықтан күндізгі шағын стационар да арнайы жұмыс тобын құрып, әр баланың қабілет-қарымын анықтап, дұрыс бағыт-бағдар беріп, жарымжан балалардың жастайынан жасық болып өсуіне жол бермеуіміз керек [2].

Инклюзивті білім беру жүйесін дамытуға Үкіметтен бастап, мектептерге дейін мән берілуде. Жарымжан балаларды оқыту процесінде ерте бейімдеудің маңызы зор. Тек оқытып ғана қоймай, мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру мен денсаулық сақтау қызметін тарту қажет. Жалпы баланы қоғамға бейімдеу мен оқытуда ерте диагностикалау мен түзету маңызды.

Инклюзивті білім беру жүйесін дамытуда «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенция аясында инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық жоспарын жасап, сапалы білім алуды қамтамасыз ету үшін қоғамдық институттардың тәжірибесін ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі жандарды үздіксіз оқытудың тұжырымдамасын жасау аса қажет болмақ.

«Біркелкі пішіндерді сана». Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру. Көрнекілік: Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер. (15 дана).

Барысы: Әр балаға пішіндер суреттері бар, суреттер таратылып беріледі. Суреттерден біркелкі пішіндерді санап атау керек.

«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр». Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту. Көрнекілік: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.

Барысы: балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтырады.

«Қандай пішін жетіспейді». Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Көрнекілік: Геометриялық пішіндер (қораптан алу). Барысы: Тақтаға геометриялық пішіндер қойылады. Балаларға көздерінді жұмындар деп, бір пішінді алып қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады [3].

«Бетперделер». Смайликтер

Мақсаты: топта достық қарым-қатынас орнату, жағымды эмоционалды жағдай туғызу
Әрбір сабақты көңіл-күйді анықтаудан бастаймыз. Ол үшін сендерге түрлі бетперде дайындадым. Мұнда : түрлі бетперделерді оқушылар өздері таңдап, неге таңдағанын айтады.

«Мейірімді есім»

Мақсаты-эмпатияны дамыту, жағымды эмоционалды фон қалыптастыру.

Әр бала оң жағында тұрған көршісін мейірімді түрде атайды. Ал көршісі алғыс айтып, сосын жаттығу кері сол жақ көршіге орындалады.

«Атомдар мен молекулалар»

Мақсаты: қысымды түсіру, топты біріктіру. Сонымен қатар. Осы жаттығу арқылы балалардың өзара қарым-қатынасын анықтауға болады.

Оқушылар бөлмеде еркін жүреді. Психолог: «Сендер әрқайсысың атомсындар, енді жалғыз жүріп іштерің пысып кетті, енді екі-екіден, сосын үш-үштен бірігесіңдер. (Оқушылар санына қарай ойын жалғастырылады.)

«Көңіл-күйімізді жаттықтыру»

Мақсаты: оқушылардың эмоционалдық көңіл-күйін жаттықтыру

Қазір біз 2 жұптан шығып берілген тапсырмадағы сөйлемді оқып, асты сызылған сөзді көңіл-күйімізбен көрсетеміз:

Мен өзім оқытып және тәрбиелеп жатқан мүмкіндігі шектеулі бала үшін мынадай әдістерді қолданып келемін:

1. Баланы үнемі қолдап отыру, яғни қолдау әдісі, баланың сабаққа құлшынысын қолдап отыру, ой-пікірлерін, ұсыныстарын мұқият тыңдап, оны жеке тұлға ретінде қолдау.
2. Ынталандыру әдісі, баланың сабақ барысындағы, тапсырмаларды орындау кезіндегі оның әрбір іс-қимылын бақылап, мақтап, мадақтап отыру, осы арқылы оны білім алуға ынталандыру, аз болса да өз жетістіктерінің ескерілгенін сезіндіру.
3. Жеке талап қою әдістемесі, оқушының өзіне деген сенімін бекіте түсу үшін оның мүмкіндігіне қарай сабақ жүктемелерін беру, қосымша тапсырмалар беру.
4. Жеке тұлғалық қатынас әдісі. Өзінің мүмкіндігін ескере отырып, түрлі іс-әрекет түрлеріне қатыстыру арқылы дамуына ықпал ету.
5. Оқушының жетістігін бағалау әдісі. Бұл арқылы сынып ұжымында оқушының беделін, оның мектепке деген көзқарасын қалыптастыру.

Инклюзивті оқыту арқылы оқушының адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамыту, олардың басқа оқушылармен тең құқықты екендігін сезіндіру мүмкіндігін береді. Балаға жан-жақты көңіл бөлу, оның мүмкіндіктерін үнемі қолдап отыру, білім алуға құштарлығын ояту, қоғамның белсенді бір мүшесі ретінде қарап ынталандырып отыру ата-аналар тарапынан да белсенділікті арттырады, олардың мектеппен қарыным-қатынасын күшейтеді.

Сондықтан мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс атқарып келе жатқан ұстаздар аянбай еңбек етіп, бала бойындағы келешекке деген үміт отын сөндірмей, оның лаулап жануына, баланың алға ұмтылып, оның да өмірде, қоғамда орны бар екендігіне сенімін нығайтып, жігеріне жігер қосуға, әрбір баланың бір жұлдыз болып жарқырауына себепші болса екен деп тілеймін.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің № 1118 Жарлығы «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» - Астана, 2010 .- 7 желтоқсан.
2. «Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования».- Париж: ЮНЕСКО, 2009.
3. <http://www.ikprao.ru>

Т.С. Жумағалиева, Е.С. Советова
«№ 38 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» КММ

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақ орта мектептерінде педагогикалық тәжірибе саласында осы көрсетілген бағыттардың барлығы бойынша жұмыс жүргізу мүмкіндіктері бар екені белгілі. Өйткені оқушылар – еліміздің келешекте барлық саласында қызмет ететін азаматтар. Сонымен бірге мектептерде жабдықталған компьютерлік кабинеттер көбеюі, интернетпен қамтамасыз етілуі, студенттердің жеке компьютерлер мен смартфон, телефон, планшеттері болуы – барлық қолда бар мүмкіндіктерді пайдаланудың дидактикалық жүйесін уақыт талабына сай арнайы зерттеуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген «Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларында» қашықтан оқыту технологияларының мынадай түрлері көрсетілген:

- теледидарлық технология;
- желілік технология;
- кейс-технология.

Біздің қоғамда болып жатқан әлеуметтік және экономикалық реформалардың нәтижесі шет тілдерін меңгеру қажеттілігінің күрт артуы болды. Шет тілін практикалық білу – кез келген профильдегі маманның маңызды сипаттамаларының бірі.

Жаһандық өзгерістер қазіргі адамға жаңа талаптар қояды, білім берудің жаңа міндеттерін белгілейді. Білім берудегі технологиялық тәсілмен, ақпараттық-дидактикалық виртуалды жүйелердің жұмысымен байланысты мәселемен С.Д. Каракозов, А.А. Кузнецов, В.А. Леднев, Б.М. Монахов, Е.С. Полат т.б. білім беру процесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін В.Д. Байков, Ю.С. Брановский, А.Г. Гейн, Б.С. Гершунско-го, Е.Х. Карелова, М.Р. Кудяева, А.А. Кузнецова айналысты.

Шет тілін оқытудың жаңа технологияларын іздеу бірқатар жағдайларға байланысты. Біріншіден, дәстүрлі жүйе бойынша шет тілін оқытудың тиімділігі негізінен тілді білу деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес келмейді. Сонымен қатар, дәстүрлі әдістерді қолданбай жаңа әдістерді қолдану бірқатар қиындықтар тудырады. Дағдыларды автоматтандырудың қажетті көлемінің болмауы оқушыларды өнімді шығармашылық жұмыс үшін қолдануға тиісті оқу базасынан айырады. Екіншіден, шет тілдерін оқытудың технологиялық негіздерінің теориясы мен практикасы жеткіліксіз дамыған [1,108].

Дидактикалық категориялардың ішінде жоғары сынып оқушылары ағылшын тілін қашықтан оқытуда қандай көлемде білім мазмұны беріледі, оның ішінде «оқушыға коммуникативтік жаттығуларды орындатуда айтылым мен сөйлесім дағдыларын қалай тексеруге болады» деген сияқты және т.б. деген мәселелер арнайы қарастырылуы керек.

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін қашықтан оқыту – болашақ мамандарды даярлаудың тұтас жүйесінің ортақ мақсатынан туындайтын, соған қатысты білім беру міндеттерін шешуге бағытталған дидактикалық үдеріс. Оқытушының басқаруымен, жетекшілігімен және өз бетімен ағылшын тілін меңгере отырып оқушы білім аясына енеді. Ақпараттық – коммуникациялық технологияға сүйенген білім беру аясында оқушы мен оқытушының арасында қашықтан білім ақпараттарын алмасу процесі жүреді.

Сонымен қатар, интернет – бұл әртүрлі коммуникациялар: электрондық пошта, барлық конференциялар, форумдар, чаттар, аудио чаттар және басқалар. Мұның бәрін қолдануға

болады және қажет, өйткені Интернет шет тілдерін үйренуге күшті мотивация тудырады [3,12].

Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыру процесінде Интернет-технологияларды қолданудың дидактикалық мүмкіндіктері мынадай функцияларды іске асырады: білім беру – кәсіптік бағдарламалардың мемлекеттік стандартын іске асыратын оқу жоспарларының көмегімен оқу процесін басқару үшін қажетті ақпаратты жинау, сақтау және өңдеу; базалық, сабақтас және қосымша білім беру бағдарламаларын құру және сақтау, түзету мүмкіндігі; жоғары сынып оқушыларына арналған шет тілі бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз ету базалары; оқушының дербес және жеке шығармашылық қызметін ұйымдастыру және мазмұны бойынша база құру.

Жоғары сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін дидактикалық жағдайлар кешені: жана ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту (компьютерлік хабардарлық – таныстыру деңгейі, компьютерлік сауаттылық – пайдаланушы деңгейі); даралық пен жеке тұлғаны сипаттайтын қасиеттерді қалыптастыру [2, 25].

Қашықтықтан оқыту негізінде жоғары сынып оқушыларының шет тілін оқытудың дидактикалық моделі – бұл мазмұнды-мақсатты, критериалды, процестік және әдістемелік-технологиялық компоненттердің бірлігіндегі педагогикалық жағдайлар жүйесі. Бұл ретте олардың жұмыс істеуі «Оқытушы-оқушы» жүйелерінде оқыту субъектілерінің тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырумен қамтамасыз етіледі.

Мектепте ағылшын тілін оқытудың жетекші мақсаты коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады. Бұл шетел тіліндегі мәтіндерді оқығанда жеткілікті толық ақпарат алу, сұхбаттасушыны дұрыс түсіну және өз ойын, көзқарасын ауызша және жазбаша түрде білдіру қабілетінен тұрады. Шет тілін оқытудың коммуникативті бағыты материалдың өзімен де, онымен жұмыс істеу әдістемесімен де, оны ұйымдастыру формасымен де қамтамасыз етіледі. Олардың бірі-тиімді білім беру процесі пайда болатын дидактикалық виртуалды орта. Педагогикалық міндет-лингвистикалық білімді, дағдыларды, дағдыларды, оқушының мәдениетаралық өзара әрекеттесу қабілетін жетілдіру және бұл Интернеттің жұмыс істеуінің негізі [4,105].

Осылайша, оқушыларды қашықтықтан оқыту оларға кем дегенде екі маңызды пән бойынша: ағылшын және информатика бойынша шет тілдерін оқытуда білімдерін кеңейту және тереңдету үшін қосымша ынталандыру береді деген қорытынды жасауға болады. Оқу процесінде Интернет-технологияларды, атап айтқанда, олардың негізінде жасалған білім беру сайттарын, порталдарды және электрондық оқулықтарды қолданудың әдістемелік базасы, оқу процесі неғұрлым серпінді, ақпараттық сыйымды болады; білім берудің негізгі екіні оқушының белсенді қызметіне ауысады.

Әдебиеттер

1. Зайченко Т.П.–Қашықтықтан оқыту негіздері // теориялық-практикалық негіз: Оқу құралы. – 2004. – Санкт-Петербург.: Басылым. А. и. Герцен. – 167 б.
2. Полат Е.С., Моисеева М.В., Петров А.Е. – Қашықтықтан оқытудың педагогикалық технологиялары // – 2006. – М., «Академия» – С. 54-57.
3. Қашықтықтан білім беру тұжырымдамасының педагогикалық ерекшеліктері мен дамуы: студенттер, аспиранттар, докторанттар мен жас ғалымдардың V бүкіл ресейлік ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, 2004/ ММТУ. – Мәскеу, 2004. – Б.39-42.
4. Девтерова З.Р. Университетте шет тілін оқытуда инфокоммуникациялық технологияларды қолдану // білім беруді ізгілендіру. –2007. – No 1. – 71-75 ББ.

Г.Е. Жумагелдинова
«Бөкенші жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БЕРІЛЕТІН ТӘРБИЕ

Ыбырай балалар әдебиетіне тән көп шығармалар жазды. Бұл шығармаларды жазуда алдына үлкен мақсаттар қойды. «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін», - дейді. Алтынсариннің барлық өлеңдері мен әңгімелерінің мазмұнында өзі айтқан осы идея баяндалып отырады.

Халықты және олардың жас өрендерін оқуға, өнер – білімге шақыруда Ыбырайдың ұран салып, ту етіп көтергені, әрқашан жаңарып, түрленіп, құлпырып, оқыған сайын сүйсіндіріп отыратын, ескірмейтін еңбегі: «Кел, балалар, оқылық», «Өнер – білім бар жұрттар», «Әй, достарым», «Әй, жігіттер» деген өлеңдері.

«Оқысаңыз балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей – ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!» -

деп ұран салады. Ыбырай бұл өлеңдерінде алдымен сауат ашу, оқыту мәселесін бірінші орынға қояды, баланы оқыту барысында тәрбиелеу керектігін түсіндіреді. Оның өлеңдері мен әңгімелерінің қай – қайсысы болмасын балаға тәртіпті, үлгілі, өнегелі кісі болуды уағыздайды. «Сауатсыз адам саясаттан тыс тұрады, оған ең алдымен әліппені үйрету керек». Баланы жан – жақты түсінігі бар, айтқанды тез ұғатын, қабілеті күшті азамат етіп шығару үшін, алдымен оқыту керек. Ол сонда ғана тәртіпке түсінетін, оған мойын ұсынатын саналы азамат болып қалыптасады. Оқудың пайдасы, оқу арқылы баланың көп нәрсеге жетілетіні жайында Ыбырай шығармаларында аз айтылмаған. Оқыған, мәдениетті азаматтың өмір сүруі де, еңбектенуі де анағұрлым жеңіл және көңілді болатынын ескертеді.

3 – сыныпта оқылатын «Өнер – білім бар жұрттар» деген өлеңінде өнер – білім, техниканың пайдасын айта келіп, балаларды, жас өспірімдерді мәдениетті ұлы орыс халқының қатарына қосылуға, соған жетуге, солардан үлгі - өнеге алуға шақырады.

Ғылым табыстарын мадақтайды.
«Өнер – білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзінді ашып – жұмғанша
Жылдам хабар алғызды», -
деп, радио, телефон, телеграфты айтса,
«Мың шақырым жерлерге
Аты жоқ құр арбаны
Күн жарымда барғызды», -

деп, поезд бен автомашинаны үлгі етіп көрсетті. Мұнда бұрын естімеген, білмеген ұғымдар өмірге келді. Бұдан біз Ыбырай Алтынсарин қазақ балалар әдебиетіне көркем шығармасының жаңа түрін енгізгенін байқаймыз. Бұл өлеңнен адамды таң – тамаша ететін, кісі қызығарлық, соған құштарлығыңды арттыра түсетін техникалық эстетика көрініс тауып отыр. Осындай техникалық білім алу дәрежесіне оқу және үздіксіз оқу арқылы ғана жетуге болатынын оқымаған қараңғы халықтың жастарына дәлел етіп, үлгі етіп көрсетті. Ғылым адамды әр түрлі апаттан алып шығады, құтқарады. Сауатсыз, қараңғы адам жаратылыстың

тілсіз сұрапылының құрбаны бола бермек, оған қарсы күресуге дәрменсіз. Мұндай дәрменсіздіктен арылу үшін, ғылым, тағылым табыстарын тез игеріп, орыс халқының ілімінен, мәдениетінен үздіксіз үйрене беру керек деп жар салды. Өзінің жас шәкірттеріне ғылым табыстарын мақтан ете жырлады. Білім мен техниканы өз шығармаларының арқауы етіп, әр түрлі жолдармен әрқашан ұқтырып отырды. Ғылым, өнер, техника жайларын сөз еткенде, Ыбырай балалардың ұғымындағы түсініктерден алыс кетпейтін, өздерінің күнделікті естіп, айтып жүрген сөздері арқылы беруге ұмтылады. Ыбырай ғылым, өнер, техника, мәдениет жақтарын балаларға оңай түсіндіру үшін халықтық стильді пайдаланды. Бала тәрбиелеуде Ыбырай Алтынсарин ананың рөліне ерекше маңыз беріп, оның аналық махаббатын, бала өсірудегі үздік қызметін тамаша суреттеген. Баланың алғашқы тәрбиесі ананың қолында болатынын айтқан. Өйткені, бала ананың бауыр еті, соғып тұрған жүрегі деп бағалаған:

«Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.
Қаймақты сүттей қалқытқан,
Суық болса жөргегін
Қорғасын оқтай балқытқан.
Айналасына ас қойып,
Изенді көлдей шалқытқан.
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Иісін жұпар аңқытқан.»

Бала тәрбиелеуде бұл ана еңбегін қадірлей білген үздік баға деуге болады. Балаға осындай өлеңдерді оқып берсе, өздеріне жаттатса, ана көңілі балада, баланың көңілі далада» деген сияқты ана еңбегін қадірлемеу, сыйламау, кейде тыңдамай кету болмас та еді. Балаға бірінші берілетін тәрбие әрқашан ата – анасын, өзінің жақын достарын сыйлауға үйретуден басталуға тиісті.

Ата – анасын сыйламайтын бала ол жолдасына да, қоғамға да ешқандай дұрыс қызмет ете алмайды. Өзін әлпештеп өсірген адамға немқұрайды қараудан, анаға опасыздық етуден ауыр қылмыс жоқ. Сондықтан ана қадірін түсіне білу керек дейтін жалпы халықтық қағиданы әрқашан баланың зердесіне салып отыру – әрбір тәрбиешінің борышты міндеті дегенді Ыбырай Алтынсарин көп ескерткен. «Мақтасақ әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді. Әйел – ана, барлық қиындықты жеңетін, сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе...» деп совет әдебиетінің негізін салған Максим Горький ана қадірін данышпандықпен таныта білген. Бастауыш сыныпта оқылатын «Ананың сүйюі» деген өлеңі бала жанын тебіренетерліктей мұнан да күшті, мұнан да әсерлірек жазылған.

«Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,
Қуанышқа қуанып, қайғыға күйетұғын.
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,
Шешен байғұс дамылсыз жүретұғын!
Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай көпке кетсең.
Ұмытпа ең кемінде жұлдыз сайын,

«Хат жазып тұр төбесі көкке жетсін!» -деп ана қадірін аяққа бастырмауға үндейді. Ана жүрегі, ананың аялы алақаны қашан да құдіретті екенін естен қалғысыздай етіп жадында сақтауды міндеттейді.

Әдебиеттер

1. «Алтынсарин Ы. тағлымы». Алматы, Жазушы, 1991 ж.
2. Асқаров А. «Ұлы Тұранның ұлдары», Алматы, 1998 ж. – 51-58 б.

3. Алтынсарин Ы. «Таза бұлақ» жин. Алматы, Жазушы, 1988 ж.

4. Алтынсарин Ы. «Екі томдық шығармалар жинағы». Алматы, – 2003 ж. – 18-21 б.

МРНТИ: 14.01.11

П.С. Абылкаирова, Н.С. Жұманбаева
«№ 32 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ МЕН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

XXI ғасыр – білім ғасыры, бүгінгі таңда парасатты, адамгершілігі жоғары, дамыған ұрпақ қалыптастыру – мемлекетіміздің ең басты міндеті. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие. Баланың денсаулығы мықты, қимыл-қозғалысы, физикалық дамуы мектепке дейінгі кезеңде де қалыптасады.

Ойын баланың тілін дамытуға ықпал етіп, танымдық әрекетінің дамуына жол ашады. Кез келген бала ойнап өседі, өйткені баланың табиғаты тек ойынға байланысты. Ойын барысында бала ештеңеге тәуелді болмайды. Ол өз қалауын айтады. Ал еркіндік – барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге құштарлық пен құлшыныс. Ойын барысында баланың білуге құмарлығы, сөйлеуі дамиды.

Баланың танымдық түсінігі мен іс-әрекеті ойыннан басталады, оның негізі болашақ өмірде оқу мен еңбек болады. Ойынның тұлғаның дамуына әсері ежелгі дәуірде байқалды – оны жүзеге асыру жолдарын ұсынған атақты ойшылдар, философтар, педагогтар, психолог ғалымдар.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті. шетелдіктер Р. Оуэн, Ф. Фребель, М. Монтессори, Я.А. Коменский, Г. Песталоцци, С.Л. Рубинштейн, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев ойынның мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі рөлі туралы, Е.И. Тихеева, А.П. Усова, А.К. Усова, А.К. О.М. Дьяченко, А.И. Кирилова, В.С. Мухина, Т.Рибот, Қазақстандық Н. Құлжанова, Б. Баймұратова, А. Меңжанов, Қ. Аймағамбетов, М. Тұрыскелдин, Ф. Жұмабекова және т.б. зерттеулерінде қарастырған.

Ұлы Абай: «Ойнамай, ән салмай бала өсер ме?». Оның ойынша, ойынның бала өміріндегі маңызы көрінеді. Балабақша бүлдіршіндерінің психикасын дамытуда ойынның шешуші рөл атқаратынын белгілі ғалымдар өз еңбектерінде айтады: Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғыров. Ал антикалық ұлы ойшылдар ДЖ.Ж. Руссомен И.Т. Песталоцци балаларды болашаққа ойын арқылы бейімдеу керектігін түсіндірді. ойынның теориясы мен мағынасы туралы Д. Ушинский және П.Ф. Лесгафтойынның тәрбие мен оқытудағы рөлі туралы. П. Шацкий, В.А. Сухомлинский, Н.К. Крупскаяөз пікірлерін білдірді.

Педагогикалық процесті жетілдірудегі ойынның рөлі туралы қазақ ғалымы Н. Құлжанова ойын баланың күнделікті іс-әрекетіне, өміріне еліктеу, инстинкт екені дәлелденді. Н. Құлжанованың пікірінше, ойынды адамгершілік-тәрбиелік мақсатта пайдалану болашақ өмірге төте жол, үлкендерге еліктеу және өмір талабына бейімделу деп түсіндіріледі. Сондықтан балабақша балаларының негізгі іс-әрекеттері оқу, қарым-қатынас, ойын және еңбек болып табылады, олардың әрқайсысы баланың негізгі функцияларын орындайды және дамытады. Бұл сонымен қатар жаңалықтармен бөлісу мүмкіндігін арттырады, ойын белсенділігі артады, бірлесіп жұмыс жасауға үйренеді және бұл жұмыс күшінің қозғалысын жақсартады, практикалық кеңістік пен көрнекі ойлауды жақсартады.

Оның пайда болуының көп ғасырлық тарихына жүгінер болсақ, ол туралы алғашқы түсініктер ежелгі грек философтары Платон мен Аристотельдің еңбектерінен басталады. Ұлы ежелгі ойшылдар Я.А. Коменский, Я.У. Руссо, Д.ДЖ. Локк, И.Г. Песталоцци ойын арқылы балалардың болашаққа бейімделуі қажет деп түсіндірді. Коменскийдің пікірінше, ол

ойын мен еңбек арасындағы байланыстың күрделі педагогикалық мәселесін шешуге тырысты, сондықтан оның көзқарастары бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Ол: «біз ойынды баланың рухани және физикалық дамуының қозғалысында көреміз, сондықтан ол санаға пайдалы болатындай етіп жүргізілуі керек» - деп атап көрсетті.

Оқыту әдістері мен құралдары мәселелеріне де тоқталған Дж. Локк та, Дж.Ж.Руссо да ойын арқылы баланы дамытуды, оқытуды және тәрбиелеуді бірінші орынға қойды. Баланың бірінші әрекеті ойын, сондықтан оның ерекше мәні бар. Ойын – адам өміріндегі алғашқы қадам. Бала өмірінде ойынның алатын орны ерекше. Бұл ойын барысында баланың өмірді психологиялық қабылдауы, еңбекке деген көзқарасы, психологиялық ерекшеліктері қалыптасады. Ойын балаларды ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады. Баланың қуанышы да, қайғысы да ойын барысында көрінеді, сонымен қатар құрдастарымен тез тіл табыса алады.

С.А. Шмакова, көптеген ойындардың ортақ белгілері: баланың тек нәтижеден ғана емес, сонымен қатар әрекет процесінен ләззат алуға ұмтылуымен ғана қабылданатын еркін дамып келе жатқан әрекет (әрекеттік (процедуралық) ләззат); Бұл қызметтің мәні бойынша мағыналы, шығармашылық, белсенді сипаты («шығармашылық сфера»). Эмоционалдық сілкініс, бәсеке («эмоционалдық энергия»).

Мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалар мен балалардың даму деңгейінің толыққанды мотивациялық негізін қалыптастыру үшін дағдылар мен еңбек жағдайларымен жұмыс жасау.

Ойын балаларды өмірдегі қиындықтарды жеңуге үйретіп қана қоймай, өмірге қажетті қасиеттерді дамытады, ұйымдастырушылық қабілетін дамытады. Ойын арқылы бала бойында адамдық қасиеттермен қатар білімге, өнерге құштарлық қалыптасады. Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысында балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын дамытуға, үйренген сөздерді күнделікті өмірде қолдана білуге, күнделікті сөйлеуде қолдана білуге ерекше көңіл бөлінеді. Тіл дамытудың негізгі міндеттерінің бірі – мектеп жасына дейінгі балалармен лексикалық жұмыс. Сөздік жұмысында мұғалімдер әрқашан осы тапсырмаларды басшылыққа алуы керек. Балалардың сөздік қорын, тілін дамытуда ойындардың, тапсырмалардың, жаттығулардың алатын орны ерекше.

Халық даналығы бойынша ойынды білмейтін, ойлай білмейтін баланың ойын өмірінде табысқа жетуі – ойынға деген көзқарасы, көзқарасы, мінез-құлқы өскен сайын өмірде қаланады.

Бала өміріндегі ең бірінші қимыл – ойын, сондықтан оның мәні ерекше. Ойын жас баланың өмірлік, экологиялық, еңбек, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Балалар ойын кезінде өзін еркін сезінеді, қызығушылық танытады, интеллект (сезім, қабылдау, зейін, ерік арқылы), эмоцияға әртүрлі психологиялық идеялармен жауап береді. Ойын барысында бала өмірдегідей қуаныш пен қайғыны бастан кешіреді. Танымдық түсіну, баланың іс-әрекеті ойыннан басталып, оның негізгі болашақ өмірінде жалғасады. Ойын арқылы бала тұлға болып қалыптасады.

Ойын – бала өміріндегі тәрбиенің негізгі шарты. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны, айналадағы заттар мен құбылыстарды түсінеді. Ойын – балалар үшін қиын әрекет, ол білімділікті, ақылды, ұйымшылдықты қажет етеді. Мына тәрбиелі бала қайдан шықты? Бала мұны ойын арқылы үйренеді, ал ересектер мұны үйретуі керек. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары және т.б. мүмкіндіктері көп. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық дамуына ықпал ететін жетекші, негізгі құбылыстардың бірі. Бала ойын арқылы күш-қуатын шыңдайды, қоршаған орта мен құбылыстардың сырын түсінеді, еңбек дағдыларын меңгере бастайды. Олай болса, болашақ іскердің тәрбиесі, оның тәлімгерлігі – ойын. Оқу үрдісіндегі түрлі инновациялық технологиялар білім сапасын арттырудың кепілі болып табылады.

Жаңа педагогикалық технология ұғымы оқытудың жаңа әдістерін іздестіру, яғни нәтижеге жету, білім мен тәрбие беруде жаңа ғылыми зерттеулерді оңтайлы пайдалану,

демек, жоғары нәтижеге жету дегенді білдіреді. Заманауи технологиялардың бірі – ойын ойнау.

Балалардың білім беру саласында оқуға деген ынтасын арттыру үшін жаңа технологияларды қолдану мұғалімдер мен балалардың мүмкіндіктерін кеңейтіп, қызығушылығын арттыратындықтан ойын технологияларын тиімді пайдалану қажет. Сондықтан қазіргі педагогика ғылымы баланың тұлғалық дамуына бағытталған оқытудың жаңа технологияларын жасауға ұмтылуда. Осы технологиялардың бірі ойын ойнау болып табылады. Педагогикалық ойындар технологиясы – педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Бала тәрбиесінде ойын технологиясының маңызы өте зор. Ойын процесінде адамда өзін-өзі бақылау қабілеті дамып, қалыптасады.

5-6 жастағы балалармен сөздік жұмысын жүргізу. Мектепке дейінгі тәрбиеде балалардың сөйлеу тілін дамытуға, оларды сөйлеуге үйретуге, үйренген сөздерді күнделікті өмірде қолдана білуге, күнделікті қарым-қатынаста қолдануға ерекше көңіл бөлінеді. Балалармен ауызша жұмыс жасай отырып, айналадағы заттармен таныстырамыз, оларды атауға, белгілері мен қасиеттерін, түсі мен пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы әртүрлі құбылыстар туралы түсініктерін дамытып, тілде белсенді қарым-қатынас жасауға үйретеміз. Мұғалім лексикалық жұмысты жүргізгенде әрқашан осы тапсырмаларды басшылыққа алуы керек. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойындардың, тапсырмалардың, жаттығулардың алатын орны ерекше.

Ойын кезіндегі баланың ұйымдастырушылық қасиеттері: ойлау қабілеті, сөздік қоры, сауаттылығы, тапқырлығы, шыдамдылығы, табандылығы, күрделілігі, әдептілігі. Мысалы, балалардың барлығы жалғыз ойнамайды, өз құрбыларымен бірге ойнайды, бір-бірімен араласады. Ойын барысында бала қызықты нәрсені таңдайды. Баланың ерекше қасиеттерінің бірі – сөйлеуге алаңдамау. Ойын баланың сөйлеу тілін дамытуға ықпал етеді, танымдық белсенділігін арттырады. Ол бос. Сөйлеу ойынында баланың білуге құштарлығы қалыптасады. Ойынның түрлері көп. Ойындар, жаттығулар, тәттілер, спорттық, қимыл-қозғалыс, халықтық, дидактикалық, саусақпен, рөлдік ойындар, үстел ойындары және т.б. қолданылады.

Сөздік қорын дамытуды ұйымдастыруда ойын сабақтары басты рөл атқарады. Мұғалім бақылауды, көруді, сурет салуды, жұмбақ шешуді, саяхаттауды, ойын ойнауды ұйымдастыруда балалардың сөздік қорын дамытады. Осылайша, бала топтың жас ерекшелігіне сәйкес бағдарламалық тапсырманы меңгереді. Ойынды ұйымдастырған кезде мұғалім жетекші ретінде балалардың ойынға, ойын ережелерін сақтауға және ойын барысында ойлауға, заттың атын немесе қасиетін есте сақтауға, ойынға қатысу арқылы зейінін, қиялын дамытады.

Заттармен ойында ойыншықтар мен табиғи заттар қолданылады. Мысалы, «Бірдейін тап»,

«Салыстыр және ата», «Ағаштың қай жапырағы?», «Бірдей ойыншықты тап» т.б.

Жалпы ойынды ұйымдастыру үш бағытты қамтиды: ойынға дайындық, ойын ойнау, ойынды талдау. Ойынның маңызды құралы, заттарды дайындау ойынға дайындық болып табылады.

Оқушылардың білім, білік, дағдыларын, белсенділігін арттыру, балалардың тілге деген қызығушылығын арттыру, дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында ойын технологияларын ұтымды пайдалансақ, алға қойған мақсаттың сапалы нәтижесіне қол жеткізе аламыз. Ойын технологиялары кеңінен қолданылатыны белгілі.

Сонымен қатар балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырмалар, жаттығуларды қолдану тамаша нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың тілін, сөздік қорын, ауызекі сөйлеу дағдысын, танымдық белсенділігін, зерделілігін, адамгершілік қасиетін дамытады.

Ойын баланы ізденуге бағыттайды, жеңіске деген қызығушылығын оятады, содан кейін ойын шартын сақтай отырып, жылдам, жинақы, шапшаң, тапқыр болуға, тапсырмаларды дәл

орындауға тырысады. Ойындар, әсіресе топтық ойындар адамның адамгершілік қасиеттерін, жауапкершілік сезімін, тәртіпті, еңбексүйгіштік пен мінез-құлықты дамытады. Көрнекілік әдістері, қызықты да тиімді сұрақ түрлері, жұмбақтар, анекдоттар, жағдаяттық жағдаяттар, сайыстар балалардың белсенді психикалық әрекетін дамытуға көмектеседі. Ойын барысында баланың ойлау қабілеті үнемі дамып, жетіліп, деформацияланып отырады.

Ойын баланың сөйлеу тілін дамытуға ықпал етеді, танымдық әрекетінің дамуына жол ашады. Ойын баланың физиологиясын дамытумен қатар оның тілін дамытуда маңызды рөл атқарады. Ойынның әр түрінің өз мақсаттары, міндеттері мен бағыттары болады. Бұл ойынды әр бала ойнайды. Бұл ойынды көп ойнаған баланың дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі жұмсақ, жүзі нағыз сезімтал болады.

Бір сөзбен айтқанда, сабақ қызықты өтуі үшін ойындарды дұрыс ұйымдастыра білу керек. Сабақта әртүрлі дидактикалық ойындарды қолдану арқылы ғана мақсатқа жетуге болады. Сонда дүниетанымы кең, жан-жақты дамыған, өз ойын толық жеткізе алатын, мектепке баруға дайын ұрпақ тәрбиелеуге болады.

«Баланы тәрбиелеу үшін, ең алдымен, оған білім беру, ертеңгі күні апатқа соқтыратын тәрбиесіз білім беру керек», - дейді данышпан, ойшыл, энциклопедист Әбу Насыр әл-Фараби данышпанымыз айтқандай, тәрбиелік мәні бар ойындарды ойнай отырып, бала тәрбиесіне үлес қосайық.

Әдебиеттер

1. Бисембаева Ж.К. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі». – Қостанай, 2019. – 77 б.
2. Әбішева А. «Ойын элементтерін қолданудың педагогикалық ерекшеліктері» Бастауыш мектеп, № 3, 2003.
3. Баймұратова А., Қасымова Г. Ойын теориясы. – Алматы, 2004. – 90-110 бб.
4. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2008. –115 б.
5. Мәженқызы Р., Нұржумина Ш., Садуақасова Ю. «Сауат ашу» (Әліппе дәптері, дидактикалық материалдар). – Алматы: «Мектеп», 2003. – 121 б.

МРНТИ: 14.01.11

М.М. Күнслямова, А.Е. Байботанова
«№ 35 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

БІЛІМ САЛАСЫНДА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманның өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін елдің жас ұрпағына білім нәрін сусындатқан, оларды тәрбиелеуге, қазақ жерінде үлесін қосатын ұрпақ тәрбиеледі. Ыбырай Алтынсарин жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған. Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Өшпес ізі туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды. Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, алғашқы тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізді. Оның мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері, әсерлі әңгімелері, мысалдары қазақ әдебиетінің тарихында өшпес

орын алады. Осы тұрғыдан, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Ы. Алтынсариннің тіл тазалығы үшін күрескерлігі, педагогикалық ілімнің тұңғыш кемеңгері деп білеміз. Көрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің «ХҮІІІ- ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген ғылыми – зерттеу еңбегінде педагог- жазушыға: ХІХ ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын- жазушы Ыбырай Алтынсаринның өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор,»- деп баға береді.

Қазіргі таңда Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту кезеңінде тұрмыз. Әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледжде, университетте жаңа кәсіби білім алуын, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Яғни Ыбырай Алтынсаринның ұлы, сара жолын әліде жалғастырып келеміз. Білім беру саласындағы реформалар, әлбетте жаңалықтар, оны тәжірибеге енгізу, оның нәтижесін, қорытындысын шығару үшін жылдар керек болады. Білім саласы 12 жылдық білім беруге көшу кезеңі басталды. Ыбырай атамиздың салып кеткен жаңа мектебінде жаңаша оқыту түрі енгізілді. Ондағы әр бала жеке тұлға ретінде қабылданады. Яғни бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң мотивациясы мен іскерлігін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кеңінен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған. Ал негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады. Сол сияқты жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып, саралау, кіріктіру және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді. «Шеберліктің белгісі- әртүрлі әдісті біліп, сабақта орынды қолдана білу» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, заман талабына сай қазіргі мектеп мұғалімдері оқыту әдістерін жаңа бағытта құрып, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздейді.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландыруының негізіне айналуы тиіс. Бұл мәселе мектептерге байланысты айтылып тұрғандығы белгілі. Еліміздің болашағы орта мектептен толық қанды сапалы білім алған, оның бағдарламасын толық меңгерген баладан, яғни оқушыдан шығары анық, өйткені, ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар бүгінгі мектеп оқушысы.

Мектепте жұмыс атқаратын әрбір мұғалімнің алдына қазіргі таңда қойылатын талап өте үлкен болып отыр. Мұғалім өзінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырып, оны меңгеріп, өз практикасында қолданған әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады.

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Оны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «жаңашылдық» деп атауға болады. Инновацияны қолдану арқылы мұғалім өз-іс тәжірибесін байытып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алады. Жаңаша оқыту бұл- мағынаны іздеу, өзінің көзқарасымен ғана шектелмей, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да объективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Тұлға жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Жаңа инновациялық технологияларды қолдану, яғни ойлауға үйрету, оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын

іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім-осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Қазіргі өзекті проблемалардың бірі- мектеп оқушысы әдеби кітап оқымайды, тек бар ақпаратты интернеттен іздеп, тауып алып, оқып, көшіріп алып, дайын материалмен жұмыс жүргізіп, қысқа оймен шектеліп жүр. Бүгінгі оқушылардың сөздік қоры тайыз.

Себебі оқу материалынан басқа әдеби, тарихи кітап оқуға деген ынта жоқ. Ыбырай атамның барлық білімдік, тәрбиелік мәні бар әңгімелері, өлеңдері оқулыққа енгізілген, қазіргі ата-аналар мен мұғалімдер соған шүкіршілік етеді. Осындай жағдайда жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден бір шарты- мұғалімнің ізденімпаз болуы. Себебі, еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді.

Сондықтан сабақты жаңаша құрып, инновациялық түрлі тәсілдерді, педагогикалық білімдерді жетілдіре отырып, оны дер кезінде қабылдап, өндеп, нәтижелі пайдалана білу-әрбір ұстаздың міндеті болуы керек. Қазіргі сабақтар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, жұптық және ұжымдық бірлесіп жұмыс жасауға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Ең бастысы оқушы білімінің тереңдігі мен тиянақтылығын арттырады. Білім беру саласында мұғалімнің алдына қойған қазіргі мақсаты- Ыбырай Алтынсарин атамның салып кеткен сара жолымен, оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие және білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру-әрбір ұстаздың абыройлы борышы деп санаймын.

Әдебиеттер

1. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. «Қазақстан мектебі», 1989 ж.
2. Бержанов К., Сейталиев К. Ауыз әдебиетіндегі адамгершілік, тәрбие мәселелері. «Қазақстан мектебі», 1970 ж.
3. Бастауыш мектеп. № 7, 2001 ж.
4. Боданов Ж., Болеев К. Қазақтың халық педагогикасы. Жамбыл, 1992 ж.
5. Жарықбаев Қ. Ұстаздық еткен жалықпас. Алматы, «Мектеп» 1987 ж.

МРНТИ: 14.01.11

А.М. Қазыбаева, Т.Д. Солтанбекова

«№ 8 жалпы орта білім беретін көркемдік-эстетикалық
білім және тәрбие беру мектеп-кешені» КММ

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Ең бастысы – еліміздің егемендігі! Шын мәнінде, біз үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі бәрінен қымбат... Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз» [1] деп айтқан сөзінен болашақ ұрпаққа артылған үмітті байқауға болады.

Әрине, Тәуелсіздігіміз, егемендігіміз бәрінен қымбат, аталмыш үмітті беделді ақтау баршамызға байланысты, тікелей көшбасшылардың қолында болмақ.

Қазіргі уақытта балалар көшбасшылығын қолдау мәселесі үлкен қызығушылық тудырады. Оқушылардың жас және дербес ерекшеліктеріне орай, тұлғаның жеке басының

қалыптасуы адамдармен бірлескен іс-әрекеттерімен қарым-қатынас орнату аясында кеңеюімен түсіндіріледі.

Бастауыш мектеп оқушыларының көшбасшылық қасиеттерін дамыту қажеттілігінің өзектілігі, балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастырып, белсенділіктерін арттырып, көшбасшылық қабілеттерін жетілдіру болып табылады. Қарастырылып отырған мәселенің мәні қазіргі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін жағдайларды зерттеуде тіл, педагогика, психология, политология ғылымдарының терминдік сөздіктерін, тұжырымдамалық негіздерін талдау қажеттілігінде болып отыр. Аталмыш ғылым салаларында «Көшбасшы» ұғымдарына төмендегідей анықтама берілген екен.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Көшбасшы» – көшті бастаушы адам, жолбасшы [2].

Политологиялық сөздік-анықтамасында «Көшбасшы» – бүкіл қоғамға, ұйымға немесе топқа тұрақты басым әсері бар белгілі бір адамретінде түсіндіріледі [3].

«Педагогика және психология» мамандығының студенттеріне арналған терминологиялық сөздік-анықтамасында «Көшбасшы» – ең жоғары әлеуметтік мәртебесі жоғары, топтық шешім қабылдау кезінде және бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруда ерекше ролді таныта алатын топ мүшесі [4].

Педагогикалық жоғары және орта педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған сөздікте «Көшбасшы» – өзі үшін маңызды жағдайларда шешім қабылдау құқығы танылатын ең жоғары мәртебесі бар топ мүшесі [5].

Сөздіктерді талдай келе «Көшбасшының» қоғамдағы, әлеуметтік ортадағы орны ерекше байқалатынын көреміз. Қандай ортада болмасын көшбасшы болу, бұл – үлкен жауапкершілікті, күш-жігерді талап ететін айрықша рөл.

Қазақстандық (PhD) философия ғылымдарының докторы Г.Р. Аспанова «Біз бастауыш мектепте баланың оқу кезеңінде көшбасшылықты қалыптастыруды ең орынды деп санаймыз, өйткені дәл осы кезеңде болашақ тұлғаның негізі қаланады, адамдарға, әртүрлі қызмет түрлеріне және өзіне деген әртүрлі қатынастар дамиды» деген ойын басшылыққа ала отырып бастауыш мектеп оқушыларының бастапқы буынындағы көшбасшылық құбылысы «эмбриональды» күйде екенін есте ұстаған жөн, өйткені бала өзінің барлық әрекеттерін толық білмейді және бұл оның әлеуметтік тәжірибесі әлі де өте аз, оның қызметі бейсаналық және көптеген адамдар үшін бұл ойынның бір бөлігі ғана [6].

Л.И. Уманскийдің пайымдауы бойынша, көшбасшы топтың барлық басқа мүшелері бүкіл топтың мүдделерін қозғайтын және бүкіл топтың қызмет бағыттарын анықтайтын ең жауапты шешімдер қабылдау құқығын мойындайтын топ мүшесі екенін атап өтті

«Көшбасшы» ұғымын қарастыра отырып, көшбасшы, ең алдымен, топ мүшесі екенін көруге болады. Яғни, әлеуметтік жағынан ол топтың барлық басқа мүшелерінен жоғары емес, олармен тең дәрежеде. Анықтамаларға сәйкес, көшбасшының қоғамда беделді сапасы мен жоғары мәртебесі бар екенін байқауға болады.

Сонымен қатар, біз таңдаған барлық ұғымдар көшбасшының ең маңызды және жауапты функциясы – дұрыс шешім қабылдау екенін атап өтеді. Осылайша, көшбасшы топтың мүшесі, жоғары мәртебеге ие, орталық рөл атқаратын, ең жауапты шешімдер қабылдайтын және оның мүшелерінің пікірі мен мінез – құлқына айтарлықтай әсер ететін өз ұжымындағы беделді тұлға деген қорытындыға келуге болады.

Көшбасшылық қасиеттер-бұл көшбасшылық міндеттер мен функциялардың сәтті орындалуын қамтамасыз ете алатын психологиялық қасиеттердің, қабілеттердің және топпен өзараәрекеттесу қабілеттерінің жиынтығы [7].

Көшбасшылық қасиеттер әсіресе қазіргі жағдайдағы барлық адамдар үшін өзекті болды. Баланың жеке басын Әлеуметтік қалыптастыру мәселелерін шешуде көшбасшылықты ынталандыру үлкен маңызға ие. Көшбасшылар арқылы басқару механизмі жүзеге асырылады. Осылайша, көшбасшылар мектептің өзін-өзі басқаруында басты орын алады.

Сондай-ақ, көшбасшылық қасиеттер мен дағдыларды қалыптастыру туралы ғана емес, көшбасшылықтың сипаты туралы да айту маңызды.

Қазіргі балалар қарапайым жағдайға тап болған жоқ: бастауыш сынып оқушыларына тән әлеуметтік белсенділіктің табиғаты өзінің оң көрінісін таба алмайды. Әлеуметтік маңызды кеңістікте жұмыс істеуге психологиялық дайындық талап етілмеген күйінде қалды. Сондықтан қазір басқа адамдарға деген қызығушылық, өзара іс- қимылдың, ынтымақтастық пен серіктестіктің әлеуметтік маңызды дағдыларының болмауы төмендеді.

Сондықтан ұйымдастырушы көшбасшыларды да, өзара әрекеттесу көшбасшыларын да тәрбиелеу мәселесін ескеру қажет. Көшбасшы үшін ең бастысы-өзара әрекеттесу басқалардың әрекеті үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету. Өзара әрекеттесу көшбасшыларында қарым- қатынас; эмпатия; жауапкершілік; бастамашылық;өзін-өзі бағалау сияқты қасиеттерді дамыту қажет.

Көшбасшыларды тәрбиелеу процесі ынтымақтастыққа, құрметке, сондай-ақ бір-біріне деген сенімге негізделуі керек. Сонда ғана әлеуметтік бастаманың негізі және адаммен жұмыс істеу қажеттілігі құрылады.

Көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеудің құпиясы-балалардың жетістігі, олардың өсуі мен алға жылжу сезімі.

Мұғалімдер мен ата – аналар баланы мадақтауға, оны қолдауға барлық мүмкіндікті табуы керек-бұл жетістікке жетудің бірінші шарты. Балалар жеңімпаз ретінде болғанды ұнатады. Бірақ қиындықтар мен сәтсіздіктерге тап болған кезде олар көңілсіздік пен қорқыныштың жағымсыз эмоцияларын сезінуі мүмкін, сондықтан балалармен әңгімелесу қажет.

Баланы алдына мақсат қоюға үйрету керек. Өзіңіз үшін көшбасшы болу кейде басқалар үшін көшбасшы болудан қиынырақ. Бала өзіне қандай да бір мақсат қойған кезде, ол көшбасшының қасиеттерін көрсетуге, өзіне адалдықты, табандылықты, табандылықты тәрбиелеуге мәжбүр болады.

1. Көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеудің маңызды негізгі компоненттері:
2. Еркін тұлғаны тәрбиелеу (өзін-өзі танудың жоғары деңгейі, азаматтығы, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тәрбиелеу).
3. Адамгершілік тұлғаны тәрбиелеу (мейірімділік, төзімділік, ізгі ниет, көмек көрсетуге дайын болу).
4. Рухани тұлғаны тәрбиелеу (қарым-қатынас сұлулығында білім мен өзін-өзі тану қажеттілігі).
5. Шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу (қабілеттерін, білімдерін, дағдыларын, интеллектін дамыту).
6. Практикалық тұлғаны тәрбиелеу (экономика негіздерін білу, еңбек сүйгіштік, шаруашылық, тілдерді меңгеру, дене шынықтыру, әдептілік).

Мұғалімдердің, оқушылардың және ата-аналардың білім беру мекемесін басқаруға қатысуы мектептің өзгеруіне, қазіргі заманғы шындыққа сәйкес демократиялық болуына көмектеседі.

Көшбасшылар арқылы басқару механизмі жүзеге асырылады, осылайша көшбасшылар оқушылардың өзін-өзі басқару органдарында басты позицияларды алады.

Балалардың көшбасшылық қасиеттерін анықтауға және дамытуға бағытталған іс-шаралар ең маңызды болып табылады, мұнда ұжымдық шығармашылық істер үлкен әлеуетке ие. Оқушылардың ата-аналарымен бірге өткізілген іс-шаралар өте құнды. Олар балаларды да, ата- аналарын да біріктіреді.

Дәл осындай кездейсоқ жағдайда көшбасшы белсенділер анықталады. Балалардың жас ерекшеліктерін, олардың көшбасшылық әлеуетінің дамуы мен көрінісін қарастырған кезде, мектепке дейінгі жастағы өзіңді немесе балаңызды еске түсіру жеткілікті. Осы кезеңде кейбір балаларда көшбасшылық қасиеттер қалыптаса бастайды, бұл ойын іс-әрекетінде, театр іс-әрекетінде, құрдастарымен қарым-қатынас процесінде және т. б.

Бастапқыда бұл айналадағы адамдарға қарапайым «бұйрық беруден» басталады (көбінесе бұл жақын туыстарымен, негізінен – ата-анадан-ми). Олар өз ережелерін құрдастарымен ойында орнатқанды ұнатады.

Мұндай топта көшбасшылардың көшбасшы бала болып табылатын жүргізушіге тәуелділігі қалыптасатын қатынастар біртіндеп құрылады. Көбінесе мұғалімдер-тәрбиешілер мұндай балалардың «көркемөнерпаздығын» тежейді, дегенмен бұл энергияны дұрыс бағытта бағыттау керек [8].

Осылайша, педагогикалық қызметтің барлық түрлерінің негізгі идеясы-баланың белсенді іс- әрекетін дамытуға жағдай жасау, Көшбасшының рөлін өзектендіру, бірлескен ұйымдастырылған Әлеуметтік маңызды іс-әрекетте балалардың көшбасшылық тәжірибесін қалыптастыру.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президентінің ресми сайты. // Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2022. URL <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340>
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциянысын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008 – 968 б.
3. Василик М.А. Словарь – справочник по политологии. – М.: Гардарики. 2001
4. Каргин С.Т., Карманова Ж.А., Бейсенбекова Г.Б., Манашова Г.Н., Есказинова Ж.А. «Педагогика және психология» мамандығының студенттеріне арналған орысша-қазақша-ағылшынша терминологиялық сөздік-анықтама. 2 бөлім. – Алматы: 2016
5. Коджаспирова Г.М. Педагогический словарь: для студ. высш. и сред. пед. учеб. Заведений / Г. М. Коджаспирова, А. Ю. Коджаспиров. – Москва: Академия, 2001. – 176 с.
6. Аспанова Г.Р. Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған Диссертация: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. – Алматы: 2018. – 160 б.
7. Макарова О. А. Феномен лидерства в коллективе младших школьников // Молодой ученый. – 2015. – № 7. – С. 680-683. – URL <https://moluch.ru/archive/87/16870/> (дата обращения: 24.11.2021)
8. Емельянова, М. Воспитание ребенка-лидера. // Воспитание школьников. – 2006. № 5. с. 23-25.

МРНТИ: 14.01.11

А.С. Малбагарова, Ж.А. Бахтиярова
«№ 32 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ӘДЕПТІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Халық дәстүрлерін біліп, естіп, онымен таныс болып, өздерінің өмірлерінде олардың өзіне деген ықпалын сезініп-түсініп келетін жастар аз емес. Алайда халық дәстүрлері саласындағы бұл білімдер нағыз жетілген азамат үшін жеткіліксіз. Сондықтан да бүгінгі күні бастауыш сынып оқушыларының халық дәстүріне деген ынта-ықыласын белсендіріп, танымын арттыру керек.

Бұл тұрғыда мектеп тәжірибесінде оқу-тәрбие үрдісін біршама қазақ халқының ұлттық-этикалық дәстүрлерін меңгертуге бағыттаған дұрыс.

Қазақ халқының ұлттық-этикалық дәстүрлерінің мүмкіндіктерін бастауыш сынып оқушыларына ұғындыру, теориясын меңгерту олардың білім қорын молайтуға, тарихтың бүгінгі күнмен байланыстылығын терең түсінуіне ықпал етеді. Қазіргі таңда этнопедагогика саласында орындалған зерттеу жұмыстары баршылық айталық С. Қалиев [1], Р. Төлеубекова [2], К.Ж. Қожахметова ғалымдарымыздың ғылыми тұжырымдамаларын негізге алып, теориялық мағлұмат жиналды [3].

Бұл жұмыстар әртүрлі этникалық негізде орындалғанымен, халық педагогикасының әдіснамалық-теориялық негізін, мәнін, бала тәрбиесіндегі ролін, өзіндік ерекшеліктерін мазмұндайды. Әйтсе де, бұл еңбектерде бастауыш сынып оқушыларының оқу-тәрбие үрдісінде қазақ халқының ұлттық-этикалық дәстүрлерінде әдептілік мәдениетін тәрбиелеу мәселелері қарастырылмаған.

Бұл мақсатқа сабақтан тыс ұйымдастырылатын жұмыс формаларынсыз жету мүмкін емес. Өйткені сыныптан тыс жұмыс формалары – оқу үрдісінің жалғасы, ондағы алған білім-тәрбиені толықтырушы, кемеліне жеткізуші.

Әрбір халықтың тілі, дәстүрі, әдеп-ғұрпын білуі өзіне жақын халықтардың ұлттық тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетінің факторларымен анықталады. Халықтың өткен тарихын, тұрмыс салт, әдеп-ғұрпын дұрыс зерттеу үшін, ең алдымен, оны дұрыс ұғыну керек. Осыған байланысты: «салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптардың пайда болуын қарастыруда, оларды ең алдымен мына ұғымдардан бастаған жөн: (түйсік, дағды, іскерлік, сезім, әдет)» Ырым – халықтың жақсы ниетімен туындаған ғұрып. Ырым жолдары ұлтымызда өте көп. Мысалы, «шешен болсын»- деп ауызға түкіру, жақсы адамдардың есімін жас балаға қою сияқты қазақ халқының ырымдары әрқашан жақсылықтың нышаны ретінде қабылданады. Ырым-тыйым, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың сапалық құрылымдық элементтерінен туындайды.

Салт-дәстүрлерге байланысты ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді сараптау мынандай қорытынды жасауға септігін тигізеді, айталық: салт – халықтардың кәсіби ерекшелігіне, сеніміне, өмір тіршілігіне байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын әдет-ғұрып. Салт-дәстүр – көп қырлы қоғамдық құбылыс, ол әдетте жеке адам мен халықтың, адам мен адамзаттың рухани дамуын көрсететін әлеуметтік-мәдени жетістік ретінде көрінеді. Салт-дәстүр – өз дәуірінің айнасы. Салт-дәстүрдің мәніне қарап, қоғамдық-экономикалық формацияның саяси, тарихи және рухани өмірін анықтауға бағалауға болады. Ғылыми танымдық еңбектерді талдау нәтижелері бізге салт-дәстүрлер туралы мынандай анықтама беруге мүмкүндік туғызды: салт-дәстүр дегеніміз бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ұдайы ауысып отыратын, әрі сан ғасырлар бойы, тарихи тұрғыдан әбден қалыптасқан әлеуметтік іс-әрекеттерінің нормалары мен принциптері болып табылады. Сол себепті дәстүр жалғастығы тарихи жағынан әбден қалыптасқан нормалар мен принциптерге негізделеді. Сол арқылы әр ұрпақтың жасаған дәстүрі, іс-әрекеттері мәдени мұра ретінде келесі ұрпақтың еншісіне ауысып, жаңа қоғамдық тарихижағдайға сәйкес өзінің мазмұны мен формасын жетілдіріп отырады. Қазақ халқының салт-дәстүрлері бала тәрбиесіне байланысты тұрмыстық, кәсіпке байланысты, өнерге, үйлену мен үй болуға байланысты, той-мерекеге, ерлікке, көркем өнерге, музыкаға байланысты және қазіргі заманғы салт-дәстүрлер болып бөлінеді.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері қазақ бейнелеу өнерінде ерекше көрініс тапқан. Қазақ халқының ерлік салт-дәстүрлері қазақ бейнелеу өнерінің ерекше бір сапасын құрайды. Халықтың ерлік салт-дәстүрлері дегеніміз – ғасырлар бойы қалыптасып, дамып отырған азаматтардың елі мен жерін қорғауға бағытталған іс-әрекеттерінің нормасы, қарым-қатынастар болып табылады. Қазақ бейнелеу өнерінде халықымыздың ерлік салт-дәстүрлерін бейнелейтін көптеген шығармалар бар. Олардың бірқатары ежелгі аңыз-ертегілердегі батырлардың образдары арқылы көрініс тапса, бірқатары қазіргі заманның ерлерінің көркем бейнелері арқылы беріледі. Мектептегі тәрбие беру жұмысының міндеті – тәрбие беру жұмысын ұйымдастырудың формалары мен әдіс-тәсілдерін ашып көрсету, оқушылардың білім, іскерлік пен дағдыларды меңгеруіне көмектеседі. Оқушылармен тәжірибелік-эксперимент барысында жүргізілетін жұмыстар олардың тарихи мұраға қызығушылығының артуына және адамгершілік сапаларының жоғарылауына септігін тигізеді. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ халқының ұлттық-этикалық дәстүрлерінде жүзеге асатын әдептілік тәрбиесінің нәтижелі болуы сыныптан тыс пайдаланылатын жұмыс формалары мен әдістерінің дұрыс таңдалып алынуына тікелей байланысты.

Әдебиеттер

1. Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. – Алматы: Мектеп 2000. 104 б.
2. Төлеубекова Р. Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1994. – 35 б.
3. Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы, 1997. – 242 б.

МРНТИ: 14.01.11

К.Е. Мустафина, Г.Н. Шакенова
«№ 44 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

ӨЛЕҢДЕРДІ ОҚЫТА ОТЫРЫП СУРЕТІН БЕЙНЕЛЕУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ЕСТЕ САҚТАУЫ МЕН ҚИЯЛЫН ДАМУЫ

Әрбір бала – өзінше бір әлем, әрқайсысы әртүрлі мінез қасиеттерінің, қабілеттерінің, жан дүниесінің, адами құндылықтарының алуан түрлілігімен дараланады. Әрбір бала – біртұтас адамзат қоғамын құрайтын, ерекше қасиетке ие, қайталанбас жеке тұлға. Бала – табиғатынан өте құмарпаз, әуесқой және тынымсыз айнала зерттеушісі. Әр бала басынан сипағанды, ойын ойнағанды ұнатады. Бала тәрбиесінде қолданылатын басты әдістер, бұл – үлгі-өнеге, бірлікті еңбек, әңгіме-сұхбат, баланы қолдау мен қуаттау және қорғау.

Баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылықпен ойлауға, өз бетімен шешім қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға үйрету қажет. Оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Ол дегеніміз, балалардың алған білімдерін меңгеруі үшін көп еңбекті қажетсіндіреді. Оны жүзеге асыру жолдары балалардың есте сақтау қабілеті мен қиялын дамытуға септігін тигізетін оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұсынуды міндеттейді. Баланың танымдық қасиеттері әртүрлі болады. Осы таңдағы әр ұстаз оқушының ерекшелігін ескере отырып, қиялы мен есте сақтауын дамытуы керек.

Оқушының есте сақтау қабілеті мен қиялының оқудағы мәні мен маңызы ерекше. Мектеп қабырғасында тиісті бағдарламаны балаға меңгеріп, білімі мен білігін дамыту үшін оның есте сақтау қабілетіне жүк те артып отыр.

Осы орайда есте сақтау қабілетінің жұмысын жеңілдету үшін, мәліметтерді есте сақтаудың тиімді әдістері мен тәсілдерін меңгеру қажет. Есте сақтау қабілетін тұрақтандыру үшін қарапайым қағидаларды да ұстанған дұрыс. Ғалымдар есте сақтаудың бірнеше жолдары барын мәлімдеді. Мысалы, бос уақытта сурет салу есте сақтауды жақсартады екен.

Бұл жерде суреттің сапасы мен көркемдігі маңызды емес, бастысы – сурет ойды тынықтырады. Ойдың тынығуы есте сақтау қабілетін жоғарылатады. Көзге арналған жаттығулар да естің дамуына пайдалы. Егер таңертен күнде 30 секунд жаттығу жасап отырса, есте сақтау қабілетіміз 10%-ға жақсарады. Бұл да ғалымдармен дәлелденген.

Сөзжұмбақтар, ойша санау, логикалық сұрақтарды шешу, өлеңдерді жаттау, шет тілдерін меңгеру – миды жұмыс істеуге арналған ең тиімді әдістер болып саналады. Соның ішінде менің тоқталғым келіп отырған әдіс өлеңдерді оқи отыра сурет бейнелету арқылы жеңіл есте сақтауға көмек беру.

Қиял! Мұнсыз ақын да, философ та... тіпті адам болуы да мүмкін емес. Д. Дидро

Мектеп – бала қиялын дамытуда үлкен рөл атқарады. Мұндағы оқылатын сабақтардың мәніне түсіну қиялсыз мүмкін емес. Мәселен, табиғатты суреттейтін, немесе қандай да болсын оқиғаны баяндайтын бір материалды түсіндіргенде мұғалім арнаулы тәсілдер арқылы оқушылардың қиялын оятады.

Қиял арқылы бала ондағы жанды бейнелерді көз алдына елестеткендей, қолымен ұстағандай, құлағымен еститіндей күйге түседі. Бала қиялы әрекет үстінде дамитындықтан не нәрсеге болмасын өзін қатыстырып, оның икемділігі мен дағдысын дамытып отыру қажет. Мәселен, сурет салуды үйренбейінше, баланың осыған орай көрінетін қиялы да шарықтай алмайды.

Өлең жолдарын жаттаудың артықшылықтары.

Өлең жолдарын жаттатуды біз оқушыларға кіші жасынан бастаймыз. Қысқа болсын өлеңді жаттау ми жұмысын жақсартады.

Өлең жолдарын жаттаудың артықшылықтары:

– Өлең жаттау кезінде ми ақын ойымен ұштасады. Оны белгілі бір мақаммен оқу сөйлеу мәдениетін жақсартады. Дауыс ырғағының өзгерісіне алып келеді.

– Тіл үйрену.

Өлең жаттаған сәтте ми жаттығады. Ми бұлшық ет секілді жетіле түседі. Бұл ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді. Кез келген ауыр немесе қабылдауға қиын ақпараттарды тез қабылдауға дағдыланады. Ал тіл үйрену аса ауыр қиындық алып келмейтін болады.

– Иосиф Бродский әрбір жаттаған өлеңді өзімдікі деп санауға болады деген. Өлең жаттау барысында оқушы ақынның айтқысы келген барлық ойы мен эмоциясын сезінуі керек. Осылайша эмоционалды ойлау жүйелері де жақсара түспек. Өлеңдегі барлық сезімді сезінуге болады.

– Қиял мен шығармашылық.


Өлеңді оқи бастағанда көз алдына елестетуге бейімдеуіміз керек. Одан оқушының ойлауы жақсарады. Қиялы ұшқыр болып, көз алдына елестету қабілеті жоғарғы деңгейге көтеріледі. Ойлау жүйесінің дамуы шығармашылыққа әсер етпей қоймайды.

– Жаттаған өлеңді сыныптастарының, достарының алдында оқи отырып көпшілік алдында сөйлеу шеберлігін дамыта түседі. Сахнада, көпшілік алдында өзін еркін ұстауға машықтанады.

– Сөздік қоры молаяды.


Әлем әдебиеті мен қазақ әдебиет өлеңдерін жаттай отырып сөздік қорын көбейтеді. Белгісіз болған жаңа сөздерді есіне сақтайды. Ал әлем әдебиеті өмірге деген көзқарасты өзгертуге көмектеседі.

Өлеңді оқи отыра суретін бейнелеу арқылы оқушының есте сақтауы мен қиялын дамытудың тәжірибесі.




Күнсіз шөпте көктемес,
Аспан - оның тұрағы.
Күнсіз еңбек еткен еш,
Күн – әлемнің шырағы.

Білім деген байлық бар,
Еш байлық оған жетпейді.
Жасында оқып, жиып ал.
Тепкілесен, кетпейді.



Корабльді басқарып,
Көк жүзіне самғасам.
Тау бұзып, тас жарып,
Мұхаттарды жалғасам.

Бар қазақтың орман, көлі, өзені,
Тау қиясы, жалпақ, жазық кезеңі.
Сайрап, сөйлеп тұрған жоқ па қазақша?
Қалай тозар сендегі асыл сөз кені.



Келді міне күз,
Айнала сары түсы.
Керемет, тамаша!
Қандай әсем күз!

Туған елім – тағдырым,
Алыс кетсем сағындым.
Сен әрқашан жүректе,
Таусылмайтын ән жырым.

Берілген әдіс бойынша топтық, жұптық, жеке де жұмыс жасауға болады.

Бұл тәжірибе арқылы оқушының кез-келген өлең жолдарын қиялымен шарықтап, көз алдына елестету арқылы өлеңдерді бейнелей отыра тез жаттатуға болатындығына көзім жетті.

Біріншіден оқушы қызығушылығы оянады.

Екіншіден сурет салу арқылы қиялы дамиды.

Үшіншіден есте сақтау қабілеті жақсарады.

Әр жеке тұлғаның өзінің қиялы болады. Ол қиялға шектеу жоқ. Өлеңді қалай бейнелегісі келеді. Қалай көз алдына елестеткен жеңіл болады оны бала өзі шешеді.

Суреттің әдемілігіне назар аудармаймыз. Балаға өлең жолдарын көз алдына қалай бейнелеу ыңғайлы болады сол арқылы жұмыс жасайды.

Бұл әдіс өз нәтижесін береді деген сенімдемін.

Әдебиеттер

1. Мектептегі тәрбие жұмыстары. 2016 ж.
2. Бастауыш мектеп. 2014 ж.
3. Бала тәрбиесі. 2017 ж.

МРНТИ: 14.01.11

А.Т. Мұқашев, Р.О. Шакеров

«№ 44 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ ТҮРЛЕРІ

Дене шынықтыру жан-жақты тәрбие берудің аса маңызды салаларының бірі. Оқушыларды қоғамдық пайдалы еңбекке, өмірге бейімдеуде оқу-тәрбие жұмысында дене шынықтырудың алатын орны бөлек. Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отансүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Функционалдық сауаттылық оқушылардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Дене шынықтыру сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту түрлеріне тоқтала кететін болсақ:

- дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру;
- қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру;
- әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру;
- үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру;
- дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барысында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге;
- дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгертуге;
- өзін-өзі реттеуін қалыптастыру;
- дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру;
- дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау, тез бейімделу және онда жұмыс істеу қабілеті. Функционалды сауатты тұлға-бұл қоғамды түсінетін және әлеуметтік құндылықтармен, үміттермен және хоббиілермен үйлесімді жұмыс істейтін адам. Өз сабақтарымызда біз оқушылардың жеке ерекшеліктерін, уәждерін, танымдық қызығушылықтарын дамытуға, негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды қолдануға тырысамыз. Оқу процесінде функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмаларды қолдану тұлғаның жеке әлеуеті ашылатынына сенімдіміз.

«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты бойынша бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Ол үшін ұстаздар оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланып, шәкірттерінің жаңа белестерді меңгеруіне жол ашуы тиіс. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық-әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Сапалы білім беру мақсатында тиімді әдіс-тәсілдерді ізденіспен пайдалану – ұстаз алдына қойылып отырған уақыт талабы. Ю.К.Бабанский: «Сапаны арттыру - нақты жағдайдағы кез келген шешімнің ең тиімді нұсқасын таңдау» - деп атаған болатын. Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге

қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында дене шынықтыру пәнінен функционалдық сауаттылықты ашуды баса назарда ұстауы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Оқушының дене шынықтыру пәні бойынша функционалдық сауаттылығын арттыру үшін әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет. Олар мыналар:

- Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу.

Осылайша оқушылардың қабілетін ескере отырып тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсам: «Кім шапшаң?», «Көңілді ойындар!», «Мен чемпион!», «Санамақ» сонымен қатар қозғалмалы ойындар және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру.

Егер де оқушы бойындағы дене шынықтыру пәні бойынша функционалдық сауаттылығы артқан жағдайда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын артады.

Қортындылай келе, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

Жұмысымның нәтижесі:

- 1) Әр оқушының білімі, қабілеті қалыптасады.
- 2) Оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді.
- 3) Оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады.
- 4) Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

Әдебиеттер

1. Қимыл қозғалыстарға үйрету. // Мектептегі дене шынықтыру № 5. – 2010 жыл.
2. Е.Қ. Уанбаев «Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі» оқу құралы. Өскемен С. Аманжолов атындағы ШҚМУ Баспасы 2006
3. Дене тәрбиесі. Б Болатбек. Алматы: Атамұра, 2004. 112 б.
4. Дене тәрбиесі. М. Тұрыскелдина. Алматы: Атамұра, 2003. 112 б.

Г.Н. Мырзахметова
«№ 7 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА SMART ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІ

Қазіргі бастауыш мектепте белсенді оқыту технологияларына көп көңіл бөлінуде. Бастауыш сынып оқушысының танымдық даму ерекшелігі оның оқудағы жетістігіне тікелей байланысты. Осымен қатар, бастауыш сыныпта оқытудың шығармашылық түрі мен технологиясы арасында қарама-қайшылықтар да туындап жатады. Қазіргі заман талабына сай оқушыларда тек бастапқы білім ғана болмай, үнемі жаңартуды талап ететін, және өзгермелі жағдаятқа бейім болатын икемділік те қажет. Креативтілікке тәрбиелеу қазіргі білім берудің басты міндеті болып табылады.

Білім беру технологияларындағы өзгерістер қазіргі бастауыш білім берудің мақсаты мен міндеттерімен тығыз байланысты. Қазақстан республикасының білім беру стандартына сәйкес бастауыш сынып оқушыларының белсенді дамуының бірден бір шартына айналып отырған смарт-технологиясы болып отыр.

Бұл мәселенің ауқымдылығы бір жағынан – бастауыш сынып оқушыларының құзіреттілігін қалыптастыру болса, екінші жағынан – денсаулық сақтау технологиясына негізделген стандартты талаптарды жүзеге асыру болып табылады.

Смарт-технологияларды пайдалану қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында өте тиімді болып табылады. Оқушылар өздігімен білім алуға белсенділік танытып, оқуға деген қызығушылықтары артты. Әр түрлі смарт ақпарат көздерін пайдалы оқу ақпаратын іздеу мақсатында пайдалануды үйренді. Тіпті 1 сынып оқушысы өздігімен онлайн-мектеп сияқты платформада білім алуды машықтанып алды. Жалпы смарт-технологиялары жайлы түсініктеме беріп кетсек.

SMART objectives – оқыту мақсаты мен міндеттерін анықтауда қолданылатын, 1981 жылы Джордж Доран енгізген ұғым. Автордың айтуынша, SMART аббревиатурасының құрамында оқыту мақсаты мен міндеттерін сипаттауға тиіс сын есімдер қамтылған:

- S pecific (арнайы, нақты);
- M easurable (өлшеуге болатын);
- A ttainable (қолжетімді);
- R ealistic (шындыққа сай);
- T imed (белгілі бір уақыт аралығымен шектелген).

Смарт-технологияларын пайдалану формалары әр түрлі болуы мүмкін. Олар: дайын электронды өнімдерді пайдалану, мультимедиялық презентациялар, интернет желісінің ресурстары, SMART Board программасымен қаптамасыз ету, интерактивті тақтаны пайдалану, смарт-технологияны модульдік оқытумен байланыстыру.

Бастауыш сыныпта ақпараттық-коммуникативті смарт-технологияларды пайдалану келесі нәтиже береді:

- пәнге деген танымдық қызығушылық артады;
- оқушылардың әр пән бойынша үлгерімі артады;
- оқушылар өздерін жаңаша көрсетуге мүмкіндік алады;
- өздігімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады.

Смарт-технологиялар әр оқушыға жекелей оқыту бағытын ұстануға мүмкіндік береді. Әр оқушы өзінің танымдық мүмкіндігіне қарай білімді меңгереді. Смарт-технологиялар оқушының жұмыс істеу қабілеттілігін, жұмыс істеу қарқынын ескереді. Осыны ескерсек, смарт-технологиялар барлық сабақтарға енгізу өте маңызды.

Оқыту үрдісінде смарт-технологиясын пайдалану мұғалімнің де біліктілігін арттырады. Мұндай мұғалім:

- мәтіндік, цифрлық, графикалық және дыбыстық ақпараттарды өңдей алады; дидактикалық материалдарды дайындайды (тапсырма нұсқаларын, таблицаларды, сызбаларды, суреттерді және т.б.);
- MS Power Point презентацияларын пайдалану арқылы сабақтарда слайдтар дайындайды;
- кез келген пәндер бойынша дайын бағдарламаларды, онлайн-сабақтарды пайдаланады;
- сабақта электронды оқулықтармен жұмыс жасайды;
- скайп, зум платформаларын пайдалану арқылы онлайн-сабақтар өздігімен өткізе біледі;
- оқу бағдарламаларының әдіс-тәсілдерін қолданады (оқыту, бекіту, қадағалау);
- күнделік кз платформасы арқылы оқушыларға тапсырмаларды тіркейді, тексереді, ақпарат және хабарламалар жазады, жекелей оқушымен тапсырма алмаса алады.
- Сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстарға қатысты интернет көзінен ақпараттар іздейді;
- Оқушылармен бірігіп интернеттен ақпарат іздестіреді;
- Оқушымен ватсап желісі арқылы тікелей байланысқа шығады;
- Дайын бағдарламаларды қолдану арқылы тесттерді өңдейді.

Смарт құрылғылар не үшін қажет?

- Смарт телефон, планшет сияқты соңғы технологияны қолданып жүрген оқушыларға бұл тақта түсінікті, әрі сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- Бұл сенсорлы экран тез жұмыс жасаумен қатар, бір уақытта бірнеше оқушының жұмыс жасауына көмектеседі;
- Технология жаңартылған сайын ол кешендендіріліп, сабаққа керекті материалдар да толықтырыла түседі;
- Сабақтың центрден есте сақтау қабілетіне үлкен экраннан көрсетілуіне, сол уақытта оқушылар өздері тапсырманы жасап, немесе сол бағытта басқа бір тапсырманы жасай алуларына болады;
- Сабаққа қажетті құралдарды ресурстар сайтынан алуларына немесе интернетпен жұмыс жасауға болады;
- 3D объектілерді түсіндіруге көп көмегі тиеді;
- Егер сабаққа керек материалдар әзір болса, сабақ темпінің де жақсы өтуіне септігі тиеді;
- Смарт экранда объектілер мен жазбаларды қозғауға, суреттер мен диаграммаларға комментариилер қосуға мүмкіндік береді;

Smart құрылғыларды шынайы өмірдегі жағдаяттарда қолдану мүмкіншіліктері:

Ең алдымен, техникалық мүмкіндіктері зор: байланыс құралы, Wi-Fi, мәліметтерді мобильді тасымалдау (GPRS, 3G, 4G) фото/бейне камера, ақпаратты енгізу функциялары, т.т. Мұндай мүмкіндіктерді пайдалану үшін алдымен, бағдарламалық қамтамасыз ету ортасын пайдалану қажет. Мәселен, күнделікті өзіміз пайдаланып жүрген Google – smart технологияларды әзірлеуші алпауыт компаниялардың бірі. Google сервисінің ауқымы өте кең, онымен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін бағдарламаларының сапасы өте жоғары. Бұл жалпы жарнама емес, шын мәніндегісі осы. Білім саласында Google сервистері YouTube, Hangouts және Google Docs сервистерін тиімді қолдануға болады.

Соңғы жылдары Smart TV технологиясын қолданатын кең функционалды мүмкіндіктерге ие болатын теледидарлар да пайда болуда. Smart TV теледидардың интернетпен тиімді байланыс орнатудың жаңа ортасын құрайды. Басқа сөзбен айтқанда Smart TV интернетке енудің кең мүмкіндігіне ие. Соның арқасында сол теледидар арқылы да әр қолданушы өзіне қажетті материалын үлкен экраннан көре отырып, оны ақпарат тасушыға сақтай алады, онлайн көре алады, ақпарат алмаса алады.

Қазіргі таңда интернет желісіне еркін ену функциясы дамудың перспективалық бағыттарының бірі болып отыр. Үлкен экранды теледидар арқылы бейнені таза айқын көріп қана қоймай, интернет беттерін парақтауға арналған веб-браузерлерді, әлеуметтік желі қосымшаларын, видеоларды көруге мүмкіндік беретін RuTube немесе YouTube сервистерін т.б пайдалануға болады. Сонымен қатар радио клиент қызметін атқаратын vTuner арқылы іздеудің және сорттаудың кең мүмкіндігіне ие болатын радиостанциялардың үлкен тобын

пайдалануға болады. Жауапты қосымшалар қоры мен әр түрлі кеңейтілімдер кез келген контентті көруге мүмкіндік береді. Smart TV арқылы интернетті әр қолданушы өз мақсатына тиімді пайдалануға және үлкен көлемді онлайн контентті пайдалану мүмкіндігіне ие бола алады.

Қорыта айтқанда, білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандартта берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманы шеше алатын, ақпараттық-коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқара алатындай болуы керек. Қазіргі заманда мұғалім осы құзыреттілікті меңгере отырып, тек кәсіби икемділікті оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, оны іске асыру мүмкіндігін үнемі оқып-үйрену және жасай алуы керек.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» «Айқын», 2005 жылғы 19 ақпан.
2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Құлқараев А. «E-learning» электронды оқыту жүйесі және оның мүмкіндіктері./ /Электрондық мектеп. №2 – 2013.
4. Использование интерактивных досок по предметам [Электронный ресурс]. URL:<http://www.smartboard.ru/view.pl?mid=1131617522>
5. АҚ «Білім беруді ақпараттандырудың ұлттық орталығы» (www.nci.kz)
6. http://partavl.ru/interwrite_board

МРНТИ: 14.01.11

М.Н. Нургабыл, Г.Ж. Нугыманова
«№ 44 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚУШЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ СЕЗІМДЕРІНТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адамның жан дүниесінің дамып жетілуі, әлеуметтік өмірге бейімделіп тіршілік етуі әр түрлі іс-әрекеттермен шұғылдану барысында қалыптасады. Сондай әрекеттердің бір саласы – ойын әрекеті. Ойын әрекеті баланың психикалық үрдістерін қарқынды дамыту құралы болып табылады. Адамзат ойының сан жылдық тәжірибесі ойынның білімдік құндылығын дәлелдеді. Оған балалық кезеңдегі ақыл-ой ойындарынан бастап, мәдениетке, бизнеске және басқарудың барлық салаларына мамандар даярлауға байланысты бағдарламаларды игеру барысындағы ойындар жатады.

Ойын теориясы мен практикасы мән-мағынасынан мәдениет мұраларын шетелдік және отандық психологтар, философтар, этнографтар, социологтар, педагогтар зерттеді.

Ойын тек денені шынықтырушы ғана емес, сонымен бірге болашақ өмір жағдайына психологиялық әзірлік құралы болып табылады.

А.И. Петрова өз еңбектерінде ойын жөнінде идеалистік теорияларды сынап, бала ойынының үлкендер еңбегімен байланысын, оның маңызды тарихи-әлеуметтік сипат алатынын дұрыс көрсетті. Ол «ойын» – бала еңбегі, уақытқа сай жүргізіледі, - деп атап көрсеткен [1].

Ойын – балаларды қоғамдық өмірге, оның құндылықтарын пайдалануға дайындайды.

Ойынның теориясы мен ойнаудың әдістемелерін, оның шығу тарихы мен ішкі құрылысы туралы Д.Б. Элькониннің «ойын психологиясы» атты еңбегі жазылды. Ойынның әлеуметтік бейнесін зерттеуші белгілі психолог Д.Б. Элькониннің сөзімен айтсақ «ойын – ол

адамдардың арасындағы әлеуметтік арақатынас, практикалық білімдері мен қызметі» [2]. Атақты психолог Л.С. Выготскийдің айтуынша, бала ойын үстінде өзінің дәл жасынан анағұлым ересек көрінеді. Сондықтан да Л.С. Выготский [3], А.Н. Леонтьев [4], Д.Б. Эльконин сынды ғалымдар, сондай-ақ шетел зерттеушілері «ойын – баланың өзіндік өмірі» деген ортақ қорытындыға тоқтайды [2,79]. Сонымен қатар ойын теориясын отандық және ресей ғалымдар да зерттеді.

Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында қоғамдық және ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, ойын арқылы бір-бірімен өзара қарым- қатынас жасайды. Алдыңғы қатарлы педагогтар: «Бала жас болғандықтан ойнамайды, балалықтың өзі оған ойнау үшін, яғни жаттығулар арқылы өмірде қажетті дағдыларды игеру үшін берілген» деген болатын.

Ойын – балаға өмірлік қажет нәрсе. Ол ойнап жүргенде шаршағанын да білмейді. «Оның себебі не?» деген сұраққа үзілді-кесілді жауап беру қиын. Ойын баланың бойындағы қуатты жұмсау қажеттігінен туады деген пікір де бар. Бала бойында күш көп болатыны рас. Ауырып әлсіреп жатқан баланың өзі ойынға ұмтылады.

Демек, жоғарыдағы пікірлерге сүйенсек, бастауыш сынып оқушыларының біліуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үрдісінде дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ойын элементтерін пайдаланудың орны бөлек.

А.С. Макаренко ойын мен бала еңбегінің арасында заңды байланыс болатынын, ал айналадағы дүниеден алған әсерін ойында бейнелеу арқылы нақты еңбек әрекетіне үйренетінін және ойында баланың физикалық, психологиялық қасиеттерінің сапалары да өзгеріп отыратындығын айтады [6].

Тұтас алғанда дүниетану табиғатты зерттейді. Ұлы педагог К.Д. Ушинский «Балалардың дүниетануда нақтылы сезімін ояту дегеніміз – ең игілікті, жан сезімін тәрбиелейтін ықпалдардың бірін қоздыру» – деді [7]. Дүниетанудың баға жетпес маңызы оны оқып үйрену кезінде балаларда диалектикалық-материалистік дүниетанымның бастамасы қалыптасады. Мысалы, оқушы құстардың ұшып келуін бақылай отырып, күрделі байланыстарды анықтай алады; көктемде құстардың ұшып келуі ауа температурасына, қардың еруіне, су қоймаларының мұздан арылуына, жәндіктердің шығуына байланысты. Жәндіктер шықпайынша маңайдағы ормандарға құстардың ұшып келмейтініне оқушының көзі жетеді, су қоймалары мұздан арылмайынша су құстарының ұшып келуін күтуге болмайды. Ал қардың еруі, өзеннің мұздан арылуы, жәндіктердің шығуы ауа температурасының жоғарылауымен байланысты. Бала мұндай байланыстардың көбін анықтай алады. Ол бақылай отырып табиғаттағының бәрінің өзгермейтіндіген, бұл өзгерістердің уақыт (тәулік, апта, ай) ішінде ғана емес, сонымен бірге кеңістікте жүріп жататынын байқайды. Бұл табиғаттың жалпылама даму туралы қорытынды жасауға негіз болады. Дүниетанудың көптеген тақырыптары дұрыс дүниетанымның қалыптасуына жағдай жасайды. Мысалы, табиғаттағы су айналымын, ауа температурасының күннің көкжиек сызығынан биіктігіне байланыстылығын, адам организмінің жекелеген жүйелерінің жұмыстарын және басқа мәселелерді қарастырғанда олардың мазмұнымен байланысты болады.

Дүниетануды оқып үйренуде өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруге де мол мүмкіндіктер туады. Табиғат адамды рухани байытады, онымен қарым-қатынас жасау адамдардың жоғары моральдық қасиеттерінің қалыптасуына жағдай жасайды. Нағыз әсемдік табиғатта болатыны белгілі, ол мұғалімнің міндеті балаларға оны көре білуге көмектесу, бағалай білуге және көргенін пайдалана білуге үйрету болып табылады. Сондықтан табиғат объектілерін зерттегенде қалыптастырылатын түсініктер мен ұғымдардың мазмұнына кіруге тиісті эстетикалық белгілерді бөліп көрсету қажет.

Эстетикалық тәрбие беру жөніндегі жұмыстар сабақта, әсіресе заттық сабақтарда жалғаса түседі. Қандай болмасын бір ұғымды қалыптастыруға міндетті түрде оның эстетикалық жағын баса көрсету керек. Мысалы: гранитті зерттеу барысында оның түсін анықтап, құрамдас бөлігінің әсемдігіне: кварцтық сұрғылт кристалдарына, сюданың жалтыр тақталарына назар аудару керек. Граниттің жалтырап өңделген үлгісін көрсетіп, оның сыртқы түріне, оның күн сәулесінде және көлеңкеде қалай өзгеретініне назар аударыңдар. Фото суреттен немесе экскурсия кезінде граниттен жасалған ғимараттың әдімділігін көрсету керек.

Дүниетануды оқытуда пайдаланылатын көрнекті құралдар да балалардың эстетикалық сезімін дамыту құралдары болып табылады. Олардың ішінде ландшафтының картиналары ерекше орын алады. Мұғалімнің міндеті – ландшафттың бейнеленген әдемілігін ашып көрсету. Картинамен жұмыс істеу кезінде жасалған образдар балалардың есінде бүкіл өмір бойы қалады. Балалардың бәрі бірдей Қара теңіз жағалауында болған жоқ, бірақ арасынан әдемі үйлердің ақтаңбалары көзге түсетін өсімдікке бай ормандар мен парктердің көрінісі баяу толқып жатқан көк теңіз айдыны кескінделген «Кавказдың Қара теңіз жағалауының табиғаты» картинасының бейнесі олардың есінде ұзақ сақталады.

Эстетика – көркемдік таным теориясы: әсемдік туралы көркем шығармашылықтың жалпы заңдары туралы, адамның болмысқа эстетикалық қатынасы туралы ғылым. Дүниетаным процесінде болмысты логикалық ұғым, категория, заң арқылы таныса, көркем сана дүниені нақты сезіммен түйілген образдар арқылы таниды. Эстетика өнерді зерттеумен қатар адамның материалдық және рухани қызметінде көркемдік болмысқа деген эстетикалық көзқарасын да зерттейді.

Н.А. Ветлугина эстетикалық тәрбиенің мақсаты – жайлы өмірге эстетикалық қатынасты баулу; еңбекке, табиғатқа, өнерге, өз ісіне деген қатынасты таныту деп білдіріп, эстетикалық тәрбиенің басты міндеті – эстетикалық түсінік, баға, талқы, қажеттік, таңдау және қабілет дамыту деп пайымдады [7].

Эстетикалық тәрбие балаларда әсемдік сезімін дамытады. Адам әсемдікті сезінуден, өз өмірін сұлулық заңымен құруға ұмтылады. Табиғатқа, әдебиетке, театрға, музыкаға, көркем сурет т.б. деген сүйіспеншілік адамның жан-жақты саналы дамуына әсер етеді.

Өркениет өрісінде адам өзін қоршаған ортада сұлулық іздеп, сезінуге үйренеді. Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызықты етеді, оған ең жоғары ләззаттануға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілікті тұлғалық мәнін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезім нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйетіндей етіп тәрбиелеуіміз керек.

Әдемілікті сезуде, эстетикалық көзқарастарды қалыптастыруда табиғат басты рөл атқарады. Табиғат адамды зор қуанышқа бөлейді, сезімін дамытады, эстетикалық түсінігін байытады. Адам – табиғатты бақылаушы ғана емес, ол тұтынушы, сұлулықты жасаушы, шығармашылық қызметкер. Сондықтан өзінің күшін, қабілетін адамдар бақыты үшін табиғатқа өзгеріс жасауға жұмсауы керек. Мысалы, қала мен ауылды, тұрғын жерлерді көгалдандыру, бақ және гүлдер өсіру, мәдениет және демалыс орындарын әшекейлеу – бұл эстетикалық қамқорлық болып табылады.

Осының негізінде ғана оқушы өз еңбегінің пайдалы екенін және өмір сұлулығын көре білетін, осыдан өмір сұлулығын жасайтын адам екенін түсінеді. Мұны жүзеге асыруда көпшілікке хабар тарату құралдарын және баспасөз материалдарын кең пайдалануға болады.

Қазіргі кездегі эстетикалық тәрбиенің міндеттерін шешу үшін халықтың осы уақытқа дейінгі тәжірибесін меңгеру қажет. Мәдени құндылықтарды жасауда әр халықтың өзіндік ерекшелігі бар.

Халық әрдайым әсемдікті іздейді, қолдан жасайды және оны өмірде, тұрмыста, еңбекте бекітуге тырысады. Оны халқымыз үй жиһаздарын жасауынан және оны әсемдікті сезінудегі тәрбие құралы ретінде пайдалануынан көруге болады.

Оқушылардың эстетикалық талғампаздығын оятуда оқушының оқитын мектебінің, сынып ішінің безендірілуі, заттардың рет-ретімен тұруы, жасыл өсімдіктердің мол болуы, оқушылардың жинақы жүруі, бөлме тазалығы көп әсер етеді.

Эстетикалық тәрбие жөніндегі жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру үшін бастауыш сыныптағы балалар тәрбиесінің жалпы міндеттеріне сәйкес үлгі тұтарлықтай мазмұнын белгілеу, нақтылы талаптарын анықтау жөн. Бұл эстетикалық тәрбие құралдары мен әдістерін іріктеуде кездейсоқтыққа, жүйесіздікке, біржақтылыққа ұшырамауға мүмкіндік береді.

Әртүрлі эстетикалық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру оқушылардың эстетикалық дүниетанымының негізгі көзі. Болашақ тәрбиелеуде басты мәселе күнделікті өмірдегі әсемдіктің адам мен табиғаттың бірлескен әрекетінің күшімен пайда болғанын ұғындыру.

Әдебиеттер

1. Петрова А.И. «Обучение, воспитание и развитие детей 6-7 летнего возраста». – Москва: Педагогика, 1990 г., 192 б.
2. Эльконин Д. «Кіші мектеп жасындағы оқушыларды оқыту психологиясы». – М.1974 ж.,287 б.
3. Выготский Л.С. «Игра и ее роль в психическом развитии ребенка». Вопросы психологии № 6, 1966, 160 с.
4. Леонтьева А.Н. «Избранные педагогические произведения», том 1. – Москва. – 1983 г., 320 с.
5. Макаренко А.С. «Собрание сочинений», В 4 т. – М.: Правда, 1987. – 576 с.
6. Крупская Н.К. Педагогическое сочинение – Москва: Педагогика, 1980 г. – 767 с.
7. Ветлугина Н.А. «Эстетикалық тәрбие». – Алматы: «Мектеп», 1983 ж. – 176 с.

МРНТИ: 14.01.11

Қ.Б. Оразова, Ә.Ж. Сарыбаева

«№ 38 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» КММ

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оқу – бұл жазбаша қарым-қатынасты қамтамасыз ететін сөйлеу әрекетінің тәуелсіз түрі. Ол пайдалану, қол жетімділік және маңыздылық бойынша басты орындардың бірін алады, өйткені дәл оқу дағдылары негізінде сөйлеу және жазу дағдылары дамиды [1,11-12].

Айта кету керек, жазбаша сөйлеуді қабылдау дағдылары (оқуды түсіну дағдылары) өте маңызды, өйткені күнделікті өмірде біз жазбаша үлгілермен жиі айналысамыз – бұл кітап оқу, мерзімді басылымдар, кинофильмдер көру, интернетте жұмыс істеу және т. б.

Оқудың сөйлеу әрекетінің басқа түрлерімен байланысы туралы айта отырып, мен мыналарға назар аударғым келеді. Біріншіден, оқу жазумен байланысты, өйткені оқу да, жазу да тілдің бірдей графикалық жүйесін қолданады. Шет тілдерін оқыту кезінде оларды өзара байланыста ескеру және дамыту қажет.

Шет тілдері бойынша орта (толық) жалпы білім беру мазмұнының міндетті минимумына сәйкес, оқу процесінде оқушылар мектепті бітіргенге дейін келесі дағдыларды игеруі керек [2]:

- мәтінде хабарланатын жалпы мазмұны мен негізгі фактілерін түсіне білу;
- мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу;
- мәтінде хабарланатын ақпаратты толық және дәл түсіну қабілеті;
- мәтінді талдау кезінде тілдің құрылымы мен қызметі туралы білімді қолдана білу. Ағылшын тілі сабақтарында оқу өте маңызды.

Бұл келесілерге ықпал етеді: лексикалық сөздік қорын кеңейту, контекстен таныс емес сөздердің мағынасын түсіну қабілеті (тілдік болжамды дамыту), әр түрлі бөлімдерді бекіту, грамматика, сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Мәтіндерді оқу және онымен жұмыс істеу барысында әмбебап оқу әрекеттері қалыптасады: танымдық, коммуникативті, жеке, реттеуші.

Мәтін сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін оқытудың нақты және нәтижелі негізіне айналуы үшін оқушыларды мәтінмен жұмыс істеуге үйрету керек, сондықтан жұмыстың барлық 3 кезеңіне назар аударған жөн: мәтін алды, мәтіндік және мәтіннен кейінгі [3,6-12].

Мәтін алды кезең (Pre-reading)

Мәтін алдындағы кезеңде оқуға дайындық жүргізіледі, яғни тілдік қиындықтарды жою, мәтінде айтылған тақырыппен және әлеуметтік-мәдени ұғымдармен және шындықтармен танысу. Мәтінмен әрі қарай жұмысты сәтті жүргізудің маңызды шарты – сыныпта достық атмосфераны құру, сондықтан мұғалім мәтінді алдындағы кезеңде оқушыларды қызықтырып, оларды жұмысқа тартуы керек, осылайша оң мотивация жасайды. Мәтін материалымен жұмыс істеу әдістері және мәтін алдындағы кезеңдегі тиісті жаттығулар тілдік бірліктер мен сөйлеу үлгілерін саралауға, оларды мәтінде тануға, әртүрлі құрылымдық материалдарды (сөзжасамдық элементтер, егістіктің уақытша формалары және т.б.) және болжау дағдыларын қалыптастыру үшін тілдік болжауға арналған.

Бұл кезеңде мұғалім келесі жұмыс әдістерін қолдана алады: «ми шабуылы», болжау, иллюстрация немесе мәтін тақырыбымен байланыстыру, мәтінде қозғалған мәселелер бойынша оқушылардың білімін анықтау, сұрақтарға жауаптар және т. б.

Мүмкін жаттығулар:

1. Тақырып бойынша сіз оқушылардан анықтауды сұрай аласыз:
 - тақырып бойынша мәтін;
 - онда көтерілетін мәселелер тізімі;
 - кілт сөздер мен тіркестер, бірлестіктер.
2. Қолда бар иллюстрациялар немесе бейне фрагменттері немесе тіпті музыкалық үзінділер негізінде мәтін тақырыбы туралы болжамдар жасаңыз.
3. Берілген сөздер бойынша мәтіннің негізгі идеясын анықтаңыз, бұл сөздер қандай ассоциацияларды тудырады. Аудармасы бар сөздер немесе анықтамалары бар сөздер берілуі мүмкін.
4. Мәтінді/ бірінші абзацты қарап, сол мәтіннің не туралы екенін анықтаңыз.
5. Мәтін бойынша сұрақтарды/ мәлімдемелерді оқып, оның тақырыбы мен мәселелерін анықтаңыз.
6. Мәтінді оқымас бұрын ұсынылған сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз. Автордың атымен байланысты қауымдастықтарды қолдану
 - Бұл мәтінді қандай жанрға жатқызуға болады?
 - Бас кейіпкер кім болады (оның кәсібі, ұлты және т. б.)?
 - Әрекет қайда және қай уақытта болуы мүмкін?
8. Мәтін тақырыбы бойынша мүмкін сұрақтарды жазыңыз. Мәтіндік кезең (While-reading)

Мәтіндік тапсырмаларда оқушыларға оқу түрі (оқу, танысу, қарау, іздеу), оқу процесінде белгілі бір танымдық және коммуникативті мәселелерді шешудің жылдамдығы мен қажеттілігі көрсетілген коммуникативті параметрлер ұсынылады.

Мақсаттары: әртүрлі тілдік дағдылар мен сөйлеу қабілеттерінің қалыптасу дәрежесін бақылау; тиісті дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыруды жалғастыру.

Мүмкін жаттығулар:

1. Ұсынылған сұрақтарға жауап табыңыз.
2. Мәлімдемелердің дұрыстығын немесе жалғандығын растаңыз немесе бұл мәтінде айтылмағанын анықтаңыз.
3. Рет-ретімен ұсыныстар жасау.
4. Сәйкестік табу.

5. Бірнеше таңдау тапсырмасын орындау
6. Әр абзацқа сәйкес тақырыпты таңдаңыз.
7. Кірістіру қолайлы мағынасы бойынша сөз немесе сөйлем.
8. Келесі сөздермен/ грамматикалық құбылыстармен/ идиомалық тіркестермен және т.б. сөйлемдерді таңдаңыз.

9. Сыртқы көріністі, оқиға орнын, иллюстрацияларды, біреудің бір нәрсеге деген көзқарасын оқып шығыңыз.

10. Мәтін мәнді сөздің немесе сөздердің мағынасын болжау үшін, сөздің ұсынылған аудармаларының қайсысы оның осы контекстегі мағынасын дәл көрсетеді.

11. Мәтіннің екінші тарауында/ келесі бөлігінде оқиғалар қалай дамитынын ұсыныңыз.

12. Үзінді оқып, оны қайталаңыз.

13. Жетіспейтін ақпаратты толтырыңыз. Мәтіннен кейінгі кезең (Post-reading)

Мәтіннен кейінгі тапсырмалар оқуды түсінуді тексеруге, оқу дағдыларының қалыптасу дәрежесін және алынған ақпаратты мүмкін пайдалануды бақылауға арналған.

Мақсаты: мәтін жағдайын ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту үшін тілдік (сөйлеу), мазмұнды қолдау ретінде пайдалану.

Мүмкін жаттығулар:

– Оқылған мәтіннен жаңашылдық анықтаңыз, оқылған туралы өз пікіріңізді білдіріңіз.

– Мәлімдемелерді жоққа шығарыңыз немесе олармен келісіңіз.

– Бір нәрсені дәлелдеу немесе сипаттау.

Келесі мәлімдемелердің қайсысы мәтіннің негізгі идеясын дәл жеткізетінін айту. Өз жауабыңызды негізденіңіз.

Жоспар құру үшін мәтінді бөліп, оның негізгі ойлары.

Мәтіннің мазмұнын қайталау / қысқаша баяндау, мүмкін жазбаша Мәтінді бас кейіпкердің атынан айту, мүмкін жазбаша

Егер ... мәтіннің жаңа ұшын ойлап тапса, не болуы мүмкін екенін ойлаңыз, мүмкін жазбаша түрде.

Жаңа атау ойлап табыңыз.

Әрине, әр кезеңдегі тапсырмалар оқу түріне байланысты өзгереді (кіріспе, зерттеу, іздеу және қарау).

Көру оқуы оқылатын материал туралы жалпы түсінік алуды қамтиды. Оның мақсаты – тақырып пен мәтінде қарастырылған мәселелер шеңбері туралы жалпы түсінік алу [4,35-37].

Бұл еркін, таңдамалы оқу, мәтінді блоктарда оқу, оның «фокустық» бөліктері мен бөліктерімен толығырақ танысу. Бұл, әдетте, оқырманды қызықтыратын ақпараттың бар — жоғын анықтау үшін жаңа жарияланымның мазмұнымен алғашқы танысу кезінде орын алады және осы негізде оны оқу немесе оқымау туралы шешім қабылдайды.

Оқу кезінде кейде бірінші абзац пен негізгі сөйлемнің мазмұнымен танысып, мәтінді көру жеткілікті. Оқудың бұл түрі оқырманнан оқырман ретінде өте жоғары біліктілікті және тілдік материалдың едәуір көлемін білуді талап етеді.

Кіріспе оқу дегеніміз – белгілі бір ақпаратты алмастан, барлық сөйлеу жұмысы (кітап, мақала, әңгіме) оқырман назарына айналатын танымдық оқу. Бұл алынған ақпаратты кейіннен пайдалану немесе көбейту үшін алдын-ала арнайы орнатусыз «өзіңіз үшін» оқу.

Оқу барысында оқырман алдында тұрған негізгі коммуникативті міндет – бүкіл мәтінді тез оқып шығу нәтижесінде ондағы негізгі ақпаратты алу, яғни мәтінде қандай мәселелер және қалай шешілетінін, осы мәселелер бойынша нақты не айтылғанын және т.б. білу. Ол негізгі және қайталама ақпаратты ажырата білуді қажет етеді.

Оқу оқуы мәтіндегі барлық ақпаратты толық және дәл түсінуді және оны сыни тұрғыдан түсінуді қамтамасыз етеді. Бұл ойластырылған және жайбарақат оқу, мәтіннің тілдік және логикалық байланыстарына сүйене отырып, оқылатын мазмұнды мақсатты талдауды қамтиды. Оның міндеті – оқушының шетелдік мәтінді түсінудегі қиындықтарды өз

бетінше жеңе білу қабілетін қалыптастыру. Оқудың бұл түріндегі «зерттеу» объектісі мәтіндегі ақпарат болып табылады, бірақ тілдік материал емес.

Іздеу оқуы мамандық бойынша газеттер мен әдебиеттерді оқуға бағытталған. Оның мақсаты–мәтінде немесе мәтіндер массивінде нақты мәліметтерді (фактілер, сипаттамалар, сандық көрсеткіштер, нұсқаулар) жылдам табу. Ол мәтінде нақты ақпаратты табуға бағытталған.

Осылайша, мәтінмен жұмыс жасай отырып, көптеген жаттығуларды қолдана отырып, шет тіліндегі мәтіндерді оқу лексикалық қордың кеңеюіне, контекстен таныс емес сөздердің мағынасын түсінуге, грамматиканың әртүрлі бөлімдерін шоғырландыруға және сөйлеу дағдыларын жетілдіруге үлкен ықпал етеді деп сенімді түрде айта аламыз.

Сонымен қатар, оқудың тәрбиелік сипатын жоққа шығаруға болмайды: оқу адамның мәдениетін арттырады, оны біздің өміріміздің әртүрлі проблемалары мен аспектілері туралы ойлануға мәжбүр етеді.

Әдебиеттер

1. Денисова Л.Г. //Иностранные языки в школе: научно-методический журнал. – 2015. С.11–12 2.ҚР білім беруде және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2013ж. – 29 б.
- 2.Елухина, Н.В. Орта мектепте шетел тілін оқытуда қарқынды оқыту элементтерін енгізу туралы [Мәтін] / Н.В. Елухина / / Иностранные языки в школе: научно-методический журнал. – 2022. –6 –12 бб.
3. Ильина Н.В. Амандықова Г.Н. «Ағылшын тілін оқытудың әдістемесі» – 2019. – 35-37 бб.

МРНТИ: 14.01.11

А.Б. Адибаева, Д.Ю. Туктиева

«Дулат Бабатайұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын атап өту барысында істелінген шаралар келер ұрпаққа үлігі-өнеге боларлық жай. Ахмет Байтұрсынұлы артына айта берсе таусылмас мол мұра қалдырған. Сол мол мұраның бір саласы көркем аудармадағы ұлы Абай салған соқпақты — аударма ісін жалғастырды. Абай Құнанбаевтың орны тілі арқылы батыс философ ғалымдары Дарвин, Милл, Спиноза тағы басқа еңбектерімен жақын таныс болғанын, көне грек кемеңгерлері Сократ, Аристотель, Платон еңбектерін үлгі еткендігін білеміз. Орыс әдебиеті үлгілерін Абай жете меңгеріп, Крылов, Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Салтыков-Щедринді терең танып, олардың шығармаларын қазақ тіліне аударып, аударма існе жол салып, өз халқының «жақсы»,«жаман» мінезін ашуда, санасын оятуда басты құрал еткен, яғни ХХ ғасырдың бес кезінде орыстың классикалық әдебиеті үлгілерін қазақ тіліне аудару ісіндегі Абай, Ыбырайдан басталған жолды Ақылбай, Мағауия Құнанбаевтар, Ш. Құдайбердиев, М. Сералин, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынұвтар жалғастырып, игі дәстүрге айналдырды.

Ұлт ұстазының шығарған оқу құралдары мен оқулықтарының бәрі кешенді, бір бірімен байланысты және жүйелі. Біз, кейінгілер, осы уақытқа дейін бірнеше «Әліппе» шығардық, әдістемелік нұсқаулықтар жасадық. Бірақ біз төл дыбыстарға негізделіп қасына мұғалімдерге арналған «Баяншысы» бар, ол аз десеңіз сөйлеу, оқу, жазуды ұштастырған «Тіл жұмсары» бар кешенді дүние жасай алмадық. Ахмет Байтұрсынұлы өзі жасаған құралдармен сабақ берудің жолын да анық көрсеткен. Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа

оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын жаңаша бағыт ретінде атайды. Ал тарихқа үңілетін болсақ, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының көбі Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен табылады. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған

«Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, ол бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсыну керектігін айтады. Мұнда баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, алынған білімді күнделікті қолданысқа түсіру маңыздылығын қатты ескерген [8]. «Тірлік шаруасына үйрететін білім тірі білім болуы керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек», – дейді ұстаз. Қазір өте көп айтылып жүрген Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы туралы А.Байтұрсынұлы оқулықтарында да бар: 1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады. 2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады. 3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы не месе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады. Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды әрі тиімді деп санайды да бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек, – дейді [9,295]. Қазіргі таңда мектептерде қазақ тілі пәнін оқыту әдістемесінде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) жеке-жеке бөлініп, жаңа жүйемен оқытылады. Бұл әдісті көбісі ағылшын тілін оқыту үлгісінен (listening, reading, writing, speaking) алынған деп ойлайды. Алайда тілді оқытудың бұл әдістері жайында Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен де кездестіруге болады. Ғалым «үйретуді» жоғары бағалап, «өнер» деп атайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ», – дейді. Ахмет тіл үйретуді мынадай топтарға ажыратады: 1) оқылым – оқу үйрету; 2) жазылым – жазу үйрету; 3) айтылым – сөйлеу үйрету. Мәселен, оқылым әрекеті буындап оқу, тұтас оқу арқылы; жазылым әрекеті сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы; айтылым әрекеті сұрақтарға жауап беру арқылы; тыңдалым әрекеті жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады. Ахмет Байтұрсынұлы «Кісі мен көлеңке» өлеңінде көлеңке бейнесі арқылы өзі өмір сүрген кездегі замандастарының бет-бейнесін ашып көрсетеді: «Айтайын бір тентектің әңгімесін, Демеңдер: «Сөз ғып жазған мұның несін?» [1]. Ежелден тентек сөзі көзге ілгісіз, елеусіз адамдарға қолданылған. Яғни ақын айтып тұрған тентектің әңгімесі үлкен тақырып болып көрінбегенімен, тақырыптың ауқымдылығын айтып, оқырманды құлақ салуға шақырады:

«Есі ауыс көре салып, қуалады

Өзінің ұстаймын деп көлеңкесін» [1].

Бұл өлеңде сөз болып отырған көлеңке бақ пен дәулет кейшінде суреттеледі. Ал айтылып отырған жолда ақын есі кеткенше бақ-дәулетті қуған өз замандастарын қатал сынайды:

«Бұл қуса, көлеңкесі алыстады, Жүгірсе, жүйріктігі қалыспады. Қатты да, жай да қуды – ұстатпады,

Болғанша бар өнерін қарыштады» [1], – деп, бақ-дәулетке қол жеткізу үшін аянып қалмайтындарды айтқысы келеді. «Болғанша бар өнерін қарыштады» деп әдеттегі өнерді емес, бақ-дәулетке қол жеткізу үшін жағымпаздана, жағымсынған, қолынан келгеннің бәрін жасайтын адамдарды айтады. Қуған сайын алыстаған бақ-дәулет:

«Тентектің бір мезгілде кірді есі:

«Әуре боп қуып, маған қажет несі?» [1], – деп, өз бақ-дәулетін қууды доғарған тентекті сөз етеді. Ахмет Байтұрсынұлы өмір сүрген мезгіл қазақтың орыс отарына айнала бастаған

кезі еді. Бай-шонжарлардың бақ пен дәулетке, атақ пен даңққа ие болу үшін баратын небір пасық әрекеттері орын алып жатқан тұс. Дегенмен, бұл жолдарда бақ-дәулетті қууды доғарғандар сөз етіледі:

«Осылай ойлап, қайта жүріп еді, Артынан қуды енді көлеңкесі» [1].

Осылайша ақын ендігі кезде көлеңкенің, яғни, бақ-дәулеттің адамды қуғанын суреттейді. Жалпы көлеңке ұғымы адамның күн түспейтін көмескі сұлбасы. Қараңғы жағы. Бақ-дәулет те сондай қараңғы. Бірде бар, бірде жоқ. Сондай сұмпайы дүние кейпінде суреттеледі. Адам оны қуғанын доғарғанда ол адамның өзін қууға кіріседі. Ақын:

«Кейбіреу Қыдыр дарып, қараса бақ,

Бейне бір осы айтылған көлеңке нақ» [1], – деп, бақ пен дәулеттің кез келген адамның басына қона бермейтіндігін айтады. Бақ пен дәулет бірде бар, бірде жоқ дүние. Осы тұста көлбеңдеген көлеңкенің соңынан қуғандардың айқын бейнесін көрсеткісі келген ақын образы алға шығады.

«Қайрылмай, қарағанда, бақ-дәулетке,

Артынан қуалайды қайтарып ап» [1], – деп, бақ пен дәулетке қарамай қойсаң, артыңнан өзі қуатын сұрқия дүние екендігін айтады.

Ақынның өлеңін талдай отырып, «архетип – әлемді қабылдаудың алғашқы образы, ол адамзаттың, ұлттың, рудың ұжымдық бейсаналығына орныққан және жеке индивидтің қызметі арқылы жаңарып отырады» [2, 8] деген зерттеуші А.Ю. Большакованың ойына табан тіреуге тура келеді. Себебі, өз руының, өз ұлтының ұжымдық бейсаналығына орныққан көлеңкені Ахмет Байтұрсынұлы осылайша бір ғана өлеңінің өн-бойына сыйғызады.

«Көлеңке – жан дүниесі құлазыған образ ретінде, өмірдегі бақыт пен қайғының нышаны ретінде суреттеледі және көлеңкенің ізінен қалмауы жарық дүниеде өмір сүріп жүргендердің кемістігі болмауы мүмкін еместігі. Кемістігім жоқ десе, ол өмір сүрмегені. Көлеңкесін көріп, мойындай білген, одан құтылудың жолын іздеген адам ақылды. Түсінген жанға көлеңке – ой, түсінбеген жанға көлеңке – ор. Кемшіліксіз адам кездеспейді. Көлеңкені көре білу керек, көлеңке әртүрлі. Жаманның көлеңкесі мен жақсының көлеңкесінің айырмасы жер мен көктей!» [3].

Сонымен бірге Ахмет Байтұрсынұлы адамның адамдық қасиетін көрсететін оның сылдыр сөзі емес, нақтылы істе тындырымдылығы, демек, парасаттылығы мен саналылығы ал, әлі келмейтін нәрсемен әлек болудың қажеті жоқ деген ойларын «Сары шымшық» мысалында нақты өрнектеген.

-Кейбіреу қолдан келмес істі ойлайды, Мақсаты оныменен тұсболмайды.

«Ұялған тек тұрмайды» - деген рас,

Қал, бөлем, тоқтай тұр мен жұртты алдайды, – десе «Маймыл» мысалында алғыс, абырой алу үшін пайдасыз құр мехнат етудің қажеті жоқтығын, күншілдіктің соңы-күйік екенін, орынсыз істің аяғы өкініш екенін, халық ілтипатына бөленудің оңай еместігін, ол үшін көпке шарапаты тиер игі іс жасау керектігін, ондайда көзге түсем деп шапқылап, «арам тер» болмаса да халықтың өзі ақ ілтипатын білдіретінін төмендегіше қорытынды.

Мақсатқа ойыңа алған жете алмайсың, Мал шашып құр далаға төккенменен Пайдалы істен аларабыройың, Кетпейді кейін қарай телкенменен.

Қорыта келгенде айтарымыз, Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларының негізгі идеясы жастарды бүгінгі күнде құрғақ сөз, «таусылмайтын» ақыл-кеңес айта беріп тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың үлгі өнегесіне, ғибратқа негіздеудің қажеттігін баса айтқан. Бүгінде Ахаңның мысалдарын оқу-тәрбие ісінде орынды пайдаланып отыру – әрбір ұстаздың басты мақсаты, әрі парызы болмақ. Шығармалардан нақты мақалдар келтіре сөйлеп, оқушы бойында бүгінде сирек құбылыс болып бара жатқан астарды теңей, салыстыра сөйлеуге деген қызығушылықты, құштарлықты оятуға соған машықтандыруға, Ахмет Байтұрсынұлы сөзімен айтсақ «лұғат тазалығына» баулуға болады. Қызығушылықтың арқасында жастардың шығармашылық ойлары ұшталмақ. Сегіз қырлы, бір сырлы Ахмет Байтұрсынұлының творчествосына қайта-қайта үніле қараған сайын, оның

шығармашылығының өміршеңдігі мен тәлімдік мәнін терең сезіне түсеміз. Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалы» бүгінгі нарық заманында өмір сүріп отырған жастарды имандылыққа, ізгілікке, адамгершіліктің ақ жолына тәрбиелеуде таптырмас аса бағалы құрал екені даусыз. Міне Ахмет Байтұрсынұлының өлеңінің астарында осындай үлкен ойдың жатқандығын оқушыларға жеткізе білсек мақсатымызға жеткеніміз деп білемін. Осылайша Ахмет Байтұрсынұлының әрбір еңбегін талдауда жаңа ұстанымдарды қолданудың қажеттігі анық байқалса керек.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Маса: Өлеңдер мен көсемсөздер. – Алматы: Раритет, 2005. – 208 б.
2. Большакова А.Ю. Архетип, миф и память литературы // Архетипы, мифологемы, символы в художественной картине мира писателя.
3. Материалы международной научной конференции (г. Астрахань, 19-24 апреля, 2010 г.). – Астрахань: Издательский дом «Астраханский университет». – 289 с.
4. Абай шығармаларындағы архетип мәселесі. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 176 б.

МРНТИ: 14.01.11

Ж. Рахымбекұлы, М.Т. Демесинов

«Б. Момышұлы атындағы № 34 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Адам өмірінің өзегі – эстетикалық құндылықтар, ал басқа мақсаттар оған жеткізетін баспалдақтар ғана. Сұлулыққа жеткізетін қасиеттер эстетикалық сезім, эстетикалық ләззат, эстетикалық мұрат, эстетикалық талғам, эстетикалық қабылдау, эстетикалық қатынас, эстетикалық пікір, эстетикалық баға және т.б. әсемдік элементтері жатады. Сондықтан, педагогикалық сөздікте: «құндылық» – адамның ішкі талғамы, сезімі, адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін этикалық және эстетикалық тәрбиесі"- делінген. Себебі, педагогикада "құндылық" тәрбие арқылы жүзеге асады.

Адамның дүниеге эстетикалық қарым-қатынасы – құндылықтың бір түрі болып табылады. Философтар, әлеуметтанушылардың зерттеу объектісі – адам болғандықтан, олар осы мәселені зерттеумен айналысуға үлкен мән беруде. Мәселен, философ Қ. Әбішев "адам – жоғары құндылық, ол өздігінен-ақ дербес өзіндік құндылық бола алады, өйткені, адам құндылығы өзінде ғана ұсталады. Бұл мүмкіндік тек қана адамда бар. Адам осы мүмкіндікті іс-әрекет арқылы жүзеге асырады"- дейді. Әлеуметтанушы Б. Ерасов - "құндылықтардың пайда болуы, адамның қажеттілігін қанағаттандыратын іс-әрекет, бұл белгілі бір мақсатта жүреді - дейді.

Адамзат тарихында үлкен маңызды орын алған адами мәнді қасиеттері бар құбылыс – эстетикалық құндылық болып табылады. Өйткені, адам болмысының басты рухани нысанасы – дүниенің әсемдігін, сұлулығын түсіну және жан сұлулығына ұмтылу болып табылады.

Философиялық сөздікте: «эстетика (гр. Aisthetikos-сезіну, сезімдік) – адамның дүниені эстетикалық тұрғыдан ұғынып-түсіну заңдылықтары туралы, әсемдік заңдарын арқау еткен шығармашылықтың мәнісі мен формалары туралы ғылым» - деп қарастырады.

Педагогика және психология сөздігінде: «эстетикалық тәрбие – болмыстағы және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдау үшін, адамның эстетикалық түсінігін, сезімін, талғамын қалыптастыру үшін берілетін тәрбие» - деп түсіндіріледі.

Бұл көзқарастан, адамның салауатты өмір салтында әсемдікті, сұлулықты сезініп, оны дамытып отыру қажеттілігін көрсетеді.

Осыған байланысты, салауатты өмір салтын қалыптастыруда эстетикалық құндылықтың ролін, оның маңыздылығын ашып көрсету үшін, оның құрамдас компоненттеріне эстетикалық құндылық – тек тәрбиеден ғана тұрмайды, яғни ол эстетикалық мәдениет, эстетикалық сезімдер, эстетикалық ләззат, эстетикалық мұрат, эстетикалық талғам, эстетикалық қабылдау, эстетикалық қатынас, эстетикалық пікір, эстетикалық бағадан тұратындығын айтуға болады.

Психология ғылымы – салауаттылыққа жан-дүниенің қалыптасу ерекшеліктерін зерттесе, философия ғылымы – өмір сүру дүниетанымын, медицина ғылымы – денсаулықты сақтау, валеология ғылымы – салауатты өмір сүру салтты қалыптастыруды зерттейді. Тұңғыш рет «салауаттылық» деген ұғымды психолог И.И. Брехман енгізді.

Психолог И.И. Брехман «Салауатты өмір салты – мінез-құлық пен дағдыны ретке келтіріп, өзін-өзі түсіне білу» - дейді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Салауатты» сөзінің мәні - парасатты, байыпты, ақылды, ойлы, білімді және сабырлы - деген мағынаны білдірсе, қазақша-орысша аударма сөздікте: «салауатты» (здравствуй) – сәлеметтік, амандық, салауаттылық мағынаны білдіреді. Бұл түсіндірмелер өз кезегінде салауаттылық сипаттамасын, оны қалыптастыру жөніндегі ұстанымның ауқымын кеңейтеді. Ал, «өмір салты», «өмір сүру» – әлеуметтік категория. Өмір салты – қоғамдық болмыстың, аумағындағы адамдардың іс-әрекеті, маңызды жақтарының жүйесі, жиынтығы. «Өмір сүру» – адамдардың табиғаттағы және әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас жүйесі, яғни ұзақ өмір сүруге талпындыратын іс-әрекет.

Сонымен, жоғарыда келтірілген анықтамалардан, эстетикалық құндылықтардың мәні салауатты өмір сүруі үшін ерекше маңызға ие екендігі анық көрінеді.

Біздің зерттеуімізге негіз болған ұғым – салауатты өмір салты. Әлеуметтанушы Т.Ж. Нақышбеков «Өмір салты субъектінің әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу тәсілі.

Өмір салты арқылы қоғамның экономикалық жағдайын, қоғамдық қатынасын, материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейлері көрінеді» - деп атап көрсетеді. Ал, ғалым И.Т. Левкина «салауатты өмір сүру әркімнің өз мамандығы деңгейінде дұрыс игере біліп, өнімді еңбек етіп, тұрмыс жағдайын түзете отырып, қоршаған ортаға қарым-қатынас жасай білуінде екенін негіздей отырып сипаттайды. Ол: «адамның салауатты өмір сүруі – адам мәдениетінің бөлігі, өмір сүру құндылығына байланысты» - деп атап көрсетеді.

А.Н. Леонтьев «салауатты өмір сүру» – өмірдегі өз орнын білу, өмір сүруге ұмтылыс жасау, алдына қойған мақсатқа жету жолдарынан тұратынын атап көрсетті. Ол өзінің зерттеуін негіздей отырып «салауатты өмір сүру» категорияларын бөліп көрсетеді: салауатты өмір сүру қалпы, салауатты өмір сүру мәні, салауатты өмір сүру деңгейі, салауатты өмір сүру стилі, салауатты өмір сүру дағдысы. Ғалым: «салауатты өмір сүру үшін өмір сүрудің мәнін, деңгейін, қалпын, стилін жеке ұғынып, күнделікті іс-әрекеті мен әрекетінде қолданылса, дағдыға айналары сөзсіз» - деп қарастырады.

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың көзқарастарын басшылыққа ала отырып, өз анықтамамызды бердік:

«Құндылық» дегеніміз – адамның өмір тіршілігі барысында жеке қызығушылығы мен қажеттілігінен туындайтын, яғни оны жоғары қоятын бағалы, құнды нәрселер жиынтығы (жеке және әлеуметтік қызығушылығы).

«Салауатты өмір салты» дегеніміз – жеке адамның жақсы өмір сүруіне қажетті, яғни жан мен тән үйлесімділігін сақтап, оны дамытуға бағытталған құрылымдық жүйе.

«Эстетикалық құндылықтар» – адам өзінің өмір салтында әсемдік дүниесін жоғары бағалауы, оның тұла бойынан сұлулық, әдемілік қасиеттерімен қатар, эстетикалық компоненттердің бүкіл жиынтығының көрініс беруімен ерекше мәнге ие болатын құндылықтар жүйесі.

Сонымен, оқушының жас ерекшелігіне сай, яғни оның психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, өмірде кездесетін нәрселердің әсемдік, сұлулық жақтарын ажыратып, үлгі-өнеге

көрсету, оқушылардың талғампаздығын тәрбиелеу – бүгінгі өмір талабы екенін баса айтуға болады.

Шығыстың ұлы ғұлама ойшыл ғалымы Әл-Фараби «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін» деген екен. Олай болса, біздің болашағымыз неге байланысты? Осыған байланысты, зерттеу жұмысымыздың объектісі – жеткіншектер болғандықтан, олардың психологиялық ерекшеліктері мен тәрбиелеу мәселесі қоғамның қай кезеңі болмасын, педагогтардың, психологтардың зерттеулеріне арқау болып, әр қырынан қарастырылып келеді.

Біздің зерттеуімізге құнды болған белгілі ғалым Л.С. Выготскийдің көзқарасынша, әрбір шақта бала мен ортаның арасындағы қатынастардың қайталанбас жүйесі болып табылады. Ол осы қатынастар жүйесін қайта құру өтпелі шақтағы «дағдарыстың» басты мазмұнын құрайды деп пайымдады. Л. Колбергтің пікірі бойынша, жеткіншектер ересектігінің дамуындағы жалпы бағыт әр түрлі: біреулері үшін – өмірде ең бастысы кітап пен білім болса, екіншілері, сабаққа деген қызығушылығы төмен, ал үшіншілері, ересектіктің сыртқы көріністері онша қызықтырмайды, бірақ ол шешесінің сүйеніші, өзін ерлік қасиеттерге тәрбиелейді.

Бұл ой ғалым В.А. Крутецкийдің еңбектерінде тұжырымдалады: «Жеткіншектік кезең – бұл баланың өмірге деген өз көзқарастарының, сенімділігінің қоғам принциптері мен идеалдарының өз іс-әрекетіне басшылық жасайтын кезеңі болып есептеледі. И.С. Кон еңбектерінде: «Жеткіншектік кезеңде өзінің сыртқы келбетін сұлуландыруға, күнделікті өмірде киім киінуінде, шашын, бет-әлпетін көріктендіруге тырысу, яғни сөйлеу және қарым-қатынас стилін саналы түрде өңдеу»-деп қарастырады.

Сонымен, ғалымдардың ой-пікірлерін былай түйіндесе болады: жеткіншектік кезеңнің даму ерекшеліктеріне сәйкес, эстетикалық тәрбие беруді аса қажет ететін кезең болып саналады. Бұл қажеттілік жеткіншек өмірінде біріншіден, адамгершілік, азаматтық, көркем шығармашылық – рухани сезімдерінің белсенді дамуымен; екіншіден, өзіндік санасының дамуына байланысты эстетикалық талғамының тұрақтылығымен; үшіншіден, сана-сезімі мен өзіндік санасының даму деңгейіне байланысты эстетикалық талғамы, көзқарасы, бағдары және қажеттілігі біртұтас жүйе болып қалыптасады деп айтуға болады. Осыдан, жеткіншектер өмір салтының мәні мен басты құндылығы – әсемдік пен әдемілікті сезіну болып табылады.

Әдебиеттер

1. К. Бержанов, С. Мусин. Педагогика тарихы. – Алматы: Мектеп, 1972.
2. Е. Сағындықов. Ұлттық ойындарды тәрбие жұмысында қолдану. – Алматы, 1992.
3. К. Сейталиев. Тәрбие теориясы. – Алматы, 1986.
4. Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. Педагогика. – Алматы, 1998.
5. Савин Н.В. Педагогика. – Алматы, 1983.
6. А.М. Алексеев. Дене тәрбиесінің экономикалық тиімділігін бағалау әдістері (Дене тәрбиесінің теориясы мен практикасы – 1988 ж. – ғ 10).

МРНТИ: 14.01.11

А.С. Токтаубаева

КГУ «Жаркынская СОШ» г. Семей Абайская область

МЕТОДОЛОГО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ В ОСНОВНОЙ ШКОЛЕ

В педагогической теории и практике понятие «функциональная грамотность» впервые появилось в конце 60-х годов XX века в документах ЮНЕСКО. Функциональная

грамотность в наиболее широком определении выступает как способ социальной ориентации личности, интегрирующий связь образования (в первую очередь общего) с многоплановой человеческой деятельностью. В современном мире функциональная грамотность становится одним из базовых факторов, способствующих активному участию людей в социальной, культурной, политической и экономической деятельности, а также обучению на протяжении всей жизни.

Согласно А.А. Леонтьеву «функциональная грамотность» – «способность человека использовать приобретаемые в течение жизни знания для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений».

Современные исследователи определяют функциональную грамотность как социально-экономическое явление и связывают уровень ее сформированности с уровнем благосостояния населения и государства в целом. С середины XX века проблемой функциональной грамотности занялись и международные организации. А именно ЮНЕСКО 1990 год был объявлен Международным годом грамотности, а ООН объявила 2002-2012 годы Десятилетием грамотности.

Понятие «функциональная грамотность» с различных позиций исследовано Р.Н. Бунеевым, Е.В. Бунеевой, С.Г. Вершловским, Б.С. Гершунским, Л.Ю. Комиссаровой, О.Е. Лебедевым, Л.М. Перминова и др. Ряд ученых (О.Е. Лебедев, Е.И. Огарев, А.В. Хуторской) рассматривают функциональную грамотность с позиции образованности учащихся и образовательного результата.

Функциональная грамотность – это уровень образованности, который может быть достигнут учащимися за время обучения в школе, и предполагает способность человека решать стандартные жизненные задачи в различных сферах жизни.

Выделяется несколько основных видов функциональной грамотности:

– коммуникативная грамотность, предполагающая свободное владение всеми видами речевой деятельности; способность адекватно понимать чужую устную и письменную речь; самостоятельно выражать свои мысли в устной и письменной речи, а также компьютерной, которая совмещает признаки устной и письменной форм речи;

– информационная грамотность – умение осуществлять поиск информации в учебниках и в справочной литературе, извлекать информацию из Интернета и компакт-дисков учебного содержания, а также из других различных источников, перерабатывать и систематизировать информацию и представлять ее разными способами;

- деятельностная грамотность - это проявление организационных умений и навыков, а именно способности ставить и словесно формулировать цель деятельности, планировать и при необходимости изменять ее, словесно аргументируя эти изменения, осуществлять самоконтроль, самооценку, самокоррекцию и др.

Ряд исследований показывают, что у учащихся недостаточно развита устная и письменная речь, поэтому особую озабоченность вызывает функциональная грамотность в сфере коммуникации.

В представлении о функциональной грамотности особое место занимает деятельностная грамотность, т.е. способность ставить и изменять цели и задачи собственной деятельности, осуществлять коммуникацию и реализовывать простейшие виды деятельности в ситуации неопределенности.

В вопросе формирования функциональной грамотности учащихся, остаются мало изученными некоторые аспекты формирования сферы коммуникации у учащихся, в частности недостаточно полно разработана методика формирования у учащихся функциональной грамотности в сфере коммуникации:

– не учитываются практикой изменения в понимании содержания понятия «функциональная грамотность» на современном этапе развития образования, излагаемые в научно-педагогической литературе;

- не уделяется должного внимания формированию функциональной грамотности, в частности, сфере коммуникации на предметах естественно-математического цикла;
- общеобразовательные школы в основном работают над формированием общеучебных умений и навыков и без опоры на практическое применение знаний, формирование функциональной грамотности в школьной практике носит самопроизвольный характер;
- не разработана система формирования функциональной грамотности у учащихся с применением методов, приемов и форм организации учебного процесса;
- выявляется неготовность со стороны педагогов решать проблему формирования функциональной грамотности на современном этапе.

Недостаточность научно обоснованных подходов и теоретико-методологического обоснования формирования у учащихся функциональной грамотности в сфере коммуникации, что обусловлено объективно существующими противоречиями между:

- необходимостью формирования функциональной грамотности в сфере коммуникации и недостаточной разработанностью этой проблемы в педагогической теории и практике;
- потребностью общества в функционально грамотных людях и несоответствием уровня сформированности функциональной грамотности в сфере коммуникации у учащихся;
- не разработанностью системы формирования функциональной грамотности в сфере коммуникации и недооценкой практического применения сферы коммуникации подростками;
- потенциалом предметов, изучаемых в школе, и недостаточностью методов, форм, средств его использования педагогами школы с целью формирования функциональной грамотности в сфере коммуникации у учащихся.

Таким образом, необходимо выявить совокупность средств формирования у учащихся функциональной грамотности в сфере коммуникации в процессе изучения ими предметов естественнонаучного цикла.

Формирование функциональной грамотности в сфере коммуникации у учащихся предполагает:

- рассмотрение ее в рамках целостного процесса формирования ключевой коммуникативной компетенции;
- выявление возможностей предметов естественнонаучного цикла в содействии развитию функциональной грамотности в сфере коммуникации;
- учет коммуникативных трудностей учащихся в процессе формирования функциональной грамотности;
- проведение оценки формирования функциональной грамотности с учетом самооценки учащимися личного опыта общения и коммуникации.

В педагогической литературе дается следующее определение функциональной грамотности: «Минимальная функциональная грамотность означает повышаемый по мере развития общества и роста потребностей личности уровень знаний и умений, необходимый для полноценного и эффективного участия в экономической, политической, гражданской, общественной и культурной жизни своего общества и своей страны, для содействия их прогрессу и для собственного развития» [8].

Для каждого уровня образования можно определить минимально доступный уровень образованности. По окончании уровня начального образования предполагается, что ученик должен достичь уровня элементарной грамотности, основного среднего образования – функциональной грамотности, общего среднего образования – компетентности.

Функциональная грамотность есть овладение системой ключевых компетенций, позволяющих эффективно применять усвоенные знания в практической ситуации и успешно их использовать в процессе социальной адаптации. Ключевые компетенции – это требование государства к качеству личности выпускника школы в виде результатов образования, заявленных в ГОСО и учебных программах. Одной из ключевых компетенций выпускника средней школы является коммуникативная компетенция. Кроме ключевых компетенций, в

рамках отдельных предметных областей выделяются предметные компетенции: освоенные специфические знания, умения, навыки в рамках учебного предмета [3].

ГОСО ориентирован на результаты, обеспечивающие личное саморазвитие, самостоятельность в приобретении знаний, формирующие коммуникативные навыки, умения управлять информацией и технологиями, решать проблемы, предприимчивость и креативность.

Основная задача общеобразовательной школы – это создание всех возможностей и обеспечение условий, чтобы ученики овладевали новыми знаниями, обретали новые навыки и могли эффективно использовать знания и технологии в повседневной жизни.

А.В. Хуторской считает, что овладеть социальным опытом, получить навыки жизни и практической деятельности в обществе можно при условии владения следующими ключевыми образовательными компетенциями: ценностно-смысловыми, общекультурными, учебно-познавательными, информационными, коммуникативными, социально-трудовыми и компетенциями личностного самосовершенствования [4].

Цель образования в условиях компетентного подхода – формирование личности, способной самостоятельно решать разнообразные проблемы, используя имеющиеся у нее знания и умения, т.е. компетентной личности. Компетентный подход даёт возможность усилить личностную ориентацию содержания образования и сделать его более практико-ориентированным. В связи с этим в рамках компетентного подхода основным является не просто обогащение объёмом знаний, а расширение и обогащение индивидуальных способов действия и средств деятельности, а также поведенческих операций в нестандартных ситуациях, т.е. приобретение разностороннего опыта деятельности.

Тем самым из концепции развития универсальных учебных действий вытекает, что важнейшей задачей современной системы образования является обеспечение учащимся умения учиться, способности к саморазвитию и самосовершенствованию. Естественно, эти качества достигаются путем сознательного и активного присвоения учащимися социального опыта. При этом знания, умения и навыки формируются, применяются и сохраняются в тесной связи с активными действиями самих учащихся. Выделяют четыре блока основных видов универсальных учебных действий: личностные, регулятивные, познавательные и коммуникативные, формирование которых возможно в ходе образовательного процесса, при условии владения педагогом методиками организации в классе учебного сотрудничества («учитель – ученик», «ученик – ученик») и внедрения соответствующих психолого-педагогических технологий.

Сущность функциональной грамотности состоит в способности личности самостоятельно осуществлять учебную деятельность и применять приобретенные знания, умения и навыки для решения жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений.

Составляющими функциональной грамотности являются умения (ключевые компетенции или универсальные учебные действия) определённого типа, основанные на прочных знаниях, а именно: организационные, интеллектуальные, оценочные и коммуникативные. Эти умения могут быть приобретены учащимися при условиях, если обучение носит деятельностный характер; учебный процесс ориентирован на развитие самостоятельности и ответственности ученика за результаты своей деятельности; предоставляется возможность для приобретения опыта достижения цели; правила аттестации отличаются чёткостью и понятны всем участникам учебного процесса; используются продуктивные формы групповой работы.

В этом вопросе важную роль играет профессиональная компетентность учителя.

Профессиональная компетентность учителя в формировании функциональной грамотности учащихся характеризуется как интеграция педагогических знаний, умений, профессионально значимых личностных качеств на достижение социально-педагогических результатов по формированию информационной, проблемной, коммуникативной и организационной компетенций выпускников школы. Особенно компетенции в решении

жизненных проблем, необходимых для адаптации и полноценного функционирования в современном обществе. Структура профессиональной компетентности учителя по формированию функциональной грамотности учащихся включает следующие компетенции: предметно-методологическая, психолого-педагогическая, компетенция в области валеологии образовательного процесса, коммуникативная, компетенция в области управления качеством образовательной системы «учитель-ученик». Работа учителя по формированию функциональной грамотности учащихся, должна включать следующие этапы: целеполагания, планирования, прогнозирования, реализации, коррекции, рефлексии.

Для обеспечения продуктивности формирования функциональной грамотности учащихся педагогам необходимо применять специальные активные, деятельностные, личностно-ориентированные и развивающие образовательные технологии. Среди них можно выделить следующие виды деятельности и технологии:

- проблемно-диалогическая технология – это освоение новых знаний, позволяющая формировать организационные, интеллектуальные и другие умения, в том числе умение самостоятельно осуществлять деятельность учения;
- технология формирования правильной читательской деятельности, создающая условия для развития важнейших коммуникативных умений;
- технология проектной деятельности – обеспечивает условия для формирования организационных, интеллектуальных, коммуникативных и оценочных умений (подготовка различных моделей и плакатов, организация и проведение конкурсов, викторин, мини-исследований и др., предусматривающих обязательную презентацию полученных результатов);
- уровневая дифференциация обучения, использование которой вносит определённые изменения в стиль взаимодействия учителя с учениками (ученик – это партнёр, имеющий право на принятие решений, например, о содержании своего образования, уровне его усвоения и т. д.), главная же задача и обязанность учителя – помочь учащемуся принять и выполнить принятое им решение;
- информационные и коммуникационные технологии, использование которых позволяет формировать основу интеллектуальных умений, как сравнение и обобщение, анализ и синтез;
- технология оценивания учебных достижений учащихся и др.

Следовательно, ученик может научиться действовать только в процессе самого действия, а работа учителя на каждом уроке и образовательные технологии, которые выбирает учитель, формируют функциональную грамотность учащихся, соответствующую их возрастной ступени. Поэтому важнейшей в профессиональном становлении современного учителя является проблема формирования его технологической компетентности, включающей в себя глубокую теоретическую подготовку и практический опыт продуктивного применения современных образовательных технологий на уроке, готовность к их адаптации и модификации с учётом индивидуальных и возрастных особенностей учащихся.

Среди методов также важным является работа с текстом. Ученик должен понимать тексты различных видов, размышлять над их содержанием, оценивать их смысл и значение и излагать свои мысли о прочитанном. На уроках мы работаем с текстами разных видов и жанров, такими как научные тексты, биографии, документы, статьи из газет и журналов, деловые инструкции, географические карты и т.п.

Очень часто используемый прием – это кластер, выделение смысловых единиц текста и графическое их оформление. Эти методы формируют умение сворачивать и разворачивать полученные знания в зависимости от жизненной ситуации.

Формирование функциональной грамотности является сложным, многосторонним, длительным процессом. Достичь нужных результатов можно лишь умело, грамотно сочетая различные современные образовательные педтехнологии.

Литература

1. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». 14.12.2012.
2. Государственная Программа развития образования Республики Казахстана 2011-2020 годы от 7 декабря 2010 года.
3. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности на 2012-2016 годы.
4. Компетенции в образовании: опыт проектирования: сб. науч. тр. / Под ред. А.В. Хуторского. – М.: Научно-внедренческое предприятие «ИНЭК», 2007. – 327 с.
5. Перминова Л.М. Минимальное поле функциональной грамотности (из опыта С.-Петербургской школы) // Педагогика. 1999. – № 2. – С. 26-29.
6. Перминова Л.М. Функциональная грамотность/ неграмотность как социально-педагогическое явление. – М., 2003
7. Репкина Г.В., Заика Е.В. Оценка уровня сформированности учебной деятельности. – М., 1997.
8. Тягян С.А. Грамотность в компьютерный век. – М.: Педагогика. – 1995. – № 1.

МРНТИ: 14.01.11

Л.С. Саменова

«№ 44 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

АТА-АНА МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА МЕКТЕПТІҢ ЫҚПАЛЫ

Тұлғаның қалыптасуы отбасында негіз алатындықтан бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынастың мәні жоғары бағаланады. Баланың басты ұстазы оның ата-анасы. Қазіргі қоғамдағы экономикалық тұрақсыздық, әлеуметтік желілердегі ақпарат ағыны және өмірдің барлық деңгейлерінде көрінетін қарама-қайшылықтардың болуы дағдарыстық сипатта. Соның салдарынан ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасының бұзылуы байқалады. Және соңғы жылдарда пандемия жағдайынан болған қоғамдағы күрт өзгерістер әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне, эмоционалдық шиеленістің өсуіне және халықтың әлеуметтік және психологиялық бейімделу қаупінің жоғарылауына әсер етті. Нәтижесінде қоғамдағы ересектердің құндылық бағдарының өзгеруі, балаларымен қарым-қатынас жасау мәнінің бұзылуы және бұрмалануы олардың балаларға деген көзқарасын өзгертіп, отбасы ұстанымдарының мәнін төмендетті. Кейбір жағдайларда баланың өмірін жақсарту және комфортты орта жасауды асыра бағалау, шеттен тыс қамқорлық - детоцентризмге жол берілді.

Отбасы – қоғамның маңызды бір бөлшегі. Тәжірибеге қарағанда, баланың психологиялық тұрғыдан қалыпты дамуы отбасында дұрыс қарым-қатынастың болуына, отбасы мүшелерінің бір-біріне қамқорлық танытуына, құрметтеуіне, еңбектің дұрыс жолға қойылуына байланысты екенін көрсетеді. Мұндай ортада бала көңілді әрі қалыпты өсіп дамиды. Дегенмен, кейде толық отбасының өзі баланың дұрыс қалыптасуына негіз бола бермейді.

1994 жылды БҰҰ Халықаралық отбасы жылы деп белгілеп әлемдік қауымдастықтың бұл мәселеге мән беруін көздеген еді. Осы шараның нәтижесі ретінде қазіргі күні Қазақстанда

«Отбасы және демография», «Отбасын әлеуметтік қамсыздандыру қоры», «Ана және бала денсаулығы» сияқты ұйымдар қызмет етуде.

Отбасы тәрбиесі, ондағы балалармен қарым-қатынас мәселесі мен тәлім-тәрбиелік

идеялар Қорқыт ата кітабында, Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінде, Жүсіп Баласағұни, Сайф Сараи шығармаларында, хандық дәуіріндегі ақын-жыраулар мұраларында, Ы.Алтынсарин еңбектерінде, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев мұраларынан елеулі орын алған. Кейінгі кездерде отбасы тәрбиесіне қатысты Х.Арғынбаев, Г.Уманов, К.Оразбекова, Ж.Қоянбаев, Қ.Әтемова, З.Әбілова т.б. зерттеу еңбектері бар [1]. Атақты ұстаз В.А. Сухомлинскийдің еңбектерінде «мектеп-отбасылық тәрбие» термині кең қолданылады. Оның ойынша, тәрбиені мектеп немесе отбасы деп қарастыруға болмайды, өйткені баланың жеке басы бір, және оның қалыптасу процесі де бір [2].

Баланың отбасынан қашықтап, оның ықпалынан сырт қалуының психикасына әсерін Т.В. Лодкина, А.И. Захаров, В.С. Мухина, Е.О. Смирновалар сынды ғалымдар қарастырған [2].

А.Н. Леонтьев, С.А. Козлова, балаға отбасы жылулығының әсеріне тоқталса, А.В. Запорожец, А.Д. Кошелева және т.б. жақын адамдардың әсерін баланың алдымен сезініп, түйсінуі және сөз түрінде айтылуының маңызына назар аударған [2].

Отбасы тәрбиесінің терең эмоциялы сипатын, қаны бір адамдар арасындағы сүйіспеншілік қарым-қатынасын, ата-ана мен баланы жақындатуының маңызына Ю.П. Азарова, И.В. Гребенников, Т.А. Маркова, А.Г. Харчев т.б. аса мән береді. Қазіргі заман отбасыларын, екінші некенің бала тәрбиесіне, дамуына теріс әсерін Е.П. Арнаутова, А.И. Захарова, Е.И. Кульчицкая т.б.; жалғыз бала тәрбиесі туралы А.П. Усова; егіздер тәрбиесін Р.Скиннер, К.Витек т.б.; бала психикасының қалыптасуына ананың әсерін психотерапевт А.И. Захарова, психолог Д.Б. Эльконин, А.Я. Варга т.б. арнайы зерттеген [2].

Ата-ана – алғашқы тәрбиеші, балаға ең үлкен әсер етушілер. Ж.Ж.Руссо: «Балаға соңғы тәрбиешінің әсерінен гөрі алдыңғысынікі көбірек», - деп отбасының орнын бағалаған [2].

Отбасылық қатынастың ерекшеліктерін А.И. Захаров, А.С. Спиваковская, А.Я. Варга, Э.Г. Эйдемиллер, Ю. Гиппенрейтер, М. Буянов, З. Матейчик, Г. Хаментаскас, А. Фром, Р. Снайдер, т.б. ғалымдар зерттеген.

А.Е. Личко отбасылық қарым-қатынас мәселесінде гиперопека, қараусыздық, «отбасы пірі», «жетім қыз» жағдайын зерттей келе отбасындағы жайсыз жағдайларды көрсетті [3].

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, отбасылық тәрбие берудің теріс әсері баланың денсаулығына орны толмас зиян келтіріп, оның психикасына зақым тигізіп ғана қоймайды, сонымен қатар басқа да ауыр әлеуметтік зардаптар тудырады. Осының барлығы бала мен ата-ана қарым-қатынасын үйлестіру үшін кез-келген баланы тәрбиелеп отырған отбасыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудің өзектілігін анықтайды.

Отандық және шет елдік психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ата-ана мен бала қарым-қатынасын зерттейтін көптеген еңбектер бар. Отбасы тәрбиесі мәселелеріне арналған ғылыми зерттеулердің басында белгілі ғалымдар И.М. Балинский, И.А. Сикорский және П.Ф. Лесгафт еңбектері тұр. Ал Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, И.М. Марковская, Р.В. Овчарова, А.В. Петровский еңбектерінде ата-аналардың балаға қатынасының түрлері мен стильдері, оның жеке басының, мінез-құлқының және өзін-өзі ұстауының дамуына әсер етуімен байланысты зерттеледі, содай-ақ отбасылық тәрбиенің қандай стилі балаға немесе басқа ауытқулардың пайда болуына ықпал ететіні көрсетілген [4].

Аталған авторлардың еңбектерінде, сонымен қатар, бала мен ата-ана қарым-қатынасының дамуымен қатар, басқа да мәселелері қарастырылады. Барлық авторлар ата-аналардың көмекке мұқтаж екендігін алға тартады: ата-анаға өз баласымен арадағы қарым-қатынасты дұрыс бағытта дамытуға ықпал ететін дағдыларды үйренуге әлеуметтік педагогикалық көмек қажет.

Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы» баяндамада келтірілген бірқатар деректерге назар салайық. Баяндамада соңғы 10 жылда ата-аналар мен балалар қарым- қатынасының нашарлауының азайғаны, балалар мекемелерінің желісі қалпына келтіріліп жатқандығы, көптеген жаңа мектептер бой көтеріп, балалардың мектептен тыс жұмыстардың жаңа түрлеріне тартылып отырғандығы, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдарында мәдени іс- шаралар арқылы балалардың ой-өрістері мен қабілеттерін кеңейту

мүмкіндіктері қаралып отырғандығы айтылады [2].

Дей тұрғанмен, комитет ұсынған мәліметтерде көп балалы және аз қамтылған отбасылар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, экологиялық, зорлық-зомбылық қауіпіне түскен, оның ішінде отбасында зорлық-зомбылық көрген, интернет және т.б. орындарда теріс психологиялық әсерлі жағдайларға ұшыраған балалар үшін қауіп әлі де сақталып отырғандығы сөзболады.

Отбасылық өмірдің динамикасы және ата-ананың балаға эмоционалды қатынасының табиғаты - баланың жеке басын қалыптастыру үшін, жеке тұлға болуы үшін өте маңызды.

«Ересектердің балалармен қарым-қатынасының мынадай принциптерін көрсете аламыз: баланы қаз қалпында қабылдау; эмпатия – ересек адам бала позициясын қабылдайды, туындаған мәселеге бала көзімен қарайды; конгрэнттілік – болған оқиғаға ересек адамның адекватты қатынасы» [8].

Отбасындағы баланың дамуының барлық кезеңдерінде оған отбасылық ортаның әртүрлі факторлары, соның ішінде отбасылық тәрбие стилі үнемі әсер етіп отырады. Отбасылық тәрбие стилі баланың тәрбиесіне жақсы да, ал кей жағдайларда керісінше әсер етуі мүмкін, бұл отбасы үшін, оның мүшелері мен қоршаған ортаға әртүрлі мәселеле туғызады.

Осыған байланысты ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа мектептің серіктестік рухы қажет.

Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста отбасылық ортаның әртүрлі факторлары және отбасылық тәрбие стилі туралы тұрақты педагогикалық оқулар орын алғаны орында деп есептейміз.

Отбасылық ортаның әртүрлі факторларын Л.Д. Столяренко, С.И. Самыгиннің пікірінше, төмендегідей етіп көрсеткен [4]:

1) Ата-аналардың өздерінің балалық кездегі тәжірибесі. Ересек бола отырып, адамдар отбасына көбінесе бейсаналы түрде өз отбасындағы қарым-қатынастарды қалыптастырады, сондай-ақ бала кезінде шеше алмаған мәселелерді көбейтеді.

2) Ата-аналардың іске асырылмаған қажеттіліктері. Кейбір ата-аналар үшін (әсіресе аналар) ата-ана тәрбиесі негізгі іс-әрекетке, тіпті өмірдің негізгі мағынасына айналуы мүмкін. Әрине осыдан кейін бала осы қажеттілікті қанағаттандырудың жалғыз объектісіне айналады.

3) Ата-аналардың жеке ерекшеліктері. Көптеген ата-аналар үшін осы фактордың әрекетін байқау қиын болуы мүмкін, бірақ белгілі бір әдіс-тәсілмен немесе маманның көмегімен ата-ананың жеке ерекшеліктерінің балада белгілердің бар-жоғын және олардың баланың қабылдауына әсерін түсінуге болады.

4) Баланың екінші ата-анасымен қарым-қатынасы. Егер ата-анасы балада бар бір ерекшелікті есінен өшіргісі келсе немесе баланың іс-әрекеті рухани жарақат салған адамды еске түсірсе, онда бұл жағдайда ата-ана баланың екінші биологиялық ата-анадан мұра еткен сипаттамаларын мүлдем басқаша қабылдайды.

5) Баланың туу жағдайлары. Егер ата-аналар баласын «ауыр», «нәзік» немесе «қорғансыз» деп қабылдаса, онда олардың нәрестесі қандай жағдайда туылғанын ескерген дұрыс. Баланы жоғалтып алудан жиі қорқу, қандай да бір ойдың, іс-әрекеттің салдарынан болуы мүмкін, мысалы ата-аналарда бедеулікті ұзақ емдеу, ауыр босану және олардың салдары, баланың ерте балалық шағында ауыр ауруға шалдығуы және т.б. Керісінше баланың пайда болуын қаламау, оның жынысының күтілетін немесе қалаған түріне сәйкес келмеуі, баланың пайда болуымен жеке өмірдегі қиыншылықтар сияқты проблемалар пайда болған кезде баланы эмоционалды түрде қабылдамауға әкелуі мүмкін.

Демек, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста... факторлар басшылыққа алыну керек.

Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста отбасылық тәрбие стильдерін Д.В. Берконың былай белгілейді [6]:

Әр отбасында оның мүшелері әрқашан біле бермейтін объективті түрде белгілі бір

білім беру жүйесі қалыптасады. Бұл білім беру мақсаттарын түсінуді, оның міндеттерін тұжырымдауды және тәрбие әдістері мен тәсілдерін азды-көпті мақсатты қолдануды, балаға қатысты неге рұқсат етілмейтінін немесе қандай әрекеттерге жол беруге болмайтынын ескеруді білдіреді. Отбасындағы тәрбиенің бес жалпы стилін және оларға сәйкес келетін отбасылық қарым-қатынастың төрт түрін ажыратуға болады. Тәрбиенің бес стиліне келесі аталған түрлері жатады: диктат, қорғаншылық, немқұрайлылық, ынтымақтастық және тепе-теңдік.

Диктант – бұл басқаның ой-пікірін, бастамасын жүйелі түрде басу. Отбасындағы диктат көбінесе отбасының белгілі бір мүшелерінің (негізінен ересектер) оның басқа мүшелері арасында жүйелі түрде бастама жасауы, өзін-өзі бағалау арқылы көрінеді. Ата - аналардың өздері де байқамайтын авторитаризмі, баланың мүдделері мен пікірлерін елемей, үнемі басып отыруы, мәжбүрлеу, сондай-ақ егер бала қарсылық білдірсе, оған эмоционалды немесе физикалық зорлық-зомбылық көрсету, қорлау, оған қатысты мәселелерді шешуде оның дауыс беру құқығынан жүйелі түрде айыру – мұның бәрі баланың жеке басының қалыптасуы, тұлға ретінде қалыптасуы барысында жіберілетін маңызды қателіктер болып табылады.

Қорғаншылық қатынас – ата-анасының баланың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін қатынасы. Отбасындағы қорғаншылық – ата-аналар өз еңбектерімен баланың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін, оны кез-келген уайымнан, күш-жігерден және қиындықтардан қорғайтын, оларды өзіне қабылдайтын қатынастар жүйесі. Шын мәнінде ата-анасы балаларын туған үйінің табалдырығынан тыс болатын шынай өмірмен бетпе-бет келуге дайындау процесін тежейді. Дәл осындай балалар ұжымдағы өмірге бейімделе алмай жатады.

Баланың өміріне араласпау, немқұрайлылық – «ересектер» және «балалар» деп аталатын екі әлемнің қатар өмір сүруін білдіреді. Бұл жағдайда екі әлем бірге өмір сүре алады деп болжанады, егер ересектер де, балалар да осы жолмен белгіленген сызықты кесіп өтпеуі керек. Көбінесе қарым-қатынастың бұл түрі ата-аналардың тәрбиеші ретіндегі пассивтілігіне, кейде олардың балаға эмоционалды суықтылығына, немқұрайлылығына, ата-ана ретінде бала тәрбиелеуге қабілетсіздігіне, ата-ана болуды үйренуге құлықсыздығына негізделген.

Ынтымақтастық қатынас – бірлескен қызметтің ортақ мақсаттары мен міндеттеріне тұлғааралық қатынастардың ынтымақтастық түріне негізделген. Өзара қарым-қатынастың жетекші түрі – ынтымақтастық қатынас, мұндай отбасында ата-аналар балалармен тең дәрежеде қарым-қатынас жасайды, мұнда әркім отбасы мүшелеріне сұрақ немесе өтінішпен жүгініп, көмек ала алады, тәрбие ерекше сапаға ие болады, дамудың жоғары деңгейіне – ұжымдық дамуға айналады. Тепе-теңдік қатынас, яғни одақтың барлық мүшелерінің өзара пайдасына негізделген тең «одақтастық» қатынастар.

Көптеген психологиялық зерттеулер баланың қабылдауына және көзқарасына көптеген факторлар әсер ететін көрсетті, олардың кейбіреулері баланың немесе қыздың өзіне тікелей байланысты.

Автордың ұсынысы бойынша ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасын арттыруда ынтымақтастық және тепе-теңдік отбасылық тәрбие стильдерін пайдалану маңызды.

Осылайша, баланың жеке қасиеттер деңгейіне ата-аналардың білім беру қағидалары мен психологиялық денсаулық жағдайы, эмоционалды жағдайы әсер етеді, тұлғаның мінез-құлқын реттеуге және әлеуметтік бейімдеуге жауапты жеке құрылымдар арасында айтарлықтай байланыс бар.

Мектеп балалардың мінез-құлқына, қарым-қатынасына әсер етуде олардың түсініктері, қажеттіліктері, мәдени нанымдары туралы анықтап алып қана кеңес беру қажеттілігін ескертіп отырады. Ал, педагогикалық ұжым, өз кезегінде, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасына ықпал етуде ата-аналардың білімін, танымын, отбасы тәжірибесі мен мәдени сенімдерін ескерулері қажет [5].

Қорытындылай келе, отбасылық тәрбиеде ата-ана өздерінің педагогикалық

сауаттылығына мән беріп, өз бетімен әдебиеттер оқу, баланың жеке ерекшеліктеріне тұрақты назар аударуы міндетті. Бірақ, осы бағытта арнайы маман ретінде педагогтардың ықпал ету мүмкіндігіне әлеуметтік педагогтардың басшылық жасауы осы қызметтің негізгі тармағы демекпіз.

Әдебиеттер

1. Бодалев А.А. Психология личности. М.: Изд-во МГУ, 1988 г. – 312 с.
2. Годфруа Ж. Что такое психология М., «Мир», 1996ж., 1 том – 370с., – 2 том. – 490 с.
3. Шнейдер, Л.Б. Психология семейных отношений [Текст]: учебное пособие для вузов. 2-е изд. – М.: Академический Проект. – Екатеринбург: Деловая книга, 2006, – 768 с.
4. Ломов Б.Ф. Особенности познавательных процессов в условиях общения // Психологический журнал, 1980. – № 5. – С. 26-41.
5. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – М.: Наука, 1977. – 380 с.
6. А. Воспитание и проблемные дети // Родители и дети: хрестоматия / под ред. Д.Я.Райгородского. – Самара: Издательский Дом Бахрах – М, 2003. – С. 106 – 121.
7. Алиева Н.З., Котлярова В.В. Образование в XXI веке: аксиологический аспект. – Шахты: ГОУ ВПО «ЮРГУЭС», 2010. – 223 с.
8. <https://massaget.kz>

МРНТИ: 14.01.11

Ш.Б. Саябаева, А.М. Саниязова

«№ 38 жалпы орта білім беретін мектеп - лицейі» КММ, ustazsemey@mail.ru

САБАҚТА ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Біз бүгінгі таңда дәстүрден тыс сабақтың түрлерін көбейтуге, сындарлы оқытуға, әр сабақтың ізденіске құрылуына басты назарды аудару аса маңызды. Білімалушының өзінше ойлануына, сыни ойлауына, ізденіс дағдысын қалыптастыруға бағытталған әдістерді, сұрақ қоя алу дағдысын жетілдіруге байланысты тәсілдерді үнемі жаңаша бағытта қолданып жүру уақыт талабы. Қазіргі сабақтарды зерттеу барысында қайта-қайта бір типті топтық жұмысқа тап бола бергеніміз ақиқат. Осы топтық жұмыстар расында жоғарыда айтқан мәселелерді жетілдіруге мүмкіндік жасап отыр ма? Оқытушылар топтық жұмыстың идеясын толыққанды түсінген бе, оны оқу процесінде тиімді ұйымдастыра алып отыр ма?- деген сұрақтар бүгінде күн тәртібіне шықты. Топтық жұмыстың ең басты қажеттілігі қарым-қатынас жасауға тұлғаны қалыптастыру. а) Топтық жұмыста білімалушы шынайы түрде өзіндей білімалушымен сұқбаттаса алуына мүмкіндік жасалады; (қазір білімалушылар арасында бір-бірімен, ата-анасымен, ұстазымен, туысқанымен қарым-қатынас жасау дағдысы әлсірегені байқалады) ә) топтық жұмыс білімалушыға білмегенін сұрай алу дағдысын қалыптастыру үшін керек; б) топтық жұмыс білімалушының тыңдай білу дағдысын жетілдіру үшін керек; в) топтық жұмыс білімалушылардың бір-бірінен үйренуі және бір-біріне үйретуі үшін керек; (ЖАДА теориясы Л.С. Выготский) г) топтық жұмыс білімалушыларда психологиялық тұрғыдан қысым болмауы үшін керек; ғ) топтық жұмыс көлемді материалдарды аз уақытта бөліп оқып, бір-біріне өз тілдерінде тез түсінуге ықпал жасауы үшін керек; д) топтық жұмыс білімалушылардың әртүрлі идеяларын біріктіріп немесе таңдай алу дағдысын қалыптастыру үшін керек; е) топтық жұмыс білімалушылардың кез келген мәселені талдай алуы үшін керек; ж) топтық жұмыс білімалушылардың ынтымақтастыққа, қайырылымдылыққа үйрену үшін керек; з) топтық жұмыс білімалушылардың топтасып, ұжымдасып, бірлесіп жұмыс жасау дағдысы қалыптасу үшін керек; и) топтық жұмыс білімалушылардың сөз әдебін сақтауға үйренуі үшін керек; й) топтық жұмыс аудиториядағы ұл мен қыздың орнын білу үшін де керек; к) топтық жұмыс білімалушылардың білімді таңдай алу дағдысын жетілдіру

үшін керек; к) білім-энергия дейтін болсақ, топтық жұмыс білімалушылардың бір-бірімен энергия алмасу үшін керек; л) білім-мүмкіндік (шанс) ендеше, мүмкіндіктерді пайдалана алу дағдысын жетілдіру үшін керек; м) топтық жұмыс білімалушылардың ұлттық құндылықтарды түсінуі және бойына сіңіруі үшін керек; н) топтық жұмыс білімалушылардың бір нәрсені үйрету, дәлелдеу, жеткізу дағдыларын жетілдіру үшін қажет; ң) топтық жұмыс білімалушылардың сыни, логикалық, шығармашылық ойлаулары жетілу үшін қажет [1].

Оқытушы: а) топтық жұмыс арқылы әр топтағы білімалушыны зерттеуге мүмкіндік алады; ә) топтық жұмыста әр топтағы көшбасшыны, дарындыны, таланттыны, қабілеттіні анықтау мүмкіндігі мол; б) топтық жұмыс арқылы тапсырмаларды саралап ұсынғанда білімалушының деңгейін анықтауға мүмкіндіктер алады; в) топтық жұмыста аудиал, визуал, кенестетиктердің мүмкіншілігін ескере отырып, оқытуға мүмкіндік кеңейеді; г) топтық жұмыста аудиториядағы ынтымақтастықтың көрінісін айқын көре алады; ғ) топтық жұмыста өз бетімен білім алуға ықпал жасалады; д) топтық жұмыста білімалушылардың белсенділігі арқылы көп материалды қамти алады; е) топтық жұмыс арқылы білімалушылардың іздену дағдысын жетілдіруге ықпал ете алады. Жалпы топтық жұмыс білімалушылар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде білімалушыларды өздерінің оқуларына белсенді қатысуға итермелейді. Білімалушыларды алынған ақпаратты ойластыруға және талқылауға өзгелердің пікірлерін түсінуге немесе теріске шығаруға ынталандырған жағдайда топтық жұмыс тиімді болады. Мерсердің (2005) тұжырымдамасы бойынша құрдастар тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті [2]. Бір-біріне сұрақтар қоя біледі. Ең бастысы топта білімалушы оқшауланып қалмайды. Топта бірлескен жұмыс, бір-бірін қолдау, топтық рух мадақталады. Топпен жұмыс жасағанда, тыңдау, келіспеушілікті құрметпен білдіру қабілеттеріне назар аударылады. Нәтижесінде өз ойы бар оқуға қабілетті тұлға қалыптасады. Топтық жұмысты ұйымдастырудың алдында сыныптағы білімалушылардың белсенділік қызметін ұйымдастыру мақсатында топ ережесін жасау арқылы тәртіп талабын жасау да жұмысқа өз көмегін жақсы береді. Ережені білімалушылардың өздеріне құрғызу маңызды. Сабақтың басында әр түрлі тәсілдерді пайдаланып, түрлі түстер, фигуралар, сөйлем мүшелері, сөз таптары, әдеби терминдер, әуендер, жұлдызнама, есімдер, асықтар, тақырыпқа сай құралдар, макеттер, жұмбақтар, суреттер, таяқшалар, шығарма тараулары, кейіпкерлер т.б. арқылы сабақ сайын өзгертіп топтастыруға болады. Ол әртүрлі болуы маңызды. Сонымен қатар, әр топта жұмыс жасаған білімалушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы топтық жұмыс барысында зерттелуі маңызды, себебі өзара жұмыс барысында білімалушының еркінше ашылу мүмкіндігі бар, соны оқытушы қалт жібермеуі оқытушыны зерттеушілікке әкеледі. Топтық жұмыста тұйық және білім көрсеткіші төмен білімалушылардың ашылу мүмкіндігі мол. Топтық жұмыс білімалушылардың ынтымақтастықта белсенді жұмыс жүргізуге жақсы ықпал ете алады.

«Ынтымақтастық оқу – өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады» [3]. Тәжірибені зерттеу барысында көп жағдайда топтық жұмыс бір типті әрі шартты түрде болып жүргені байқалады. Топтық жұмыстардың формасы мен тапсырмалары түрлендірілсе, жоғарыдағы мәселелерді жүзеге асыру мүмкіндігіміз молырақ болатыны сөзсіз. Топтық жұмыс түрлерін мынадай әдістер арқылы жүргізуге болады деп ойлаймыз: графикалық органайзерлер арқылы топта материалды талқылау; үлгі (макет) жасау оны топта талқылау, түсіну; тақырып бойынша топта суреттер салу, мағынасын ашу, дәлелдеу; сахналық көрініс жасау арқылы тақырыпты жеңіл түсіну, ынтымақтастықта жұмыс жасауға үйрену; ЖИГСО стратегиясы арқылы топта тақырыпты меңгеру; «Бұрыш» стратегиясы арқылы топта тақырыпты, мәселені талқылау; «Ішкі және сыртқы шеңбер» жасау арқылы топта білімді пысықтау; «Стоп-кадр» әдісі арқылы топтасып баяндау, талқылау, талдау; «Қар кесегі» әдісі арқылы топта материалды пысықтау; «Тапсырмалар қызығы» әдісі арқылы топта материалдарды меңгеру; «Қабырғадан жазу» әдісі арқылы

топтасып жазуға үйрену; «РАФТ» әдісі арқылы топтасып жұмыс жасауға үйрену; «Табу» әдісі арқылы топтасып ізденуге үйрену; «Он сөз» әдісі арқылы топтасып, есте сақтауға үйрену; «Өрмекшінің өрмегі» әдісі арқылы топтасып сұрақ қоюға үйрену; «Бюджетті жоспарлау» әдісі арқылы топтасып ақылға келуге үйрену т.б.

Білімалушылар өздеріне берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарап, басқа топ мүшелеріне өз деңгейлерінде түсіндіру үшін жоғарыда айтқан әдіс-тәсілдерді оқытушы сабақ мақсатына сай дұрыс тандап, жетілдіріп отырса, білімалушылар шығармашылық ойлауға, кез келген тығырықтан шығуға мүмкіндіктер алады. Топтық жұмыста білімалушылардың ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту мақсатында Б. Блумның сұрақ қою өлшемін жиі пайдалану білімалушының сұрақ қою білу дағдысын жетілдіруге ықпал ететіні анық. Олар жеңілден күрделіге, терең ойлануға үйренеді. Сұрақтың түрлерін анықтайды, сұрақ қою техникасын меңгереді. Топтық жұмыста білімалушы көшбасшылығы, дарыны, таланты, қабілеті психологиялық типі барлығын зерделеуге, бақылауға, зерттеуге оқытушыда мүмкіндіктер көп болатынын тағы да баса айтқымыз келеді. Топтық жұмыстың тағы бір тиімділігі топ ішінде тапсырманы жан-жақты қарауға, көзқарастарды білуге, мәселені талдауға мүмкіндік мол болатындығы. Топта білімалушылардың сөздік қорын дамыту барысында топ мүшелері сөздіктермен, энциклопедиялармен, интернет көздерін бірлесіп пайдалану арқылы да бір-бірінен ақпаратты тез іздеп үйренуге жаттығады. Сабақта топтық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы білімалушылардың сабаққа белсенділігін қызығушылығын артқанын байқау қиынға соқпайды. Топтық жұмыста білімалушылар аз уақытта мынадай нәтижелерге қол жеткізе алады. а) қойылған сұрақтарға нақты дәлелді жауап беру үшін өз бетінше ізденіп, бірлесіп дұрыс нақты жауап беруге төселеді; ә) материалды оқи отырып, түсініксіз сөздер, терминдер, кәсіби сөздер тізбегін жасап, бірлесіп мағынасын анықтайды; б) теориялық материалды бірлесіп оқып, практикалық мағынасын бірлесіп анықтайды; в) материал негізінде жоспар құрып, бірлесіп бақылап, бірлесіп зерттеуге мүмкіндіктер алады; г) материалдың өмірмен байланысын бірлесіп анықтайды, т.б.

Сонымен, топтарда жұмыс істеу не үшін қажет? деген сұраққа тағы да өзімізше жауап беруге тырыстық деп есептеймін. Ынтымақтастық оқу дегеніміз не? – деген мәселелерге тоқталар болсақ, ынтымақтастық оқу – өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады.

Ынтымақтастық оқу аудиторияда пайдаланатын әдіс қана емес, жеке философия. Барлық жағдайларда адамдар топтарға бірлескен кезде ынтымақтастық адамдардың топтың жекелеген мүшелерінің қабілеті мен үлесі құрметтей отырып, жұмыс істеу тәсілін ұсынады. Топтың жұмысы тиімді болуы үшін топ мүшелері арасында билік пен жауапкершілікті бөлу орын алады. Ынтымақтастық оқудың алғышарты топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы ымыраға, пәтуаға жетуге негізделген.

НАО «Карагандинский университет имени Е.А. Букетова»
suleymenova.nazerke04@mail.ru

РОЛЬ ОБУЧАЮЩЕГО В ФОРМИРОВАНИИ ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ОБУЧАЕМЫХ

Одна из самых актуальных задач современной сферы образования – формирование функциональной грамотности обучаемых. Образование рассматривается сегодня как важнейший фактор развития государства, общества и человека. Многочисленные исследования философов, культурологов, социологов, педагогов, работы по проблемам устойчивого развития общества, роли «человеческого фактора» в развитии экономики и сохранении безопасности государства позволяют утверждать, что основная цель современного образования заключается в создании условий содействия развитию «сущностных сил человека», готовности учащегося к жизненному (личностному и профессиональному) самоопределению. Поэтому педагогическая категория «образование» включает в себя две другие важнейшие категории – «воспитание» и «обучение» [1]. Образование, воспитание и обучение – это неотделимые части единого целого. Человек не может получить какие-либо знания, навыки и умения, не взяв во внимание эти категории.

Итак, как говорил известный лингвист и психолог Алексей Алексеевич Леонтьев: Функционально грамотный человек – это человек, который способен использовать все постоянно приобретаемые в течение жизни знания, умения и навыки для решения максимально широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений.

В качестве основных компонентов функциональной грамотности определены 6 направлений: читательская грамотность, математическая грамотность, естественнонаучная грамотность, финансовая грамотность, глобальные компетенции и креативное мышление.

1. Читательская грамотность – это умение к чтению и пониманию учебных текстов, способность извлекать информацию из текста, интерпретировать, использовать ее при решении учебных, учебно-практических задач и в повседневной жизни. Читательская грамотность является базовым навыком функциональной грамотности.

2. Математическая грамотность – это умение формулировать, применять и интерпретировать математику в разнообразных контекстах. Она включает математические рассуждения, использование математических определений, процедур, фактов и инструментов, чтобы описать, объяснить и предсказать явления.

3. Естественнонаучная грамотность – это умение человека занимать активную гражданскую позицию по вопросам, связанным с естественными науками, и его готовность показать интерес к естественнонаучным идеям.

4. Финансовая грамотность – это знание и понимание финансовых понятий и финансовых рисков. Включает грамотность, мотивацию и решительность, необходимые для принятия эффективных решений в разнообразных финансовых ситуациях, способствующих улучшению финансового благополучия личности и общества, а также возможности участия в экономической жизни.

5. Глобальные компетенции – это умение смотреть на мировые и межкультурные вопросы критически, с разного угла зрения, чтобы понимать, как различия между людьми оказывают влияние на восприятие, суждения и представления о себе и о других, и участвовать в открытом, адекватном и эффективном взаимоотношении с другими людьми разного культурного происхождения на основе взаимного уважения к человеческому достоинству.

6. Креативное мышление – это умение продуктивно участвовать в процессе выработки, оценки и совершенствовании идей, направленных на получение инновационных и эффективных путей решения, и/или нового знания, и/или эффективного выражения воображения.

Таким образом, перед нами особое значение приобретает разработка эффективных путей формирования функциональной грамотности у обучаемых в образовательной сфере.

Исходя из этого, одним из методов решения проблемы является инновационное образование, меняющая принцип «сядь и прочитай это/посмотри на это» на принцип «встань, пересядь на другое в место команду, сделай это и действительно научись». Инновации (от латинского *novatio* – «обновление») в образовании можно рассматривать: как средство реагирования системы на внешние изменения; механизм развития системы образования; фактор, обуславливающий потребность в рефлексии сложившегося опыта; конечный результат деятельности, получивший реализацию в виде нового или усовершенствованного продукта, реализуемого на рынке, нового или усовершенствованного технологического процесса, используемого в практической деятельности [1].

Опираясь на выражение «Мотивы – движущие силы учения», сформулируем следующее решение вышеуказанной проблемы. Мотивация (от лат. *moveo* – двигаю) – общее название для процессов, методов, средств побуждения учащихся к продуктивной познавательной деятельности, активному освоению содержания образования.

Имея в виду учителей, говорим о мотивации обучения, с позиций обучаемого следует вести речь о мотивации учения. В связи с этим мотивы школьников можно разделить на побудительные, которые лежат в основе различных целенаправленных действий, и

смыслообразующие, которые «переводят» общественно значимые ценности на личностный уровень «для меня». Необходимо, чтобы сам обучаемый захотел что-то сделать и сделал это. Истинный источник мотивации человека находится в нем самом. Вот почему решающее значение придается не мотивам обучения – внешнему нажиму, а мотивам учения – внутренним побудительным силам [2].

Ещё один способ решения – оптимизация педагогической системы. Данный способ можно объяснить опираясь на идею академика Юрия Константиновича Бабанского, разработку которой он возглавил в начале 70-х годов XX века. Оптимизация (от лат. optimum – наилучшее) – процесс выбора наилучшего варианта из множества возможных. Юрий Константинович Бабанский предложил ввести в педагогику принцип оптимальности, который требует, чтобы процесс достигал не просто несколько лучшего, а наилучшего для данной ситуации уровня своего функционирования [2]. То есть, нужно создать максимальный результат при минимальных затратах времени и усилий.

Таким образом, можно объяснить это опираясь на известное изречение Конфуция, древнего мыслителя и философа Китая: «То, что я слышу, я забываю. То, что я вижу, я запоминаю. То, что я делаю сам, я понимаю». Вышеперечисленные методы вырабатывают важные навыки у обучаемых, которые формируют функциональную грамотность личности.

С помощью описанных методов решения данной нам задачи, знания будут усвоены прочно и окажут большое влияние на развитие обучающихся, они смогут использовать полученные знания для решения разных жизненных задач. Инновационное образование и новейшие технологии в сфере образования, мотивация как средство активного освоения знания и оптимизация педагогической системы являются эффективными путями в формировании функциональной грамотности у обучающихся.

Из всего сказанного следует вывод о том, что «образование» не может дать плоды без вместе взятых «обучения» и «воспитания». Функции воспитания и результативного обучения учащегося являются стержнем, вокруг которого строится прочная система образование, содействующая на развитие функциональной грамотности подрастающего поколения. Важно знать и помнить, что функциональная грамотность – показатель достойного, качественного образования.

Литература

1. Педагогика: Учебник для вузов. Стандарт третьего поколения / Под ред. А.П. Тряпицыной. – СПб.: Питер, 2014. – 304 с.: ил.
2. Инновационные педагогические технологии : Активное обучение : учеб. пособие для студ. учреждений высш. проф. образования / А.П. Панфилова. – 3-е изд., испр. – М.: Издательский центр «Академия», 2012. – 192 с.
3. Педагогика: 100 вопросов – 100 ответов: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. / И.П. Подласый – М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. – 368 с.

МРНТИ: 20.53

Р. Муратхан, А.Е. Сланбекова, Д.Х. Абдигалиев

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ,
SlanbekovaAE@mail.ru

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ЖОҒАРЫ СЫНЫПТАРДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қазіргі заман білімге жоғары талаптар қояды. Білім берудің инновациялық технологияларының басты мақсаты-адамды үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүруге дайындау. Инновациялық педагогикалық технологиялар заманауи ақпараттық технологиялармен бірге білім беру процесінің тиімділігін едәуір арттыра алады. Жоғары

сыныптарда оқу-танымдық жұмыс үлкен маңызға ие, сондықтан оқытуды даралау идеясын жүзеге асыратын және шығармашылық жағынан өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік беретін технологияларды қолдана білу өте маңызды.

Ақпараттық технологиялар саласындағы технологиялық дамуды қамтамасыз ету, әртүрлі қызмет түрлерінде жаңа цифрлық сервистерді қолдану – қазіргі заманғы оқыту жүйесін жаңғыртудың өзекті мәселесі. Бүгінгі таңда web бағдарламалау курсы тиімді оқыту барысында жоғары сынып оқушыларына сапалы білім беруде жаңа технологияларды игеруге ықпал ету [1].

Ақпараттық технологияны қолдануда бағдарламалау тілдерін үйрету арқылы Visual Studio Code код редакторын меңгеруде оқушылардың бағдарламалауға қызығушылығын жоғарылату болып табылады. Web бағдарламалау курсы негізінде оқушылардың алгоритмдік ойлау қабілетін дамыту. Сценарий бойынша ойлау интернет-технологиялардың күнделікті және кәсіби қызметінде пайда болуымен, дамуымен және кеңінен қолданылуымен пайда болды. Осыған байланысты сценарий бойынша ойлауды дамытудың келесі деңгейлерін ажыратуға болады: бастапқы деңгей-желіде шарлау, интернетте күнделікті мүмкіндіктерді қызметтерге пайдалану және ұсыну. Қазіргі заман талабына сай қажетті деңгей – желіде еркін шарлау және кәсіби қызметінде интернет-технологияларды сауатты пайдалану мүмкіндігіне ие болу.

Жетілдірілген деңгей-web-сайттарды құру тәсілдері, әдістері мен құралдары, олардың конфигурациясы, HTML гипермәтіндерін белгілеу тілі немесе web-беттерді құрудың қарапайым құралдары (FrontPage, DreamWeaver және т.б.) арқылы қарапайым web-беттерді құру дағдыларын меңгеру. Кәсіби деңгей-сценарийлік бағдарламалау парадигмасының принциптерін түсіну, web-бағдарламалау дағдыларын меңгеру, сценарийлік, сценарийлік бағдарламалау тілдерін (Java Script, PHP, Python және т.б.) және заманауи CMS ақпараттық жүйелерін (Joomla, Drupal, WordPress және т.б.) пайдалана отырып, құнды, динамикалық, интерактивті веб-сайттар құру.

Алғашқы екі деңгей ғаламдық желіде не, қандай мүмкіндіктер берілетінін білу үшін интернет-технологияларды қолдану қабілетімен анықталады. Үшінші деңгей интернет-технологиялардың қалай жұмыс істейтінін түсіну арқылы анықталады, төртіншісі-веб-сайттарды өзін дамыту мүмкіндігімен анықталады.

Оқу барысында жоғары сыныптар үшін web-сайттарды құру тәсілдерін оқу процесінде әзірлеген жобалық тапсырмалар мен сценарий бойынша ойлауды дамытуға бағытталған бағдарламалау тілінің элементтері қолданылды. Сондай-ақ, сценарий бойынша ойлаудың құрылған ақпараттық моделі негізінде деңгейлеріне қарай бөлінді, осы деңгейлерді анықтау критерийлері жасалды [2].

Бүгінгі таңда жоғары сыныптар үшін бағдарламалаудың көмегімен есептерді шешуге, бағдарламалау тіліне үйрету арқылы қолданбалы қосымшаларды пайдалану маңызды. Бағдарламашылар арасында қарапайым мәтіндік редакторларды тиімді қолдану маңызды. Көптеген адамдар мәтіндік редакторларды IDE-мен шатастырады, бірақ олардың арасында белгілі бір айырмашылықтар бар. IDE бағдарламашыларға бағдарламалаудың толық ортасын ұсынады, бұл оларды өнімді етеді. Ол негізінен бастапқы код редакторынан, компилятордан, жөнделуден (отладчик) және басқа да көптеген мүмкіндіктерден тұрады.

Осы айтылған мақсаттарды бағындыруда Microsoft корпорациясы Visual Studio Code деп аталатын жаңа өнімді ұсынды. Visual Studio Code – бағдарламашылар қолданатын ең танымал бастапқы код редакторларының бірі. Бұл жас, жылдам, жеңіл және аз орын алатын мәтіндік редактор, тіпті бірден үш платформада Linux, macOS(бұрын OS X деп аталған) және Windows-та жұмыс істейді. Көптеген код редакторлары сияқты, Visual Studio Code негізгі элементтердің жалпы орналасу схемасы бар-сол жақта файл шолғышы, оң жақта код редакторы. Бұған қоса, командалардың навигациясы мен орындалуын қамтамасыз ететін арнайы элементтері бар, Microsoft Visual Studio Code web және бұлтты қосымшаларды жазуға арналған кросс-платформалық код редакторы ретінде жасалған [1, 3].

Web бағдарламалауды үйрету үшін жоғары сыныптар оқушыларына Visual Studio Code бағдарламасы тиімді деп айтуға болады, сондай-ақ, әрі қарай дамыту мәселесін арттыру болады, ал бағдарламалау тілін сәтті үйренуге жағдай жасау информатика мұғалімінің маңызды міндеті болып табылады. Өйткені, бағдарламалау бойынша жаңа технологияларды білу оқушыны информатика пәнінен тапсырмаларын орындауға және алған білімдерін болашақ кәсіби қызметте пайдалануға шақырады.

Әдебиеттер

1. Вайндорф-Сысоева М.Е. Методика дистанционного обучения: учеб. пос. для вузов / М.Е. Вайндорф-Сысоева, Т.С. Грязнова, В.А. Шитова. – М.: Юрайт, 2018. – 194 с.
2. Киселев Г.М., Бочкова Р.В. Информационные технологии в педагогическом образовании.- М.ИТК «Дашков и К», 2016. – 305 с.
3. Bruce Johnson. Visual Studio Code: End-to-End Editing and Debugging Tools for Web Developers. May 21, 2021. – 320 с. ISBN-10: 1119588189

МРНТИ: 14.15

М.Ж. Аимова, М. Ыслам

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
aimova65@mail.ru

ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді, яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда. В.Кларин технология сөзінен қандайда болсын істегі шеберлікті, оқыту-үйретудегі амалдардың жиынтығы, ал педагогикалық технология (тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, оқыту технологиясы) «педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығымен жұмыс істеудің реті» – деп түсінік берді. Педагогикалық жаңа технология – іс- әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе. Ол даратұлғаны жетілдіруге, белгілі бір мақсатқа жету жолында арнайы ықпалды ұйғаруға қажетті байланысқан әдіс-тәсілдер. Ендеше педагогикалық технология - оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен оқытумен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі, технология - ақырғы мақсатқа жететін әрекеттер жүйесі. Жаңа педагогикалық технология баланың жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізуге ұмтылуы. «Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, тұрпаттары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әрбір құрамның басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды» [1].

Жаңа технология түрлерін кіріктірілген сабақтарында пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллекттік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы іске асады :

- 1-кезең: оқып-үйрену;
- 2-кезең: меңгеру;

3-кезең: өмірге ендіру;

4-кезең: дамыту.

Жаңа педагогикалық технология мақсаты - оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс -әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп. Оларды оқытуда тиімді етіп пайдалану ұстаз білімділігіне байланысты.

Оқытуда жаңа технология түрлерінің міндеті және қолдану мақсаттары төмендегідей ұсынылады:

Ойын технологиясы. Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады.

Проблемалы оқыту технологиясы. Проблемалы оқыту - мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттерімен мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жас айды .

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Оқытуда тәжірибені шыңдай түсуде көп жеңілдік ашқан технологиялардың бірі – осы технология. Мақсат пен міндеттердің орындалуы мынадай ұзақ жоспарлар арқылы іске асады:

- ассоциация;
- бірлестік қызмет;
- көзқарасын талдау мен дәлелдеу түрінде қорғау.

Бұл технология бойынша:

- оқу үрдісінде қызығушылық артады;
- оқушының өз бетімен білім алуына мүмкіндік береді;
- оқушының ақпараттық тіл байлығы жетіледі.

Түсіндіре баяндау арқылы тірек желілерін келешекті оза оқыту. Бұл технологияда С.Н. Лысенкова бойынша материалды меңгеру үш кезеңнен тұрады:

- алдын ала даярлық;
- жаңа ұғымдарды дәлелдеу, оларды жинақтау, қолдану;
- оқу іс-әрекеті және ойлау әдістерін дамыту.

Оқу материалдарын осылайша деңгейлеу білімді ұзақ уақыт есте сақтауға мүмкіндік береді.

Деңгейлік саралау технологиясы. Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді. Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

Жекелеп оқыту технологиясы. Жекелеп оқыту – оқу процесін ұйымдастырудың мына түрлері мен үлгілерін қарастырады.

- мұғалім бір ғана оқушымен жұмыс істейді;
- оқушы тек оқу құралдары мен өзара қатынаста (оқулықтар, компьютер, т.б) болады. Жекелік оқудың басты жетістігі баланың қабілетімен оқу қызметінің желісін әдісі мен мазмұнын өз қабілетіне қарай бейімдеуіне мүмкіндік береді.

Оқытудың ұжымдық әдісі. Оқытудың ұжымдық әдісі – оқу процесінде адамдарды өзара және жұптық еңбек әрекеттерін орындауы.

Оқытудың ұжымдық әдісі принциптері:

- жоғары жетістікке талпыну;
- алынған мәліметті бір-біріне лезде кідіріссіз жеткізу;
- оқушылар арасындағы өзара көмек және ынтымақтастық;
- әр түрлі деңгейлілік;
- тақырып пен тапсырмалардың әр түрлілігі.

Топтық технология. Бұл сыныпта оқу жұмысын ұйымдастырудың үшінші және төртінші деңгейі. Бұндай жұмыс белгілі-бір тапсырманы бірлесіп шешуі үшін сыныпты уақытша топтарға бөлуді қажет етеді. Оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, бірлесіп үйренуге мүмкіндік береді.

Оқытудың компьютерлік технологиясы. Бұл технология – оқытудың бағдарламалық көзқарастарын дамытады, мүлдем жаңа технологиялық жолдар ашады.

Оқытудың компьютерлік технологиясы – мәліметтерді компьютер көмегімен даярлау және беру әрекеттері. Бұл технология материал мазмұнын кейбір үлгілерді пайдалануға негізделеді. Қазіргі кезде компьютердің көмегімен тек белгілі бір аудиторияларда ғана емес, сонымен бірге қашықтан оқыту үрдісі де дамып отыр. Ол үшін Ғаламтор желісіне қосылған компьютер керек. Қашықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды қарап отырып білім алғысы келетін адам өзі ізденіп, жауаптарын салып жібереді. Немесе бірлескен телеконференцияларға қатысады. Оқытудың бұл түрі анағұрлым арзан, әрі қалаған уақытыңда оқуыңа, тапсырмаларды орындауыңа мүмкіндік береді.

Презентациялар технологиясы. Бұл технология, бір жағынан, оқушыларға жаңа материалды (бейнелеулер, фотографиялар, дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрнекі көрсету құралы болатын болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалды дайындауды және оны қолдану процесін де жеңілдетеді. Алдын ала жүргізілген тәжірибелер, презентациялар технологиясын пайдалану балалардың оқуға деген ынталылығын арттырып, сабақтың қызығалықты өтуін қамтамасыз етіп, оған дайындалу мерзімін қысқартады, ең бастысы – мұғалімдерді жаңа ақпараттық желілік технологияларды пайдалануға дағдыландырады.

Кезеңдеп оқыту технологиясы. Ойлау қызметін кезеңдер бойынша қалыптастыру, мақсаттың бағытталу технологиясы – бағдарлық білім, шеберлік және дағдыны әсерлі меңгеру. Бұл технология әрбір оқушының жұмыстарды, әрбір қадамын мұғалімнің бақылауын қажет етеді. Сабақмеңгерудің барлық кезеңдерінде бақылап отыру – технологияның ең маңызды құраушыларының бірі болады. Ол оқушыны қателесуден сақтандыруға бағытталады.

Модульдік оқыту технологиясы. Модуль дегеніміз – қандайда бір жүйенің, ұғымның нақтылатын, біршама дербес бөлігі. Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады. кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады. Әр оқушы оқу модулінде сағат саны әртүрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты. Оқушылар теориялық білімін өздерін - өздері тексеру арқылы әрі қарай жандандырады. Сабақта қолданылатын тапсырмалардың көлемі ұлғайып, оқушылардың ойлау, жұмыс істеу Оқу материалдарын жиі қайталау мүмкіндігі өсумен қатар, шығармашылық шеберлігінің артуына жағдай туғызады, оқуға деген қызығушылығын арттырады, уақытында тапсырмаларды орындай алады, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға көмектеседі, уақытты үнемдейді, қайталау мүмкіндігін кеңейтеді, орындаған жұмыстарының қателерін бірден көреді. Жаңа технологияларды қолдана келе сабақ бойы біз бүкіл топтың жұмыс істеуін талап етеміз, сондықтан өткізген сабағымыз мазмұнды, интенсивті болады [1, 2].

Сонымен қорытындылай айтқанда оқу үрдісінде оқушының тұлғасының дамуына, ықпал жасайтын жаңа технологиялар түріндегі сабақтар үлгісінің бәріне жүктелетін міндеттер жүйесі төмендегідей:



Жаңа технологияларды қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады.

Нәтижесінде оқушы:

- компьютерде еркін жұмыс жасайды;
- оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды;
- жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады;
- өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады;
- ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады.

Әдебиеттер

1. Қ. Өстеміров, А. Айтбаева, Қазіргі білім беру технологиялары, Алматы, 2006 ж.
2. К.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. Тараз. ТарМУ, 2003 ж.

МРНТИ:14.01.11

С.Б. Конаева, Н.С. Касенова

«№46 жалпы орта білім беретін мектеп»КММ, kasennovanazgul@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Бұл сұраққа мынандай деректер келтіруге болады. Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Тіпті олар әр түрлі жағдайда кездескен бланкіні толтыра алмай, ондағы ақпараттың мәнісін түсіне алмапты. Бір қызығы, олар теледидарда не айтылып жатқанын, жалпы айтқанда, күнделікті өмірдің есебін білмейтін болып шыққан. Соның салдарынан жұмыссыздық, өндірістегі апат, жазатайым

оқиғалар, жарақат алулар көбейіп кеткен. Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша адамдардың сауатсыздық деңгейінің төмендеуі, оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпуден болған көрінеді. Сақтанбау, ұқыпсыздық, байқаусыздық, апаттар: мұның бәрі ережені дұрыс оқымағандықтан, түсінбегендіктен, санаға сіңірмегендіктен орын алып отыр. Сонымен, функционалдық сауаттылық дегеніміз не?

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз-адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның талабы. Соның ішінде оқу сауаттылығы - оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Яғни, оқу сауаттылығының негізі – мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Қазақ тілі сабақтары тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады. Сондықтан күнделікті сабақты дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, оқу сауаттылығын арттыруда маңызды роль атқарады. Соның ішінде оқылым дағдыларының ерекшеліктері оқу сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы. Оқылымның мынадай ішкі дағдыларын әр сабақ барысында қолдануға болады.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – олардың психологиялық қырынан даму мәселесін де қарастыруды қажет етеді. Оқушының дамуы дегеніміз – оның өмірлік күш-қуаты мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы. Сондықтан сол дамытатын қабілеттерді және олардың оқу-танымдық процестегі қызметі ерекше қажет. Ал оқушыны белгілі бір психикалық алғышарттарға ие болып келетін, танып-білу мүмкіншіліктері мол жеке тұлға деп қарастыру – теориялық ұғым жасаушы субъектінің болмысын анықтау болып табылады. Оқушылар тілдің грамматикалық ережелерін есте сақтап, жатқа қайталап айта алады. Осы тілдік құбылыстар туралы білімін коммуникативтік мақсатта еркін пайдалану қабілеті болмайды, кейбір кездері тілдің грамматикасын игермеген оқушы сабақтан тыс кездерде сол тілде жақсы сөйлей алуы мүмкін. Қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады.

Тілдің саналы түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным күштерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. Баланың дамуға бейім таным күштерін байқаған мұғалім арнайы жұмыс арқылы оны ұштай түсуі тиіс. Мұғалім оқушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн.

Әрине, даму барысы оның физиологиялық даму мүмкіндіктерімен үйлесе келуін де қажет етеді. Мұғалім оқу-танымдық процестің жетекшісі мен ұйымдастырушысы ретінде

оқушының биологиялық және әлеуметтік дамуын үйлестіріп отыруды баса назарда ұстайды. Жасөспірім кезінде баланың танымдық қызметі ерекше белсенділікпен өтеді [1].

Абайдың 7-қара сөзінде айтылған танымдық қызығушылық енді мектепте және орта сыныптарда түрлі салаларды меңгере бастауымен арта түседі. Осы ретте оқушының қазақ тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігінің оны белгілі бір шынайы ситуацияларға түсіре отырып, төселдірілуіндегі даму процесі туралы айтып өту керек [2].

Оқушы тиісті оқу нысандарынан білімдік ақпарат алғанда, көп мағлұматтардың ішінен өзіне керек хабарды іріктеп алады. Адамның басында осындай іріктегіш, селективтік аспап бар. Егер оқушы рецепторларына жеткен мағлұматтарды іріктеп алмай, оған не әсер етсе, соны түгел қабылдаса, мақсатына жете алмас еді. Ол көп хабардың ішінен ненің қажет, ненің қажет емес екендігін ажырата алмай, оқи алмас еді. Сондықтан көп мағлұматтардың ішінен өзіне керектігін ғана іріктеп таңдап алу — оқу тапсырмасын орындаудың негізгі шартының бірі.

М. Мұқанов таным үдерісінің элементтерін мыналар деп көрсетеді: қабылдау; зейін; ес пен жады. М. Мұқанов жеткіншектердің таным үдерістерін былайша сипаттайды. Күнделікте оқу материалын ұғыну қабылдаудан басталады. Қабылдау тек бірдеме қарау, не соны тыңдау ғана емес, баста бар бейнелермен объектілерді салыстырып түсіну [3].

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдің кумулятивтік қызметін меңгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады.

Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, оқушының білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын сұрыптаудағы жаңашыл әдістер т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады.

Қазақ тілін функционалдық бағытта оқытуда дәстүрлі дидактикалық және қазақ тілін оқыту ұстанымдарының жүйесі қатарында мынадай педагогикалық ұстанымдар басшылыққа алынғаны дұрыс деп санаймын: когнитивтік ұстаным, креативтік ұстаным, рефлексивтік ұстаным. Көрсетілген ұстанымдардың оқушының ой операцияларының логикалық-сабақтастық желісін құрап, ауызекі сөйлеу мен жазу сауаттылығын қалыптастырып, дамытуда орны ерекше екендігін соңғы жылдардағы көптеген педагогикалық зерттеулер мен еңбектерде дәлелденіп келеді.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың сауаттылығын қалыптастыра отырып, тіл үйрену белсенділігін арттыру үшін интернет-технологияны қазақ тілін оқыту әдістемесінің орнықты бір компонентіне айналдыру керек. Мұндай істің бүгін үшін де, болашақ үшін де маңызы зор. Интернет-технологияны енгізудің қаншалықты маңызды екендігін соңғы 5–7 жылда барлық білім алушылар да, білім берушілер де анық түсінді деп айтуға болады.

Интернет-технологияның қазіргі кездегі даму барысын қадағалай отырып, онда әлеуметтік сервистер мен қызметтердің кең тарап келе жатқанын көре аламыз. Олар: блог, уики, покаст, твиттер, ютуб, қыстырма т.б. Оларды кең арналы жүйеде қолдануға қазақ тілін оқытудың кейс-стади, квест- сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, қашықтан оқыту т.б. сияқты заманауи жүйелерді қолдану әдістемелері арнайы зерттелуі керек [4, 5].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгертілуі басты орында болуы керек. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік бағдарда оқытуда «тілден – тілдік форма мен тілдің функциясына» және «тілдің функциясынан тілге» қарай жүру логикасы ұсталынады. Тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің қызметі – өзінен жоғары тұрған тіл бірлігін құруға қатысуы, сөйтіп адам сөйлеуінде барлық тіл бірліктерінің қызметінің көрініс табуы тілдің функционалдық ерекшелігі болып табылады.

Бұл ретте қазақ тілін қазақ мектебінде оқытудағы және қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы құзыреттердің басым орны танылады. Қазақ тілін оқытудың басты мақсаты –

қазақ тілінің төменде көрсетілген басты қызметтерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту, өмірлік жағдаяттарда еркін әрі сауатты қолдануға дағдыландыру.

Қазақ тілінің қатынас құралы ретіндегі қызметін ұғындыру және меңгерту.

Қазақ тілінің адамның сезімді білдіру қызметі ерекшелігін меңгерту.

Қазақ тілінің танымдық қызметін меңгерту.

Қазақ тілінің адам ойын білдіру қызметін меңгерту.

Қазақ тілінің кумулятивтік, яғни қазақ халқының тарихы мен мәдениетін жинақтаушы, қызметін меңгерту.

Қазақ тілі сабақтарының «Қызықты грамматика әлемінде», «Квест-сабақтар», «Жоба сабақтар», «Ойын сабақтар» сияқты оқу іс-әрекеттері белсенді өтетін түрлермен көбірек ұйымдастырылуы арқылы оқушылардың өз бетімен қазақ тілі меңгеру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік мол болады. Осы айтылғандармен қатар, қазақ тілі сабақтарында оқушылардың «рефлексиялық жаттығулар» орындауына, білімін тексерудің тестілік түрін қолдануына, жаңа ақпараттық технологияларды мұғаліммен және өз бетімен қолдануына, жоба жұмыстарын түрлі формада қорғауына, өзара пікірталастар мен семинар-сабақтар ұйымдастыруына жағдайлар жасап, белсенділігін арттыру жолдары көзделеді.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

Әдебиеттер

1. Даулеткалиева, Р.Л. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту / Р.Л. 2. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Ғылым, 1995. – 306 б.
3. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы: Атамұра, 1982. – 204 б.
4. Даулеткалиева – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2017. – № 18.1 (152.1). – С. 16-18. – URL: <https://moluch.ru/archive/152/43264/> (дата обращения: 02.03.2023).

МРНТИ:14.01.11

Қ.А. Олжаханова, Г.Т. Байтемирова

«№ 22 жалпы орта білім беретін мектеп-лицей» КММ

baitemirova1972@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУДА ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІҢ ТИІМДІЛІ

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол

жеткізеді. Сондықтан білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс- әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады.[1]

Математика пәні міндетті пәндердің бірі болғандықтан оқушылардың даярлығы, математикалық ұғымдарды қолдана білу деңгейлері стандарттан төмен болмауы тиіс. Бірақ оқушылардың қабілеттері мен математикалық білімдері, ол білімдерді қолдану деңгейлері әр түрлі болады. Осы орайда математикалық сауаттылық моделін қарастырған жөн. Математикалық сауаттылық моделі шынайы әлем проблемаларын математикалық әлеммен ұштастыруға, тәжірибедегі мәселелерді пайымдай отырып, оның математикалық моделін құруға алғы шарт болып табылады.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады:

Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады.

Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі.

«Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды.

Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі. Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін: теорияны білу, оны логикамен ұштастыру, есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу, математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру, ақпараттық оқыту технологиясынан сабақтарда интерактивтік тақтаны қолдану. Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндігінше меңгерумен қатар функциональдық сауаттылығы да артады.

Математика сабағында оқытудың әр түрлі технологияларды қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға болады. «Технология» грек тілінен аударғанда «шеберлік», «өнер», «белгілі бір құбылыстың іс-әрекетіне әсер ете білу», ал «техника» қойылған мақсатқа дәл, тез, тиімді жетуге көмектесетін жол, әдіс және амал. Оқытуды технолизациялау идеясы жаңа идея емес. 16 ғасыр мен 17 ғасырдың аралығындағы жаңа педагогиканың негізін қалаушы, ұлы Славян педагогы Ян Амос Каменский «Ұлы дидактика» еңбегінде оқытуды технолизациялау керектігі туралы сол кездің өзінде айтқан. Ол «дидактикалық машина үшін: 1) қойылған мақсат; 2) сол мақсатқа жететін құрал; 3) мақсатқа жеткізбей қоймайтын, сол құралдарды қолдану ережелерін табу керек», – деді. [4] Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен (танымдық салалармен) сипатталады:

– білу (еске түсіру): Терминдерді, сандарды қасиеттері бойынша суреттеу және есептеу; график пен кестеден мәліметтерді алу; құралдарды қолдану; классификациалау, математикалық объектілерді танып білу.

– қолдану (байланыстарды орнату): Нәтижелі шешу тәсілін таңдау; математикалық ақпаратты талдау және көрсету; модельдеу; тізбекке байланысты тапсырмаларды орындау; стандартты есептерді шешу

– ойлау (пайымдау, тұжырымдау): Объектілердің арасындағы тәуелділікке талдау жасау; қорытындылау, әртүрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс/бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес есептерді шешу. Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен (танымдық салалармен) сипатталады [4].

Мектеп математика курсына әр сыныптарда өтіліп жатқан тақырыптарға сәйкес оқушылардың функциональдық сауаттылықтарын арттыруда тапсырмалар құрастырып, орындалған тапсырмаларды алған білімдерімен өмірмен байланыстыра алатындай, білім деңгейлерін қолдана алуға қалыптастыруда ұстаздардың алатын орны ерекше. Сондықтан математика сабақтарында дамыта оқыту теориясын қолданудың тиімділігі зор. Дамыта

оқыту мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас [2]. Дамыта оқыту арқылы мұғалім оқушыға тек дайын білімді ғана беруші емес, алған білімін іс-жүзінде қолдана білуге, шығармашыл ойлауға, ізденуге, креативті ойлауға, танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыруына ықпал етуші, ұйтқысы, ұйымдастырушысы. Төменгі сыныптарда тапсырмалар логикалық есептер және ойын түрінде беріледі. Тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың белсенділіктері артып, теориялық білімдерін практикада қолдануға машықтанады. Ал жоғары буын оқушыларына тапсырмалар күрделеніп алады. Тапсырмалар орындау барысында оқушылар бұғанға дейін білетін амалдарының жеткіліксіз екендігіне сезіну керек. Содан кейін оқушы өз бетімен білім алуға ынтасы артып талпынады. Дамыта оқытуда оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор. Біріншіден ақпарат дайын күйінде берілмейді, оған оқушы өз әрекеті арқылы жетеді. Екіншіден әр оқушы өзінің деңгейіне дейін дамуына жол ашады. Үшіншіден оқушы өзін белсенді жұмыс жағдайына қойып, мәселені шешуге әрекет етеді. Төртіншіден мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас нығаяды. Осы орайда әр оқушы сабақ кезінде өзін еркін ұстауға, ойын ашық жеткізе білуге дағдыландыруымыз керек. Әрбір құрастырылған есептер оқушының ойлауына, санасуына, өзі шығарған есептердің шешімдерін толық жеткізе алуына ықпал жасалуы керек. Осындай мақсаттарға жету үшін математика сабақтарында мынадай міндеттер болуы керек де ойлаймыз:

1. Алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыру
2. Оқушыларды ізденіске, өз бетімен жұмыс істеуге баулу
3. Алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету
4. Кез-келген жағдайдың шешімін таба білуге үйрету

Сондықтан, әр сабақта оқушылардың функционалдық сауатылығын артыруда белгілі бір тақырыптар көлемінде қосымша тапсырмалар орындатып отыру алдыңғы кезекте болып отыр. Мысалы 5-сыныпта жай бөлшектерге амалдар қолданға және 8-сыныпта аудандар тақырыбын оқытуда төмендегідей тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың алған білімдерін қолдана алып, шешім таба білуге үйретеді. [5]

1-Мысал: Махамбеттің анасы үйдің ауласына тік бұрышты үшбұрыш тәріздес гүл егетін гүлзардың орны дайындауда. Махамбеттен үшбұрышты гүлзарды дұрыс орналастыру үшін көмек сұрады. Гүлзардың периметрі 48 см, ал үлкен қабырғасы, яғни гипотенузасы 20 см ге тең. Махамбет анасына қалай көмектесті?

2-Мысал: Тұрғын үй бағдарламасы бойынша Семей қаласыда көпбалалы жанұяларға арналып жаңа үйлер салынды. Ас үйдің еденінің ауданы 20 м^2 , ал периметрі 18 м.

1) Ас үйдің ені мен ұзындығын анықтау үшін квадрат үшмүше құрып, оны толық квадратын бөліп алу тәсілімен шешіңіз

2) Ас үйдің еденіне $40\text{ см} \times 40\text{ см}$ немесе $20\text{ см} \times 50\text{ см}$ кафель төсеу керек. Кафель төсеу үшін қай өлшемді таңдаған тиімді және қанша кафель қажет?

3-Мысал Айдын мен Айдар құрылыс жұмыстарымен айналысады. Оларға бір бөлмені жөндеуге ұсыныс түсті. Бөлменің ұзындығы мен енін өлшеп $3\frac{1}{2}\text{ м}$ және 4 м екенін анықтады. 1) Бөлменің еденінің ауданын квадрат есебімен табыңыз. 2) Егер 1 м^2 еден ауданын сырлауға $\frac{3}{10}$ кг сыр жұмсалса осы бөлменің ауданын сырлауға қанша сыр кетеді?

Осындай үлгідегі есептерді әр сыныптарда сабақты қорытындылау бөлімдерінде топтық және жұптық жұмыстарда. күрдегігіне қарай орындатып отырса оқушылардың математикалық сауаттылықтарын артуына, алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыра алуларына, өз беттерімен жұмыс жасай білулеріне, ойлануға, ізденуге оң ықпал ететінін күнделікті іс-тәжірибеден байқауға болады.

Қорыта келгенде, мектеп математикасын оқушының толық меңгеруі дегеніміз – математиканың мектеп көлеміндегі барлық бағыттары бойынша толық білім, білім дағдыларын игеру деген сөз. Демек, оқушы математикалық білімнің кез келген бағыттары бойынша, кез келген уақытта талдау жасай білу керек. Математика элементтерін білмеген

адамның шығармашыл дамуына, өсіп-өркендеуіне, ойлау қабілетінің дамуына жалпы қоғамда тұлға болып қалыптасуына кедергілердің ықпалы зор екендігін қоғамның өзі дәлелдеп беріп отыр.

Әдебиеттер

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012.
2. М. Камзина «Дамыта оқыту технологиясы» Тәрбие журналы 2005 ж. №4
3. А.Қ.Әлімов. Оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану. Алматы, 2012ж
4. Интернет қоры. bilimdiler.kz.

МРНТИ:14.01.11

М.З. Сеилханова, Н.Д. Нугибаева

«№ 22 жалпы орта білім беретін мектеп-лицей» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІН НЕГІЗДЕУ

Адам мен табиғат қатынасындағы адамгершілік сапасы қазақ халқының ұлттық экологиялық мәдениетінен айқын көрінеді. Қазақ халқының дүниемен, табиғатпен қатынасында үш құбылыс байқалады: адамның аспан әлемі мен өз арасынан тұтастық іздеуі, ел мен жердің біртұтастығы туралы ұғым, адамның жер бетіндегі тіршілік иелерімен ішкі рухани тұтастыққа ұмтылуы. Бұл – халықтың табиғатты қара басының пайдасынан жоғары ұстап, қадірлеп-қастерлейтін экологиялық мәдениеті.

Адам мен табиғат қатынасындағы адамгершілікті қамқор, мейірбанды көзқарас қазақ халқының ұлттық экологиялық мәдениетінен айқын көрінеді. Қазақ халқының дүниемен, табиғатпен қатынасында адамның аспан әлемі мен өз арасынан тұтастық іздеуі, ел мен жердің біртұтастығы туралы ұғым, барынша тіршілік иелерімен ішкі рухани тұтастыққа ұмтылуы сияқты үш құбылыс түркі ақындарының, демократ ағартушыларының, «Бес арыстың» дүниетанымында көрініс тапқан. Қазақ халқының экологиялық ойлауы, экологиялық сана-сезімі, табиғатқа көзқарасы ауызекі шығармаларында бейнеленген. Ә. Нысанбаев пайымдағандай, қазақ философиясы негізінен «фольклорда, поэзияда, мақал-мәтелдерде, шежіре-дастандарда, эпостарда, мифологияда жинақталған және тұжырымдалған». Сан ғасырлық тарихы бар қазақ қауымы жазба әдебиеті пайда болғанға дейін ауыздан-ауызға тарап, ел есінде сақталған мол рухани қазына жасай білген [1].

Қазақ халқының өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беруде жинақтаған тәжірибесін ең алдымен ауызекі шығармашылығынан табамыз. Осындай мол тәрбие көзіне бет бұру халықтың табиғатқа деген қарым-қатынасындағы даналығын, экологиялық тепе-теңдікті, сақтауға мүдделігін, табиғат байлығын тиімді пайдалану тәжірибесін, табиғи ортаға деген саналы да жауапкершілікті қарым-қатынасын бағамдап, ұрпақ тәрбиесінің кәдесіне жаратуға мүмкіндік береді.

Қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясын алғашқылардың көш басында кемел зерттеген Қ.Б. Жарықбаевтың халықтың тәрбие идеяларын талдап, оның тәрбиелік әдіс-құралдарына, ақыл-ой, еңбек, адамгершілік тәрбиесіндегі ықпалына берген сипаттамалары олардың экологиялық мазмұны мен функцияларын танып-білуге көмектеседі.

Қазақ этнопедагогикасының зерттелуіне айрықша үлес қосқан С. Қалиевтың қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздерін, қазақ халқының тәлімдік және ұлттық ойлауының ерекшеліктерін, халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі мүмкіндіктерін, қағидалары мен принциптерін, әдіс-құралдарын ғылыми тұрғыда саралап, халық педагогикасының озық үлгілерін бүгінгі мектептің оқу-тәрбие жүйесіне ендіру

жолдары мен амалдарын анықтап беруі ауызекі шығармашылығында көрініс алған қазақ халқының экологиялық тәрбиедегі бай тәжірибесін танып-білуде маңызы ерекше деп түсінеміз.

Профессор С. Ұзақбаеваның зерттеу нәтижелері өзінің сонылығымен, ауқымдылығымен ерекшеленеді. Оның жетекшілігімен халықтық педагогика, этнопедагогика мәселелері жөнінде докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалып, аталған проблеманың зерттелуіне айтарлықтай теориялық, практикалық үлес қосылды. С.А. Ұзақбаеваның халықтың ауызекі поэтикалық шығармашылығын (мақал-мәтелдер, эпос, айтыс өлеңдері, жыраулық дәстүр, жыр-терме), музыкалық шығармашылығын (ән мен күй), сәндік-қолданбалы өнерін (қыз балаларды киіз басу, сырмақ сыру, кілем, алаша тоқу, кесте және шілтер тоқу, киім тігу, оларды ою-өрнекпен әшекейлеу тәрізді еңбекке баулу, үйрету; ер балаларға ұсталық, зергерлік, етікші, ерші, үйші т.б. кәсіптік еңбек түрін меңгерту) педагогикалық мақсатпен саралап қарастыруы және оларға берген сипаттамалары бізге олардың экологиялық мән-маңызын пайымдауда негізге алынды [2].

М.Х. Балтабаевтың фольклордың трансляциялық, эстетикалық, тәрбиелік, идеологиялық, дидактикалық, тұрмыстық, танымдық, қатынастық қызметін қарастыру барысында музыкалық шығармашылық үлгілеріне берген функционалдық сипаттамасы олардың әлеуметтік-педагогикалық, экологиялық мәнін терең ұғынуға септігін тигізеді.

К.Ж. Қожахметованың этникалық тәрбиеге берген анықтамалары бойынша жеке адам қазақтың салт-дәстүріндегі этникалық құндылықтармен этноәлеуметтік рольдерді, этникалық нормаларды игереді. Автордың дайындауындағы қазақ этнопедагогикасының құрылымдық-логикалық үлгісі, бізге қазақ ауызекі шығармашылығында көрініс тапқан халықтың табиғатпен қарым-қатынас жасаудағы мінез-құлық нормаларын пайымдауға мүмкіндік береді [3].

Халық тәрбиесінде адам мен адамның, қоғам мен халықтың еңбекке, табиғатқа адамгершілік қарым-қатынасы, имандылық идеясы жетекші орын алады. Қазақ ауызекі шығармашылығы салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы, наным-сенімдері, ырым-рәсімдері қазақ философиясын зерттеушілерге (А.Н. Нысанбаев, Р.П. Абсаттаров, К.Ш. Нұрланова, М. Орынбеков, О.А. Сегізбаев, А. Қасабеков, Ж. Алтаев, Т. Ғабитов т.б.) қазақ философиясының уақыт пен кеңістік арасындағы бітімін топшылауға, қазақтың ертедегі философиялық «даму элементтерінен бастап қазіргі философиялық теориясын жасауға мүмкіндік беріп» қазақ философиясының идеологиялық бастау бұлағы болды. Олай болатыны - «Халық эпостары, ертегілері, аңыздары, лирикалық-тұрмыстық поэмалары, мақал-мәтелдері адамдарды табиғи және әлеуметтік құбылыстарды, саяси-экономикалық жағдайларды, ізгілік мақсаттарды өз уақытына сәйкес танып-білуінің куәгерлері» екендігінде [4].

Экологиялық тәрбиені дамыту халық педагогикасының жетекші дәстүрі болып саналады. Қазақ халқының экологиялық мәдениетінің басты ерекшелігі, З.Ж. Кенжалиев тұжырымдағандай: халықтың табиғат танымымен және адам танымымен етене тығыз байланыста, болғандығында, солармен аралас-құралас, «бөлінбеген түрде өмір сүретіндігінде.... Көшпенділер өздерін табиғаттың тікелей жалғасы, соның төл баласы сезінеді». Бұл өз кезегінде қазақ халқының табиғатты қорғауды, табиғат ресурстарын үнемді пайдалануды, табиғат байлықтарын қалпына келтіруді өзінің қасиетті борышы санайтындығын көрсетеді.

Жоғарыда талдауға алынған пайымдаулар біздерге бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың экологиялық тәрбиесін дамыту қазақ ауызекі шығармашылығында айшықталған халықтың экологиялық тәжірибесіне негізделуі тиіс екендігіне көз жеткізеді. Қазақ ауызекі шығармашылығы оқушылардың экологиялық тәрбиесін дамытуда жан-жақты қызмет атқарады. Біздер С.А. Ұзақбаеваның ғылыми жетекшілігімен орындалған еңбектерде берілген мазмұндық-функционалдық сипаттамаларға: халық ойындарының танымдық-тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендіру функциялары (А. Айтбаева); қазақ домбыра музыкасының қоғамдық жаңғырту-компенсаторлық, танымдық-эвристикалық, көркемдік-

тұжырымдық, ақпараттық, коммуникативтік, тәрбиелік, иландыру, эстетикалық, гедонистік (Е. Қозыбаев); қазақ этномәдениетінің танымдық, тәрбиелік, дамытушылық, ақпараттық-коммуникативтік, реттеушілік, әлеуметтендіру (Б. Қайырова); халық білімдерінің жалпы этникалық дүние мен күнделікті өмір жайлы түсініктерінің негізгі қызметін атқаруы; адамның өз іс-әрекетінің бағытын анықтаудағы бағдарлық ролі; туыстық қарым-қатынастар жүйесі, этноәлеуметтік рольдердің мәнін айқындау және этнос субъектілерінің арасындағы қарым-қатынастарды реттеу, туыстық тегін тану сияқты функцияларына (К. Қожахметова) сүйеніп, қазақ ауызекі, шығармашылығының келесі функцияларын анықтадық: танымдық, тәрбиелік, дамытушылық, коммуникативтік, реттеушілік.

Біз өз зерттеулерімізде халық шығармашылығының экологиялық тәрбиедегі көрінісіне, оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға деген мүмкіндіктеріне мазмұнды сипаттама беруге талпындық. Адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынастары жөнінде мағлұматтар беру тәжірибесі, экологиялық білімдерге деген қызығушылықтарын арттыруға септігін тигізеді. Сонымен бірге табиғатты қорғау, қоршаған ортаның тазалығы үшін күресуге деген қажеттіліктерін тұрақтандырады.

Әдебиеттер

1. Қазіргі таңдағы мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары – Алматы, 2003. – 286-289
2. Жас ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің бағыттары //Ұлт тағылымы. – 2003. – № 2. – 19-21 бб.
3. Экологиялық тәрбие бойынша дайындалған оқу-әдістемелік кешені //Бастауыш мектеп. – 2003. – № 8. – 18-19 бб.
4. Қожахметова К. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы: РБК, 1997 – 141 б.

МРНТИ:14.01.11

Т.М. Сеитова, А.М. Спандиярова
«№ 19 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ РӨЛІ

Мектептің бастауыш сатысында оқушыларды тәрбиелеу мәселесі ең негізгі талаптарының біріне саналады. Соның ішінде ұлттық тәрбиенің алатын орын ерекше. Ұлттық тәрбие балаға табиғи ортаны қорғау, өмір сүре алатын қабілет қалыптастыру, халықтық салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүрді үйрету арқылы жас ұрпақты ары таза, рухани байлығы мол, ізетті де инабатты, сегіз қырлы, бір сырлы азамат етіп тәрбиелеуге бағытталады. Ұлттық тәрбиеде баланың назарын өз өміріндегі елеулі өзгерістерге бұрып, оны саналы түсінуіне баулу көзделеді.

Ұлттық тәрбиенің негізгі бастауының бірі – туыстық қарым-қатынас, сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет [1]. Балаға дұрыс тәрбие беруде эстетикалық тәрбиенің мәні үлкен. Өйткені, оқушының адамгершілік сезімі жеке басының рухани деңгейін кеңейту, мінез түзеп, толықтыру эстетикалық тәрбиенің еншісінде болмақ. Қазіргі мектепте ұлттық тәрбиенің мазмұны жалпыадам құндылығын жоғарылату қажеттілігінен көптеген өзгерістерге бет бұрды. Егеменді ел болғаннан бері жас ұрпақты ұлтшылдыққа, парасаттылыққа, саналылықпен, жауапкершілік тәрбиесі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырудың сипаттарына: жауапкершілік көздеген мақсатқа жету, кісілігін қадір-қасиетін сақтау, сенімділік жатады.

Қазақстан Республикасы өз алдына дербес мемлекет ретінде егемендігін алғаннан кейін елімізде ұлттық рухани мұраларымызға бет бұрып, соның негізінде тәрбие беруге көңіл қойыла бастады. Ұлтымыздың рухани жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың:

«Қазақтың тағдыры да, келешек ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік, жанымызға қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» деген даналық өсиетінің мәні қазіргі жаһандану кезеңінде Қазақстан мемлекеті үшін орасан зор [2]. Еуропалық және Азиялық өркениеттің аралығында орналасқан Қазақстанның геосаяси орны, ана тіліміз бен ұлттық мәдениетіміздің кеңестік дәуір кезіндегі және қазіргі жай күйі, еліміздің полимәдениеттілік, көп конфессиялық сипаты халқымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі даналығынан, рухани құндылықтарынан, ұлы педагогтарымыз бен ғұлама гуманистеріміздің философиялық ой толғауларынан, яғни тереңге бойлаған түп тамырларымыздан нәр алып, үнемі және үздіксіз қанығып отыратын шынайы, тәуелсіз ұлттық білім жүйесін құруды талап етеді. Бастауыш сынып оқушыларының жас және психологиялық ерекшеліктері мен олардың оқушыларға ұлттық тәрбие беру барысында есепке алынбауы арасындағы және халықтық педагогика құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие берудің қажеттілігі мен бұл мәселенің педагогикалық теория мен практикада жеткіліксіз зерттелуі арасындағы қарама-қайшылықтар анық байқалады [3]. Бастауыш сынып оқушыларына өз этносының мәдениеті, тарихы, тілі және географиялық аймағы туралы алғашқы түсінік беру, ана тілін меңгерту, олардың ұлттық сана-сезімі мен дүниетанымын қалыптастыру, өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіруге деген талпыныстарын дамытуға ынтасын арттыру халықтық педагогикаға негізделеді [4]. Қазақ халқы - елін, жерін, оның табиғи, мәдени байлығын, өнері мен тілін, тарихын, салт- дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап, қорғап, рухани-адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан, оқу-тәрбие процесінде қолданылатын бағдарламалар, оқулықтар, дидактикалық материалдардың ұлттық психологиялық ерекшеліктерге сай жасалуын өмірдің өзі талап етеді. Қазіргі кезде мектептің тұтас педагогикалық процесінде халық педагогикасын пайдалану бойынша мол тәжірибе қалыптасқан. Негізгі мақсат – жас ұрпаққа қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық өнерін, дәстүрлерін меңгерте отырып, оларды оқушылардың бойына дарыту, ұлттық мінез-құлық, қадір- қасиетін қалыптастыру. Өйткені еліміз үшін жас ұрпақтың өнерлі, іскер, жігерлі, намысты өсуі айрықша маңызды болып табылады [4]. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру мұғалімдерден де, оқушылардан да осы әрекеттің түпкі мақсатын саналы түрде ұғынуды талап етеді. Мұның өзі осы зерттеу аумағы бойынша нақтылы бағыт болуын айғақтайды. Бастауыш мектеп жасында жеке тұлғаның қалыптасуы тәрбиенің басты факторы болып табылатын құрбы-құрдастарының арасында өтеді. Ұлттық тәрбие берудің мақсатқа бағыттылығын қамтамасыз ету үшін оқушыларда белгілі бір білім, білік, дағды көлемінің қалыптасуы қажеттігі анықталды.

1. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымын, сана-сезімін, адамгершілік, ізгілік сапаларын балалардың бойына сіңіру үшін бастауыш сыныптан бастап оқушылардың ұлттық тәрбиесін қолға алу, оның теориялық негіздерін айқындау және іс-тәжірибеде іске асырылуын қамтамасыз ету педагогика ғылымының көкейкесті мәселесі болып табылады.

2. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру мәселесінде айқындалған негізгі бағдар тәрбиеге ізгілендіру тұрғысынан мән беру, соның аясында тұлғалық-аксиологиялық қатынасты жүзеге асыру болды.

3. Педагогика ғылымының теориясы мен практикасында оқушыларға ұлттық тәрбие беру проблемасының зерттелу деңгейі мен жай-күйін талдау халықтық педагогика құралдарының ұлттық тәрбие беруде мүмкіндіктерінің жоғары екендігін дәлелдеді: біріншіден, олар бастауыш сынып оқушыларының ұлттық сана-сезімін, сенімін қалыптастырады, адамгершілік-этикалық, моральдық-этникалық, психологиялық-эмоциялық қасиеттерін, ұлттық мінез-құлқын тәрбиелейді.

4. Бастауыш мектепте оқушыларға ұлттық тәрбие беру процесінің нәтижелілігі бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру үлгісін қолданумен қамтамасыз етілді.

Бұл модель когнитивті, эмоциялық және мінез-құлықтық компоненттерінің бірлігінде байқалады және нақты өлшемдер, көрсеткіштермен сипатталады.

5. Ғылыми педагогикалық әдебиеттерге жасалынған талдау негізінде біз өз зерттеуімізде бастауыш сынып оқушыларына халықтық педагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие берудің мазмұнын, әдістері мен ұйымдастыру формаларын педагогикалық шарттар ретінде айқындап, оны іске асыруды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз еттік: а) бастауыш сынып оқушыларына халықтық педагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру бағдарламасы; б) бастауыш мектептің оқу процесінде оқушыларға халықтық педагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулар; в) бастауыш сынып оқушыларының отбасымен жұмыс бағдарламасы; г) бастауыш сынып оқушыларына арналған «Халықтық таным әліппесі» ЭЕМ-ға арналған оқыту бағдарламасы енгізілді.

6. Зерттеуде негізделіп отырған педагогикалық шарттар бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәрбиелілік деңгейін арттырады. Бұл тұжырым эксперименттік және бақылау топтарындағы тәрбиелік деңгейлерін салыстырудың негізінде жүргізілген эксперимент қорытындыларымен нанымды түрде дәлелденді.

7. Диагностикалық нәтижелерден оқушылар мынадай тұрақты тұлғалық ұлттық сапаларды көрсетті: ұлттық білімге құштарлық, ұлтжандылық, ұлттық дүниетаным; ұлттық мәдениет; ұлттық сана-сезім; ұлттық дәстүрлерге сыйлы қатынас, ұлттық мінез-құлық мәдениеті. Мұның өзі бастауыш сынып оқушыларымен педагогикалық іс-әрекет барысында тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

8. Оқу сабағын және тәрбие жұмыстарын өткізу кезінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық дүниетанымы, сана-сезімі мен мінез-құлық деңгейлері айқындалды. Бұл мақсатты дұрыс қою жақын даму аумағына сәйкес оқушыларға халықтық педагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие берудің педагогикалық шарттарын құруға мүмкіндік берді. Эксперименттік топқа қатынасқан бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тұлғалық сапаларының қалыптасу деңгейін анықтау олардың мінез-құлқы дамуы негізінде құрылды.

9. Зерттеу тақырыбының келешекте әрі қарай дамуы жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаумен, мектепте оқыту процесінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық мінез-құлқын тәрбиелеудің тиімді технологиясын таңдап алумен, оқушылардың этникалық толеранттығын қалыптастыру үшін үнемі оқушылардың ұлттық мінез-құлқының ерекшеліктерін анықтап отырумен, бастауыш сыныптан бастап оқушыларды қайта тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеуге үйретумен тығыз байланысты.

Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәрбиесінде халықтық педагогика құралдарының нәтижелі болуы үшін өзін-өзі тәрбиелеу маңызды болып табылады. Сондықтан ата-аналармен, басқа да әлеуметтік институттармен бірлесе отырып, оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуін қадағалап, оның тиімді іске асырылуы көзделеді [4]. Қазақ халқының, өте әрідегі ата-бабаларының өмір сүрген кезінен бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – ұлттық тәрбие. Орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинский «Тәрбиенің көзін халықтың жақсы-жаман дәстүрінен іздестіру керек, ол тілі және әдет-ғұрпы арқылы көрініс табады», - дейді. Ұлттық дәстүр – халқымыздың сан ғасырлар бойы сұрыпталып қалыптасқан өмір сүру үрдісі. Осы қалыптасқан ұлттық тәрбие арқылы өскелең ұрпақтың бойына ұлттық болмыс, ұлттық келбет, ұлттық мәдениет, ұлттық намыс, т.б. ұлттық құндылықтарымыз егіліп, сіңіріліп отырған [5].

Ұлттық және адамзаттық құндылықтарымыздың, салт-дәстүріміздің қайнар бұлағы халқымыздың фольклорлық өнерінде тұнып жатқаны белгілі. Ұлттық тәрбие және адамзаттық құндылықтар негізінде оқыту арқылы жан-жақты мәдениетті тұлға тәрбиелеу мүмкіндігі туындайды.

Қорыта келгенде, ұлттық дәстүр мен ұлттық тәрбиені дамыту – бұл мәселені шешуге көмектесе алады. Ұлттық дәстүрдегі тәрбие беу арқылы тұлғаның ұлттық мәдениетін қалыптастыра аламыз. Әлемдік жаһандану үрдісі барысында білім беру мен тәрбие

саласында ұлттық дәстүрге сүйене отырып, жаңа ұлттық үлгі қалыптастыру арқылы ғана мемлекетіміздің дербестігін сақтап, жоғары өркениетке жете аламыз.

Әдебиеттер

1. Қоянбаев Ж. Семья және балалар мен жеткіншіктер тәрбиесі. – Алматы: Рауан, 1990
2. Макаренко А. Соб.соч.5 – том. – М., 1958
3. Бегалиев Т. Жасөспірімдердің оқу-тәрбиесіне байланысты кейбір проблемалар, оны шешудің жолдары. ТарМПИ хабаршысы, 2005, – №1.
4. Қазақстан мектебі журналы, 2007 ж. – №4-5.

МРНТИ:14.01.11

А.М. Сейфжанова, Ж.Х. Хусайнова

КМҚК «Рымбек Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжі»

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлесі қалыптасуда. Бұл үрдіс білім бағдарламасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Ол білім алушы жастардың өзін-өзі өзектілендіруге, өзін толықтыруға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Рене Декарттың жазбаларында: «Өзін-өзі тану жолындағы еңбек – ең құнды еңбек», – делінген. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі — баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығарып, оқу үрдісіне енгізу. Сол себептен де білім беру саласы қызметкерлерінің алдында – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру міндеттері қойылып отыр. Ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми – педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге мұғалімдерді даярлау – олардың кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс – әрекеттің нәтижесі болып табылады. Оқытудың жаңа технологияларының принциптері – дұрыс шешім қабылдай алатын, өздігінен дамытын, өзін-өзі жетілдіріп, тәрбиелеуші жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты жетік маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің өзін-өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастырылуына көмектеседі.

Бүгінгі таңда, халықаралық ұйымдар әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің нақты деңгейін анықтауда. Қазір адам қандай оқу орнынан болсын өзінің бүкіл өміріне жететін білімді бірден ала алмайды. Оның басты себебі – қоғамның жоғары жылдамдықпен дамуы. Сондықтан білім беру саласында еңбектеніп жүрген қызметкерлер жүгі ауырай түсуде.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздері мен жаңа енгізіліп жатқан технологияларды меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Әсіресе, техникалық және кәсіптік білім беру орындарында заман талабына сай жабдықтарды игеру және оны пайдалану амал-тәсілдерін білім алушының жетідей меңгере алуына ықпал етуіміз керек. Бұл жағдайда да алдымен оқытушы өзі осы еңгізілген құрал-жабдықты меңгеру амалдары бойынша білімін жетілдіріп отырғаны дұрыс. Сондықтанда оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді.

Жаңа ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. «Ұрпағы

білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы, оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы әзірлей білу. Жасөспірімдердің шығармашылық тұлғасының белсенді бағытын оның тек сабақтарға жалпы қатынасы және оның қажеттілігі мен мұқтаждығы ғана емес, сондай-ақ білімді тәжірибелік іскерліктерді қабылдау мен меңгеру үрдісінің өзі де анықтайды. Теориялық білім оқушының толықтай білім сапасының көрсеткіші бола алмайтындығы анық. Сондықтан теориядан бөлек алған білімді іс-тәжірибе жүзінде жүзеге асыру, көзбен көріп, қолмен ұстап көрген бала болашақта алған білімінің нәтижесін көрсете алады.

Қазіргі кезеңдегі оқытудың негізгі мақсаты – болашақ мамандығына байланысты әрбір балаға тереңірек білім беру, білімді өзгермелі өмір жағдайларына пайдалана білу дағдысын қалыптастыру. Сондықтан қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар: шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жоғары интеллектілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық.

Жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың тұжырымдамасы баланы жанжақты дамытумен бірге жеке және жас ерекшелігіне қарай қоғамдағы өзгерістерге бейім даму мүмкіндігін айқындауды қарастырады. Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту проблемалы бағыттағы шығармашылық сипатқа ие бола отырып жаңа білімді іздену арқылы тәжірибеде қолдана білуге ықпал етеді, мұндағы басты міндет – баланың жалпы және өзіне ғана тән қабілеттерінің даму мүмкіндігі мен білім, білік, дағдыларын қалыптастыру және қолдану. Сондықтан да, Елбасының тапсырмасымен отандық, халықаралық тәжірибиелер, білім саласындағы заманауи үрдістер зерделеніп, ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары, педагог ғалымдардың еңбектері талданып, отандық және шетелдік мамандармен бірлесіп, орта білім стандартының жобасы әзірленіп, білім және ғылым министрлігіне ұсынылды. Күтілетін нәтиже мектептің түлегі – белсенді азаматтық ұстанымы бар, жауапкершілігі жоғары, адал, еңбексүйгіш, өмір бойы білім алуға құштар, сыни және шығармашылық тұрғысынан ойлайтын, түрлі мәдениеттер мен пікірлерге құрмет көрсететін, коммуникативті, ашық азамат болып табылады.

Оқытудың негізгі принциптері, атап айтқанда, құндылыққа бағытталған оқыту, білім мен тәрбиенің біртұтастығы, білім беру процесіне барлық қатысушылардың қамтылуы күтілетін нәтижеге бағытталуы болып табылады. Сыни, шығармашылық тұрғысынан ойлауды дамыту, үш тілді және үш тілде оқыту, оқушыларды әлеуметтендіру барлық деңгейлерде қарастырылған.

Қазақстан мектебінің алдына қойып отырған мақсаты – инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында оқушыларға жүйелі, нақты және жан жақты білім беру.

Біз ұсынған инновацияларды білім жүйесінде қолдану шәкірттердің сағат сайынғы дамуына жағдай жасайтын жүйелі қарым-қатынастар мен әрекеттердің жиынтығы, ал мектеп ұжымы адамдарда мәдени құндылықтарды меңгертеді, әрі өмірлік көзқарасында сақталып қалады. Тұлғалық-танымдық белсенділікті дамыту моделі басқа адамдар арасында өз орны мен қасиетін, өз мүмкіндігіне тұлғаның баға бере білуін қалыптастырады.

Білім беру саласын жетілдіру арқылы еліміздің жастары мен жас ұрпағы, шет мемлекеттерінің білім беру жүйесі талаптарына сай, жоғары бәсекеге қабілетті мамандары болмақ.

Сонымен, педагогикалық технологиялардан төмендегілерін бөле жарып көрсетуге болады: Білім беруді ізгілендіру технологиясы – оқушыны азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату (Ш. Амонашвили). Ойын арқылы оқыту технологиясы – дидактикалық, тәрбиелік,

дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойындық іс – әрекеттің педагогикалық механизмі жеке бастық, өзіндік талап – талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді (Л.С. Рубинштейн, Д.Б. Эльконин, З. Фрейд). Проблемалық оқыту технологиясы – оқушының өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту. Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы – (В.Ф. Шаталов) мынаны көздейді – білім, білік, дағдыны қалыптастыру, барлық баланы оқыту, оқытуды жеделдету. Түсініктерді қабылдау арқылы оқыту технологиясы – (С.Н. Лысенкова) барлық баланы табысты оқыту. Оқу материалының бірізділігі, жүйелілігі, саралау, әр оқушыға берілетін тапсырманың қолайлығы, бағдарламаның кейбір тақырыптарының қиыншылықтарын жеңу, қиын тақырыптады біртіндеп оңайлату әдісін қолдану. Деңгейлеп саралап оқыту – міндетті нәтижелерге негізделген. Білім, білік, дағдыны меңгерту, мемлекеттік стандарт көлемінде білім беру. Әр оқушыны оның қабілетімен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту, оқытуды оқушылардың әртүрлі топтарының ерекшелігіне сәйкес бейімдеу, ыңғайлау. Бағдарламалап оқыту – (Б. Скиннер, Н. Краудер, В.Г. Беспалько) ғылыми негізде түзілген бағдарлама негізінде оқытудың тиімділігін арттыру, баланың жеке қасиеттерін ескере отырып оқыту. Оқытудың компьютерлік технологиясы – ақпаратпен жұмыс істей білуді қалыптастыру және қатынас қабілетін дамыту, жеке басты ақпараттық қоғамға даярлау. Мұнда оқыту оқушының тікелей компьютермен қатынасы арқылы орындалады. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы – (Л. Джинна Стил, С. Куртик). Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Өз-өздігінен даму технологиясы – (М. Монтессори) баланы жан – жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемімен ойлау әрекетінің бірігуі. Оқыту баланың дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда бала өзін – өзі дамытады. Дамыта оқыту технологиясы – (Л.С. Выготский, Л.В. Занков, Д.Б. Эльконин, В.Б. Давыдов) баланы оқыта отырып жалпы дамыту, яғни бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар – намыс қасиеттерін дамыту. Модульдік оқыту тетехнологиясы – (В.Б. Монахов) оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық үрдісті түзу, мұғалімге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Оқушылармен жүргізілетін қиындықтың алдын алу және түзету жұмысының жүйесін жасау.

Жалпы педагогикалық технологиялар 3 топқа бөлінеді. Сондай-ақ әрбір инновациялық технологияның өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың негізгі қарастыратыны оқытуды нәтижелі ету. Педагогикалық жүйедегі негізгі өзекті мәселе – оқушылардың, студенттердің ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен деңгейлеп, дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану қолдау табуда. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып оқытудағы басты нәрсе – бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Сонымен, инновациялық білім беру өз құрамына жеке тұлғалық көзқарасты, білім алудың мықты негіздерін, кәсіби шеберлікті, екі мәдениеттің (техникалық және гуманитарлық) синтезін, жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды біріктіреді.

Мемлекетіміздің тәуелсіз ел ретінде дамуы барысында орта білім берудің жүйелі жаңашаландырылуы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді жаңашаландыруды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты: қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туып отыр. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялары мен жаңа технологиялары бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибе жүзінде сыннан өткізу маңызды. Оқытудың озық технологияларын меңгермейінше қазіргі білім беру саласында сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани,

азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу- тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Осы бағытта оқу-тәрбие үрдісін жандандырудың қазіргі инновациялық технологияларын жетілдіріп, оны арнайы пән сабақтарын оқытуда тиімді қолдану арқылы білім сапасын жоғарлату мақсатында бір қатар бағыт-бағдарлар берілуде.

Тұлғаның психологиялық ерекшеліктерімен табиғи қабілеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеті мен сабаққа ынтасын арттыру, ой-өрісін, логикалық ойлау дәрежесін дамыту, сонымен бірге экономикалық, эстетикалық, гуманитарлық, халықтық педагогикалық тәрбие беруде де, ойлау қабілетін белсендендіру үшін түрлі әдістер мен тәсілдерді және технологияларды тиімді қолдана білуі қажет.

Білім берудегі адам қабілетімен іскерліктерін дамытуғы бағытталған оқу- тәрбиеде қолданылатын құралдардың арнайы формалары, әдіс-тәсілдері көрсетілетін психологиялық-педагогикалық нұсқауларға және оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру әрі жүзеге асыруға бағытталған біріккен педагогикалық іс—әрекетке жаңашылдық тұрғысынан келу инновациялық технология болып табылады. Демек, инновациялық технология маманның күзіреттілігіне ықпал ететін шығармашылық қасиеттерді, шеберлікті қалыптастыруға қолданылатын әдіс-тәсілдер мен амалдар жиынтығы.

Инновациялық оқытудың ерекшеліктері: көрегендік сипат алуы, дамудың жылдамдығы; болашаққа үмітпен қарау; өзіне, өзгеге талаптың жоғары болуы; тұлғаға, оның дамуына бағытталуы; шығармашылық қабілеттерінің болуы; қарым-қатынастың ынтымақтастыққа, өзара көмекке негізделуі.

Бүгінгі жаһандану заманы жаңашылдық, жаңа көзқарастар мен өзгерістерге толы. Ал біз осы ағынмен өмірімізді жаңа өнімдерді, техникаларды, жетілген білімдерді, жан-жақты дамыған идеяларды пайдалану арқылы жалғастырып отырмыз. Сондықтан білім беру жүйесін ізгілендіру барысында оқыту үдерісіндегі, әдіс тәсілдерде жаңашылдыққа бағытталуы тиіс.

Қазіргі кезде білім беру мен білім жүйесін ұйымдастырудың оқу үдерісіндегі жаңа технологиялары ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану аясын кеңейтіп мультипликацияны, бейнетаспа мен күрделі сызбалармен оқу материалдарын түсінікті баяндауға мүмкіндік береді. Мультимедиялық технологиялар адамға ақпаратты максималды жақын түрде сенсорлы елестету, ақпараттық және бағдарламалық аспектілері арқылы қолданушыға ақпаратты әр түрлі формада: мәтін, графика, анимация, дыбыс, бейнемен интерактивті режимде елестетіп көруге мүмкіндік береді. Ол үшін ақпараттық технологиялардың яғни компьютерлердің интернет желісіне қосылу мүмкіндігімен бірге дыбыстық әрлендіруге WT синтездерін, DSP сигналдық процессорларын, TW аудио сигналдар үшін сығушы синтездерді, CD-ROM лазерлік дискілерді пайдалану нәтижелі болады

Соңғы жылдардағы әлем бойынша болып жатқан карантиндік жағдайлар кезінде онлайн форматта білім беру кезінде де оқытушылардың алдымен осы технологияларды пайдалану бойынша білімдерін жетілдіргендері шындық. Онлайн оқыту кезінде компьютер мен әлеуметтік желі құралдарын белсенді түрде пайдаланып, оқушылардың өздігінен ізденулеріне де себеп болды.

Соңғы кездері оқыту үдерісінде осы мақсатта пайдаланылып жатқан электронды оқулықтар да кеңінен қолданылуда. Электронды оқыту бұл электрондық бизнес сервистерін және технологияларды пайдалану. Мұнда аудиториялық сабақтардың мүмкіндіктерін кеңейту үшін ұжымдық жұмыс құралдарын және электрондық контентті қолдану қарастырылған. Желілік инфрақұрылым электрондық оқу үшін технологиялық база болып табылады. Желілік инфрақұрылым өзінің күштілігімен, сенімділігімен, қауіпсіздігімен, ыңғайлылығымен ерекшеленеді және ашық оқу стандартына негізделеді.

Электрондық оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту үдерісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». «Электрондық оқулықтарды» пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігін

арттырып, ойлау жүйесін, тәжірибелік ой- тұжырымдамасын қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Қазіргі уақытта электронды оқулықтар тақталары QR-код еңгізу арқылықол жетімді болып отыр.

Электрондық оқулық дегеніміз – мультимедиялық оқулық, сондықтан электрондық оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулық уақыт үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге, сауалнамалар арқылы өзін өзі бағалауға зор ықпал етеді.

Электрондық оқыту формасы қашықтықтан оқу жүйесінің құралы болып табылады. Қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі көрінісі оқытушы мен студент арасындағы қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен тікелей қатынас орнатуы.

Интерактивті оқытудың қағидалары: тұлғалану, икемділік, элективтілік, мазмұндық, тәсіл, ынтымақтастықты дамыту, белсенді оқыту әдісін пайдалану болып табылады.

Компьютерлік технологиялардың көмегімен әр түрлі дайын электронды ортада өз бетімен дайындалған сауалнамалар арқылы сабақта тұлғаның білімі мен іскерлік дағдыларын тексеріп бағалауға да болады

Бейне ақпараттар мен презентациялар, салалық вебсайттарды сабақта пайдалану арқылы білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, ой өрістерін кеңейтуге болады.

Міне, осыдан келіп жаңа оқыту технологияларымен ақпараттық технологиялар негізінде оқыту жүйесін ұйымдастырудың тиімділігін сипаттау қолайлы. Кейінгі оқыту технологияларының негізгі құралы болып отырған мультимедия-құралдары әр түрлі ақпараттарды өңдеуге мүмкіндік беретін ең соңғы үлгідегі прогрессивті техникалық инновацияларды пайдалану жаңа деңгейдегі білім беру технологияларын енгізуге мүмкіндік береді деуге болады. Қазіргі заман талабына сай білім алушылардың сапалы да саналы білім алуына ықпал етуші құралдарды пайдалануда ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды орынды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

М. Әуезов «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім» - деп атап көрсеткеніндей, білімді, саналы, дарынды, іскер, ойшыл болашақ ұрпақты даярлауда ең алдымен білім қажет. Әрбір ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету.

Әдебиеттер

1. Ә.Жүнісбек «Жаңа технология негізі – сапалы білім» // Қазақстан мектебі. – 2008. – № 4. – Б. 1-2.
2. Тапаева А.П. Оқушыларға сапалы білім берудегі озық инновациялық технологиялардың тиімділігі // Молодой ученый. – 2014. – № 20. – Б. 43- 48.
3. А. Даменова «Жаңа педагогикалық технологиялардың жіктелуі және ерекшелігі» // «Қазақстан мектебі». – 2012. – № 2. – Б. 1617.
4. Э. Раджерс «Инновация туралы түсінік» // Қазақстан мектебі. – 2006. – № 4. – Б. 2.
5. Т.П. Сенаторова «Мультимедиа. Возможности использование в учебном процессе» // Информационно-методический материал. – Казань: 2001. – Б.4.
6. Кудесова Г. «Сабақтарда – ақпараттық технологиялар» // Қазақстан мектебі. – 2013. – № 10. – Б. 27-29.
7. Ж. Досова «Жаңа технологияны оқытуда қолдану» // Педагогикалық кеңес. – 2009. - №4. – Б. 16-25.
8. Каплиева А. «Инновациялық технологиялар-білім сапасын арттыру құралы» // Қазақстан мектебі. – 2013. – № 12. – Б. 6-8.
9. Б.К. Жыланбаева, А.Р. Рыскан., Б.Н. Джаханова Мұғалімге арналған нұсқаулық. М.: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012

10. Масакбаева С.С. Білім берудің мазмұнын жаңарту// Открытая школа, Информационно – методический журнал/Главный редактор Лариса Попова: № 2. 2010., 8-10-б.
11. Қайыңбаев Жанболат. Білім берудің мақсаты адам капиталын дамыту болуы керек. – <http://thenews.kz/2011/04/14/790742.html> (23.09.2013жыл)
12. Қуанбаева Б. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары: дисс. Пед. ғыл.канд. – Алматы, 2005. – 137 бет. 2.
13. Таубаева Ш.Т. Оқытуың қазіргі технологиялары //Бастауыш мектеп – 1999. – № 4. – Б. 5-12.
14. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. Алматы, 2001.
15. Г.Б. Абдраманова, Г.О. Байзулдаева. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2015. – № 7.1 (87.1). – С. 4-6. – URL: <https://moluch.ru/archive/87/16662/> (дата обращения: 04.04.2022).

МРНТИ: 14.01.11

А.У. Смагулова, Б.С. Жумаханова
КГУ «средняя общеобразовательная школа № 48»

ПРИМЕНЕНИЕ ТЕХНОЛОГИЙ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Инклюзивное образование (фр. *inclusif*-включающий в себя, лат. *include*-закрываю, включаю)- процесс развития общего образования, который подразумевает доступность образования для всех, в плане приспособления к различным нуждам всех детей, что обеспечивает доступ к образованию для детей с особыми потребностями.

Инклюзивное образование стремится развить методологию, направленную на детей и признающую, что все дети – индивидуумы с различными потребностями в обучении. Инклюзивное образование старается разработать подход к преподаванию и обучению, который будет более гибким для удовлетворения различных потребностей в обучении.

Если преподавание и обучение станут более эффективными в результате изменений, которые внедряет инклюзивное образование, тогда выиграют все дети (не только дети с особыми потребностями). Обучение в массовой школе, среди нормально развивающихся сверстников, дает возможность ребенку с особыми образовательными потребностями, чувствовать себя обычным, таким же, как его друзья, одноклассники, мальчишки и девочки во дворе. Общество не должно лишать детей с ограниченными возможностями права получить образование, развить свои способности, талант и главное, иметь среду общения с нормальными детьми.

Многие дети с ОВЗ отличаются повышенной впечатлительностью (тревожностью): болезненно реагируют на тон голоса. Первое правило для учителя–это огромное терпение. В такие моменты мы должны помнить, что данный ребенок не виноват в том, что он такой.

Для большинства таких детей характерна повышенная утомляемость. Они быстро становятся вялыми или раздражительными, плаксивыми, с трудом сосредотачиваются на задании. Приходится порой подстраиваться под настроение. При неудачах быстро утрачивают интерес, отказываются от выполнения задания.

У некоторых детей в результате утомления возникает двигательное беспокойство (во время урока через каждые 10-15 минут нужно делать перерыв, в противном случае он сам найдет причину, по которой ему обязательно нужно выйти). Часто диагноз ОВЗ ставят детям тогда, когда у последних неудачи в обучении уже уронили познавательную мотивацию до самого нижнего уровня, какой только можно себе представить. Школа к этому моменту у них ассоциируется с негативными эмоциями.

У других детей отмечается повышенная возбудимость, беспокойство, склонность к вспышкам раздражительности. К этому нужно быть готовым.

Раз есть дети особенные, то и условия обучения для них особенные, им необходимо создать специальную коррекционно-развивающую среду, обеспечивающую условия для получения образования в пределах специальных образовательных стандартов. Кроме этого, образование детей с ОВЗ предусматривает: лечение и оздоровление, воспитание, коррекцию нарушений развития, социальную адаптацию. При работе с детьми, имеющими ограниченные возможности здоровья применяются особые коррекционно-развивающие педагогические технологии. Сегодня каждый педагог ищет наиболее эффективные пути усовершенствования учебного процесса для каждой конкретной ситуации, способы повышения мотивации к учебе учащихся и качества обучения.

Сегодня технология разноуровневого обучения является одним из ключевых направлений школы – это технология организации учебного процесса, в рамках которой предполагается разный уровень усвоения учебного материала, но не ниже базового, в зависимости от способностей и индивидуальных особенностей личности каждого учащегося. Она базируется на принципах индивидуализации и дифференциации обучения, которые используются в педагогике давно.

Важным этапом на уроке является этап мотивации. Технология проблемного обучения представляет собой современную образовательную технологию деятельностного подхода, которая помогает развить ее, заставить ребят активно самостоятельно решать проблему.

Объяснительно-иллюстративные технологии – технологии при которых объяснение учебного материала сопровождается различными визуальными средствами. Установлено, что более 80% информации человек усваивает с помощью органов зрения. Повышая активность зрительных рецепторов, учитель может рассчитывать на более высокое усвоение новой темы. Современное преподавание сочетает также интерактивные средства в виде презентаций, учебных фильмов. При визуализации усваиваемость материала увеличивается.

Материал легче удастся понять, закрепить, если ученик может не только увидеть, но и пощупать. Это нужно активно использовать.

Например, при прохождении тем «Числа от 1 до 100» пришлось запастись десятком пакетиками с фасолинками по 10 штук, потом счётами.

Игровые технологии позволяют превращать урок в увлекательный учебный процесс, способствуют появлению активного познавательного интереса школьников. На таких занятиях складывается особая атмосфера, где есть элементы творчества и свободного выбора. Игровую технологию можно использовать в качестве части урока, а иногда и в качестве проведения целого урока. При подборе необходимо учитывать склонности ребенка.

Нужно отметить, что предпочтения приходится учитывать во всем! К примеру, ученику очень нравилось писать на доске. Тогда большую часть работы он выполняет там, и занятия проходят легче, а иногда это становится видом поощрения.

Информационно-коммуникационные технологии. ИКТ оживляют учебный процесс за счёт новизны, реалистичности и динамичности изображения, использования анимированных изображений, внесения элементов игры.

При использовании ИКТ, знания приобретаются по разным каналам восприятия (зрительным, слуховым), лучше усваиваются и запоминаются на более длительный срок..

Все технологии, которые учитель использует на современном уроке при работе с детьми с ОВЗ призваны чтобы сделать занятия более интересными, убедительными, а поток информации легко доступным. Что позволит управлять познавательной деятельностью школьников, учитывать индивидуальные темпы усвоения знаний, умений и навыков, уровень сложностей. И тогда обучение будет в радость и обучающемуся и учителю.

Литература

1. Д.Митчелл. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования. РООИ «Перспектива», 2015. – с. 67.
2. Развитие инклюзивного образования в Республике Казахстан. А.М. Ерсарина// http://www.openschool.kz/glavstr/inclusiv_obraz/inclusiv_obraz_112_1.htm
3. Инклюзивное образование в Казахстане: состояние, перспективы Есиргепова В. Ж.//

МРНТИ: 14.01.11

Т.Т. Глеужан

«Б. Момышұлы атындағы № 34 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

SMART ҚЫЗМЕТТЕРДІ БІЛІМ БЕРУДЕ ПАЙДАЛАНУ USE OF SMART SERVICES IN EDUCATION

Smart Education (ақылды білім беру) – бұл барлық білім беру процестерін, сондай-ақ осы процестерде қолданылатын әдістер мен технологияларды кешенді модернизациялауды көздейтін тұжырымдама, бұл мазмұнды әзірлеу, оны жеткізу және өзектендіру процесін жаңа тәсілдермен құруға мүмкіндік береді.

SMART-технологиялар нені қамтамасыз етеді?

- онлайн режимінде оқыту
- бейресми жағдайда оқыту
- қашықтықтан оқыту
- мобильді білім

Тұтастай алғанда, SMART білім беру – ақпараттық SMART-технологияларды пайдалану негізінде мүмкін болатын білім беру процесін бейімдеп іске асыруды көздейтін білім беру парадигмасы болып табылады.

Оқу процесінде SMART-технологияларды қолдану ерекшеліктері Оқушылар үшін SMART ортасы:

- Дербестендіру, кәсіби бағдарлау, білім, білік пен дағдыларды өз бетінше алу, яғни қоғамдағы оқушыларға қауіпсіз бейімделуге мүмкіндік беретін барлық нәрсе енгізіледі;
- Интеллектуалды, бейінаралық, оқушыларға бағытталған үздіксіз оқытудың білім беру жүйелері (Мектеп, жоғары оқу орны, корпоративтік оқыту);
- Арнайы оқу бағдарламалар;
- Білім алуға арналған ұжымдық оқыту технологиялары;
- Орналасқан жеріне және аппараттық құралдарына қарамастан білім алу мүмкіндігі;
- Бұл жұмысты интеллектуалды компьютерлік бағдарламалар мен машиналарға беру арқылы адамды жалықтыратын әрекеттен босату.
- Жаңа кезеңде оқытуды жекелендіру;
- Оқушылардың сабаққа қатысу әсерін жасау үшін оқу процесінде қолданылатын тәжірибесанын көбейту арқылы қызығушылықтарын арттыру маңызды болып табылады.

Оқытушылар үшін SMART-оқыту:

- Қоршаған әлемнің өзгеруіне бейімделген жаңа типтегі оқыту.
- Өртүрлі SMART құрылғылары мен гаджеттерін пайдалану мүмкіндігі.
- Педагогикалық қауымдастықтар арқылы тәжірибе мен білім беру және алу.

SMART-білім беру оқытушыларға жаңа перспективалар ұсынады: жинақталған тәжірибе мен жаңашыл идеялармен алмасу, ғылым мен теорияға көбірек уақыт бөлу, бұл мазмұнды таза парақтан дамытудың орнына жақсарту мүмкіндігі. Оқытушылар әр оқушы үшін оның қабілеттеріне қарай жеке тәсіл жасауға мүмкіндік алады. SMART-білім беру Мұғалімге жаңа мазмұнды құруға уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді, яғни ол дайын мазмұнды қолдана алады, оны біріктіріп, жетілдіре алады. Мұғалім студенттерге жаңа

технологиялармен және оқу құралдарымен жұмыс істеу туралы түсінік беріп қана қоймай, онымен жұмыс істеуді және оқу процесін басқаша құруды үйренуге міндетті.

Бүгінгі таңда әлемдік кеңістікте SMART-оқыту идеяларын жүзеге асыру үшін жағдайлар бар:

– SMART-білім беру міндеттерін шешуге бағытталған Web 2.0 желілік өзара іс-қимыл жүйелері құрылды.

– Бұлтты технологиялар кеңінен қолданылып, әсерлі танымалдылыққа ие болды.

– Оқытуды басқару жүйелері (LMS) шығарылды.

Смартфондар, ұялы телефондар, планшеттер және басқа да ақылды құрылғылароқуға қалай көмектесе алады?

Оқушылардың білім беру тәжірибесінде мобильді технологиялар қолданылады:

– интернет-энциклопедиялардан ақпарат алу;

– қажетті ақпаратты іздеу;

– аудармашы бағдарламасы арқылы сөздерді немесе сөз тіркестерін аудару;

– ақпаратты визуализациялау;

– бейне дәрістерді қарау

– онлайн режимінде тестілеу немесе сауалнама;

– түрлі зертханалық эксперименттер жүргізу.

SMART-оқытудың кең таралуы, біріншіден, интернет-технологияларды жетілдірумен байланысты. Екіншіден, Wi-Fi, 3G, 4G сияқты сымсыз технологиялардың дамуымен және үшіншіден, интернеттегі интерактивті оқыту ресурстарының кең таралуымен.

Smart Education қалыптастырудың негізі Web 2.0 технологияларын дамыту болды. Facebook, YouTube, Twitter және блогтар сияқты адамдарға өздерінің интернет мазмұнын жасауға мүмкіндік береді.

Оқытудың жаңа тәсілдерінде гаджеттерді қолданбай заманауи білім беруді елестету қиын. Гаджеттен Smart-оқыту құралын жасау үшін қосымша бағдарламалық жасақтаманы орнату қажет. Бұл бірнеше сұрақтарды тудырады: смартфонға немесе планшетке қандай бағдарламалық жасақтаманы орнату керек? Мұны қалай жасауға болады?

Осы мәселелерді шешу үшін Google жүйесі мобильді құрылғыға кез-келген SMART қосымшасын орнататын «Play Market» қосымшасын ұсынады.

Жалпы білім беруде қолданылатын SMART технология ретінде Aqyl Battle қосымшасын қарастырсақ болады.

Aqyl Battle ойыны арқылы әртүрлі саланың қызықты сұрақтарына жауап бере алады. Сонымен қатар, достарымен және басқа да ойыншылармен викториналық баттлға қатысып, жеңіске жетуге мүмкіндік алады. Осы арқылы үздік жеңімпаздарға тағайындалатын сыйлықтармен марапатталады.

Aqyl Battle ойыны арқылы 25 түрлі санаттағы сансыз қызықты викторина сұрақтарымен білімдерін сынап, көшбасшылар тізімінің алғашқы қатарында бола алады. Солардың қатарына: Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Математика, Физика, Спорт, Әлем жаңалықтары, География, Әлем тарихы, Қазақстан тарихы, Биология, Химия, Еркін тақырып, Логика, Медицина, Ғылым-білім, Әлем әдебиеті, Кино, Музыка, Мәдениет, Dauletten сұрақтары, English, Мақал-мәтел, Салт-дәстүр кіреді.

Білім берудегі Smart тұжырымдамасы біздің өмірімізге әртүрлі ақылды құрылғылардың, кәсіби қызмет пен жеке өмірдің оқу процестерінің енуінен кейін пайда болды (Smart-Board, интерактивті электронды тақта, Smart-жүйе, компьютердің қатты дискісін өзін-өзі диагностикалау және т.б.). Smart белгілі бір қызмет түрі үшін қоршаған ортаны қалыптастыратын жеке құрылғының немесе құрылғылардың зияткерлік деңгейін арттыруды білдіреді.

Қорыта айтқанда, қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа енуі өте маңызды рөл атқарады. Жылдам дамып келе жатқан кезеңде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Смарт оқыту барысында мұғалім өз білімін

оқушыларға түгелдей жеткізіп қана қоймай, білім беру шекарасын кеңейте алады. Білім алушылар саны көбейеді, уақыт және орынға байланысты шектеулер орын алмайды. Білім беруді кез келген жерде және кез келген уақытта ұйымдастыруға мүмкіндік туады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Құлқараев А.«E-learning» электронды оқыту жүйесі және оның мүмкіндіктері. Электрондық мектеп. – № 2 – 2013.
3. Е.Н. Сафуллин, Н.К. Дускалиев, С.С. Шагиров Смарт оқытуға алғашқы қадам. – Орал, 2014.
4. http://partavl.ru/interwrite_board
5. http://www.classic-s.ru/?id_razd=28
6. <http://www.m-port.ru/catalogbocuments/interaktivnaja-doska-s-.proektorom.html>
7. <http://lj.mhi.edu.mhost.ru/news/719>

МРНТИ: 14.01.11

Г.А. Хамитова, А.Б. Рахымбаева

«Б. Момышұлы атындағы № 34 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚУШЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ СЕЗІМДЕРІН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адамның жан дүниесінің дамып жетілуі, әлеуметтік өмірге бейімделіп тіршілік етуі әр түрлі іс-әрекеттермен шұғылдану барысында қалыптасады. Сондай әрекеттердің бір саласы – ойын әрекеті. Ойын әрекеті баланың психикалық үрдістерін қарқынды дамыту құралы болып табылады. Адамзат ойының сан жылдық тәжірибесі ойынның білімдік құндылығын дәлелдеді. Оған балалық кезеңдегі ақыл-ой ойындарынан бастап, мәдениетке, бизнеске және басқарудың барлық салаларына мамандар даярлауға байланысты бағдарламаларды игеру барысындағы ойындар жатады.

Ойын теориясы мен практикасы мән-мағынасынан мәдениет мұраларын шетелдік және отандық психологтар, философтар, этнографтар, социологтар, педагогтар зерттеді.

Ойын тек денені шынықтырушы ғана емес, сонымен бірге болашақ өмір жағдайына психологиялық әзірлік құралы болып табылады.

А.И. Петрова өз еңбектерінде ойын жөнінде идеалистік теорияларды сынап, бала ойынының үлкендер еңбегімен байланысын, оның маңызды тарихи-әлеуметтік сипат алатынын дұрыс көрсетті. Ол «ойын» – бала еңбегі, уақытқа сай жүргізіледі, - деп атап көрсеткен [1].

Ойын – балаларды қоғамдық өмірге, оның құндылықтарын пайдалануға дайындайды.

Ойынның теориясы мен ойнаудың әдістемелерін, оның шығу тарихы мен ішкі құрылысы туралы Д.Б. Элькониннің «ойын психологиясы» атты еңбегі жазылды. Ойынның әлеуметтік бейнесін зерттеуші белгілі психолог Д.Б. Элькониннің сөзімен айтсақ «ойын – ол адамдардың арасындағы әлеуметтік арақатынас, практикалық білімдері мен қызметі» [2]. Атақты психолог Л.С. Выготскийдің айтуынша, бала ойын үстінде өзінің дәл жасынан анағұлым ересек көрінеді. Сондықтан да Л.С. Выготский [3], А.Н. Леонтьев [4], Д.Б. Эльконин сынды ғалымдар, сондай-ақ шетел зерттеушілері «ойын – баланың өзіндік өмірі» деген ортақ қорытындыға тоқтайды [2]. Сонымен қатар ойын теориясын отандық және ресей ғалымдар да зерттеді.

Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Бала ойынында қоғамдық және ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, ойын арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Алдыңғы қатарлы педагогтар: «Бала жас болғандықтан ойнамайды, балалықтың өзі оған ойнау үшін, яғни жаттығулар арқылы өмірде қажетті дағдыларды игеру үшін берілген» деген болатын.

Ойын – балаға өмірлік қажет нәрсе. Ол ойнап жүргенде шаршағанын да білмейді. «Оның себебі не?» деген сұраққа үзілді-кесілді жауап беру қиын. Ойын баланың бойындағы қуатты жұмсау қажеттігінен туады деген пікір де бар. Бала бойында күш көп болатыны рас. Ауырып әлсіреп жатқан баланың өзі ойынға ұмтылады.

Демек, жоғарыдағы пікірлерге сүйенсек, бастауыш сынып оқушыларының біліуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үрдісінде дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ойын элементтерін пайдаланудың орны бөлек.

А.С. Макаренко ойын мен бала еңбегінің арасында заңды байланыс болатынын, ал айналадағы дүниеден алған әсерін ойында бейнелеу арқылы нақты еңбек әрекетіне үйренетінін және ойында баланың физикалық, психологиялық қасиеттерінің сапалары да өзгеріп отыратындығын айтады [6].

Тұтас алғанда дүниетану табиғатты зерттейді. Ұлы педагог К.Д. Ушинский «Балалардың дүниетануда нақтылы сезімін ояту дегеніміз – ең игілікті, жан сезімін тәрбиелейтін ықпалдардың бірін қоздыру» – деді [7]. Дүниетанудың баға жетпес маңызы оны оқып үйрену кезінде балаларда диалектикалық-материалистік дүниетанымның бастамасы қалыптасады. Мысалы, оқушы құстардың ұшып келуін бақылай отырып, күрделі байланыстарды анықтай алады; көктемде құстардың ұшып келуі ауа температурасына, қардың еруіне, су қоймаларының мұздан арылуына, жәндіктердің шығуына байланысты. Жәндіктер шықпайынша маңайдағы ормандарға құстардың ұшып келмейтініне оқушының көзі жетеді, су қоймалары мұздан арылмайынша су құстарының ұшып келуін күтуге болмайды. Ал қардың еруі, өзеннің мұздан арылуы, жәндіктердің шығуы ауа температурасының жоғарылауымен байланысты. Бала мұндай байланыстардың көбін анықтай алады. Ол бақылай отырып табиғаттағының бәрінің өзгермейтіндіген, бұл өзгерістердің уақыт (тәулік, апта, ай) ішінде ғана емес, сонымен бірге кеңістікте жүріп жататынын байқайды. Бұл табиғаттың жалпылама даму туралы қорытынды жасауға негіз болады. Дүниетанудың көптеген тақырыптары дұрыс дүниетанымның қалыптасуына жағдай жасайды. Мысалы, табиғаттағы су айналымын, ауа температурасының күннің көкжиек сызығынан биіктігіне байланыстылығын, адам организмінің жекелеген жүйелерінің жұмыстарын және басқа мәселелерді қарастырғанда олардың мазмұнымен байланысты болады.

Дүниетануды оқып үйренуде өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруге де мол мүмкіндіктер туады. Табиғат адамды рухани байытады, онымен қарым-қатынас жасау адамдардың жоғары моральдық қасиеттерінің қалыптасуына жағдай жасайды. Нағыз әсемдік табиғатта болатыны белгілі, ол мұғалімнің міндеті балаларға оны көре білуге көмектесу, бағалай білуге және көргенін пайдалана білуге үйрету болып табылады. Сондықтан табиғат объектілерін зерттегенде қалыптастырылатын түсініктер мен ұғымдардың мазмұнына кіруге тиісті эстетикалық белгілерді бөліп көрсету қажет.

Эстетикалық тәрбие беру жөніндегі жұмыстар сабақта, әсіресе заттық сабақтарда жалғаса түседі. Қандай болмасын бір ұғымды қалыптастыруға міндетті түрде оның эстетикалық жағын баса көрсету керек. Мысалы: гранитті зерттеу барысында оның түсін анықтап, құрамдас бөлігінің әсемдігіне: кварцтық сұрғылт кристалдарына, сюданың жалтыр тақталарына назар аудару керек. Граниттің жалтырап өңделген үлгісін көрсетіп, оның сыртқы түріне, оның күн сәулесінде және көлеңкеде қалай өзгеретініне назар аударындар. Фото суреттен немесе экскурсия кезінде граниттен жасалған ғимараттың әдімілігін көрсету керек.

Дүниетануды оқытуда пайдаланылатын көрнекті құралдар да балалардың эстетикалық сезімін дамыту құралдары болып табылады. Олардың ішінде ландшафтының картиналары ерекше орын алады. Мұғалімнің міндеті – ландшафттың бейнеленген әдемілігін ашып көрсету. Картинамен жұмыс істеу кезінде жасалған образдар балалардың есінде бүкіл өмір бойы қалады. Балалардың бәрі бірдей Қара теңіз жағалауында болған жоқ, бірақ арасынан әдемі үйлердің ақтанбалары көзге түсетін өсімдікке бай ормандар мен парктердің көрінісі баяу толқып жатқан көк теңіз айдыны кескінделген «Кавказдың Қара теңіз жағалауының табиғаты» картинасының бейнесі олардың есінде ұзақ сақталады.

Эстетика – көркемдік таным теориясы: әсемдік туралы көркем шығармашылықтың жалпы заңдары туралы, адамның болмысқа эстетикалық қатынасы туралы ғылым. Дүниетаным процесінде болмысты логикалық ұғым, категория, заң арқылы таныса, көркем сана дүниені нақты сезіммен түйілген образдар арқылы таниды. Эстетика өнерді зерттеумен қатар адамның материалдық және рухани қызметінде көркемдік болмысқа деген эстетикалық көзқарасын да зерттейді.

Н.А. Ветлугина эстетикалық тәрбиенің мақсаты – жайлы өмірге эстетикалық қатынасты баулу; еңбекке, табиғатқа, өнерге, өз ісіне деген қатынасты таныту деп білдіріп, эстетикалық тәрбиенің басты міндеті – эстетикалық түсінік, баға, талқы, қажеттік, таңдау және қабілет дамыту деп пайымдады [7].

Эстетикалық тәрбие балаларда әсемдік сезімін дамытады. Адам әсемдікті сезінуден, өз өмірін сұлулық заңымен құруға ұмтылады. Табиғатқа, әдебиетке, театрға, музыкаға, көркем сурет т.б. деген сүйіспеншілік адамның жан-жақты саналы дамуына әсер етеді.

Өркениет өрісінде адам өзін қоршаған ортада сұлулық іздеп, сезінуге үйренеді. Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызықты етеді, оған ең жоғары ләззаттануға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілікті тұлғалық мәнін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезім нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйетіндей етіп тәрбиелеуіміз керек.

Әдемілікті сезуде, эстетикалық көзқарастарды қалыптастыруда табиғат басты рөл атқарады. Табиғат адамды зор қуанышқа бөлейді, сезімін дамытады, эстетикалық түсінігін байытады.

Адам – табиғатты бақылаушы ғана емес, ол тұтынушы, сұлулықты жасаушы, шығармашылық қызметкер.

Сондықтан өзінің күшін, қабілетін адамдар бақыты үшін табиғатқа өзгеріс жасауға жұмсауы керек. Мысалы, қала мен ауылды, тұрғын жерлерді көгалдандыру, бақ және гүлдер өсіру, мәдениет және демалыс орындарын әшекейлеу – бұл эстетикалық қамқорлық болып табылады.

Осының негізінде ғана оқушы өз еңбегінің пайдалы екенін және өмір сұлулығын көре білетін, осыдан өмір сұлулығын жасайтын адам екенін түсінеді. Мұны жүзеге асыруда көпшілікке хабар тарату құралдарын және баспасөз материалдарын кең пайдалануға болады.

Қазіргі кездегі эстетикалық тәрбиенің міндеттерін шешу үшін халықтың осы уақытқа дейінгі тәжірибесін меңгеру қажет. Мәдени құндылықтарды жасауда әр халықтың өзіндік ерекшелігі бар.

Халық әрдайым әсемдікті іздейді, қолдан жасайды және оны өмірде, тұрмыста, еңбекте бекітуге тырысады. Оны халқымыз үй жиһаздарын жасауынан және оны әсемдікті сезінудегі тәрбие құралы ретінде пайдалануынан көруге болады.

Оқушылардың эстетикалық талғампаздығын оятуда оқушының оқитын мектебінің, сынып ішінің безендірілуі, заттардың рет-ретімен тұруы, жасыл өсімдіктердің мол болуы, оқушылардың жинақы жүруі, бөлме тазалығы көп әсер етеді.

Эстетикалық тәрбие жөніндегі жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру үшін бастауыш сыныптағы балалар тәрбиесінің жалпы міндеттеріне сәйкес үлгі тұтарлықтай мазмұнын белгілеу, нақтылы талаптарын анықтау жөн. Бұл эстетикалық тәрбие құралдары мен

әдістерін іріктеуде кездейсоқтыққа, жүйесіздікке, біржақтылыққа ұшырамауға мүмкіндік береді.

Әртүрлі эстетикалық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру оқушылардың эстетикалық дүниетанымының негізгі көзі. Болашақ тәрбиелеуде басты мәселе күнделікті өмірдегі әсемдіктің адам мен табиғаттың бірлескен әрекетінің күшімен пайда болғанын ұғындыру.

Әдебиеттер

1. Петрова А.И. «Обучение, воспитание и развитие детей 6-7 летнего возраста». – Москва: Педагогика, 1990 г., 192 б.
2. Эльконин Д. «Кіші мектеп жасындағы оқушыларды оқыту психологиясы». – М.1974 ж., 287 б.
3. Выготский Л.С. «Игра и ее роль в психическом развитии ребенка». Вопросы психологии – № 6, 1966, 160 с.
4. Леонтьева А.Н. «Избранные педагогические произведения», том 1. – Москва. – 1983 г., 320 с.
5. Макаренко А.С. «Собрание сочинений», В 4 т. – М.: Правда, 1987. – 576 с.
6. Крупская Н.К. Педагогическое сочинение – Москва: Педагогика, 1980 г. – 767 с.
7. Ветлугина Н.А. «Эстетикалық тәрбие». – Алматы: «Мектеп», 1983 ж. – 176 с.

МРНТИ: 14.01.11

А.С. Айтжанова, Ж.Д. Туленова

«Б. Момышұлы атындағы № 34 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН «САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Заман талаптарының үздіксіз өзгерістерінен, әлеуметтік құрылымдардың жиі ауысуынан, бұрын беймәлім болған салалардың басымдыққа ие болуынан қоғам дамуының қарқынды екенін көруге болады. Өзгеріс жиі болған сайын талаптардың өзгеріп тұруы заңдылық. Бұл білім саласын айналып өткен жоқ. Қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы және оқу мен тәрбие процесінде елеулі өзгерістерге әкеліп соқтырды. Нақтырақ айтсақ, білім беру парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Бұл өз кезегінде, педагогтер мен оқушылар алдына жаңа талаптар қойды. Соның ішінде тілді меңгеру, қазақ тілін меңгеру жаңа сипат алды. Қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнында тіл және әдебиет пәндерін оқуда оқушылар негізгі төрт тілдік дағдыны бастауыш сыныптан меңгеріп шығуы баса назар аударуды талап ететін дағдылардың бірі болып отыр. Тілдік дағдыларға тыңдалым (есту арқылы сөйлеуді қабылдау және оны түсіну), айтылым (ойдың ауызша көрінісі), жазылым (ойдың графикалық, жазбаша көрінісі), оқылым (жазылған ойды қабылдау және түсіну) жатады. ХХ ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов «... бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін» деп тілдік дағдыларды қалыптастырудың маңыздылығы жайында айтса керек. Аталған төрт дағды қалыптасқан жағдайда оқушы ойымен бөлісіп, дұрыс қарым-қатынас жасап, психо- эмоционалды тұрғыдан еркін сезінетін болады.

Тыңдалымнан басталып, айтылыммен жалғасып, оқылым және жазылыммен аяқталатын төрт дағдыны жүйелі әрі бірзділікпен қалыптастыру – қазіргі педагог мамандардың алдына қойылған мақсат. Мұқият тыңдағанын жүйелі айтып, түсініп оқығанын сауатты жазып бере алу - оқушы алдында тұрған мақсат. Мақсатқа жету үшін құрал қажет. Ол құрал оқыту және оқу әдістері, тәсілдерімен қатар, жаңа педагогикалық технологиялар.

Педагогикалық технология ұғымы ХХ ғасырдың 60-жылдары Америка мен Ұлыбританияда қалыптасып, практика жүзінде әлем елдеріне таралды. Педагогикалық технология жас ұрпақтың терең білім алып, ой-өрісін кеңейтіп, шығармашылыққа бағыттап, әр оқушының өз бетімен жұмыс жасай алуына мүмкіндік беріп, қызығушылығын арттырып, мүддесін қанағаттандырып, ынталандыру мен бойындағы қабілетіне сай білімін ұштауына ықпал жасауы тиіс. Технологиялардың алуан түрін қарастыруға болады. Алайда ана тілді меңгеруге бағытталған қазақтың төл технологияларының бірі –

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы.

Жаңаны меңгеру барысында ескі деп нағыз құнды дүниелерімізден ажырап қалмауды да естен шығармаған жөн. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, Қ. Жұбанов т.б. ғалымдардың ғылыми-әдістемелік тұжырым, идеяларын басшылыққа алады, бұл – технологияның артықшылығы болып табылады. Қазақ тілінің барлық орфографиялық, грамматикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік т.б. ілімдерін қамтиды. Қарапайымнан күрделіге қарай жүйелілік, бірізділік принциптеріне негізделіп, оқушылардың меңгеруіне мүмкіндік береді.

Баланың алғаш тілі шығып сөйлеу дағдысы қалыптасқан шағында, алдымен баланың тыңдау дағдысы қалыптасады. Бала басқалардың сөздерден тыңдап, оны түсінуге талпынады. Ары қарай естіп-түсінген сөздерін қайталап, бірте-бірте сөйлеу дағдысы қалыптасады. Бақша жасынан бастап бала оқуды үйрене бастайды, содан кейін ғана жазу дағдысы қалыптасады. Бастауыш сынып оқушысының бойында аталған төрт дағды қалыптастыру да осы ретте, яғни тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым болып қалыптасу қажет. Бұл дағдылар әрдайым қатар жүретін табиғи процесс. Табиғи процесстің қалпын бұзбай қолдану нәтижеге әкелетіні анық.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы тыңдалым дағдысы әр бөлімді бастар алдында жүргізіледі. Кешенді талдауды бастамас бұрын әр деңгейді оқушылар педагогтің өз аузынан тыңдайды. Тыңдау арқылы жалпы кешеннің негізі идеясы мен мәнін түсінеді. Бұл процесс әрбір кешенді талдауды бастар алдында міндетті түрде өткізіледі. Сонымен қатар, кешенді меңгерудің соңында бірін-бірі тыңдау арқылы да, бір-бірінің қателескен, шатасқан тұсын анықтап қана қоймайды, әрі шатасу-қателесудің себебін де анықтай алатындай дәрежеге жетеді. Тыңдалым дағдысының қалыптасуына технологияның диалогтік, кері диалогтік әдістері әсерін тигізеді. Тек мұқият тыңдағанда ғана жалғастырып айту мүмкін екендігін оқушы айтқызыбай түсінеді. Тыңдалым дағдысының қалыптасуы жалпы баланың мектеп өмірінде аса қажет дағдылардың бірі. Аталған дағдыны бастауыш сыныптан қалыптастыру маңызды.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы қалыптасатын дағдылардың ең біріншісі – айтылым дағдысы. Айтылым дағдысы кешенді талдаудың ең алғашқы сатысы – «Ой толғаудан» басталады. Кез келген кешенді талдаудың «Ой толғау» сатысында оқушыға берілген нақыл сөз, мақал-мәтел немесе басқа да сөйлемдердің мәнін, мағынасын, түпкі ойын анықтап, өз ойымен бөлісуде айтылым дағдысы қалыптасады. Бастауыш мектептің алғашқы сыныптарында бір-екі сөйлеммен өз ой-пікірін білдірсе, бастауыш сыныпты аяқтар шағында өз ой-пікірімен қатар, сезімін, толқынысын жеткізуге қол жеткізеді. Айтылым дағдысын қалыптастыру технологияның басты мақсаттарының бірі десек болады. Диалогтік талдауда да, жеке талдауда да, өлең талдауда да, қара сөз талдауда да, математикалық талдауда да айтылым дағдысы қалыптасып қана қоймай арта түседі. Мысалға айтсақ, математикалық талдауда қысқаша берілген талдауды ауызша айту кезінде оқушының байланыстырып сөйлеу дағдысы қалыптасады. Ал диалогтік талдау кезінде диалог жүргізу, сұрақ қоя білу, сұраққа толық әрі себеп-салдарын анықтай отырып жауап беру дағдысы қалыптасады. Ешбір сұрақ қысқа жауаппен қайтарылмайды, әр сұрақтың толық әрі дәлелді жауабы бар және болу керектігі оқушы бойынша сіңіріле түседі.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясын шынайы меңгерген педагог оқылым дағдысын технология арқылы қалыптастыруды нақты біледі. Алғаш әріп таныған сәттен бастап, әр әріптің дыбыстық мінездемесін меңгеріп, дыбыстардан буын құрастырған

шағында әр буынды буын түріне ажыратып, буындардан сөз құрастырған сайын оған сөзсазындық талдау және лексико-грамматикалық талдау жасаған оқушы, әр сөзді түп тамырымен меңгере оқитын болады. Оқып отырып, түсіну дағдысы да артады. Әр сөзді түсініп оқыған оқушыға мәтіннің жалпы мазмұнын түсініп қиындық тудырмайтыны анық.

Тілдік дағдының төртінші түрі – жазылым дағдысы, яғни оқыған, түсінген не өз ойын жазбаша бейнелеу. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бұл дағдыны да қалыптастыруға өз септігін тигізетінін жат жазу сатысынан көруге болады. Жат жазу бірінші сыныптан бастап жалпы бастауыш сынып оқушыларының жазу нормаларға сәйкес жүргізіледі. Жат жазудан басқа әр талдаудың қысқаша және толық жазылу талаптарына сай жазу жұмыстары оқушылардың жазылым дағдысының қалыптасуына өз септігін тигізеді.

Сатылай кешенді оқыту технологиясы – уақыт талабынан қажеттілікке ие болып отырған қазақ тілі мен әдебиетінің жаңа әдістемелік жүйесі. Оқыту мен оқу ісінде болып жатқан өзгерістерге сай алдыңғы қатардағы идеялар мен сауатты жазылған әдістемелік құралдар, оқулықтар мұғалімнің технологияның қажетті деңгейде меңгеріп, өз практикасында тиімді пайдалануына мүмкіндік береді. Осы ретте, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын сауатты меңгерген мұғалімдер бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын жоғары деңгейде қалыптастыруында негізгі құрал ретінде қолданылса, нәтижесін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Кусаинов Г.М. Теоретико-методологические основы прогностической модели новой педагогической технологий: автореф... – Усть-Каменогорск: 1999. – 348 с.
2. Қараев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологий обучения: дисс ... д.п.н. – Алматы, 1994. – 345 с.
3. Кобдикова Ж.У. Оқытудың процесін технологияландыру.– Алматы, Ақжелкен мектебі, 2000. – 32 б.
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы: 2002. –180 б.
5. Бейсенбаева З. Жоғары оқу орындарында сөзжасам пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. док.дисс.. Алматы, 2004. – 322 б.
6. Исламгулова С.К. Технологизация процесса обучения в школе: теория и опыт: Практикоориентированная монография и методическое пособие. – Алматы, 2003. – 208 с.
7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
8. Нурахметов Н.Н., Аульбекова Г.Д. Ковжасарова М.Р. Технологии обучения казахстанских авторов. – Алматы: Мектеп, 2005. – 160 с.
9. Ковжасарова М.Р. и др. Теоретические основы построения и реализации технологий обучения. – Алматы: Мектеп, 2005. – 152 с.

МРНТИ: 14.01.11

Ж.Р. Хасанова

ГКП на ПХВА школа гимназия № 75

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

В современном мире иностранный язык становится средством обеспечения человека и всего общества в целом. Уже не возникает вопрос «Зачем нужен иностранный язык?». Мы все чаще сталкиваемся с необходимостью использования иностранного языка в повседневной жизни: работа за компьютером, общение в соцсетях, просмотр видеороликов,

участие в конкурсах и соревнованиях. Кроме того, в современном мире люди стали больше путешествовать, а это прекрасная возможность осваивать другую культуру и в то же время нести свою.

Функциональная грамотность – одно из центральных понятий в образовательном процессе на сегодняшний день – способность человека использовать навыки чтения и письма в условиях его взаимодействия с социумом. Мы помним, что основной целью обучения иностранному языку является формирование навыков свободного общения и практического применения, поэтому можно смело утверждать, что на уроках английского языка учитель работает по всем направлениям формирования функциональной грамотности.

Основная задача учителя – стимулировать речемыслительную активность учащихся, создать ситуативность обучения, другими словами смоделировать такую учебную ситуацию, которая спровоцирует учащихся на спонтанную речь. Основной характеристикой подобных ситуаций является практическая задача: купить билет в кино, сделать заказ в кафе/ресторане, решить, куда пойти/поехать и т.д.

Можно выделить несколько особенностей заданий для оценки функциональной грамотности: задача, поставленная вне предметной области и решаемая с помощью предметных знаний; в каждом из заданий описывается жизненная ситуация; контекст заданий близок к проблемным ситуациям, возникающим в повседневной жизни; ситуация требует осознанного выбора модели поведения; вопросы изложены простым и ясным языком;

используются иллюстрации, таблицы, схемы, диаграммы.

Выделяют следующие направления формирования функциональной грамотности: математическая грамотность; читательская грамотность; естественнонаучная грамотность; финансовая грамотность; глобальные компетенции; креативное мышление.

Разберем на примерах, как можно формировать все направления функциональной грамотности на уроках английского языка.

Формирование математической грамотности на уроках английского языка начинается во втором классе, когда обучающиеся знакомятся с числительными от 1 до 12.

Типовая задача: производить простые вычисления на иностранном языке, характерные для обычной проверки математической подготовки учащихся.

«Ты гостишь у своей бабушке в деревни. Скажи своему английскому другу Бену, сколько домашних птиц есть у твоей бабушки.» Look at the pictures and count the birds.

Ex: Two ducks and two cocks are four birds.

Типовая задача на формирование финансовой грамотности может быть сформулирована так: Look at the picture, read the text and answer the questions.

English Banknotes and Coins

The official currency of the United Kingdom is the pound sterling which is equal to one hundred pence. The British do not use the Euro. Although a few of the big shops will accept Euro, it is rarely used across Britain. English banknotes are issued by the Bank of England. As to coins they are minted also by this state bank. The following coins are in circulation: one penny, two pence, five pence, ten pence, 20 pence, 50 pence, 1 pound, and 2 pounds. The singular of pence is "penny". The symbol for the penny is "p"; hence an amount such as 50p is often pronounced "fifty pee" rather than "fifty pence".

What is the official currency of the U.K.?

What is the smallest unit?

How many pence are there in one pound?

What banknotes in the U.K. now?

Формированию естественнонаучной грамотности способствуют задания типа:

Read the extract from the article in youth magazine and give your opinion. Is keeping animals in the zoo a good idea?

“ ... Zoos help scientists and common people to learn more about animals. They show us how rich the animal world is.

But in zoos they keep animals in cages, and it is very unkind...”

Глобальные компетенции в исследовании PISA понимаются как “способность критически рассматривать с различных точек зрения проблемы глобального характера и межкультурного взаимодействия; осознавать, как культурные, религиозные, политические, расовые и иные различия могут оказывать влияние на восприятие, суждения и взгляды людей; вступать в открытое, уважительное и эффективное взаимодействие с другими людьми на основе разделяемого всеми уважения к человеческому достоинству”. Одну из глобальных проблем – проблему экологии- начинают обсуждать на уроках английского языка в 7 классе. Задание на формирование функциональной грамотности можно сформулировать следующим образом:

You are going to take part in the conference “Green Home”. Say what five important things about ecology we must teach children. Choose one of the ideas and develop it.

«Креативность», «творческий подход», «креативная личность», «творческие успехи», «думать творчески», «проявление креативности» – эти понятия в современном обществе являются показателями профессионализма.

Ведь именно креативность, способность к творчеству и созиданию, мы считаем атрибутом одарённости, таланта, гения.

Самый большой спектр возможностей для развития творческого потенциала учащихся, конечно же, у проектных работ. Учащиеся могут представить результаты своей деятельности в виде постеров, докладов, альбомов, стенгазет, устных журналов, коллажей, презентаций и даже поделок. Одно из самых любимых заданий в 6 классе «Create alien».

Do you know how aliens are look like? Draw alien as you imagine and describe.

Читательская грамотность – это одно из направлений функциональной грамотности и, на мой взгляд, базовое направление.

Какое бы задание не получил учащийся, первое что ему нужно сделать это ПРОЧИТАТЬ задание. В процессе обучения учитель часто сталкивается с проблемами учащихся при работе с текстом. При чем проблемы возникают и при работе с текстом на русском языке, не говоря уже о иностранном.

Одним из самых распространенных заданий, направленных на поиск в тексте конкретной информации, являются задания типа True-False, которые могут быть сформулированы по-разному.

Mark *the correct answer according to the text.

Read the text and choose the statements which are NOT mentioned in the text.

Read the text and decide which of the fact are not stated in the text.

К отличительным особенностям текстов на формирование функционального чтения относятся: большой объем неадаптированного текста; информация представленная в виде рисунков, схем, диаграмм, интегрированные задания; так называемые «несплошные тексты» – театральные билеты, афиши, проездные документы и т.д.

Информация представленная в виде диаграмм вызывает сложности у многих учащихся, поэтому, на мой взгляд, следует чаще использовать подобно типа задания.

Men and women have different tastes in films. Look at the diagram and comment on it using the phrases from the box.

I understand from the chart that...

I'm surprised to see that...

I find it interesting that...

It's difficult to believe that...

I quite agree that...

Применяя задания на формирование функциональной грамотности, учитель способствует повышению мотивации учащихся, расширяет их кругозор, развивает творческие способности, помогает осознать ценности современного мира – всё это необходимо для гармоничного развития личности и дальнейшего взаимодействия с обществом.

Литература

1. Зубарева И.И., Мордкович А.Г. Математика. 6-сынып: Жалпы білім беретін мекемелерге арналған оқулық. – М.: Мнемозина, 2007. – 264 б.
2. Гурова Л.Л. Мәселелерді шешудің психологиялық талдауы / Л.Л. Гурова. – М: Ағарту, – 2016. – 220 б.

МРНТИ14.01.11

И.М. Хасанова

«Бөкенші жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Пәндік апталықтарды өткізу көптеген мектептерде дәстүрге айналды. Бастауыш мектептегі математикадан пәндік апталықтар оқушылардың шығармашылық қызметін ұйымдастырудың ең көп тараған формаларының бірі. Олар оқушыларға математика саласындағы білім мен дағдыларды іс жүзінде қолдануға кең мүмкіндіктер береді, жеке қасиеттердің дамуына ықпал етеді, мұғалімдер мен оқушыларды жақындастырады, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыруға, алған білімдері мен дағдыларының сапасын арттыруға, ой-өрісін кеңейтуге, балалар шығармашылығын кеңінен дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, апталық олардың ұйымдастырушыларына оқушылардың бағдарламалық материалды меңгеру сапасын анықтауға, сондай-ақ білім мен дағдылардағы олқылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Көбінесе пәндік апталар жылына бір рет өткізіледі. Дайындыққа жоғары сынып математика мұғалімдері мен жоғары сынып оқушыларын тарта отырып, барлық бастауыш сынып мұғалімдері қатысады.

Аптаны өткізудегі жетістік көбінесе ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасын құруды, оқушыларды математика апталығына қатысуға дайындауды қамтитын дайындық жұмыстарының қаншалықты уақтылы және сапалы жүзеге асырылатынына байланысты. Мектеп оқушыларының апталыққа деген қызығушылығын арттыру үшін ерекше көзге түскен оқушылардың есімдерін кеңінен жариялап, оларды мадақтай отырып, жарыстар ұйымдастыру керек. Пәндік аптаның жемісті жұмысының таптырмас шарттарының бірі- ашық қорытындылау. Оны нақты жағдайларға байланысты әртүрлі тәсілдермен жасауға болады. Осылайша, пәндік апта алдын-ала жұмыстың нәтижесі болуы керек. Оның формаларының ауқымы әртүрлі-бұл маңызды интеллектуалды жарыстар мен жарқын мерекелер, қызықты жарыстар мен қызықты сабақтар.

Сабақтан тыс жұмыс;

– оқушылардың біліміндегі олқылықтарды түзету, үлгерімі төмен оқушылардың математикалық өзін-өзі оқытуын ынталандыру, танымдық дербестік, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру,

– оқушылардың бағдарламалық материал бойынша білімдерін кеңейту және тереңдету, арнайы математикалық қабілеттерін дамыту, танымдық-іздеу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыруда алатын орны ерекше.

Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар деп оқушылардың математикаға және оның қолданылуына тұрақты қызығушылығын оятуға және дамытуға, оқушылардың математиканың мәдени-тарихи құндылығы туралы түсініктерін кеңейтуге және тереңдетуге, тәуелсіздік пен шығармашылық белсенділікті дамытуға, тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған мұғалімнің қызметі түсіндіріледі. Әрине, бұл жұмыстардың екі түрін де бөлек қарастыруға болмайды, олардың әрқайсысы екіншісінің табиғи жалғасы болып табылады.

Сабақтан тыс сабақтардың ерекшелігі – олар оқушылардың зияткерлік мүмкіндіктерін, олардың танымдық қызығушылықтары мен дамып келе жатқан қажеттіліктерін ескере отырып, таңдалған бағдарламалар бойынша өткізіледі. Жеке немесе топтық бағдарламаларды

таңдаудың алдында үлкен және ауыр диагностикалық жұмыс болуы керек, бұл өзін-өзі оқыту, балалардың өзін-өзі дамыту бойынша түзету немесе дамыту шараларын анықтауға мүмкіндік береді.

Сыныптан тыс жұмыстың екі аспектісі бар: ұйымдастырушылық және дидактикалық. Ұйымдастырушылық іс-шаралар оқушылардың математика сабақтарына деген қызығушылығын оятуға, оларды бұқаралық іс-шараларға, жеке жарыстарға немесе үйірмелердегі сабақтарға қатысуға тартуға көмектеседі.

Дидактикалық аспектінің рөлі – балаға қосымша математика сабақтарында туындайтын қиындықтарды жеңуге көмектесу, пайда болған қызығушылықты, математикалық өзін-өзі тәрбиелеуге деген ұмтылысты қолдау, осылайша әрқайсысының жеке жетістіктері үшін негіз құру.

Сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстар екі негізгі түрге ие: үнемі жұмыс істейтін формалар, мен оларға үйірмелер, факультативтер, клубтар, қабырға мөрі, сырттай викториналар, олимпиадалар және т. б.; эпизодтық формалар, оларға тақырыптық көрмелер, викториналар, кештер және т. б. Осы және басқа да іс-шаралар бөлінбестен жүзеге асырылады, бірақ математика бойынша қосымша жұмыстың бірыңғай, нақты жоспарланған жүйесіне енгізіледі.

Мұғалім қосымша сабақтардың материалы бағдарламалық талаптардан тыс болуы мүмкін екенін есте ұстауы керек, бірақ ешқандай жағдайда балалардың жас, интеллектуалдық және танымдық мүмкіндіктерінен аспауы керек. Математикадан қосымша сабақтарды ұйымдастырудың және өткізудің арнайы принциптеріне оқушылардың ерікті қатысу принципі жатады. Бұл балаларда белгілі бір қызмет түрін және осы қызметпен айналысуға ең маңызды тілекті таңдауға мүмкіндік беретін белгілі бір қызығушылық шеңберінің болуын болжайды. Алайда, еріктілік принципі мұғалімнің барлық оқушыларда, соның ішінде математика сабақтарына әлі жеткілікті көңіл бөлмейтіндерде математиканы оқуға деген қызығушылықты дамыту жұмысын жоққа шығармайды.

Бастауыш мектептегі математика апталары

Мақсаты: білім алушылардың жеке қасиеттерін дамыту және олардың ақыл-ой қызметін жандандыру, шығармашылық қабілеттері мен пәнге деген қызығушылығын қолдау және дамыту, математикалық білімнің күнделікті өмірдегі маңыздылығын саналы түрде түсінуді қалыптастыру.

Мектепте математика апталығын өткізу міндеттері:

1. Оқушылардың математика сабақтарына деген қызығушылығын дамыту.
2. Шығармашылық қабілеті бар оқушыларды анықтау, математика бойынша білімдерін тереңдетуге ұмтылу.
3. Шығармашылық тапсырмалар мен шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды қолдану арқылы сөйлеуді, есте сақтауды, қиялды және қызығушылықты дамыту.
4. Ойлаудың тәуелсіздігін, ерік-жігерін, мақсатқа жетудегі табандылығын, ұжым алдындағы өз жұмысы үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.
5. Қолда бар білімді практикалық жағдайларда қолдана білуге тәрбиелеу.

Математика апталығын ұйымдастыру принциптері:

2. Жаппай болу принципі (жұмыс мүмкіндігінше көп білім алушылар шығармашылық қызметке тартылатындай етіп ұйымдастырылады).
3. Қолжетімділік принципі (көп деңгейлі тапсырмалар таңдалады).
4. Қызығушылық принципі (тапсырмалар көзбен және мазмұнмен назар аудару үшін қызықты түрде жасалуы керек).
5. Бәсекелестік принципі (оқушыларға өз жетістіктерін әртүрлі сынып оқушыларының нәтижелерімен салыстыру мүмкіндігі беріледі).

Математика апталығы оқушылардың танымдық қызығушылығын, жеке, шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту мақсатында өткізілді. Әр бала аптаның барлық іс-шараларының белсенді қатысушысы болады. Балалар өздерін әртүрлі рөлдерде сынап көріп, әртүрлі іс-әрекеттерде өз күштерін сынайды.

Бастауыш сыныпта математика апталықтарында: сыныптарда «нүктеден нүктеге» байқауы,

«Мен және менің сыныбым сандарда» сауалнамасы, «математикалық турнир» (белгілі бір уақыт ішінде балалар өте күрделі математикалық есептер мен мысалдарды шешуі керек, әр сыныпта жеңімпаздар таңдалады.) Әр сынып математикалық қабырға газетін дайындау (онда сіз жұмбақтарды, қызықты есептерді, лабиринттерді шешеді. (Газеттер түрлі-түсті және қызықты болды, олар стендке орналастырылды), математикалық лотерея өткізу, онда оқушылар логикалық есептерді шешіп, жұмбақтар, жұмбақтар шешеді. Сонымен қатар, ауызша санау дағдыларын тексеруге де болады. Сыныптарда «Жылдам есепші»байқауы өткізу,мұнда бәріне санауға тура келді. Белгілі бір уақыт ішінде балалар мысалдарды шешуі керек еді. Әр сыныпта жеңімпаздар таңдалады.Оқушылар «ойын-сауық сандары мен фигуралары» колөнер байқауына қатысса, үзілісте бастауыш сынып оқушылары әр сыныпта «көңілді алаң» ойынын өткізсе, Балалар Танграм бөлшектерінен адамдардың, жануарлардың, құстардың, сандардың, заттардың фигураларын жинайды.

Пәндік апта оқушыларға өздерін тануға және басқалардың арасында өздерін көбірек көрсетуге мүмкіндік берді. Жалпы, бұл шығармашылық ойлауды дамытуға, қорытынды жасауға, оқуға деген ынтаны тәрбиелеуге қызмет етеді.

Әдебиеттер

1. Виленкин Н.Я., Чесноков А.С., Шварцбурд С.И., Жохов В.И. Математика: орта мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – М.: Ағарту, 1990. – 304 б.
2. Зубарева И.И., Мордкович А.Г. Математика. 6-сынып: Жалпы білім беретін мекемелерге арналған оқулық. – М.: Мнемозина, 2007. – 264 б.
3. Гурова Л.Л. Мәселелерді шешудің психологиялық талдауы / Л.Л. Гурова. – М: Ағарту, 2016. - 220 б.
4. Истомина Н. Б. бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі / Н.Б. Истомина. – М.: Академия, 2011. – 288 б.

МРНТИ: 14.01.11

К.К. Шакенова, А.Е. Асайенова

«Приречное жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ДАРЫНДЫ ОҚУШЫМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Дарындылық деген не? Дарынды бала деп қандай баланы айтамыз?

Баланың жас ерекшелігіне қарай қабілетті, белгілі бір іс-әрекетке бейімділігі жас кезінен болады. Бейімділік – бұл адамның белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бетбұрысы, оянып келе жатқан алғашқы белгісі. Демек, бала кезде ерекше көзге түсетін бейімділік келешектегі қабілеттіліктің көрсеткіші бола алады. Ерекше қабілеттілік – белгілі бір әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі.

Адамның ерекше қабілеттілігі оның жоғары туа біткен жеке қасиеттерімен тығыз байланысты.

Табиғи дарындылық дегеніміз не?

Қабілет дегеніміз – тұлғаның кез- келген іс- әрекетті табысты орындауы.

Дарындылық дегеніміз- адамның кез- келген іс- әрекет түріне ерекше қабілетті болуы.

Шығармашылық дегеніміз- адамның өмір шындығында өзін- өзі тануға ұмтылуы, ізденуі.

Данышпандық дегеніміз – қоғам өмірінде тарихи маңызы бар, шығармашылықпен сипатталатын дарындылықтың жоғары деңгейі.

Дарындылық – жеке тұлғаның өте күрделі, көп аспектілі қыры. Олар әр түрлі, бір-біріне

ұқсамайды. Дарынды баланы байқамау мүмкін емес, көпшіліктің ортасында ол өзінің іс-әрекетімен, бейімділігімен, қабілеттілігімен ерекше көзге түседі.

Дарынды балаларды анықтау жолдары:

Барлығымызға белгілі бір сыныпта қабілеті, икемділігі, қызығуы, дамуы, ой-өрісі, сөйлеуі сырт бейнесі әр түрлі оқушылар отырады. Мүмкіндігінше бір сыныпқа оқушылардың жеке қабілеттеріне, бейімділігі мен ой өрісінің дамуы дәрежесіне көңіл бөліп топтаған дұрыс деп есептелінеді. дарындылықты анықтау үшін мектеп психологтары лонгитюд әдісі арқылы әр оқушыны сырттан бақылап, бойындағы жеке дара қасиеттерін анықтауына себебін тигізу қажет деп ойлаймын. . Дарындылықтың негізі ізденіс пен белсенділік.

Дарынды оқушымен жұмыс жасағанда оқушы жанындағы психо-педагогикалық және әлеуметтік жағдайына назар аудару керек. Балаға әсер ететін орындар: ата-ана, мұғалім, қоршаған ортадағы жолдастары. Баланың жанын түсініп, ерік күш-жігерін оятқан кезінде ізденушілікке көңіл бөлу қажет. Оқушының дарындылығын психодиагностикалық әдістемелер жинағы арқылы анықтап, бақылау, әңгімелеу жоспарланған сұрақтар арқылы оқушының сөзді есте сақтау, өз пікіріне дұрыс шешім тауып сөйлемге толық мән беріп жеткізуін байқауға болады.

Дарынды оқушыны анықтап болған соң, оларды дамыту жұмыстары басталады. Яғни баланың мүмкіндігін толықтыру, жүйелеу ғылыми жоба ретінде көмек беруін мұғалім тарапынан көмек көрсетіледі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан қоғамға ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді.

Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын іс.

Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу-ұстаз парызы. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы.

Дарындылық мәселесін зерттеушілердің еңбектері көп болғанымен, дарындылықтың мән-мағынасы жөнінде олар ортақ бір пікірге келе қоймады. Сондықтан да, біз баланың дарындылығы деп, оны өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білім игеру деңгейінің шоғырлығымен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілетінің байқалуы деп түсінеміз. Дарындылыққа педагогикалық энциклопедияда төмендегідей анықтама берілген: «Дарындылық-белгілі бір әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі». В. Крутецкий өзінің математикалық қабілеттіліктің құрылымын зерттеген еңбегінде: «Егер қабілеттіліктер деген ұғымды жеке психикалық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілетінің жиынтығының бірлігі деуге болады», -деп тұжырымдады.

Дарындылық ұғымымен қатар шығармашылық, талант, данышпандық ұғымдары да бар.

Шығармашылық-өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік жасайтын, жеке тұлға бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктіліктің болуы. Талант-қабілеттіліктің ең жоғары деңгейі.

Данышпандық-қоғам өмірінде тарихи маңызы бар, шығармашылықпен сипатталатын дарындылықтың жоғары деңгейі.

Дарынды балаларды анықтау-баланың дамуын таңдаумен байланысты ұзақ процесс. Осы айтылғандарды ескере отырып, дарынды балаларды анықтаудың мынадай ұстанымдары тұжырымдалды:

1. Баланың қызығушылығы мен бейімділігіне барынша сәйкес келетін қызмет аясында баланың іс-әрекетіне талдау жүргізу.

2. Дамытушылық ықпал ете отырып, баланың психологиялық кедергілерін жоюға

мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану.

3. Баланың дарындылық белгісін оның психикалық дамуының нақты деңгейінде ғана емес, сондай-ақ оның болашақтағы даму мүмкіндігін де есепке ала отырып бағалау.

4. Жұмыс нәтижесін талдау, бақылау, әңгімелеу, мұғалімдер мен ата-аналардың сипаттамалық бағалары.

5. Түрлі ақпарат алу көздерін пайдаланып, бала қабілеттерін кең көлемде қамтуға мүмкіндік беретін баланың мінез-құлқы мен іс-әрекетін жан-жақты бағалаудың кешенді сипаты. Білім беру жүйесінде жаңаша мазмұн беру арқылы жан-жақты дамыған шығармашыл, рухани ой-өрісі кең жеке тұлғаны тәрбиелеу міндеті тұр.

Дарынды оқушымен жұмыс істедің негізгі мақсаты-олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқажету оқу бағдарламасын тереңдетіп, оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Дарынды оқушымен жұмыс істетін мұғалімге қойылатын педагогика-психологиялық талаптарды мынадай кезеңдерге бөлуге болады.

1. Мұғалімнің бағыт-бағдарына байланысты талаптар:

– дарынды оқушымен жұмыстыңәдеуметтік қажеттілігін сезінуі;

– оқушыны жақсы көруі және қабілеті жоғары оқушылармен жақсы қарым-қатынаста болуы;

– дарынды оқушымен жұмысқа трақты қызығу таныту және нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай іздеуі;

– дарынды оқушының ата-анасымен тығыз байланыс орнатуы;

– дарынды оқушымен жұмыс кезінде жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылуы.

2. Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар:

– өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білуі;

– қызмет нысанын, яғни бірыңғай педагогикалық үрдісті білуі;

– оқушы дарындылығын моделін білуі;

– жеке тұлға теориясын, оны қалыптастырудың әдіс-тәсілін білуі;

– дарынды оқушыны анықтаудың психодиагностикалық әдіс-тәсілін білуі;

– қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білуі;

– дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгерімге ғана көңіл бөлмей, оның басқа көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлуі.

3. Мұғалімнің іскерлігіне қойылатын талаптар:

– дарынды оқушына анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;

– дарынды оқушыларды оқытуға арналған тереңдетілген бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс жасай білуі;

– оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;

– дарынды оқушыны зерттеуге психодиагностикалық күнделік жүргізуі;

– оқушылармен қарым-қатынасын психологиялық тұрғыдан сауатты орната білуі;

– дарынды оқушының ғылыми-ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі.

Оқушының дарындылығын анықтауда төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолданамыз:

– баланың отбасы жағдайын зерттеу;

– шығармашылық қабілетін анықтау;

– сауалнамалар, психодиагностикалық тренингтерді өткізу;

– ата-анасымен әңгімелесу;

– пәндік олимпиадаларға, ғылыми жоба жарыстарына, пікір сайыс ойындарына қатыстыру.

Осы айтылған тұжырымдарды қорыта келе, дарынды балалардың қабілетін дамытудың келесі жолдарын іріктеп алуға болады:

1. Сабақтар, ОҚҒ-ның жұмысы;

2. Пәндік үйірмелер;

3. Тіл мерекесі;

4. Абай оқулары;

5. Олимпиадалар;
6. Интеллектуалдық ойындар, дебат (пікір сайыс) клубы;
7. Ғылыми-практикалық конференция (ізденімпаздық жұмыс, зерттеу жұмысы, рефераттар қорғау, жоба қорғау);
8. Оқушылардың білім деңгейлерін арттыру (мұражайға бару, белгілі адамдармен кездесу);
9. Шеберлер байқауы (ақындар айтысы, шешендер сайысы, би үйірмесі, шебер қолдар үйірмесі);
10. Оқушылардың аудандық, облыстық, республикалық шығармалар, жобалар байқауларына қатысу.

Әдебиеттер

1. Виленкин Н.Я., Чесноков А.С., Шварцбург С.И., Жохов В.И. Математика: орта мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – М.: Ағарту, 1990. – 304 б.
2. Зубарева И.И., Мордкович А.Г. Математика. 6-сынып: Жалпы білім беретін мекемелерге арналған оқулық. – М.: Мнемозина, 2007. – 264 б.

МРНТИ: 14.01.11

Н.Б. Ыдырышова, Ж.О. Балгабаева
«№ 48 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЫЛДАМДЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Оқу дегеніміз-екі жағын бөліп көрсетуге болатын күрделі психофизиологиялық үдеріс:

1) мағыналық жағы – оқылған мәтіннің мазмұнын және мағынасын түсіну, ұғыну;

2) техникалық жағы – (мағыналық жағына бағынатын, оған қызмет көрсететін) оқудың жылдамдығы (қарқыны), дұрыстығы мен мәнерлілігі.

Оқу техникасы бірнеше элементтен тұрады:

- оқырманның мыналарды ұғынуын көздейтін оқудың мағыналылығы:

- мәтінде тура және ауыспалы мағынада қолданылатын сөздердің басым бөлігінің мағыналары;

- мәтіннің құрамына кіретін әрбір сөйлемнің мазмұнын, сөйлемдердің арасындағы мағыналық байланысты ұғыну;

- мәтін мазмұнының жекелеген бөліктері (абзац, эпизод, бөлім) мен олардың мағынасы (яғни не туралы айтылғаны ғана емес, онымен не айтқысы

- келетіні туралы);

- толық мәтін мазмұнының негізгі мағынасы, яғни сол мәтінді сезіну және оқылғанға оның көзқарасы;

- дұрыс оқу: оқырман қателіктерді жібермеуге тырысады немесе керісінен, әріптерді (дыбыстарды) ауыстыру, өткізу, орнын ауыстыру, қосу, бұрмалау, қайталау; мәтін сөздеріне дұрыс немесе қате екпін жасау;

- оқудың мәнерлілігі: оқылған мазмұнға сүйене отырып, кідірісті негізді түрде пайдалануда көрінеді (логикалық-грамматикалық, психологиялық, ритмикалық – өлең оқыған кезде). Логикалық және психологиялық екпін жасау, бір жағынан тыныс белгілері арқылы қажетті интонацияны табу, жеткілікті қатты және түсінікті оқу.

- Оқу жылдамдығы (қарқыны): минутына айтылған сөздердің санымен сипатталады.

- Сонымен, оқу жылдамдығы оқу техникасының құрамды бөлігі ғана болып табылады.

Оқу жылдамдығы оқу әдісіне байланысты (бірқалыпты буындық, жекелеген сөздерді оқи отыра бір қалыпты буындық, тұтас сөздерді және сөз топтарын оқу).

Оқу жылдамдығы дегеніміз – белгілі бір уақыт ішінде оқылған мәтіннің көлемі. Мәтін көлемі – бет, сөз, буын түрінде анықталады.

Бастауыш мектепте оқу әрекетіне байланысты оқушылардың төменгідей білімі мен білігі терсеріледі:

– Оқу кезінде (дауыстап немесе ішінен) оқығанды қабылдау дағдысы;

– Мәнерлеп оқу, мәтінді мазмұндап беру, прозалық және поэзалық шығармаларды жатқа айта алуы.

– Оқылған мәтін бойынша оқушының түсінігі;

– Оқу тәсілі, оқу дұрыстығы, оқу мәнерлілігі;

– Сөйлеу дағдылары және мәтінмен жұмыс істей алуы.

Шапшаң оқуға балаларды 1-сыныптан бастап баулу керек. Себебі, оқу жылдамдығы төмен бала өз сыныптастарына қарағанда үй тапсырмаларын орындау барысында оқып-түсіну үшін көп уақыт жұмсайды, шаршайды, оқуға деген ықыласы төмендеп, өзіне сенуден қалады. Нәтижесінде баланың оқу көрсеткіштері нашарлап, эмоциональдық күйзеліске ұшырап, оқуға мүлдем құлқы болмайды.

Сондықтан баланы алғашқы сабақтардан бастап әр түрлі әдістемелері арқылы тез оқу әдісіне машықтандырып, көп еңбек етіп, қызығушылығын тудыру керек. Тез оқу әдісіне қандай факторлар кедергі келтіруі мүмкін:

1) тақырыпты оқып шықаннан кейін, не туралы оқығанын түсінбеуі;

2) сөздің астарын, мағынасын түсінбеуі;

3) регрессия – көздің оқу кезінде қозғалу жылдамдығы, 1 сыныпта;

4) көру аймағының аздығы, бұл дегеніміз бала көзінің қозғалтпай отырған кездегі, көзге жақын көрініп тұрған аумақ немесе кітап бөлігі;

5) артикуляция, яғни жай ежіктеп оқу барысында, дауысын шығарып, оқу процесіне есту аппаратының (құлағының) қосарланып қатысып отыруы.

Міне осы факторлардың бәрін ескере отырып ең бірінші баланың көруі арқылы есте сақтау қабілетін дамытуға ерекше көңіл бөлу керек.

Ол үшін сабақтарда:

1) түрлі суреттер топтамасын пайдаланып, көрсетіп, балалардан 1 секунд ішінде жаттап алған нәрселерін сұрау

2) екі бағанға сөздер жазып, балаларға көрсетіп, оқытып қайталап сұрау

3) мағынасы қарама-қарсы сөздерді айтқызып жарыстыру

4) өткен тақырыптарды қайталап сұрап тұру

5) тақырыптың кез келген сұрақ қойып, жауабын тез тауып айтуға жаттықтыру

6) жаңылтпаштар оқыту

7) оқу жылдамдығын салыстырып, жиі жарыстыру, көрсеткіштерін күнделікке жазу

8) таныс тақырыпты оқытып, тез басқа таныс емес тақырыпқа көшу

9) тіркес немесе біріккен сөздерді жазғызып олардың қандай сөздерден құралғанын сұрау

10) берілген әріптерден сөз құрастыру; кім көп сөз, әрі кім тез?

Осындай әр түрлі жаттығулардан кейін, баланың оқуға деген құлшынысы артып оқуға белсене қатысып, өзінің оқуға тез бейімделе бастағанын байқамай қалады.

Баланы тез оқи білуге үйрету, бұл бүкіл білім беру ісінің негізгі фундаменті болып табылады. Өйткені бала әрі қарай осы оқу әдісін меңгеруіне байланысты әр түрлі пәндерді тез оқып, үйреніп, игеріп кетеді.

Баланы қалай тез оқуға үйретуге болады?

Оқу дағдысы- бұл оқудың негізі, мектепте жақсы оқудың шарты болып табылады. Осы кітапшада келтірілген жаттығулар оқушының оқу деңгейін, жылдамдығын көтере алуға көмектеседі. Оқу - балалар үшін өте күрделі процесс. Мұнда зейін, қиял, есту және дыбыс катализаторлары қатысады. Оқу жылдамдығы сөйлеу жылдамдығына жақын болу тиіс.

Мектепте оқу жылдамдығы төмен балаға жаңа материалды меңгеруге қиынға соғады. Себебі ол есептің шартын оқығанша, тез оқитын бала есепті дәптерге көшіруге үлгереді. Оқу жылдамдығы үлгерудің басты факторы болып табылады. «Оңтайлы оқу» деген ұғым бар, минутына 120-150 сөз оқу, тек осы қарқында ғана оқушы материалды жақсы меңгере алады.

Балаларда баяу оқудың негізгі себептері:

1. Зейін және есте сақтаудың төмен деңгейі (бала төртінші сөзді оқығанда, бірінші сөзді есіне түсіре алмайды және де оқығанның мағынасын түсіне алмайды). Зейін оқу процессінің қозғаушысы. Баяу оқыған бала, зейінді басқа нәрсеге аударады, мәтінге қызығушылығы жоғалады, оқу механикалақ түрде болады. Мағынасы есте сақталмайды. Үйде ата-аналар есте сақтау қабілеттерін жиі дамыту жұмыстарын өткізу қажет.

2. Көрудің оперативті көлемнің төмендеуі. (бала көзімен бүкіл сөзді емес, тек қана екі, үш әріпті көре алады.).

3. Сөздік қоры аз.

4. Регрессия – бұл көздің қайтымды қозғалысы. Көптеген балалар өздері байқамай сөзді екі рет оқиды.

5. Артикулянды аппарат дамымаған.

6. Жасына сай емес тандалған туындылар.

Баланы есті, тез және мәнерлеп оқуға қалай үйретуге болады?

Келесі әдіс пен жаттығулар ұсынылады:

Жартысы

Дидактикалық материал дайындаңыз. А4 парағына екі немесе үш буынды сөздерді жазыңыз, үлкен. Мысалы, «мысық», «қасық», «қыз». Содан кейін парақтарды кесіңіз, осылайша сөздер екі жартыдан бүктелуі мүмкін. Карталарды араластырыңыз. Жылдамдық үшін сөздердің бөліктерін тауып, біріктіруді ойнақы түрде ұсыныңыз. Бірақ бұл жерде жылдамдық ең маңызды емес. Дұрыс өткізілген сабақ қиялды, есте сақтауды дамытады.

Миссия «Эксператор». Лексикалық материал ата-анамен бірге оқылады. Ересек адам балаға қиын немесе тым оңай болмайтындай қарқынды таңдайды. Екі-үш сөйлем хормен оқылады, ата-ана үнсіз қалады, үнсіз оқуды жалғастырады. Бала да тоқтамайды, белгіленген жылдамдықты сақтауға тырысып, өзі оқиды. Бір-екі сөйлемнен кейін ересек адам мәтінді дауыстап айта бастайды. Оқушы жылдамдығын бәсеңдетпесе, ата-анасымен бірдей оқиды. Бұл жаттығуды жұппен жасауға болады. Балалар рөлдерді бөліп береді. Күшті оқушы сүйреткіш рөлде ойнайды, ал әлсіз оқушы оның артына тартады. Осы схемаға сәйкес алғашқы сабақтар үшін кеңесті пайдаланыңыз: дыбыссыз оқу сәтінде саусағыңызды мәтіннің үстінен жүргізіңіз. Мықтының соңынан ерген оқушы серіктестің шапшаңдығына, оның жылдамдығына назар аудара отырып, дауыстап оқи береді.

Сөз, жол іздейді. Ойынның мағынасы: оқушы мәтіндегі бір әріптен басталатын барлық сөздерді табады. Тұтас сөз тіркесін іздеу тапсырманың күрделі нұсқасы болып табылады. Жаттығу зейінге үйретеді, мидың сол жақ жарты шары – тілін дамытады.

Әріптерді енгізу. Екінші сынып оқушысына түсіп қалған әріптері бар мәтін ұсынылады. Оны оқып, түсіну үшін жалғауларды, префикстерді ойластыру керек. Бұл болашақта мәтінді қабылдау жылдамдығын жылдамдатады, әріптерді тұтас сөздерге біріктіруге көмектеседі.

Катені түзету. Мұғалім мәтінді оқиды, балалар соңынан ереді. Мұғалім сөз соңында, түбірде, т.б. әдейі қате жібереді. Оқушының міндеті – катені түзету.

Жылдамдықпен оқу. Бастауыш сынып оқушысы оқу техникасын өз бетінше өлшейді, минутты белгілейді, табыс күнделігін жүргізеді. Әдетте, екінші сыныпқа дейін балалар кем дегенде 70 сөз, үшіншіде - 100, төртіншіде - 120 сөз оқиды.

Біз оқимыз, санаймыз. Бастауыш сынып оқушысы мәтінді оқып, берілген дыбыстарды санайды. Мысалы, мына өлеңдегі «о» дыбысының санын табыңыз.

Көру өрісін кеңейту. Шүлге үстелі. Көру бұрышын арттыру үшін қажет. Екінші сынып оқушылары үшін кестенің мына нұсқасын пайдаланыңыз:

Бала өз көздерімен сандарды ретімен іздейді: 1-ден 25-ке дейін, мысалы, тек қара немесе тек қызыл. Уақытты жазыңыз, оны біртіндеп шектеңіз. Кестедегі сандарды іздеу

сөйлеу жылдамдығын арттырады, өйткені студент перифериялық көру қабілеті бар сөздерді көбірек көреді, яғни оларды алдын ала санадан тыс оқиды.

Әдебиеттер

1. И.А. Зимняя. Педагогикалық психология. Оқулық. Алматы. 2005. 123 б.
2. А. Қойшыбаева. Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыру. / «Қазақ тілі мен әдебиеті», № 7. – 59-61 б.
3. Ә. Рамазанқызы. Оқушылардың белсенділігін арттырудың тиімді жолдары/ «Қазақ тілі мен әдебиеті», № 3, 49-52 б.
4. Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы. 2004. 420 б.

МРНТИ: 14.01.11

Н.С. Ахметкалиева
«Тана мырза орта мектебі»КММ

ҚАЗАҚ ОТБАСЫ ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕСİNДЕ ОТАНСҮЙГІШТІК СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Отбасы – адам баласы тарихи дамуының барысында қалыптасқан және үздіксіз дамып келген. Ол-алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау кезінде пайда болған әлеуметтік топ және шаруашылық негіздерінің бірі. Отбасы тәрбие үрдісінде жеке бастың адамгершілік белгілері, гуманизм сезімі, қайырымдылық, сезімталдық, ұлттық рухани дүниетаным, парасаттылық, ұқыптылық, жауаптылық, әдептілік, кішіпейілділік, мейірімділік, еңбек сүйгіштік және т.б. қасиет сапалар қалыптасады.

Отбасы туралы философ, педагог, психолог, әлеуметтанушы, мәдениеттанушы, т.б. ғалымдар анықтама беріп, еңбектер жазып, осы проблеманың негізін қалаған. Отбасы бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келді. Сондықтан ол адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан отбасылық өмір жеке адамның азамат болып өсуінің негізі [1].

Мәселен, қазақтың халық педагогикасының алғашқы іргетасын қалауға негіз болған Әл-Фараби, А.Яссауи, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Асан Қайғы, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри, Қазтуған, Шалкиіз, Үмбетай, Сыпыра, Доспамбет, Бұқар жырау, Жиёмбет, Марғасқа және т.б. көптеген ақын-жыраулардың інжу-маржан мұралары отбасы тәрбиесінің құралына айналып, ата-аналардың сана-сезімін оятты [2].

Отбасында адам өмірге келеді, тәй-тәйлап басады, бірінші қуанышы мен қиындығын кездестіреді, өседі, өнеді, одан үлкен өмірге аттанады. Осы жерде көптеген сұрақтар туындайды. Олар: Отбасы деген не? Оның мәні неде? Қоғамда қандай рөл атқарады? Әр адамға не береді? Осы сұрақтарды жан-жақты қарастырып, шешу кезінде көптеген ойшылдар, ғалымдар атсалысқан. Мысалы: ежелгі грек ойшылы Платон «Адамдар отбасын құру үшін болашақ өмірдегі серігінің қандай отбасынан шыққанын, оның әке- шешесі мен ата-бабаларын жақсы білуі қажет» деген екен Ал, Аристотель болса, «отбасы

- адамдардың қарым-қатынастарының ең бірінші түрі және ол мемлекеттің бірінші кішігірім бөлігі» деп санаған.

Отбасы проблемасына Батыс Еуропа ағартушылары да аса мән берген. Мәселен, француз ағартушысы Ж.Ж. Руссо: «Барлық қоғам біткеннің ең арғысы және бірден-бір табиғиы - отбасы» деген, ал швейцарлық И.Г. Песталоцци отбасының басты мақсаты балаға бастауыш білім, еңбек, ақыл-ой, дене тәрбиесін беріп, жан-жақты және үйлесімді дамыту деген.

Фихте отбасының негізі – махаббат десе, Гегель бірінші болып отбасы мен некенің тарихи формаларын көрсеткен. ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысынан бастап отбасына деген тарихи көзқарастар толықтырыла түсті. Мысалы, 1877 жылы шыққан «Ежелгі қоғам» атты кітабында Л. Морган отбасының тарихын, оның некелік қарым-қатынасын, экономикалық, әлеуметтік дамуын және қызметін қарастырған.

Отбасы бір жағынан тәлім-тәрбие институты болса, екінші бір жақтан – қоғамдық құрылымның аса маңызды бөлігі болып табылады. Әлеуметтанушы ғалымдардың ішінде егер Е.Петровский отбасының аса маңызды қызметі қоғамның өмір сүруіне себепкер болуында десе, Я.Шеманский отбасы тәрбиелеу, мәдениетті дамыту, және өмір тәжірибелерін ұрпақтан-ұрпаққа өткізіп беретін институт деп атайды, ал М.С. Каган отбасы адамдарының қарым-қатынасын реттейтін, адамның өзін тудыратын институт ретінде келтіреді .

Жоғарыда аталған авторлардың «отбасы» ұғымына берген анықтамаларын былайша топтастыруға болады: Отбасы – қоғамның бір ұяшығы, оның белгілі бір институты; Отбасы – жеке тұрмыстың негізгі құрылу формасы; Отбасы – некелік байланыс; Отбасы – ата-аналардың көпсалалы қарым-қатынасы.

Әдетте отбасының басты міндетінің бірі - бала тәрбиесі. «Тәрбие» «раб», «риба» деген араб сөздерінен шыққан. Бала өсіру, асырау, арттыру, көбейту, тәрбиелеу, реттеу, арылту, басқару, жауапкершілікке алу деген мағыналарды білдіреді.

Отбасы тәрбиесі туралы алғашқы педагогикалық түсініктер мен идеялар халық педагогикасында пайда болған. Қазақ халқының ежелгі салтында баланы жастай әдептілік, мәдениеттілік сияқты қасиеттерге ата-анасы тәрбиелейтіні белгілі.

Көргенді отбасының баласы парасатты, талғамды, ақылды болып өседі. Керісінше, көргенсіз отбасының баласы тәртіпсіз, әдепсіз, даңғой, ойсыз, дарақы болып өседі. Сонымен әр баланың алғашқы ұстазы, тәрбиешісі әкесі мен шешесі. Баланы бастан әдептілікке тәрбиелеу ата-ананың негізгі борышы.

Ұлттық тәрбиені іске асыруда қазақ халқының ғасырлар бойғы жинақтаған тәжірибесінің үлесі мол. Ойшыл ғалымдар, ақындар, шешен – билер, жыраулар, ағартушылардың мұралары жастарды рухани мәдениетке, өмір сүру дағдыларына, сонымен бірге отбасын құруға тәрбиелейді. Қазақ отбасындағы дәстүрлі тәрбиенің дамуына мән беретін болсақ, сонау ерте кездегі Қорқыт ата тағылымына көңіл аударғанымыз дұрыс.

Ол отбасындағы әке мен ананы құрметтеу, ондағы жарасымды қарым – қатынас, ұл мен қыз тәрбиесіне ерекше мән берген. Мысалы, «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман», «Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас», т.б.

Ойшыл данышпан, ғалым Әл-Фараби «Отбасы» ұғымына мынадай анықтама береді:

«Үй белгілі бір бөлшектерден құралады, солардың арқасында гүлденеді. Бұлар саны жағынан төртеу: ері мен әйелі; қожайыны мен қызметшісі; әке - шешесі мен баласы; мүлкі мен мүлік иесі. Кімде – кім бұл бөлшектер мен бірлестіктерді басқарса, ол адам үйдің билеушісі және әкімі болады. Оны «қожайын» деп атайды», - деп отбасын оның құрылымдық бөліктері тұрғысынан сипаттайды.

Қазақ отбасы тәрбиесіндегі дәстүрлерін, мәселен, отбасында бала тәрбиесінде ұлттық дүниетанымды қалыптастыруда күнделікті өмірде тәрбие құралдары: ұлттық ойындар, ертегілер, санамақ, мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар т.б. ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалануда, ырым-тыйым сөздер арқылы жас ұрпақты ойшылдыққа, әдептілікке, адалдыққа, батылдыққа, кішіпейілдікке, сезімталдыққа т.б. қасиеттерге баулыған ұлттық рухани қорына өз үлесін қосары анық [2].

Қазақ халқының әдет-ғұрпында отбасына ұл баланың келуі «Ұл туғанға, Күн туған» деп ерекше оны бақыт санаған. Оның себебі қазақта отбасының жалғасы, шаңырақтың иесі ұл бала болыр есептеледі. Халқымыз ұл бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Оны мал бағуға, шөп және отын шабуға, аң аулауға, мылтық атуға, мергендік құруға, қолөнер шеберлігіне үйренуге, мал тауып, отбасын асырауға әкелері үйреткен. Ата-бабамыз ұлды өздеріндей еңбексүйгіш, малсақ, жауынгер, әнші, күйші, аңшы, құсбегі – бесаспап азамат етіп тәрбиелеуді мақсат еткен.

Көптеген тарихи тәжірибелерден сол кездегі отбасы тәрбиесіндегі отансүйгіштік сезімінің қалыптасуына ата – ана, ауыл – аймағының ықпалының күшті болғанын көреміз. Ендеше өсіп келе жатқан жас буынның бойында отансүйгіштік сезімінің қалыптасуына отбасындағы тәрбиенің ықпалын елемей қоюға болмайды.

Қазіргі жағдайда патриотизм жаңа сипатқа ие болды, өйткені Қазақстанда бірнеше ұлт өкілдері өмір сүріп, «Қазақстан» деген мемлекетке бірікті. Міне осы барлық ұлт өкілдеріне қазақстандық отансүйгіштік сезімді қалыптастыру – қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Елін сүю - әркімнің жеке ісі, өз арының ісі. Сондықтан да жас ұрпақты отанды қастерлеу мен ардақтауға, халқының мүдде – мақсатын қорғай білуге тәрбиелеуде отбасының ролі зор.

Бауыржан Момышұлы «Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман – саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екендігі, мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, жеке адамның өткенін, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым – қатынасы барлық жағынан біріктіреді» - деп терең әрі жан – жақты анықтама береді.

Б. Момышұлы айтып отырған белгілердің педагогикалық негізі (тұлғаның патриоттық сана – сезімін қалыптастыру, патриоттық іс - әрекетін ұйымдастыру, мінез – құлқына патриоттық сипат беру) отбасындағы тәрбие ісінің өзегі болуы керек.

Қазақ отбасындағы тәрбие ісі ғалым Ш. Ахметовтың «Қазақ халқының бала тәрбиелеу дәстүрі» атты мақаласында негізінен басты-басты сегіз мәселені қамтыған. Біріншіден, тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуді көздеген. Хат білмесең де әдепті бол дегенді басты міндет етіп қойған. Екіншіден, мейірімді болуға тәрбиелеген.

Үшіншіден, тіл алғыш елгезек бол деп үйреткен. Бұл еңбекке баулудың алғашқы көрінісі болатын. Төртіншіден, адалдық пен шындыққа баулуды көздеген. Бесіншіден, білгір бол, ғалым мен ұстаздың, көпті көрген қарияның сөзін тыңда, ақпа құлақт болма, құйма құлақ бол дегенді бойларына сіңіре білген. Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы сыйлауға үйретуді басты міндет етіп қойған. Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспа дейді халық тәрбиесі. Бұл кемшілікті айтпа деген сөз емес, қаріп-қасерлердің табиғи кемшілігін (мұрны пұшық, көзі қисық, аяғы ақсақ деген сияқты) көрсетпе деген сөз. Сегізіншіден, ел қорғаны, батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнерінді соған жұмса дегенді үйретеді [3].

Әсіресе, ұл баланы елін, жерін, халқын қорғауға ерекше тәрбиелеген. Ол үшін ұл бала тәрбиесінде жас кезінен ауыз әдебиеті шығармаларын, оның ішінде батырлар жырын кеңінен пайдаланған.

Бұл жөнінде М. Ғабдуллиннің «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» атты еңбегінде нақты мысалдар берілген. Батырлық жырларда ел қорғау, басқыншыларға қарсы күресу кезінде көрсеткен батырлардың ерліктері жырланады, батырлардың отбасына, еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі шынайы патриоттығы дәріптеледі, көбінесе бірегей ұлға зар болған қарт ата-аналардың арман-тілегі орындалады (Алпамыс, Қобыланды, т.б) [4].

Қазақ мақалдарында ерлік, батырлық, ержүректік, азаматтық, халық игілігі үшін еңбек ұғымымен жанаса айтылып отырады. Жігіттің ерлік қасиеттерін сипаттайтын гендерлік лексика: ер, ел, ат, батыр, намыс, ерлік, азаматтық т.б. Ел, ер туралы сөйлегенде халық бұл екі ұғымды бір-біріне тығыз қабыстыра айтады. Мысалы: «Ер сүрінбей ел танымас», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» т.б. Халық еліне, отанына еңбегін сіңіріп, өмірін соның игілігіне арнап ел сынына төзе білген адам ғана ер болады деп түсінеді. «Ердің сыншысы елі» деген.

Әр жас ұрпақтың бойында өз Отанына, еліне деген алғашқы сезімнің, сүйіспеншіліктің дамуына оның алған тәрбиесінің, өскен ортасының әсері ерекше. Бұл жерде ата-ананың атқарар міндеті өте зор. Елдің ертеңін ойлар, тәуелсіз елдің тірегі болар патриоттарды тәрбиелейтін орда – отбасы.

Әдебиеттер

1. Қоянбаев Р. Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі. – Алматы: Рауан, 1990. – 136 б.
2. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы: Қайнар, 1996. – 288 б.
3. Қ.Т. Атемова. Түркі ғұламалары мұраларындағы отбасы тәрбиесі идеяларының қалыптасуы мен дамуы (IX-XII ғ.ғ.): автореферат, педагогика ғылымдарының докторы. – Алматы, 2010

МРНТИ:14.01.11

А.К. Ахметова, А.Б. Турспекова

«№ 38 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» КММ

ЖАҢЫЛТПАШТАРДЫҢ БАЛА ТІЛІН ДАМУЫ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Біздің әрқайсымыз бала кезімізден жаңылтпаштармен жақсы таныспыз. Сонымен, жаңылтпаш деген не? А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде жаңылтпашқа мынадай анықтама береді: «Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталады». Ол өзінің зерттеулерінде халқымыздың сөйлеу тілін дамытатын басты құрал – жаңылтпаш жанры екендігін атап өтеді [1].

Қазақ әдебиетінде жаңылтпаш жанрының ғылыми маңызына алғаш рет назар аударып, зерттеген адам – С.Сейфуллин еді. Ол 1931 жылғы жазған «Қазақ әдебиеті» атты зерттеуінде былай деп жазады: «Жастардың, бала-шағаның жиналып ойын-күлкі «дүкенін» құрған орында айтылатын айтыстың бірі – жаңылтпаш. Бұл да – ертеке, өлең, жұмбақ айтысу тәрізді жастардың, балалардың тіл ұстауларына, ойнақы, қырлы сөздерді қақпақылша атқылап, билеп еркін сөйлеуге төселулеріне өз әлінше әдемі сабақ, тәжірибе болатын ойын кітапта» [2].

Жаңылтпаштың тәрбиелік мәні мен атқаратын қызметін айқын аша отырып оның ойындық сипатына да назар аударады. Яғни, жаңылтпаш жеке баланың ермегі емес, ол – көбінесе жұрт жиналған жерлерде балалардың тез де, жаңылыссыз, дыбыстарды анық сөйлеуіне дағдылануына үйрететін өлең-ойын. Оның ойындық сипаты балалардың бір-бірімен жарыса кезекпе-кезек айтысуында жатыр.

Балалар ауыз әдебиетін жинаушы әрі зерттеуші С. Сейфуллин өзінің «Жұмбақ айтысу»,

«Жаңылтпаш», «Балалар ойыны», «Жастық ойын, күлкі өлең тақпақтары» деген еңбектерінде бастан-аяқ балалар ауыз әдебиетіне тән мұраларға ғылыми талдаулар жасаған [2].

«Жаңылтпаштың сөздері айтуға қиын, көбінесе ұяң, қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады. Жаңылтпаштың әрбір сөзі шапшаңдата, тездете айтылуға тиіс. Ол әрбір сөзді жылдамдата айтумен қатар нақышына келтіре, мүлт кетпей оралымын таба айтуға тиіс», - деген ғалым М.Ғабдуллиннің пікірінде жаңылтпаштардың тәрбиелік мәнінің жоғары екендігін дәлелдей түседі [3].

Зерттеуші педагог С.Ұзақбаева «Балалар ойынының қызықты да пайдалы түрлерінің бірі – жаңылтпаш. Жаңылтпаш жастайынан балаға ана тілінің бай қорын игеруге, таза, майда, анық әуенді, көркем сөйлеуге көмектеседі, сөзді қастерлеуге тәрбиелейді», - дейді. Өйткені халық баласының тілін ширату үшін, оған сөз үйретіп, дүниетанымын кеңейту мақсатында жаңылтпаштарды пайдаланып келген [4].

Ғалым зерттеуінде айтылғандай, бұл дыбыстарды айту қиын, тез айтылатын күлкілі әзілмен арнайы ойластырылған фраза. Дикцияны дамыту үшін бізге жаңылтпаштар қажет,

олар сөйлеу ақауларынан арылуға көмектеседі, дыбыстар мен сөздерді нақты айтуды үйренуге көмектеседі, сонымен қатар олар көңіл көтерудің жақсы тәсілі. Дикцияға арналған жаңылтпаштардың ерекшелігі – оларда оңай айтылмайтын күрделі дыбыстары бар сөздер таңдалады.

Жалпы, жаңылтпаштардың пайда болуының нақты уақыты анықталған жоқ, бірақ олар ежелгі уақытта пайда болған, бұл туралы бірқатар мәтіндердің мазмұны айтады. Көптеген фольклорлық жинақтарда жаңылтпаштар бөлімі бар, бірақ, әдетте, ол аз. Қазақ халқының құпиялары, мақал-мәтелдері, сөз тіркестері бай тарихқа және жүздеген дереккөздерге ие, ал жаңылтпаштар туралы әдебиеттер өте тапшы.

Көңілді жаңылтпаштарды үйрену кезінде жағымды эмоция сізге адамдармен қарым-қатынасты ыңғайлы ұйымдастыруға және мәжбүрлеусіз оқып үйренуге және айтуды дамытуға мүмкіндік береді. Әрбір жеке жаңылтпаш дыбыстар мен сөздердің кездейсоқ жиынтығы емес. Ол белгілі бір дағдыларды үйретеді, белгілі бір проблемалық дыбыстың айтылуын шыңдайды.

Жаңылтпаштар сөйлеу аппаратын дамытады, оны жетілдіреді, дамытады. Сөйлеу дұрыс, мәнерлі, айқын және түсінікті болады. Бұл жаңылтпаштардың басты мақсаты, бірақ жалғыз емес.

Жаңылтпаштар міндетті түрде тез айтылатынына қарамастан, олар бізге түсінікті болу үшін сөз тіркестерін соңын жеп қоймай баяу айтуды үйретеді.

Жаңылтпаштарды біле отырып, адам айтқандарын мағыналы түрде қабылдауға, әр сөзді өлшеуге, егер буын болмаса, сөз тіркестерінің арасындағы байланысты сезінуге, интонацияда, мағынада өте нәзік нюанстарды алуға үйренеді.

Ол сонымен қатар сөйлеуді ғана емес, тыңдауды да үйренеді. Бұл өте пайдалы. Кейбір балалар қайта сұрағанды ұнатады, олар шашыраңқы және ұқыпсыз. Жаңылтпаштарды тыңдау олардың тыңдайтын нәрселеріне көңіл бөлу қабілетін жақсартады. Тек есту ғана емес, айтылғанның мағынасын түсіну.

Жаңылтпаштар баланың сөздік қорын кеңейту және байыту үшін тамаша негіз болады. Психологтар гиперактивті балалармен жұмыс жасау кезінде жаңылтпаштарды қолдануға болады деп санайды, өйткені дұрыс айтылу үшін зейін мен назарды ұстау керек. Балалардың сөйлеуін дамытудың көптеген әдістері бар. Бірақ жаңылтпаштар, соның ішіндегі ең көне, ең қызықты және олардың ішіндегі ең қол жетімдісі.

Қазірдің өзінде таңдалған немесе өздігінен ойлап табылған жаңылтпаштармен жұмыс істеу әдісі өте танымал: әр сөздің және әр дыбыстың баяу және айқын айтылуынан бастап, бүкіл тілдің ең айқын және тез айтылуына дейін.

Ойлау процестерін жақсарту үшін жаңылтпаштарды есте сақтау кезінде қолдың моторикасы көмектеседі. Әр сөз немесе буын үшін: саусақтарды жұдырыққа қысыңыз; саусақтарды кезекпен бүгiңiз; қиял пернелерін саусақтарыңызбен басыңыз (әрқайсысы өз кезегінде); үстелге алақан соғу; допты лақтырып, оны екі қолыңызбен ұстаңыз; допты бір қолыңыздан екінші қолыңызға лақтырыңыз; допты бір-біріне лақтырыңыз; алақандарыңызды соғыңыз, қармен ойнағандай алақандарды ауыстырып соғыңыз.

Қиындық туындаған жағдайда жаңылтпашты бірнеше бөлікке бөліп, әрқайсысын жеке-жеке жаттаңыз. Сол сияқты, айту қиын сөзді бөлуге болады.

Жаңылтпаштарды ойындарда қолдануға болады:

«Кім жылдам?»: жүргізуші ең қиын жаңылтпаш таңдап, оны баяу және анық дауыстап айтады. Содан кейін ол ойын қатысушыларына қарап: оны кім тез оқиды? деп сұрайды. Мұны істегісі келетіндердің біріне мүмкіндік беріледі. Осыдан кейін жаңылтпашты кім тез оқи алатындығы анықталады. Бірінен соң бірі ойнайтындар бір-бірін алмастырады, тілдің тез және дұрыс айтылуында бәсекелеседі. Жеңімпаз – шатаспай немесе жаңылтпашты ең жылдам әрі таза оқитын адам.

«Паровоз»: әр қатысушыға ойын ұйымдастырушы таңдалған жаңылтпаштардан бір сөзден таратады. Осыдан кейін бүкіл топ әр сөзін дәйекті түрде атай отырып, жаңылтпашты

мүмкіндігінше тез айтуға тырысуы керек. Осыдан кейін әр қатысушы бүкіл жаңылтпашты өз бетінше айтуға тырысуы керек.

Бұрын жатталған жаңылтпашты қайталау үшін ойын формасын да қолдануға болады:

«Дыбысты өшіріңіз!»: жүргізуші баяу, еріннің қимылымен және қажет болған жағдайда жаңылтпаштың сөздерінің бірінің айтылуына үнсіз имитация жасайды. Қалған қатысушылардың міндеті – жаңылтпашты болжау және оны тез және қатесіз айту. Жаңылтпашты тапқан қатысушы жетекші болады.

«Саңырау-мылқау жаңылтпаш»: жетекші міндеті – жаңылтпаштың мазмұнын қимылдармен бейнелеу. Қалған қатысушылар жаңылтпашты табу керек. Жеңімпаз – бұл жаңылтпашты тез тауып қана қоймай, оны қатесіз айта алатын адам.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы, 2002 ж.
2. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті 1-кітап. – Алматы, Қазақстан баспасы, 1932 ж. 3. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1972 ж.
3. Ұзақбаева С. Қазақ халық шығармашылығының балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие берудегі мүмкіндіктері. – Алматы, 1994 ж.

МРНТИ: 14.01.11

М.М. Аягузова, Б.Ж. Жумагазинова
«№ 44 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КАЛЛИГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Каллиграфия (грек. *kalligraphia* – көркем жазу) – көркем әрі анық жазу өнері. Балаларға білім берудің бірінші басқышы – бастауыш мектеп десек, барлық істің бастауы баспалдақта. Мектеп табалдырығын жаңа ашқан бүлдіршіндерге оқу мен жазу дағдысын үйрететін, әрине, ол бастауыш сынып. Ал, мектептегі оқыту процесі сауат ашудан басталатыны анық. Сондықтан оның балаға ана тілін оқытып үйретуде алатын орны ерекше. Сауатты жазуға үйрету жұмысы грамматикаға сүйенеді. Олай болса белгілі бір жазу ережесіне негіз болатын грамматикалық құбылыстар сапалы түрде ұғындырылып, содан кейін қорытынды шығарылуы керек. Дұрыс сауатты жазуға үйрену үшін сөздерді дыбыс құрамына, буын жігіне ажырату жұмысы әріп қалдырып кетпеуге, әріп алмастырып алмауға, бірсыпыра көмектеседі. Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу – қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғышарты бастауышта қаланады. Сондықтан да баланың оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуі керек.

«Әдемі жазу – әдеміліктің белгісі». Мектептегі оқыту үрдісін басынан бастап жүргізу аса маңызды да күрделі жұмыс. Өйткені, бастапқы кезеңінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге (фонетика – графикалық жазуға) үйретіліп қоймайды, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылану тиіс. Демек, әліппенің міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса, солай жазбай, оңға қарай біркелкі көлбеу, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті де тұр. Осы талаптарды орындау негізінде көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады.

Оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады. Жазуға кірісерде алғашқы күннен бастап орындалуға тиісті гигиеналық талаптар мыналар:

а) дәптер партаның үстіне, баланың кеудесінің қақ ортасына тура келетіндей болып сәл көлбетіле (оңға 65°) қойылады;

ә) бала басын оңға не солға, иықтарын кеудесін алға не артқа қисайтпай, аяқтарын қатар қойып, алдына түзу қарап отырады. Бұл олардың омыртқалары, көкірегі дұрыс жетілу үшін қажет;

б) балалар табандарын еденге еркін басып отырады. Тізені қатты бүкпей, бір аяқты екінші аяқтың үстіне қоймай, аяқтарын я алға, я артқа сілтемей отырғаны дұрыс;

в) партаға көкіректі тіремеу керек. Өйткені бұл жағдайда тыныс тарылады, жаңа өсіп келе жатқан кеудені бұзады;

г) қаламды ұстағанда саусақ қаламұштан 3 см-дей жоғары тұратындай болып және қаламның жоғарғы жақ ұшы оң иықтың тұсына дәл келетіндей жағдайда болғаны жөн;

д) жазғанда баланың көзі мен дәптер аралығындағы қашықтық 25-30 см сақталуға тиіс.

Жазуға негізінен мынадай талаптар қойылады:

– әріптерді дұрыс жазу, дәптердің көлденең сызығынан ауытқымау;

– әріптердің элементтерін жазғанда ұзынды-қысқалы етпей, тегіс, бірдей жазу;

– әріптердің бірін оңға, бірін солға қисайтпай, барлық әріпті бірдей, оңға қарай, сәл көлбете (45 °) жазу

– әріптердің, сондай-ақ сөздердің арасындағы қашықтықта бір қалыпты сақтап (сөздер бір-бірінен м әрпінің көлеміндей қашықтықта болуға тиіс) отыру;

– бірте-бірте жазу қарқынын тездете түсу.

Әліппе пәні жазу сабақтарында балалар әріп элементтерін немесе жекелеген әріптерді жазғанда ұзақ уақыт жазып отырмауын қадағалау керек. Өйткені ұзақ уақыт бір-екі элементті немесе бір әріпті жаза берсе, бала шаршайды да, сабаққа зейін қоюдан қалады. Сондықтан 3-5 минут жазғаннан кейін қолдарына демалыс беріп, сонан соң құрамында үйреніп отырған әрпі бар сөздерді жазуға көшкені дұрыс.

Жұмыс түрі өзгергенде балалар да оған зейін қоя бастайды. Сабақ барысында балалар сөздер мен сөйлемдерді естерінде ұстап жазуға үйренулері қажет. Ол үшін айтылуы мен жазылуының арасында ешбір айырмашылық жоқ сөздер алынады және бұл кезде әріптердің таңбасы арқылы (жазба таңбасы) берілген. Сөздер мен сөйлемдерді көшіріп жазу ұсынылады, ал сауат ашу аяқталғаннан кейін, баспа таңбалы әріптер жазылған текстер көшіртіледі. Осы жұмыстардың бәрінде де оқушылар жазуға кіріспес бұрын сөздер дыбысқа, буынға талданады.

Сабақ мақсатын бағдарлама белгілейді. Бағдарлама бойынша, сабақ мақсаты оқушыларды дұрыс оқи, дұрыс жаза білуге үйрету және оқу мен жазуға үйрете отырып, тілін, ойын дамыту. Жұмыстың басты шарты – әріпті таныту. Әріпті танып, оқып, оны жазып үйренбейінше, сауатты азамат болып өсу мүмкін емес.

Алайда сауат ашу жұмысы бірден әріп танудан басталмайды. Өйткені әріптер тілдегі дыбыстардың шартты белгілері ғана. Демек, әріптерді дыбыстармен ұштастыра білсе ғана сабағы саналы өтпек. Ал тіліміздегі дыбыстардың әрқайсысы жеке күйінде кездеспейді, олар сөз ішінде бір-бірімен тіркесіп келеді.

Осыдан барып, тіл дыбыстарын білдіру үшін сөйлеуді сөйлемдерге, сөйлемді сөздерге, сөздерді буындарға, буындарды дыбыстарға талдау қажеттігі туады.

Осындай жұмыстар нәтижесінде оқушылар іс жүзінде сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс деген ұғымдарды меңгеруі керек. Дыбысты естіп, ажыратқаннан кейін, сол бөліп алған дыбысты дұрыс дыбыстай білуі қажет, тек содан кейін ғана әріп таңбалары таныстырылады. Оқушыларды көркем жазуға үйретуде үш нәрсені басшылыққа алу керек: біріншісі - әріптерді мәнерлі жазуға және жеке әріптерді өзара құрастыра білу; екіншісі – әріп элементін дұрыс жазуға дағдыландыру; үшіншісі – жазу жұмысына өте ұқыпты, мұқият болуды қалыптастыру. Жас жеткіншектің көркем жазу дағдысы біртіндеп қалыптасады. Осы орайда оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана білу керек.

Түрлендірілген жұмыстар оқушыларды қызықтырып қана қоймай, логикалық ойлауын арттырады. Сабақтың дайындық кезеңінде оқушының икемділігі мен көз мөлшерлеу қабілетін жетілдіру, графикалық дағдыларды қалыптастыру үшін суретті және сызықты

жаттығуларды орындатады. Сонымен бірге бұл кезде штрихтау жаттығуларын орындатудың мәні зор. Мектепке алғаш келген баланың жетекші әрекеті – ойын, ал штрихтау ойын түрінде жүргізіледі. Әр түрлі зат бейнесін, геометриялық фигураларды штрихтау баланың қолын жаттықтырмайды, оның сөйлеуі мен ойлауын жетілдіреді. Штрихтау арқылы сурет салу жаттығуларын сурет альбомына орындатқан жөн.

Сурет альбомы беттеріне жазу сызықтары сызылады да, жаттығулар жазу дәптеріндегі үлгідей орындалады.

Оқушылар заттардың пішінін, құрылысын жазықтықта орналасу қалпын еркін қабылдап, оң, сол, жоғары, төмен, түзу, қисық, дөңгелек ұғымдарын меңгереді. Ал, сабақ кезеңінде әріптерді жазып үйренеді.

Демек, әрбір әріпті жазып шығу дегеніміз – көп қырлы таңдау процесін атқару деген сөз. Ал, мұның өзі мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала үшін аса күрделі іс-әрекет. Әр әріп элементтерін жазып үйрену ең алдымен, оның неше элементтен тұратынын, екіншіден, ол әріпті қай жерде қалай бағыттап жазуды меңгеруіне септігін тигізеді. Жазуға үйретудің алғашқы күнінен бастап, оқушыларды үзбей жазуға дағдыландыру қажет.

Әліппе кезеңінде оқушы сөйлем, сөз, буын, дыбыс ұғымдарын дұрыс меңгеруінде ғана сауатты жазу орын алады. Сауатты жазу дегеніміз – әріптерді тастамай, шатастырмай жазу. Оқушыға буындап оқыту, сөздерді буынға дұрыс бөлгізу керек. Буынды дұрыс меңгерген оқушы сауатты жазады.

Жазуға үйрету жүйесінде әр түрлі әдістер XIX-XX ғасырдың бас кезінде-ақ мектептерге енгізіліп, қазіргі кезде кеңінен қолданылады. Бұл әдістерге: көшіре жазу әдісі, сызықтық әдіс, ритмикалық әдіс, генетикалық әдіс, Карстер әдісі жатады.

Көшіріп жазу әдісі бойынша мұғалім дәптерге қарындашпен жазады немесе әріп таңбаларын нүктемен белгілейді. Ал, оқушылар оның үстінен басып жазады. XIX ғасырда бұл әдіс мектептерге енгізілді.

Алайда, бұл әдісті пайдалану барысында кемшіліктерді ескере отырып, оны қолдануға шек қойыла бастады.

Сызықтық әдіс арқылы оқушы әріптің көлемін, пішінін, арақашықтығын, көлбеулігін дұрыс жазуды үйренеді. Әріптің біркелкілігін сақтау үшін арнайы торкөздер пайдаланған екен. Кейіннен бұл торкөздерді көздің жанарына және оқушылардың өздігінен жұмыс істей алмауына байланысты алып тастады.

Генетикалық әдіс көркем жазуда әріп элементтерін жазып үйренуді талап етеді. Балалар әріп таңбаларын алфавит ретімен жазып үйренбейді, алдымен оңай әріптерді жазып үйренеді, соңынан біртіндеп жазылуы күрделі әріптерді таңбалауға үйретеді.

Тактикалық немесе ритмикалық әдіс. Ритм – бүкіл жазу элементтерінің лайықты үйлесімін табуға көмектесетін амал.

Тактылау (санау) – қозғалысты бір қалыпты жетілдіріп, оқушылардың жазу қарқының жеделдетуге әсер етеді, жазу процесінде жасалатын қол қимылдарының дұрыс та айқын болуын дамытады, сыныптың бір мезгілде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Алайда, бұл әдістің бірнеше кемшіліктері бар екендігі дәлелденді.

Карстер әдісі қолдың қозғалысын дамыту үшін жасалынатын жаттығулар жүйесі. XIX ғасырдың басында ағылшын Карстер енгізген бұл әдіс ең алдымен 19 элементті, одан кейін жазылуы қиын штрихтары бар әріптерді, сөздерді жазуға үйретеді. Бұл әдісті ересектерге каллиграфиясын түзеу үшін пайдаланған тиімді.

Қорыта айтқанда, сауатты болудың алғы шарты әріптерді үйретуден басталады.

Әріп элементтерін дұрыс бір-бірінен ажыратып жазу ережелерін сақтағанда ғана бала сауатты жаза алады. Оқушыларды сауаттылыққа үйрету – әр мұғалімнің шығармашылық еңбегіне байланысты.

Әдебиеттер

1. Л.Я. Желтовская, Е.Н. Соколова. Формирование каллиграфических навыков у младших школьников. Москва, 1987. 3-8 стр. Аударған: Г. Мырзадәулет.

МРНТИ: 14.01.11

А.С. Барлықбаева

«№ 49 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ БАЛАЛАРФОЛЬКЛОРЫ АРҚЫЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Оқушылар қызығушылығын қалыптастыру проблемасы өзінің көпжақтылығына қарамастан педагогикалық теория мен практикада жеке тұлғаны үйлесімді дамытуда көкейкесті мәселенің бірі болып саналады. Педагогикалық зерттеулерде оған аса зор мән беріліп, жан-жақты қарастырылған. Психологиялық және педагогикалық теорияда осы проблемаға байланысты бірқатар маңызды тұжырымдамалық қағидалар қалыптасқан. Проблеманың әдіснамалық негіздері философтар мен әлеуметтанушылардың еңбектерінде көрініс тапқан. Мысалы, философия тарихында орын алған бірқатар философтар (Гельвеций, Гольбах, Дидро т.б.) қоғамдық өмірді қызығушылық арқылы түсіндіруге талпынған. Олар қызығушылықты адамгершіліктің, саясат пен қоғамдық қызығушылықтың ақиқатты негізгі тұрғысында қабылдаған. «Егер физикалық әлем қозғалыс заңдылығына бағынса, рухани әлем қызығушылықтың заңдылығына бағынады. Жердегі қызығушылық барлық тіршіліктің көз алдында заттың түрін өзгертіп отыратын құдіретті сиқыршы» – деп түсінген [1]. Француз философ-материалистері қызығушылықты адамның сезімдік табиғатынан іздестірген, олардың айтуынша адамның сезімдік табиғаты тұрақты болап келеді. Ал қоғамдық қызығушылықты жеке қызығушылықтар құбылысының жиынтығы ретінде қарастырған. Неміс ғалымдары да қызығушылыққа назар аударып, өздерінің теориясын белгілеген. Гегельдің пайымдауынша адамдар «өздерінің қызығушылығын қанағаттандырып отырады және осыған байланысты өздерінің ойында жүрген, сондай-ақ өздері мойындап жоспарламаған тағы басқа нәрселерді жүзеге асырып отырады» [2]. Философтардың еңбектеріне жасаған талдау, олардың қызығушылық бойынша бірқатар жіктемелер ұсынғанын айғақтайды. Атап айтсақ: қоғамдық дәреже бойынша – жеке, топтық, қоғамдық қызығушылық; бағыттылық сала бойынша – экономикалық, саяси, рухани; оларды жүзеге асырудағы мүмкіндіктері мен сенім дәрежесі бойынша – шынайы, алдамшы; қоғамның объективтік дамуына көзқарасы бойынша – прогрессивтік, кертартпалық.

Егер өткендегі философтар қызығушылықты әлемдік ақыл-парасатпен, ешбір шартқа тәуелсіз идеямен байланыстырса, бүгінгі заман философтары (А.Д. Макаров, М.В. Яковлев, А.Г. Спиркин, В.К. Скатерщиков) қызығушылықтан жасампаз күшті байқастырады [3].

Қызығушылық проблемасына педагогика және психология ғылымында аса назар аударылады. Бұл ұғымға зерттеушілер әр-түрлі түсініктеме береді: қызығушылық әртүрлі жағдайда, объектіні, шарттарды және салаларды зерттеуге байланысты туындайды; осы құбылысқа қарай жеке тұлғаның барлық негізгі психикалық функциялары өзінің бейнесін табады; қызығушылық жалпы түсінік аясында емес, соңғы «кестедінің» деңгейімен жиі қарастырылады және алынған сипаттама бүкіл болмысқа таралады.

Сондықтан ең алдымен жоғарыда аталған түсініктерге қызығушылықтың қандай даму деңгейлері сәйкес келеді соны негіздеп алған жөн.

Бағыттылық тұрғысында қарастырылып отырған қызығушылыққа сипаттама бере отырып біз сонымен бірге оның мынадай нышандарына мән береміз: белсенділік, тұрақтылық, ықыластылық, мақсаттылық, ынталылық, саналылық. Бұл жеке тұлғаның қызығушылық деңгейінің жоғары дамығандығын айғақтайды. «Тұлғалық қызығушылық –

дейді Н.Г. Морозова – қызығушылықтың аса бір жоғары да саналы сатысын көрсетеді. Бұл әсерленушілік те, қарым-қатынас та емес, бұл тұлғаны жан-жақты сипаттайтын, тұлғаның бағыттылығы» [4]. «Танымдық қызығушылық» категориясына әсіресе педагогикалық теорияда аса назар аударылған.

Танымдық қызығушылықтың мәні мен дамуына Г.И. Щукина былайша түсінік береді: «танымдық қызығушылық өзінің қалыптасуының қай кезеңінде болса да қозғаушы күштің бірі болды.

Алайда дамудың алғашқы кезеңдерінде онда қажеттілікке тән сипаттағы тежелмейтін әуестік мінез болмайды» [5].

Танымдық қызығушылықтың және оның дамуының «қарым-қатынас» категориясымен байланысқан кездегі түсінігіне көзқарас ерекше. Мысалы, Н.Г. Морозова қызығушылықтың дамуын бір сатыдан екінші сатыға өту, орнықты мінезді біртіндеп дамыту ретінде көрсетеді, бұл тұлғаны бағыт қарым-қатынастың өзгеруіне алып келеді.

Осыған орай ол «қарым-қатынасты, оның құрылымы шындалмай, мазмұны көмескі, аралас сипатта тұрғанда қызығушылықтың бастапқы даму сатысына жатқызуға болады» деп жазады. Қарым-қатынас тұрақты, ынталы, тұлғалық сипатқа белгілі бір даму деңгейіне жеткенде «ауық-ауық қызығушылықтан дербес, белсенді, ынталы қызығушылыққа ауысу барысында, эмоциялық-танымдық қатынас эмоционалдық- танымдық бағыттылыққа ауысқанда ғана ие болады».

В.И. Мясищевтың тұжырымдамасында қарым-қатынас бағыттылықты көрсету тұрғысында қарастырылады, автордың түсінігінде бұл «адамның болмысқа басылымды көзқарасты таңдай білуін сипаттайды» [6].

Басқаша айтқанда, қарым-қатынас іс-әрекеттің басымды себеп салдар деңгейіне жеткенде ғана бағыттылыққа айналады.

К.К. Платоновтың түсінігінде «қарым-қатынас» пен «бағыттылық» тұлғаның біртұтас құрылымын жасай отырып, белгілі бір байланыста болады. Осы құрылымның ішінде қызығушылық «бір нәрсеге бағытталған танымдық форма» ретінде қарастырылады. Г.И. Щукина болса, «бағыттылық» пен «қарым-қатынас» қатарласа қолданылуы керек деп есептейді. Соның ішінде, танымдық қызығушылықты «таңдап алынған бағыттылық» ретінде анықтай отырып, ол осы бағыттылықтың нақысты сөзі

«әлемге, заттарға, құбылысқа деген танымдық көзқараста» болып саналады дегенді айтады.

Біз авторлардың, жоғарыда аталған сипатамаларын (қажеттілік, қарым-қатынас, бағыттылық) бір-біріне қарама-қарсы қоюға болмайды, олардың белгілі немесе белгісіз жағдайлармен келісімін көру керек деген көзқарастарын қолдаймыз. Осыдан барып, қызығушылық, таңдап алынған бағыттылық ретінде де, қажеттілік көрсету ретінде де, эмоционалдық-танымдық қатынас ретінде де, іс-әрекеттің себеп-салдары ретінде де, жүзеге асуына болды.

Қызығушылықтың бүкіл мән-мағынасын, оның қызметінің механизмін түсінуге тұлға қызығушылығы қағидаларын, оның қажеттілік – мотивациялық саласы құрылымын терең зерттеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер көмектеседі.

Мысалы, А.В. Петровский қызығушылықты себеп-салдармен байланыстырады, оның пайымдауынша, «қызығушылық дегеніміз – бұл белгісіз бір салада бейімдеуге жаңа деректермен танысуға, болмысты жан-жақты, терең сипаттауға ықпал ететін себеп- салдар». Д.А. Кикнадзе болса «қажеттілік қызығушылықты кейбір мәселелерді шеше алмай қиналып, қанағаттанбаған жағдайда туындатады» - дейді.

Қ. Жарықбаевтың пайымдауынша, «қызығу болмыстағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып-білуге бағытталған адамның біршама тұрақты, жеке ерекшеліктерінің бір көрінісі. қызығу көбінесе баланың бір нәрсеге бейімділігіне қарай көрінеді, ал ол пәрменді, белсенді болу үшін тікелей әрекетпен айналысуы қажет.

Мұғалімнің міндеті балалардың жанама қызығуын (әрекеттің түпкі нәтижесін қажетсіну) тауып, оны тұрақтандыруды ойластыруы керек. Сонда ғана рухани өмірге бай, жан-жақтықабілетті адамды тәрбиелеу мүмкін болады».

Осы айтылғанның бәрі, психологиялық әдебиеттерде қажеттілік, себеп-салдар мен қызығушылық тығыз байланыста қарастырылады деген түсінікті береді және қажеттілік қызығушылықтан бұрын болып, оның қайнар көзіне айналады. Алайда қызығушылық, ең алдымен, өзінің дамуының белгілі бір кезеңінде қажеттілікті қалыптастыруға ықпал ете алады.

Әдебиеттер

1. Шнейдер Л.Б. Семейная психология. – М.: Деловая книга, 1999.
2. Петровский А.В., Петровский В.В. Всегда ли правы родители. Психология воспитания. М.: Изд-во «АСТ». 2003. 400 с.
3. Ж.-Ж. Руссо: Pro et Contra [Идеи Жан-Жака Руссо в восприятии и оценке русских мыслителей и исследователей (1752-1917). Антология] / Составители: А.А. Златопольская и др.
4. Психология семейных отношений // электронный ресурс <https://www.sumasoyti.com/psihologiya-otnosheniy/semeynie-otnosheniya/psihologiya-semeynih-otnosheniy-statii.html>
5. Интернет-ресурс // <https://people.onliner.by/opinions/2017/04/03/mnenie-664>

МРНТИ:14.01.11

Г.С. Баяхметова, Г.М. Манарбекова

«№ 16 Төлеубай Аманов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тереңдетілген бірыңғай зерттеулер (клиникалық, нейрофизиологиялық, психологиялық-педагогикалық) көрсеткендей, үлгермеушілік мектептегі оқу процесіне дайынсыздық көптеген себептерге байланысты: астеникалық жағдаймен, педагогикалық төмендеушілікке, психологиялық дамудың кешеуілдеуіне т.с.с.

Педагогикалық төмендеушілік – отбасындағы, мектептегі балалармен жүргізілетін оқу-тәрбиелік жұмыстардың жетіспеушілігімен шартталатын жағдай. Оның басты элементтері:

а) мінез-құлықтық, әлеуметтік-этникалық, жалпы білім беруде оларды қолданудағы білімнің, тәсілдері мен құралдарының жетіспеушілігі.

б) жалпы дамудағы кешеуілдеулер-физикалық, психикалық, тұлғалық.

в) әртүрлі іс-әрекетке, өзіңе, қоршаған ортаға деген қарым-қатынастан жалығу. П.П. Блонский үлгермеушілі оқушылар туралы айтқанда, мектепке дейінгі кезеңге үлкен мән береді, яғни үлгермеушіліктің шығу себебін оқу процесінен емес, оған даяр еместікте деп қарастырады [1]. Н.А. Менчинская мектепке келген кездегі балалардың құбылыстары мен салыстырмалы интеллектуалды және тұлғалық дамуын төмен деңгейде болатынын атап көрсетеді [2]. Осыған орай, оқу барысында қиындықтарға ұшырайтын балалар қандай да бір себептерге байланысты мектептегі оқу процесіне дайын болмаған деп айта аламыз.

Бағдарламаны материалды меңгеруде айтарлықтай қиындықтарға ұшырайтын балалар, өз жұмыстары үшін көбінесе мұғалім тарапынан нашар баға алады. Бағалау әрекетінің әсерінен балада аса бір маңызды әрі күрделі қасиет өзін-өзі бағалау қалыптасады. Б.Г. Ананьев оған – «Белгілі бір жақсы бағаға деген тұрақты қажеттілік», - деп анықтама берген [3].

Оқушының үлгеріміне әсер ететін тұлғалық маңызды қасиет болып білімді игере алуы. Бірінші қиыншылық әрі талап бұл оқушының белсенділігі. Танымдық белсенділіктің тонусы төмен болса, бала жаңа мәліметтен білімді игеруге қиналады, ол оқушының мотивациялық

сферасымен тығыз байланысты. Мектепке жаңа келген бала алғашқы кезде міндетті түрде қиындықтарға тап болады, бірақта ол оқуға деген қызығушылық танытады, мұғалімдердің талап-тілектерімен тапсырмаларын орындайды, өйткені бастауыш сыныпта оқушының беделдікке (авторитет) ұмтылысы жоғары болады. Бастапқыда ол жақсы оқитынына сенімді және үмітті болады және оқушыға тән барлық талаптарды орындайды. Бірақта қиыншылықтарға тап болғанда, оқушы нашар баға алып қойғанда оның барлық үміті мен сенімділігі жоғалады, оқуға деген қызығушылығы төмендейді. Бұл мотивациялық сфераның өзгерістері білімді ары қарай игеру мен тануға кері әсер етеді. Баланың тұлғалық қалыптасуына нұқсан келтіреді. Бірақ барлық кезде де мұндай кері әсер пайда болмауы мүмкін, керісінше өте жақсы қасиеттер туындап кетуі де кездеседі. Зерттеулер көрсеткендей бастауыш сыныпта өте жақсы үлгерім көрсеткен балалар, орта буынға келгенде үлгерімі төмендеп кетуі де мүмкін. Олар мектепке келгенде өте жақсы дайындықпен келгендіктен өте жақсы бағалар оларға қиындықсыз берілгендіктен есейе оларда өзіндік бағалау жоғары болады да оқу дәрежесі төмендеп кетеді. Оқушылардың үлгермеушілік себептерін анықтау үшін ең басты оның оқу деңгейін анықтау керек, екіншіден, моральды бағыттылығын ұстана ма, ол оқушы позициясын ұстана ма, әлде жоғалтып алған ба, үшіншіден, екі қасиеттің бірігуі. Балаға деген жас ерекшелік талаптар оның жасы мен мотивациялық сферасына байланысты болып келеді. Оқуға деген дифференциалды бағыт ұстайтын мұғалімдер тапсырмаларға үлкен мән береді. Психологиялық зерттеулерде білімді игеру процесі кезіндегі оқушы ерекшеліктері ескерілмей, көмек беру көзге түседі. Тапсырмаға байланысты көмек беруде мұғалімдер баланың жүйелі түрде ойлауын дамытумен қатар, тапсырманы шешудегі баланың мотивациясына әсер етеді. Зерттеулер көрсеткендей, білімді игеру оқушыны тек ойлау процесіне сәтті баулумен ғана емес, нақты әрекетке баулумен ерекшеленеді. Ойлау әрекетімен оқуға қолайлы шартты жағдайлар жасау бұл үлгермеушіліктің алдын алу шаралары болып табылады.

Әдебиеттер

1. Блонский В.П. Избранные психологические произведения. – М.: Просвещение, 1964. – С. 547.
2. Менчинская Н.А. Проблемы учения и умственного развития школьника. Избранные психологические труды. – М.: Педагогика, 1989. – 222 с.
3. Ананьев Б.Г. Психология и проблемы современного. избр.психологические труды. – М.: Воронеж, 1996. – 217 с.

МРНТИ: 14.25.09

Ә. Ерғалиқызы

«№ 13 ЖОББМ» КММ, ergalikyzy.a@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ ОРНЫ

Бүгінгі күні білім алушылар дайын білімге ие болып қана қоймай, алған білімдерін өмірде қолдану алуы керек. Осы орайда педагогикада «функционалдық сауаттылық» ұғымы пайда болды. Әлем елдерінің білім беру жүйесінде қазіргі заман талабына сай функционалдық сауаттылыққа аса зор мән беріліп отыр.

Себебі, «Әрбір білім беру ұйымының міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру» [1;7].

Функционалдық сауаттылықтың анықтамасын қарапайым тілмен айтсақ, «... оқу және жазу білігін күнделікті өмірде қолдану» [2;6]. Яғни, білім алушылар оқу орнында алған білім, білік дағдыларын өмірге икемдеп, қолдана алуы тиіс.

Еліміздің білім беру ордаларында, оның ішінде жалпы орта білім беретін мектептерде функционалдық сауаттылықтың төмендегідей түрлеріне баса назар аударылған:

- Оқу сауаттылығы;
- Математикалық сауаттылық;
- Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық.

Жоғарыда көрсетілген оқу сауаттылығы – тіл мен әдебиет саласының күзіретіне кіреді. Бұл туралы «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерінің оқу бағдарламасында тарқатылып жазылған.

Нақтырақ айтсақ, негізгі орта білім деңгейінде «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделсе, «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы оқушылардың бойында адамгершілік, рухани құндылықтармен қатар функционалдық сауаттылығын арттыруды, көркем-әдеби шығарманы талдау дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

Яғни, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтары барысында оқу мақсаттарын игерту арқылы оқу сауаттылығын қалыптастыруға болады [3;7]. Тіл және әдебиет сабақтарында оқу сауаттылығын дамытуға арналған жұмыстар екі бағытта жүргізіледі: Дайын мәтін; Мәтіннен тыс білім.

Білім алушылар аталған бағыттарға сәйкес дағдылармен жұмыс жасайды. Мәселен, «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: түсіну және жауап беру; анализ және интерпретация; бағалау және салыстыру.

Мұндағы түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация дайын мәтін арқылы жүзеге асса, білім алушы мәтіннен тыс білімі арқылы бағалау және салыстыру тапсырмаларын орындайды.

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың бірден-бір құралы – мәтін десек, мәтіннің өзіне қойылатын талаптар бар: мәтіндегі ақпараттың дұрыстығы; мәтіннің мазмұны мен көлемі білім алушының жасына сәйкестігі; мәтін шынайы өмірмен байланысты болуы керек; мәтінде берілген ақпарат білім алушыны қызықтырып, оқырманның талабын қанағаттандыруы тиіс.

Дайын мәтін бойынша жүргізілетін жұмыстар: әртүрлі мәтіндердің мазмұнына интерпретация жасай білу; мәтіннен алған ақпараттарды өмірлік жағдаяттарда қолдана білу; ақпараттарды талдай білу, материалды бірнеше бөлікке бөлу және олардың арасындағы байланысты түсіну.

Ал, мәтіннен тыс оқушылардың білімі негізінде жүргізілетін жұмыс түрлері: әртүрлі мәтіннен алған ақпараттарды жинақтай білу (синтез), қорытынды жасау; тыңдалған/оқылған ақпаратқа баға беру [3;8].

Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, оқу сауаттылығы функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі. Білім жүйесіндегі тіл мен әдебиет пәндерінің оқу бағдарламасының мақсаттары білім алушылардың оқу сауаттылығы деңгейін қалыптастырып, дамытуға бағдарланған.

Білім алушылардың оқу сауаттылығы деңгейін арттырудың нәтижесінде: білім алушылар мәтінді түсініп, қолдана алады; мәтін арқылы білім мен білік дағдыларын дамытады; нәтижесінде білім алушылар әлеуметтік ортаға бейімделеді.

Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылық – оқушылардың білім ордасында алған білімдерін өмірде қолдануға, оларды болашақ өмірге даярлайтын білімнің түрі. Қоғамның өзгеруіне байланысты «сауаттылық» ұғымы дамып отырды. Бұл процесс нәтижесінде білім алушылардың алдына қойылатын талаптар да өзгерді. Осыған орай, білім ордаларында берілетін білім, білік, дағды шынайы өмірмен ұштасып, функционалдық сауаттылық – білім берудің түпкі нәтижесіне айналып отыр.

Әдебиеттер

1. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп және отбасының өзара іс-әрекетінің мазмұны мен түрлері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 38 б.
3. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық. Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2020.– 56 б.

МРНТИ: 14.07.09

А.Н. Смагулова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
asn96@inbox.ru

ВЕБ 2.0 ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДА КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Компьютерлік технологияларды қолдануға бағытталған коммуникативті тәсілдің негізгі принциптері: сөйлеуде тілдік формаларды қолдануға баса назар аудару; грамматиканы имплицитті түрде оқыту; дайын сөйлем нұсқаларын емес, студенттердің өз сөйлемдері мен мәтіндерін құруға басымдылық беру; дәстүрлі бағалау жүйесінің болмауы (дұрыс/бұрыс), бірнеше жауап нұсқаларының берілуі; оқыту процесін еоқытылатын тілді барынша қолдану; өзараәрекеттесу: студент – компьютер, студент – студент.

Тұлғаға бағытталған тәсіл оқу процесінен білім алушыға назар аударуға негізделген. Оқу барысында білім алушының ынтасына, қалауына, қабілеттеріжәнет.б. қасиеттеріне басымдылық беріледі. Сонымен қатар, бұл тәсіл оқу процесін студенттердің оқу іс-әрекетіне белсенді қатысуына, жеке тәжірибесін пайдалануға, оқу стратегияларын игеруге үйретеді, нәтижесінде бұл процесс шет тіліндегі коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыруға септігін тигізеді [1]. АКТ-мен оқыту дәстүрлі оқыту сияқты дидактикалық принциптер жүйесіне бағынады, бірақ оқыту құралдарының ерекшеліктерін ескере отырып түзетуді қажет етеді. Студенттерде шет тіліндегі коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік принциптерін таңдау да келесі принциптерге сүйенеміз: коммуникативті бағыт, тұлғаға бағытталған оқыту, саналық, ғылыми, көрнекілік, жүйелілік, бірізділік, белсенділік, сабақтастық, өзгеруге бейімділік, сөйлеу әрекетінің түрлері мен тіл аспектілері бойынша өзара байланыста оқыту, оқытуды ситуациялық-тақырыптық тұрғыдан ұйымдастыру, оқытудың кәсібибағыты. Коммуникативті бағыт принципі мен саналық принципі шет тілі сабағында жүзеге асырылатын негізгі принциптердің бірі болып табылады. Бұл екі қағида бір-бірін толықтырады, өйткені шет тілін өнімді оқыту когнитивті процестер негізінде құрылуы керек. Өз кезегінде, танымдық процестердің жұмыс істеуі үшін студент нақты бір құзыреттілікке ие болуы керек. Веб-2.0 технологиялары негізінде оқу Интернет-ресурстарымен жұмыс істеу кезінде студенттер саналық принципімен байланысты өз бетінше білім ала алады. Коммуникативті бағыттылық принципі Веб-2.0 технологиялары және студенттердің топтық қызметін ұйымдастыру арқылы байланыс процесінде жүзеге асырылады.

Тұлғаға бағытталған оқыту принципі жалпы білім берудегі құзыреттілік тәсілдің сипаттамаларына және Веб 2.0 технологиялары негізінде оқу Интернет-ресурстарын қолдануға сәйкес келеді. Студентті жеке өзін белсенділік негізінде жан-жақты дамыту

міндеті бірінші орынға шығады. АКТ-ны қолдана отырып, бұл қағида білім алушының жеке өзін оқытудың тиімділігі мен сапасының мақсаттарына жету құралы ретінде емес, білім беру процесінің негізгі құндылығы, білім беруде АКТ қолданылатын түпкілікті нәтиже ретінде қарастыруды қамтиды. Компьютер қоршаған ортаны неғұрлым толық және тиімді білудің құралы бола алады және осы әлемнен виртуалды әлемге кетудің құралы бола алады. Сөйлеу іс-әрекетінің түрлерін өзара байланыста оқыту принципі сөйлеу іс-әрекетінің төрт түрін (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) бір мезгілде қалыптастыра отырып, тілді оқытуды көздейді. Веб-2.0 технологияларының форматтары ақпаратты ұсынудың барлық қолданыстағы формаларын қамтиды, сондықтан олардың негізінде құрастырылған Интернет-ресурстар сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін бір уақытта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқытудың кәсіби бағыты принципі ағылшын тілінің практикалық сабақтарында студенттердің болашақ мамандығы мен кәсіби мүдделерін ескеруді көздейді. Бұл принцип оқу процесін педагогикалық бағытқа негіздеп ұйымдастырудан көрініс табады және материалды таңдауда, яғни Интернет-ресурстарды таңдауда жүзеге асырылады [2]. Интернет-ресурстарды іріктеу педагогикалық жоғары оқу орындары үшін Білім беру бағдарламаларында және силлабустарда көрсетілген тақырыптарға сәйкес жүргізіледі. Оқытуды ситуациялық-тақырыптық ұйымдастыру принципі ағылшын тілі сабақтарын ұйымдастыруды жетілдіруде оқу материалдарын сұрыптау және қарым-қатынас саласының мазмұнын көрсететін қарым-қатынас тақырыптары мен жағдайларын қолдана отырып жүзеге асырылады. Веб 2.0 негізіндегі оқу Интернет-ресурстары студенттерге таңдалған тақырып аясында шынайы қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Оқытудағы көрнекілік принципіне сәйкес білімді саналы түрде игеру, білім алушыларда ғылыми түсініктерді қалыптастыру зерттелетін объектілер мен құбылыстарды тікелей қабылдаумен байланысты сенсорлық-практикалық тәжірибе негізінде мүмкін болады. АКТ-ны қолдана отырып оқытуда бұл қағида ұсынылған ақпараттың мультимедиялық сипаты арқылы жүзеге асырылады және көрнекіліктің әртүрлі түрлерін қарастырады: тілдік (оқылатын тілдің функционалдық ерекшеліктерін көрсететін түпнұсқа мәтіндерді, сөйлеу үлгілерін таңдау), мультимедиялық құралдарды пайдалану кезінде көрнекі көріну, есту қабілеті. Үздіксіз білім беру және модификация принципі үздіксіз білім беру процесінде оқытуды өзгерту мүмкіндігімен байланысты. Бұл принципті нәтижелі жүзеге асыру АКТ-ны қолдана отырып оқыту арқылы жүзеге асырылады, өйткені оқу материалының электронды көрінісі тез өзгертіліп, бейімделуі мүмкін. Оқу Интернет-ресурстарын жаңа ақпаратпен немесе сабақтың жаңа міндеттерімен оңай реттеуге немесе тіпті толығымен өзгертуге болады.

Көптеген зерттеушілер оқытудағы АКТ рөлін талдай отырып, оларды оқытуда қолданудың үш сапалы түрін ажыратады [2]:

- бірінші түрі информатика саласындағы студенттердің кәсіби дайындығын қамтамасыз ететін оқу пәндерінің қалыптасуымен байланысты;
- екінші түрі-әртүрлі пәндерді оқытудың тиімділігін арттыру үшін АКТ-ны дәстүрлі оқу процесіне енгізу;
- оқытудың спалы үшінші түрі- қашықтықтан оқыту-компьютерлік оқыту құралдарын және оқытушының тікелей қатысуынсыз оқу процесін жүргізуге мүмкіндік беретін, ақпаратты өз бетінше іздеу, таңдау және қолдану дағдыларын дамытуға ықпал ететін арнайы технологияларға негізделген.

Білім беру процесінде АКТ қолданудың екінші және үшінші түрлері бүкіл білім беру жүйесін біртіндеп қайта құруды, кәсіптік оқытудың басым парадигмасын өзгертуді қамтиды.

Веб-2.0 технологиялары төрт жаһандық ықпал ету саласын келесідей анықтауға болады: 1) зерттеу; 2) тілдік сауаттылық; 3) ынтымақтастық; 4) қолданбалылық, яғни өнімді ұсыну. Бұл салалар шет тілдерін оқытудың когнитивті (оқу және тілдік сауаттылық) және әлеуметтік (ынтымақтастық және қолданбалылық) аспектілеріне жатады, сонымен қатар оқыту процесі (оқу және ынтымақтастық) және нәтижесі (тілдік сауаттылық және өнімді ұсыну) ретінде қарастырылуы мүмкін.

Зерттеу саласы зерттеу жүргізуде Веб 2.0 технологияларын пайдалану мүмкіндігін қамтиды. Веб 2.0 технологиялары Интернет ортасында деректерді ұйымдастырудың жаңа құрылымдарын, ақпаратқа сұраныстың жаңа жолдарын, формалары мен құралдарын жасайды.

Тілдік сауаттылық саласы ауызша және жазбаша шет тілінде сөйлеу дағдылары мен күзiреттiлiктерiн жетiлдiруге, нәтижесiнде шет тiлдiк коммуникативтiк құзыреттiлiктi қалыптастыруға бағытталған. Бұл жағдайда тiлдiң жазумен өзара әрекеттесуi маңызды. Байланыс саласын компьютерлендiру қоғамға шет тiлдерiн, әсiресе телекоммуникациялық желiлерде жоғары деңгейде меңгеру қажеттiлiгiн көрсеттi, онда делдалдарсыз нақты уақыт режимiнде жазбаша немесе ауызша хабарламалармен алмасу мүмкiндiгi қажет. Ана тiлiнде сөйлейтiндермен ауызша немесе жазбаша стихиялық кәсiби әңгiме жүргiзу, одан да қиын, тiлдi бiлудiң жоғары деңгейiн, оны белсендi меңгерудi қамтиды.

Білім беру жүйесі – сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны болып табылады. Қазіргі кезде білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың – болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Бәріміз білеміз таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделінуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарын қалыптастырады. Білім терминінің үш аспектіде қолданылатынын да естен шығармау керек:

- бірдеңені істеу, жүзеге асыру үшін хабардар болуға негізделген білім ен машық

қабілеттері;

- кез келген танымдық мәні бар ақпарат;
- практикамен өзара байланыста болатын ерекше танымдық бірлік.

Сонымен, білім дегеніміз – адамның санасында берілген, өзінің қызметінде шынайы дүниенің заңды байланыстарын идеалды бейнелейтін объективті шындық.

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты- бәсекеге қабілетті көптеген мамандар дайындау болып табылады. Ал, мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі- мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұсы – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің абыройын айқындайтын азаматтық борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам болуы керек. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыретін айтамыз. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Қазақстандағы қазіргі кездегі нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі бар жетілген, тіптен үш тілді де меңгерген ізденімпаз қазақ жастар болуы тиіс. Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Сол себепті нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері қазіргі кезде осы біздің елімізде туындылап отыр. Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке еруге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру өте қажет және де тиімді десек те болады. Ал, қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұрғанын айтуға болады. Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні – пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру болады. Ол үшін әрине қазақстандық білім сапасы жоғары көрсеткіштерге ие болуы керек. Ал, білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін үнемі оқып-үйрену және өзін-өзі жасау талабын» қалыптастыра алады. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының

ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Бұл жайлы Б. Тұрғанбаева «өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз - педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы»-деп көрсетеді екен. Сонымен қатар Қ. Құдайбергенова «Құзырды әртүрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» деген тоқтам жасайды. Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

- бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);
- мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- оқу-танымдық құзіреттілік(өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады. Құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін -өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Қазіргі жаһандану кезеңінде өмір мен ғылым, оқушылар мен мұғалім еңбегі, сіз бен біздің қалай өзгеріске ұшырайтынымызды қайта ой елегінен өткізуді мұғалімнен талап ететін уақыт. Осы мәселелер қазіргі өзгермелі қоғамда полимәдениетті, көп ұлтты әрі поликонфессионалды кеңістікке араласуға дайын, қабілетті тұлғаның дамуына бағытталған білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын қайта қарауды талап етеді. Еліміздің алға қарай табысты ілгерілеуін жалғастыру үшін осы мектепте қызмет істеп жүрген әрбір ұстазбен білім алып жатқан әрбір оқушы жауапкершілікті түсінуде: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, әрдайым оқушыларымыздың сенімінен шығып, ал оқушылар біздің үмітімізді ақтап, бірлесе отыра тек пайдалы істерді жүзеге асырсақ Қазақстандағы білімнің сапалық жағынан алпауыт елдермен қатарлас үлкен көрсеткіш көрсете аламыз.

Әдебиеттер

1. Әл – Фарабидің философиялық трактаттары. – Алматы, 1973. – 318 б.
2. Абай. Қара сөздер. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.
3. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау / Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
4. Байтұрсынов А. Қазақ зиялылары хақында // Ақ жол / Өлеңдер мен тәржімалар, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991.
5. Дулатұлы М. Оян, қазақ!. – Алматы: Алтын Орда, 1991.
6. Шоқайұлы М. Түркістанның қилы тағдыры. – Алматы: Жалын, 1992. – 183 б.
7. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
8. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: Ұлағат, 2013. – 36 б.
9. Формирование интеллектуального потенциала нации в условиях высшей школы: Сб.науч.тр. – Алматы: Ұлағат, 2012. – 336 с.
10. Пірәлиев С.Ж., Оразбаева Ф.Ш., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е., Шолпанқұлова Г.К. т.б. Болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Ұлағат, 2014. – 296 б.

МРНТИ: 16.21.33:

Н.А. Слямова, Г.А.Дуйсембаева

«№ 27 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
slyamova1967@mail.ru

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУ МОНИТОРИНГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚҰРАЛДАРЫ

Қазіргі таңда мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығына аса зор мән беру керек. Өйткені функционалдық сауаттылық сапалы білім алу кепілі.

Негізі сауаттылық дегеніміз не? Алдымен осы сұраққа жауап іздейік. Сауаттылық – бастапқы оқу және жазу қабілеттілігі. Бұл ұғым бастапқыда ана тілі нормаларына сәйкес оқу және жазу дағдыларын білім деңгейін анықтау үшін қолданылған. Сауаттылық деңгейі білім беру жүйесіндегі ең өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Жалпы функционалдық сауаттылық дегеніміз-адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор болып табылады. Яғни, бүгінгі жаһандану дәуірінде заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Функционалдық сауаттылық оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Функционалдық сауаттылықтың басты мақсаты жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.

Сонымен, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің ролі орасан зор. Соның ішінде гуманитарлық пәндердің алатын орны ерекше.

Ресми деректерге тоқталатын болсақ мектеп оқушыларының 40% әдеби мәтінді түсінуге қиналатыны дәлелденген. Барлығы мектептен білім алған, жұмысқа орналасуға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Қызметке орналасуға келген адамдардың басым көпшілігі әр түрлі жағдайда кездескен бланкіні толтыра алмай, ондағы

ақпараттың мәнісін түсіне алмаған және де олар теледидарда не айтылып жатқанын, жалпы айтқанда, күнделікті өмірдің есебін білмейтін болып шыққан. Сол себептен жұмыссыздық, өндірістегі апат, жазатайым оқиғалар, жарақат алулар көбейген. Барлық зерттеушілердің болжамы бойынша адамдардың сауатсыздық деңгейінің төмендеуі, оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған. Сақтанбау, байқаусыздық, ұқыпсыздық, апаттар: осының бәрі ережені дұрыс оқымай, түсінбей, санаға сіңірмегендіктен орын алған.

Сауатсыздық адамға кішкентай кезінен бастап жұғады екен. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды қашан бастау керек? 5-сыныпта функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды бастау кеш, мұны бастауыш мектепте жасау керек.

Мектепке келген оқушыны алдымен жазу мен оқуға баули бастаймыз. Егерде оқушы тек қана оқулықпен шектелсе, кітапханаға барып басқа әдеби кітаптар оқымаса, өзінің ой-өрісін дамыта алмаса болашақта сауатсыз болуы ықтимал. Ғалымдардың айтуынша 8-сыныптан бастап оқушылардың 60% өз бетімен жазып оқуға деген ынталары жоғалады екен.

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде гуманитарлық пәндердің алатын орны ерекше. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін гуманитарлық пәндер сабағында оқушылардың мәтінмен өз бетінше жұмыс жасауына көп көңіл бөлуіміз керек. Мәтінмен жұмыс жасау оқушының ойлау қабілеттерін дамытудың үйлесімді жолы. Сол себепті сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың ой-өрісін дамытуға сабақ тақырыбына байланыстырып қызықты мәтіндермен жұмыс жасау арқылы қызығушылықтарын арттыруға, теориялық білімдерін практикада қолдана білуге үйрету керек.

Осы мақсаттарға жету үшін сабақта мынадай міндеттер қою керек:

1. Оқушының теориялық білімдерін практикамен ұштастыра білу;
2. Алған сапалы білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету;
3. Кез келген уақытта жағдаяттың шешімін табуға үйрету;
4. Оқушыларды ізденіске баулып өз бетінше жұмыс жасауға үйрету. Осы қойылған міндеттер сабақ барысында жүзеге асады. Сондықтан күнделікті сабақта берілген тапсырмаларға аса мән беруіміз керек.

Оқу зейінін дамытуға көп көңіл бөлу маңызды. Саналы оқу адамның өзін – өзі дамытуының негізі болып табылады-сауатты оқитын адам мәтінді түсінеді, оның мазмұны туралы ойлайды, өз ойларын оңай жеткізеді, еркін сөйлеседі. Саналы оқу тіл мен әдеби оқу сабақтарында табысқа жету үшін ғана емес, сонымен қатар кез-келген пәндік салада сәттіліктің кепілі, негізгі құзыреттіліктерді дамытудың негізі болып табылады.

Тіл сабақтарында мәтіндер бойынша оқу сауаттылығын арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар жүйесін беру мұғалімнен маңызды дайындықты қажет етеді. Сұрақтар жүйесі оқушылардың белсенді ойлауын, білімі мен білік дағдысын қолдана білуді қамтамасыз етеді. Тіл мен әдебиет сабақтарында «Пікірлер парағы», «Попс» әдісі, «Екі жақты түсініктеме күнделігі», «Әйлер шеңбері», «Автор орындығы», «Тұжырым кестесі», тәрізді тапсырмалар оқушылардың өзіндік жеке қасиеттерінің дамуын қамтамасыз етеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға, оқу сауаттылығын, шығармашылық ойлауды және әртүрлі ақпарат көздерімен өзара әрекеттесу қабілеттерін қалыптастыруға және командада (топта, шағын топта және т.б.) жұмыс істеуге, әрине, жобалау және зерттеу жұмыстары да маңызды үлес қосады.

Жобалау және зерттеу қызметіне байыпты қарау оқушыларды ақпаратты іздеуді, іріктеуді, бағалауды жүзеге асыра отырып, әртүрлі көздермен және іздеу жүйелерімен өзара әрекеттесуге үйретуге мүмкіндік береді; зерттеу қызметінің әдістері мен әдістерін (эксперимент, бақылау, жалпылау, жіктеу және т. б.) игеруге, топтық қызмет түрлерін, командалық форматты өз бетінше, жеке жұмыс істеу қабілетін дамытумен қатар қолдануға; іс-әрекет барысын ұтымды жоспарлау және бақылау, жауапкершілікті өз мойнына алу,

жұмыстың басқа қатысушыларын басқару, бағалау және өзін-өзі бағалау қабілетін қалыптастыру. Бұл ретте стандартты емес тапсырмалармен жұмыс істеу, проблемалық жағдайларды шешу, сондай-ақ пәнаралық өзара іс-қимылды (пәнаралық байланыстарды) пайдалану тәжірибесін қалыптастыратын Жобалық жұмыс болып табылады.

Балалар мектепке әр түрлі келеді: жиналған және жиналмаған, мұқият және шашыраңқы, тез түсінетін және баяу, ұқыпсыз және ұқыпты. Олар бір жерде. Барлық балалар мектепке жақсы оқуға деген шынайы ниетпен келеді. Адамның әдемі тілегі — жақсы оқу-балалардың мектеп өмірінің барлық мағынасын жарықтандырады. Күшті немесе әлсіз жоқ-қызығушылық танытқандар бар. Көбінесе әлсіздердің де өзіндік идеялары болады. Біз, педагогтар, адам бойындағы адамды қолдауға, дамытуға, адамға адамдармен, табиғатпен, мәдениетпен, өркениетпен бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге көмектесуіміз керек, өйткені менің ойымша, мектеп қазіргі Қазақстанда функционалды сауаттылықты қалыптастырудың жалғыз және өте маңызды маңызды көзі болып табылады.

Қорытындылай келе, оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту- бүгінгі заман талабы. Сонымен, орта мектепте гуманитарлық пәндерді оқытуда функционалды сауаттылықты қалыптастырудағы басты мақсат-оқушының жан-жақты дамыған тұлғасын, оның ұлттық санасын, теориялық ойлауын, тілдік түйсігі мен қабілеттерін қалыптастыру, сөйлеу қарым-қатынас мәдениетін игеру деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

1. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің № 832 қаулысы. 2012 жылғы 25 маусым, Астана, Үкімет Үйі.
2. Республикалық ғылыми әдістемелік журнал «Жарқын Болашақ» Алматы қаласы 2021 жыл.

МРНТИ: 14.25.07

Л.В. Курбатова, Т.Л. Ивашенко
КГУ «Гимназия № 6 г. Семей»
lara141069@mail.ru, tli66@mail.ru

ОБОБЩЕНИЕ ОПЫТА ПО ФОРМИРОВАНИЮ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ НА БИНАРНЫХ УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА И ИНФОРМАТИКИ

Бинарные уроки – это творчество двух учителей, которое перерастает в творческий процесс потому, что изучение выбранной учебной проблемы на стыке двух предметов – это всегда интересно, изменение вида деятельности вызывает высокую мотивацию у обучающихся. А не это ли главное в нашей работе – заинтересовать, вдохновить, увлечь обучающихся, спровоцировать их творческий поиск?

Значит, технология проведения бинарных уроков увлекательна и необычна. Она позволяет соединить теорию с практикой, поднять формирование функциональной грамотности на уровень осмысленной, учебной деятельности. В результате достигается единый подход к рассмотрению возникающих проблем и единства требований к учащимся в процессе их учебной деятельности. При конструировании современного урока необходимо использовать различные технологии, формы и методы организации учебного процесса. Поэтому современный урок рассматривается как постоянно развивающаяся форма [4]. Главное направление этого развития в стремлении добиться того, чтобы урок стал результатом творчества не только педагога, но и обучающегося. Функциональная грамотность на наших уроках направлена на то, чтобы не только развивать сами знания, а умение их применить: найти новую информацию, проверить ее достоверность, на ее основе

изучить новые виды деятельности, иными словами развивать способность заниматься саморазвитием и самообразованием. И от учителя сейчас просят, не столько владеть самим, сколько научить функциональной грамотности своих учеников [5].

Мы работаем над темой развития функциональной грамотности школьников на бинарных уроках в течение нескольких лет и можем поделиться опытом подготовки и проведения бинарных уроков.

Что такое «бинарный урок»?

Бинарный урок – это урок, объединяющий содержание двух учебных дисциплин, это форма реализации развития функциональной грамотности школьников.

Цель бинарного урока – создать условия мотивированного практического применения знаний, умений, навыков, дать обучающимся возможность увидеть результат своего труда и получить от него удовлетворение.[1]

Подготовка к проведению бинарного урока.

1. Формирование команды учителей. Известно, что психологическая совместимость – это важный фактор успеха работы любой группы людей.

2. Анализ учебных программ – с этого начинается планирование бинарного урока для выявления смежных тем.

3. Разработка структуры бинарного урока.

4. Подбор материала по направлению урока, определение различных форм, технологий и методов работы. На этом этапе рождается целостная картина урока, пишется развернутый план-конспект бинарного урока.

5. Подведение итогов. Продумывается форма представления результатов деятельности учащихся, оформление работ и оценивание.

Рассмотрим трудности, которые могут возникнуть при планировании бинарного урока:

1) теоретически недостаточно хорошо разработана технология проведения бинарного урока;

2) требует длительной подготовки (поэтому эти уроки невозможно проводить часто)

3) иногда сложно решать организационные моменты – подстроиться под расписание двух учителей. [2]

Практические задания вплетаются в мыслительную познавательную деятельность и облегчают запоминание полученной информации. Мыслительный процесс (запоминание) сменяется созерцанием наглядных средств, затем переходим к предметам практической деятельности. Знания становятся прочными, хорошо осознанными. Лучший отдых – это смена деятельности. Бинарный урок позволяет реализовать этот принцип на уроке, что играет немаловажную роль в здоровьесберегающих технологиях.[3]

Предлагаем вам разработку одного из наших бинарных уроков.

Бинарный урок художественного труда и информатики, 6 класс.

Класс: 6

Тема урока: Информатика «Строим алгоритм»

Художественный труд «Дизайн текстильных изделий для дома (фартук). Разработка эскиза.

Цели обучения:	6.1.5.1 – Выполнять задания по разработке дизайна объекта, опираясь на собственный опыт и знания; 6.1.5.2 – Выполнять эскизы, технические рисунки для реализации творческих идей; 6.3.3.1 – Записывать линейные алгоритмы в интегрированной среде разработки программ Python.
Цель урока:	Художественный труд: выполнять задания по разработке дизайна фартука, опираясь на собственный опыт, знания. Информатика: составлять алгоритм

Ход урока:

1. **Вызов.** Создание коллаборативной среды. Для определения темы и целей урока обучающиеся просмотрели видеоролик «Еловое яблоко».

2. Осмысление.

1. Фронтальная работа по презентации для определения назначения фартука.

2. Индивидуальная работа – интерактивное задание в LearningApp.org для нахождения групп фартуков по назначению.

3. Деление на группы по карточкам (с изображением фартуков различных по крою).

4. Рассказ о различных видах кроя фартуков.

5. Индивидуальная работа. Определение технологических этапов изготовления фартука в программе LearningApp.org. Спикеры от групп выполняют задание в Learning, остальные участники групп работают по бланкам-карточкам за партами, сверяют свои результаты с результатом выполненной интерактивной работы спикера, проверяют ошибки.

6. Групповая работа. Составляют алгоритм по технологической карте-схеме. У каждой группы свой алгоритм.

7. Групповая работа. Выполнить задание по предложенному условию: эскиз; программа; презентация. У каждой группы свое задание в конверте.

8. Защита работ. По 2 человека от каждой команды презентуют свои работы. Прикрепляют проекты на доску, обсуждают всем классом, анализируют положительные и отрицательные стороны работы.

3. Закрепление. (индивидуальная работа). Выполнение теста в OnlineMekter. Тест разработан специально к уроку.

4. Рефлексия. Плакат «Рюкзак». Самостоятельно определяют, насколько сумели достигнуть поставленных на уроке целей, проводят рефлексию.

Краткая характеристика методов, способов деятельности, технологий использованных на уроке; их связь с содержанием учебного материала

I. Технология интегрированного обучения

II. Личностно ориентированная технология

III. Диалогический метод обучения (беседа)

IV. Технология проблемного обучения. Учащиеся на протяжении урока изучали материал и делали выводы по каждой проблеме.

1. Просмотр видеоролика «Еловое яблоко». Использовался для постановки проблемы.

2. Работа с алгоритмом «Лабиринт» и в Python – линейная программа подсчета стоимости фартуков.

V. Игровая технология

1. Игра в программе Learningapps.org: «Деление фартуков по группам»,

2. Игра «Установить последовательность технологических этапов изготовления фартука»

VI. Информационно-коммуникационная: программирование в среде Python, Видеоролик, Презентация, Learningapps.org, Online-Mekter

VII. Здоровье-сберегающая технология: Смена видов деятельности, Гимнастика для глаз.

VIII. Обучение сотрудничества (групповая работа). Работа в группах, распределение по ролям внутри группы.

IX. Приемы оценивания: Словесная оценка учителя, Взаимооценивание «Две звезды, одно пожелание», Самооценивание, Интерактивное оценивание Learningapp, Online-Mekter.

Безусловно, бинарное обучение направлено на формирование функциональной грамотности обучающихся.

Бинарный интегрированный урок является необычным, интересным методом интерактивной образовательной педагогической технологии в обучении, который способствует развитию умения применять в жизни знания и навыки, полученные в школе, т.е. на развитие функциональной грамотности .

Урок является проводником инновационных идей, способом методического обогащения учителя и повышения качества обучения.

Литература

1. Бардина И.Н., Проведение бинарных занятий / И.Н. Бардина, И.М. Лукавец: Специалист, 2017, № 4.
2. Гусева В.Г., Интегративный урок как средство развития компетенции / В.Г. Гусева, М.Р. Максимова: Специалист, 2010, № 3.
3. Бобырев А.В., Рудакова И.А. Типы «нестандартных» уроков в системе организации профильного обучения в педагогическом лицее // Известия Южного федерального университета. Педагогические науки. 2012. № 6.
4. Капустина В.А. Развитие функциональной грамотности учащихся на интегрированных уроках // Учебный год. – 2021. – № 3 (65). – С. 27–30.
5. Уткина, Т. В. Функциональная грамотность: современный контекст / Т. В. Уткина, О. Б. Пяткова, А. Г. Донской // Муниципальное образование: инновации и эксперимент. – 2020. – № 5 (74). – С. 4-11.

МРНТИ: 17.01.07.

Ж.М. Садуакасова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
jakos87@mail.ru

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕМЕЛ АДАМ: ТҮСІНУ, ТАЛДАУ, ІСКЕ АСЫРУ

Қазақ поэзиясының тарихындағы көрнекті ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы көркемсөз өнеріне, поэзияға жаңа мазмұн, жаңа сипат дарытты. Шәкәрім шығармаларының қайсысын алсақ та, адам, адам өмірінің мәні, адами қасиеттер тақырыбын қозғап өтеді. Шәкәрім адам тұлғасын, қасиеттерін жан-жақты сомдау арқылы адам болмысын жетілдіруді, өмірді түзетуді мақсат етеді.

Адам баласының жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан безіп, көркем мінезді болып жетілуінің түпкі мақсат-мұраты – кемелділікке ұмтылу, яғни кемелділіктің жолына түсу. Ол дегеніміз жан мен тәннің тыным таппай тазаруы, толысуы. Кемелділік – сезіну, тану, түсіну, игеру және осының барлығын ақылмен, іс-әрекетпен жүзеге асырудан тұрады. Кемел адам – қандай адам? Кемел адам (араб. “инсан-и камил” – толық адам) – ақыл-ойы толысқан кісі. Діни ілімде кемел адам – кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам.

Кемелдену адамда бірден болатын үрдіс емес. Қазақтың кемелдік ілімі тереңде жатыр. Оның түп негізін қазақ ғұламалары ертеде қалаған. Ислам дінінде Жаратушы ие адам баласын ең көркем бейнеде жаратып, жер бетіне халифа еткені туралы айтылады. Яғни, ең қадірлі болмыс болып жаратылған адамның негізгі міндеті– кемелділікке ұмтылуы. Шамамен 13-14 ғғ. өмір сүрген ғалым Азиз Нәсәфи «Китабул инсанил камил» еңбегінде «Кемел адамның» мына төрт қасиетіне көңіл аудартады: жақсы сөз, жақсы амал (іс), жақсы мінез және білімде жоғары тұруы.

Баста таза жаратты, сен таза бол,

Ұқсаң, анық айттым ғой, бұл – тура жол, - деп сөз қозғаған Шәкәрімнің түсінігіндегі кемел адам – табиғаты, жаны таза, қиянатсыз, өмірлік позициясы айқын, махаббаты биік, өзінің нәпсісін толық игерген, адал еңбек ететін ақ жүрек иесі.

Қазіргі таңда «толық адам», «кемел адам», «жан-жақты жетілген адам» концепциясы кеңінен сөз болып жүр. Оған себеп те жоқ емес. Білім мен ғылымның дамуы қарыштап

тұрған заманда адам басты құндылық болудан қалып бара жатқандай. Осы тұста Шәкәрімнің «Ар ілімі», «Түзу адам» концепциясы өзекті болып тұр.


Адам мәселесі – Шәкәрім философиясының өзегі, негізі. Ойшылдың көптеген өлеңдерінде шын адам, анық адам тіркестері берілген.

...Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек
Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол немесе
... Күні-түні дей көрме, ғылым ізде,
Қалсын десең артыңда адам атың - дейді ойшыл.
...Олай қылмай, билесе бәрін ақыл,
Еш қиянат қылмаса, зорлық, тақыл.
Таза еңбекпен тағдырдан пайдаланса,

Адамды сонда адам деген мақұл - деген өлең жолдарынан адам атын сақтап қалу үшін ол өзінің нәпсісімен күресіп, күрес барысында аталмыш қасиеттерге ие болуы шарт. Ол қасиеттер - мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, ақ жүрек, терең ғылым. Сайып келгенде, осы қасиеттерді тұла бойына қалыптастырған тұлғада кемел адам сипатының көріністері байқала бастайды.

Үйретуді жөн көріп,
Түзетпек едім адамды,
...Адамшылық міндетім,
Айт деді адам індетін...,
...Мінін айтып қазушы ем,

Түзетпек боп елімді... - дей келе, заманның түзелуі адамның түзелуінен басталатынын білген. Оның бар мақсұты «адамды түзету» болған. Осы мақсұтына жету үшін әлемдегі зұлымдық атаулыны тамырымен жоятын «Ар ілімін» оқытуды ұсынады. «... адал еңбек, білім үйренумен қабат «Ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек.»- дейді Шәкәрім. Сонда сол пән мазмұны нені қамтуы мүмкін? Пән мақсаты Шәкәрім айтқандай, адам бойындағы нәпсі кеселінен арылту, ардың басшы болуын көздеу керек.



Шәкәрімнің бұл өлеңі «Ар ілімін» оқытудың сатылы тұжырымдары десек қателеспейміз. «Ар ілімін» оқыту арқылы ғана әлемде жақсылық орнатуға, зұлымдық атаулыны жеңуге болады.

Протагор адамды барлық заттардың өлшемі деп сипаттаған екен. Ал осы Басты өлшем өзін қай өлшеммен өлшемек? Шәкәрім де, оған дейінгі ойшылдар да кемел адам сипатының ең басты өлшемі ретінде – елге(адамзатқа) пайдалы болуды ұсынады. Адам тек пайдалы болып, өзгеге жәрдем етсе, арының арманынан шығады екен.

Жаныңды аяй көрме жардамынан
Сөйткенде арың шығар арманынан.

Әйтпесе бұл өмірің артық емес,

Тәніңді топырақ басып қалғанынан- деп, бұл өмірдің ең негізгі артықшылығы – біреудің қажетіне жарау, пайдалы болу екендігін айтады.

Шәкәрім шығармалары негізінде айтсақ, кемелдікті құраушы ең негізгі сапаның бірі – ақыл. Тірі болудың, бар болудың алғышарты – ақыл. Ақылы жоқ адам өлікке теңдес. Егер ақыл мен білім адамға қатар бітсе, бұл оны ізгілікке жетелейді. Кемелдікке ұмтылу өзінді тану арқылы жаратушыны тану, болмысыңды ашуда тура жолдан, түзу жолдан, Жардың жолынан айнымау керектігін айтады. Осы жолда ақылды өзіңе пайғамбар қыл, ақыл сені еш адастырмайды дейді Шәкәрім.

Таза ақыл анық адамда,
Ақылға сынат әр істі – деп тұжырымдайды.

Ақыл деген денеге егулі дән,

Суарса егер оған бітеді жан.

Ақылдың өсіп, өніп, көркеймегі,

Көрген, білген нәрседен ғибрат алған – деген өлең жолдарынан көрген, білген нәрседен ой қорыту арқылы ақылдың өсіп-өнетінін түсінуге болады. Ақылды дұрыс бағыттап, оны «суарса» жан бітеді екен. Шәкәрім өзінің «Үш анық» трактатында «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді...» дейді. Ақиқат дегеніміз- хақ тағаланы тануға ұмтылыс, бұл жолда бәрі бар, адамның өзін-өзі тануы, дамуы, нәпсімен күрес, т.б. ал осы ақиқатты игеру Шәкәрімше, ақыл көзімен іске асады. «Сондықтан барша адам шамасына қарай, қай бірі өзі үшін, қай бірі табы үшін, қай бірі барша адам үшін жақсылық бақ іздейді. Ақыл қарауында адам толығы барша адамға бақ іздеген болады». Осылайша, толық адамның ғылыми дефинициясын береді. Яғни, Шәкәрім өзін емес, барша адамзатты ойлайды.

Шәкәрім «Жетпіс екі жасымда» әңгімесінде «Адам өмірін қалай түзеуге болады?» деген сұрақтың жауабын іздейді. Шәкәрім танымының идеялық мақсаты рухани шынайылыққа, пәктікке, гуманизмге, адамгершіліктің биігіне ұмтылу. Ол үшін бірінші кезекте адамның әлеуметтік статусы емес, оның адамдық болмысы тұрады. Адамның түзелуін, дұрыс өмір сүруін ақын жалпыадамзаттық мәселелердің шешілуімен байланыстырады. Адамды түзу жолға салатын жеті құндылықты алға қояды.

«Мейірім», «Ынсап», «Әділет»,

«Шыдам», «Шыншыл», «Харекет».

Түп қазығы – «Ақ ниет».



Бірақ осы айтылғандарға қарсы, жолдан қосылған, адамның бойында біржола сіңісіп, біте қайнасып қалған күшті, зиянды жау нәрселер, әдеттер де бар. Міне, осы жаман әдеттердің барлығынан адамдар тату тұрып, жайлы өмір сүре алмайды. Олар - нәпсі, өзімшілдік, мақтан. Бұлардан ұшы-қиыры жоқ жаман әдеттер туа бермек. ...Жоғарыда айтылған жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан, сол адал еңбек, білім үйренумен қабат «Ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай»- деген ойлары маңызды болып тұр.

Олай қылмай, билесе бәрін ақыл,
Еш қиянат қылмаса зорлық, тақыл.
Таза еңбекпен тағдырдан пайдаланса,
Адамды сонда адам деген мақұл.
Атақ, пайда іздемей,
Ойында мақтан жоқ болса,
Қиянатты көздемей,

Қанағатқа тоқ болса - деген өлең жолдары кемелдікке жетудің қағидалары, шарттары сияқты.

Жаңа қоғамның сапасы сол қоғамдағы әрбір тұлғаның жетілуімен өлшенеді. Шәкәрім шығармаларынан интенциясы Дүниеге бағытталған Батыс адамына қарағанда өзін-өзі таныған, өз мүмкіндігін толық ашуға тырысқан шығыстың ойлау стилі бірден байқалып тұр. Шығыс адамындағы күрес пафосы – өзімен-өзі күрес. Шәкәрім де осы бағытты ұстанған.

Адамның адал ұлы болам десең,
Алдыменен өзінді нәпсіңді жең,- дейді ойшыл.

Шәкәрім өзінен бұрынғы ғұламалардан үлгі ала отырып, «Толық адам», «Кемел адам» турасында қозғаған мәселелерді жаңа сапалы деңгейге көтерді. Ақын адамның биік парасаттылыққа жету жолдарын сатылап саралайды. Әрбір сатыны бағындырған сайын, адамның ішкі рухани болмысы жақсарады, мұндай адам барша адамзат игілігін ойлай алатын кемелденген жанға айналады.

Абай адамгершілік және әдет-ғұрып қағидаларын жұртқа таратпақ болса, Шәкәрім халықтың рухани өміріндегі адамгершілік-этикалық категориялардың белгілі бір жүйесін жасады.

	Макро элементтер	Микро элементтер
«Адам өмірін түзеу» тұғырнамасы	Ақ жүрек	Махаббат
		Мейірім
		Рахым
		Ұят, ұждан, ар
		Ақ пейіл
		Адалдық
		Қайырымдылық
	Адал еңбек	Талап
		Харекет
		Шыдам
		Сабыр
	Арлы ақыл	Ынсап
		Терең ғылым
		Терең ой,
		Білім
		Шыншыл
		Қиянатсыз ой
		Сау ақыл

Кемелдікке жетуде ең басты кедергі – нәпсі. Кім өз нәпсісін жеңсе, сол жеңіске жетпек. Сонымен қатар, адамдық жаулары ретінде автор келесі өлеңінде ашық айтып көрсетеді.

Еріншектен-салақтық,

Салақтықтан – надандық...

Бірінен бірі туады,

Жоғалар сүйтіп адамдық. Тағы бір өлеңінде:

Еріншек, ашу, құмарлық

Жамандықтың басы осы – деп толықтырады. Бар жамандық еріншектіктен бастау алады, бойды содан аулақ салуға үндейді. Жаман қасиеттерден бойын аулақ ұстай алмаған жандарға

Елді сынап, өз мінін елемейді

Өлі жүрек, өзімшіл, күншіл мұндар! – деп ашынады.

Шәкәрім адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттер тамырының қоғам өмірінде жатқанын үнемі сездіріп отырады. Қандай әлеуметтік кеселді болсын ол уақыт ағымының барысынан туған, бірақ міндетті түрде түзетуге болатын кемшілік деп білді.

Шәкәрім шығармалары негізінде кемел адам сипаттары және кемелдену кедергілері	
Рухани тіректер	Жаман адам сипаты, кеселдер
Жүрегі таза адамдар Зұлымдықтан амандар Қиянатсыз надандар Әулиеден кем емес.	Пән жамылған әлімдер Дін жамылған зәлімдер Бере берсең бәрін жер, Сол жалмауыз паңнан без
Ғаделет, әділ, шыншыл	Түбі арам айла қуған өңкей жылым
Таза жүрек, ақ жүрек	Өлі жүрек, өзімшіл, күншіл мұндар
Терең ғылым	Залым ғалым
Бостандық	Мансапқорлық, рақымсыздық, мейірімсіздік, қанишерлік
Харекет, адал еңбек, таза еңбек	Еріншектен-салақтық, Салақтықтан- надандық Бірінен-бірі туады Жоғалар сөйтіп адамдық
Ұят, намыс, ождан/ұждан	Еріншек, ашу, құмарлық Жамандықтың басы осы
Даналық	Жайдары күлдіргіш, ұятсыз, әдепсіз
Ғашықтық, махаббат	Құмарлық деген бір ит бар
Достық	Өзімшілдік, зорлық
Жомарттық	Пейілі тар
Сабыр	Қалжыңшыл, қылжақбас
Талаптылық, таза талап	Сыртың таза, арам ішің
Ізгілік, мейірім, ақ ниет, ақ пейіл, рақым	Қиянат, зұлымдық
Парасаттылық	Көрсеқызар, жалмауыз
Ынсап	Нәпсі
Арлы ақыл, таза ақыл, сау ақыл	Ноқталы ақыл
Терең ой, қиянатсыз ой тазасы	Ойы шартық, мисыз шолақ ой, тайғақ ой
Ары зор	Сыртында май, ішінде оқ
Ақ жүрек	Жүрегің болса тайғақ саз
Анық бақ: мінсіз сөз, кірсіз ақыл, адал еңбек	4 кесел: надандық, жуандық, қырт, мансапқорлық
Шын мінез	Тайғақ мінез, екі тіл, құбылма мінез

Қазақ қоғамы үшін тағдырлық мәнді мәселелердің Шәкәрім өлеңдерінде синтезделіп көрініс табуы – қазақ поэзиясына енгізілген жаңалық. Адами қасиеттерді алға шығару

арқылы ғана кемелдікке жетуге болады. Шәкәрім шығармаларын зерделей отырып, «Шәкәрімнің кісілік кодексін» ұсынамыз.

- ✓ Ынсап пен мейірім, әділетті жаныңдай көріп жан сақта
- ✓ Ең әуелі жанды біл
- ✓ Ең керекті үш сұрақпен, жан құлағын бұрап қой
- Келдім қайдан?
- Қайтсем пайдам?
- Өлгеннен соң не болам?
- ✓ Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи
- ✓ Арың сатпа, терің сат, адалды ізде
- ✓ Пайғамбар қыл ақылды!

Сол табады мақұлды!

- ✓ Ақылға сынат әр істі
- ✓ Ақ жолдан айнымай, ар сақта
- ✓ Талаптан да білім мен өнер үйрен
- ✓ Мақтанға салынба, мансаптың тағы үшін
- Нәпсіңе билетпе, басыңның бағы үшін
- ✓ Барыңды, нәріңді тірлікте бергейсің
- ✓ Ғибрат алар артыңда із қалдыр
- ✓ Ғылымсыз адам-айуан

Не қылсаң да ғылым біл

- ✓ Ақылға еркін ой керек

Матаудан ойды азат қыл

- ✓ Күні-түні дей көрме, ғылым ізде

Қалсын десең артыңда адам атың

- ✓ Сен бола көр аққа жақ, болам десең адам

Адал еңбек берер бақ, бассаң соған қадам.

Айнымайтын ақ жүрек пен таза ақылды жанның

Таппасы жоқ бұл өмірде, осынымды ұқ, балам!

- ✓ Халқыңа еңбек қыл
- ✓ Адамның адал ұлы болам десең,
Алдыменен өзіңді нәпсіңді жең
- ✓ Құдай таза жаратты, сен таза бол
- ✓ Боларға ұмтыл, болмасқа қанағат қыл
- ✓ Не қылсаң, қыл адамға махаббат деп
- ✓ Жалқаулық, көрсеқызар, ашу, мақтан,

Арамдық, өтіріктен – ерте сақтан.

Күні бұрын жуытпа маңайыңа,

Есер, есірік, ынжықтық – солар жақтан.

Осы қағидаларды кім басшылыққа алса, ондай адам қашанда ақ жолдан айнымай, ар сақтап, кемелдікке ұмтылары сөзсіз.

Адамды саналы қылатын жасы емес, оны саналы қылатын – оның көтерген жүгі. «Пенде қылған ісін шын ықыласпен орнына келтіріп қылса, тіпті далаға кетпейді» дейді Мәшһүр Жүсіп. Адам – интенционалды жаратылыс.

Өмірде өзіне ғана тән биік адами міндеті болады. Осыны пенде сезініп білгенде оның қаһармандық қасиеті көмекке келеді. Осы бір экзистенциялық қасиетін жүзеге асырмаса, болмысы мәңгілікке сіңіп жоқ болады. Шәкәрімше айтсақ, «ғибрат алар артына із қалмайды». Ел жадында өшпестей есімдері қалған тұлғалар жетерлік.

Кемелдік шыңын бағындырғандар десек әбден болады. Олар: Шоқан, Абай, Ыбырай, Сұлтанмахмұт, Бауыржан Момышұлы, кейінгі өкілдер Бейсен Құранбек, т.б. Бұл есімдер қатарын әлі де толықтыра берсек болады. Әйтсе де, барлығына ортақ бір дүние – баршасы өмірлік мақсұт-мұратын ел болашағына байлаған, ар-ұятын ойлаған, жауапкершілікті

аркалап, адамшылық қасиеттерін ту еткен жандар. Сондықтан есімдері мәңгілік ел есінде, олар өшпегендей, өлмегендей.

Өмірде көп көріп жүрміз. Қазіргі біздің қоғам білімсіздіктен, надандықтан зардап шегіп жатқан жоқ. Балаларымыздың, жастардың білім алуына барлық жағдайлар жасалған, қосымша курстар, ақылы интеллектуалды мектептер, үйірмелер, т.б. бәрі бар. Тәуелсіздік алғалы бері жастарымыз Батыс-Шығыс білімдерін жан-жақты игеруде.

Қысқасы, оларды сауатсыз, білімсіз дей алмаймыз. Өмірлік пәлсапа, адами міндеттер турасында айтқанда алдына жан салмайды. Бірақ оларға бір нәрсе жетіспейді. Ол – Қаһармандық, Ерлік. Жоғарыда айтылған тұлғалардан айырмашылығы осы сияқты. Сонымен біздің қоғам адами міндетін дәл танып, жауапкершілік арқалай алатын күрескер тұлғаларды қажет етеді. Осы қасиеттер бойында бар тұлғалар шын кемел адам бола алады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1. Шәкәрім «Қазақ айнасы» Алматы 2003 ж.
2. Шәкәрім «Үш анық» Шәкәрім университеті 2019 ж.

МРНТИ: 14.01.11

Г.Ж. Садвакасова, М.С. Құдайбергенова
КГУ «Средняя общеобразовательная школа-лицей № 38»

РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

Социально-экономические преобразования в России, ставят перед обществом новые цели и задачи не только в экономике и политике, но и в духовной сфере, в сфере образования. Новые условия ставят перед системой образования новую задачу подготовить компетентных, высокообразованных профессионалов, которые будут конкурентоспособными на международной арене.

Динамичные изменения, происходящие во всех сферах современного общества, оказывают серьёзное воздействие на самого человека, его образ жизни, профессиональную деятельность и взаимоотношения с окружающими.

Он должен быть способным действовать в условиях неопределённости и адаптироваться к изменяющимся условиям жизни, сохраняя при этом физическое и психическое здоровье; ориентироваться в постоянно растущем информационном потоке, выдерживать конкуренцию в овладении новыми знаниями и технологиями, в которых возникает профессиональная и жизненная необходимость.

Можно сказать, что в современном обществе и обществе ближайшего будущего успех человека во многом будет зависеть от его способности к саморазвитию и самореализации, понимания сути общественных процессов, готовности к эффективному участию в жизни общества. Вот почему для современной школы так актуальна задача подготовки обучающихся к успешному взаимодействию в жизненных ситуациях изменяющегося общества, формирования их функциональной грамотности.

Под функциональной грамотностью понимают результат овладения учащимися системой предметных ключевых компетенций, позволяющих эффективно применять усвоенные знания в практической ситуации, способность вступать в отношения с внешней средой и максимально быстро адаптироваться и функционировать в ней.

В отличие от простого понятия грамотности как способности личности к чтению, составлению простых коротких текстов и осуществлению элементарных арифметических действий, функциональная грамотность человека проявляется в его способности действовать в современном обществе, решать различные задачи, используя при этом определённые знания, умения и навыки.

Она должна обеспечивать нормальное функционирование личности в системе социальных отношений: жизнедеятельность в конкретной культурной среде, определяемой в том числе и особенностями развития государства, гражданином которого является человек.

Функциональная грамотность: является базовым уровнем для формирования навыков чтения и письма; направлена на решение бытовых проблем; обнаруживается в конкретных обстоятельствах и характеризует человека в определенной ситуации; связана с решением стандартных, стереотипных задач.

Выделяют основные направления формирования функциональной грамотности: математическая грамотность; читательская грамотность; естественно научная грамотность; финансовая грамотность; глобальные компетенции; креативное мышление.

Читательская грамотность – это способность человека понимать и использовать тексты, размышлять о них и заниматься чтением для того, чтобы достигать своих целей. Ученик должен научиться находить, извлекать нужную информацию, интерпретировать и интегрировать ее, осмысливать и оценивать содержание текста, использовать полученную информацию.

Математическая грамотность является вторым по значимости компонентом функциональной грамотности. Она предполагает способность использовать математику, чтобы помочь решить реальные проблемы, включает также способность понимать «язык» математики.

Естественнонаучная грамотность – способность использовать естественнонаучные знания для выделения в реальных ситуациях проблем, которые могут быть исследованы и решены с помощью научных методов, для получения выводов, основанных на наблюдениях и экспериментах.

Финансовая грамотность – это совокупность знаний, навыков, умений и установок в финансовой сфере, а также личностных социально-педагогических характеристик, сформированность которых определяет способность и готовность человека продуктивно выполнять различные социально-экономические роли: домохозяйина, инвестора, заемщика, налогоплательщика и т.д.

Глобальные компетенции – это способность критически рассматривать с различных точек зрения проблемы глобального характера и межкультурного взаимодействия; осознавать, как культурные, религиозные, политические, расовые и иные различия могут оказывать влияние на восприятие, суждения и взгляды людей; вступать в открытое, уважительное и эффективное взаимодействие с другими людьми на основе разделяемого всеми уважения к человеческому достоинству.

Креативное мышление – умение человека использовать свое воображение для выработки и совершенствования идей, формирования нового знания, решения задач, с которыми он не сталкивался раньше.

Выделяется несколько основных видов функциональной грамотности: коммуникативная, информационная, деятельная.

Поскольку формирование функциональной грамотности занимает одну из главных ниш педагогической деятельности, его реализация проходит в рамках самых разных учебных дисциплин. Значимое место среди прочих предметов занимают дисциплины гуманитарного цикла, в том числе история и обществознание.

Но одной из главных проблем истории как предмета является то, что она менее всего практико-ориентирована. В истории нельзя, как в математике, привязать знание или умение к повседневной жизни, как в химии или физике, провести эксперимент.

Сложно объяснить ученику, ЗАЧЕМ ЭТО надо изучать (например, огораживания в Англии), ПОЧЕМУ ЭТО надо знать (например, даты). Ученику, который всерьез занимается информатикой, физикой, биологией, математикой или, напротив, не интересуется ничем, история подчас кажется легким и ненужным предметом, предметом, где нет ничего, кроме хронологии событий. Современный ученик – прагматик и рационалист. Ему нужна сильная

мотивация (стимул) на уроке. Стимул, который бы его увлек, заинтересовал, шокировал, поставил в тупик, удивил.

Такие стимулы более удачны даже не на предметном, а на межпредметном и метапредметном уровне. Сочетание информации по истории, географии, социологии, литературе, биологии, математике дает возможность рассмотреть то или иное историческое событие с разных (иногда неожиданных) позиций, позволяет использовать личностный фактор.

На уроках истории чаще всего формируются следующие виды функциональной грамотности:

1) читательская грамотность – способность к пониманию и осмыслению письменных текстов, к использованию их содержания для достижения собственных целей, развития знаний и возможностей, активного участия в жизни общества;

2) математическая грамотность – способность человека определять и понимать роль математики в мире, в котором он живет, высказывать хорошо обоснованные математические суждения и использовать математику так, чтобы удовлетворять в настоящем и будущем потребности, присущие созидательному, заинтересованному и мыслящему гражданину;

3) естественно-научная грамотность – способность использовать естественно-научные знания для отбора в реальных жизненных ситуациях тех проблем, которые могут быть исследованы и решены с помощью научных методов, для получения выводов, основанных на наблюдениях и экспериментах, необходимых для понимания окружающего мира и тех изменений, которые вносит в него деятельность человека, а также для принятия соответствующих решений.

Базовым навыком функциональной грамотности является читательская.

В современном обществе умение работать с информацией (ЧИТАТЬ, прежде всего) становится обязательным условием успешности.

Овладение функциональной грамотностью на уроках истории складывается из нескольких составляющих:

1. Процесс овладения исторической грамотностью: учащиеся определяют временные рамки изучаемого периода, соотносят даты с веками, показывают на карте территориальное пространство изучаемого события, дают характеристику понятийному аппарату, анализируют роль личности в истории.

2. Процесс обучения – усвоение исторических знаний происходит поэтапно, «от простого к сложному», от материала 5 класса (Древнейшие цивилизации) к темам 9 класса (история обучения: «мозговой штурм», работа в малых группах, творческие задания, интерактивная лекция, урок-экскурсия и др.

3. Процесс образования – учащиеся владеют общим уровнем исторической культуры, знакомы с историческими ценностями и стандартами современной цивилизации.

В нашей работе понимание функциональной грамотности, это, прежде всего, как ученик освоил теоретический материал, и как он может применить его на практике.

Это возможно, если:

1. В учебном процессе в целом осуществляется активизация познавательной мыслительной деятельности учащегося на каждом уроке.

2. Формируется навык самообучения, самообразования в учебном процессе непрерывно.

3. Формируются универсальные учебные действия, характерные для всех школьных дисциплин (развитие памяти, аналитического и критического мышления, умение четко выразить свою мысль).

4. Ученик научен работать с текстом, анализирует его и может дополнять. Умеет найти нужную информацию в источниках.

5. Умеет полученную информацию соотнести с исторической действительностью.

Средства формирования функциональной грамотности на уроках истории:

- пересказы (мифов, биографий, рассказов и т.д.) - предоставление учащемуся возможности, монологически грамотно изъясняя свои мысли, «примерить на себя» те или иные исторические сюжеты и образы, что позволяет «очеловечить» события, расширить их воспитательный диапазон, создавая тем самым соответствующую эмоциональную среду для усвоения базовых ценностей;

- познавательные игры, викторины, уроки-дебаты, которые развивают навыки сотрудничества, индивидуальной работы и умение выступать с собственной точкой зрения в дискуссиях;

- исторические диктанты и эссе с их последующей коррекцией со стороны учителя, что формирует письменную грамотность учащихся;

- изучение исторических и правовых документов, их подробный анализ, что позволяет учащимся высказать своё собственное мнение по проблеме, опираясь на этические ценности, которые выработало человечество за всю свою историю;

- чтение вариативных источников, что позволяет учащимся отказаться от однозначных и прямолинейных суждений, пристально присматриваться к текстам и авторским позициям. Таким образом, учащиеся делают этический выбор, с одной стороны примеряя на себя исторические роли, а с другой - входя в круг тех, кто эти роли оценивает.

- исследовательские работы в форме презентаций, рефератов, социологических опросов, проектов (учащиеся используют информацию, полученную в беседах с родственниками, с ветеранами войны и труда, из справочной литературы, обогащая себя новыми знаниями, очередной раз, убеждаясь в том, какими нравственными качествами должен обладать человек, чтобы его имя не забывали).

- функциональное чтение – это чтение с целью поиска информации для решения конкретной задачи или выполнения определенного задания. При функциональном чтении применяются приемы просмотрового чтения (сканирования) и аналитического чтения (выделение ключевых слов, подбор цитат, составление схем, графиков, таблиц);

Процесс развития функциональной грамотности на уроках истории и обществознания осуществляется на основе формирования навыков мышления в виде заданий, проблемных ситуаций и вопросов.

Например, можно использовать такие формы и методы работы, как составление вопросов к тексту, тезисного плана, хронологических таблиц и логических схем; преобразование цифровой информации в диаграмму или гистограмму; подбор примеров к тексту; объяснительное комментированное чтение; аналитическое чтение; составление рассказа по иллюстрации; выделение смысловых частей текста и другие.

Наиболее эффективными приемами работы с учебным текстом можно выделить следующие:

1. Прием «Корзина» (обучающиеся записывают все понятия, идеи, имена по данной теме).

Пример приема «Корзина» на уроке истории в 6 классе. Тема «Могущество папской власти. Католическая церковь и еретики»: можно предложить обучающимся высказать, что такое «Инквизиция», причины и последствия появления данного явления, привести примеры.

2. Прием «Синквейн» (первая строчка – одно существительное, вторая строчка – описание двумя прилагательными, третья строчка – описание действия тремя глаголами, четвертая строчка – фраза из четырех слов, показывающая отношение к теме, пятая строка – это XIX вв.). На протяжении всего процесса обучения используются интерактивные методы синонимом из одного-двух слов, который отражает суть понятия).

Тема «Столетняя война»:

- 1) Жанна д'Арк;
- 2) отважная неординарная;
- 3) сожгли, реабилитировали, канонизировали;
- 4) главнокомандующая французскими войсками в Столетней войне;
- 4) Орлеанская дева.

Тема «Потребности человека»:

- 1) потребности;
- 2) биологические, социальные;
- 3) появляются, возникают, проявляются;
- 4) побуждают человека к деятельности;
- 5) нужда.

3. Приём «До-После» (в таблице из двух столбцов заполняется часть «До», в которой обучающийся записывает свои предположения о теме урока, о решении задачи, может записать гипотезу. Часть «После» заполняется в течение или в конце урока, после работы с учебным текстом. После чего идет сравнение двух колонок в таблице и делается вывод.

Пример приема «До-после» на уроке истории в 6 классе. Тема «Крестовые походы»:

В первом столбце «До» обучающийся описывает причины крестовых походов (Я думаю, что причины крестовых походов заключаются...), а во втором столбце «После» перечисляются причины и делается вывод.

4. Прием «Инсерт» (во время чтения учебного материала делаются пометки). Например, следующие значки: (V) я это знаю; (+) это новая информация для меня; (–) я думал по-другому, это противоречит тому, что я знал; (?) это мне непонятно, нужны объяснения, уточнения.

Пример заполнения таблицы Инсерт на уроке истории в 7 классе. Тема «Реформы Петра I»:

5. Прием «Продолжить рассказ» (составить 6-7 предложений, используя полученные знания на уроке).

6. Прием «Завершим схему» (заполнение пробелов в схеме, установление и графическое изображение логических связей между звеньями схемы).

7. Составление по тексту учебника кроссворда, ребуса, теста (альтернативные тесты, тесты на соответствие или на исключение лишнего, на восстановление последовательности).

8. Прием «Кластер» («гроздь») – выделение смысловых единиц текста и графическое их оформление в определенном порядке в виде грозди винограда.

9. Составление по тексту учебника кроссворда, ребуса, теста (альтернативные тесты, тесты на соответствие или на исключение лишнего, на восстановление последовательности).

10. SWOT–анализ (заполнение матрицы, состоящей из четырех блоков, в центре матрицы записываем факт, явление, проблему, требующую исследования, а по блокам матрицы)

S – сильные стороны изучаемого явления (англ. strengths – сильный)

W – слабые стороны изучаемого явления (англ. weaknesses – слабый)

O – возможности применения (англ. opportunities – возможности)

T – угрозы применения (англ. threats – угрозы)

Пример: Урок обществознания в 9 классе. Тема «Типы экономических систем». Организуется групповая работы в классе. Каждая группа готовит анализ одного из основных типов экономических систем (традиционной, плановой, рыночной): читают материал параграфа и дополнительный материал, обмениваются новой информацией, выделяют сильные и слабые стороны основных типов экономических систем, предполагают, какие возможности и угрозы применения этих типов систем существуют в будущем; заполняют матрицы SWOT-анализа; выступают перед другими группами; оценивают работу в группах и делают вывод о том, что ни один из основных типов экономических систем не является идеальным, и что необходима такая экономическая система, которая сочетала бы в себе элементы и командной и рыночной экономик. Таким образом, вводится понятие смешанной экономики и на следующем уроке организовывается ее изучение.

10. Прием «Толстые и тонкие вопросы». Тонкий вопрос предполагает однозначный краткий ответ на вопросы: Где? Когда? Что? Кто? Толстый вопрос предполагает ответ развернутый: Каковы последствия? В чем состоят различия?

Пример. Тема урока истории в 7 классе «Церковный раскол». Можно предложить обучающимся задать толстый и тонкий вопросы. Тонкий вопрос: Кто был автором церковной реформы? Кто такие раскольники?

Толстый вопрос: Какие причины церковного раскола можете назвать?

Вопросы оцениваются по критериям: самые сложные, самые интересные, оригинальные.

11. Прием «Оценка текста» (предлагается не читать текст абзац за абзацем, а оценить содержание изучаемого параграфа).

Например, при изучении в 9 классе параграфа «Духовная жизнь Серебряного века» обучающимся предлагается в течение некоторого времени изучить текст и ответить на следующие вопросы:

- Какие разделы встречаются в тексте?
- Какие слова выделены курсивом?
- Почему они так выделены?
- Какие имена чаще всего встречаются в данном параграфе? Какие из них вам уже известны?
- Какой раздел параграфа самый большой? Как по-вашему, почему?

Оценивание функциональной грамотности можно разделить на три уровня:

- на первом (низком) уровне функциональной грамотности учащиеся должны демонстрировать отдельные исторические знания, воспроизводить оценки, усвоенные в готовом виде, осуществлять деятельность по образцу, при осуществлении коммуникации излагать усвоенные в готовом виде знания;

- на втором (среднем) уровне школьники должны воспроизвести различные оценки, полученные в готовом виде, обладать совокупностью исторических знаний, уметь преобразовать в процессе учения усвоенные способы деятельности, при выражении образа истории использовать доказательное рассуждение;

- на третьем (высоком) уровне учащиеся должны иметь обоснованную собственную оценку и отношение к истории, обладать целостной системой знаний, уметь преобразовать чужой и собственный опыт и создать на этой основе способы деятельности, в процессе коммуникации приводить оценочные высказывания, основанные на собственных оценках.

Таким образом, учебные предметы «История» и «Обществознание» обладают широчайшими возможностями для использования их в целях формирования функциональной грамотности учащихся.

Необходимо регулярно заострять внимание учащихся на духовно-нравственных аспектах тех или иных исторических событий, учить школьников анализировать и синтезировать информацию, проводить аналогии с сегодняшним днём.

Воспитание высоконравственного человека, способного адекватно адаптироваться в современной социальной среде - сложнейшая задача, но она вполне достижима, если за её реализацию возьмутся профессиональные педагоги, способные воздействовать на личность с разных сторон.

Литература

1. Бардина И.Н., Проведение бинарных занятий / И.Н. Бардина, И.М. Лукавец: Специалист, 2017, №4;
2. Гусева В.Г., Интегративный урок как средство развития компетенции / В.Г. Гусева, М.Р. Максимова: Специалист, 2010, № 3;
3. Бобырев А.В., Рудакова И.А. Типы «нестандартных» уроков в системе организации профильного обучения в педагогическом лицее // Известия Южного федерального университета. Педагогические науки. 2012. № 6
4. Капустина В.А. Развитие функциональной грамотности учащихся на интегрированных уроках // Учебный год. – 2021. – № 3 (65). – С. 27–30.

**ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ В
РАМКАХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ ПО ПРЕДМЕТУ
«ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТРУД»**

«Функционально грамотный человек – это человек, который способен использовать все постоянно приобретаемые в течение жизни знания, умения и навыки для решения максимально широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений» А.А. Леонтьев.

Функциональная грамотность широко используемое понятие в различных учебных дисциплинах в современном образовании. Каждый из нас знает, какой смысл заложен в этом понятии и как важно в современном мире обладать компетенциями, связанными с функциональной грамотностью. Писать и читать умеют все, главным и важным показателем является умение применить полученные знания на практике. Умение понять и решить проблему, которая лежит вне рамок предметной области, вне изучаемого материала.

Сейчас очень часто мы стали использовать формат дистанционного обучения в период отмены занятий. И каждого из нас беспокоит вопрос об усвоении знаний по предмету, хочется получать обратную связь.

Любая учебная дисциплина содержит в себе два вопроса:

1. Содержание образования
2. Какие методы и приемы целесообразно использовать при обучении.

Я бы хотела остановиться именно уже на готовом продукте, итоге урока, смогли ли учащиеся понять тему, уметь ее раскрыть, что нового узнали, справились ли самостоятельно с выполнением практического задания и главное, поняли ли где в жизни они могли бы это применить. При формировании функциональной грамотности особое значение имеет форма и система оценивания учебной деятельности учащихся. Т.е. главной задачей для педагогов научить учащихся планировать, анализировать и корректировать свою деятельность. В процессе дистанционного обучения есть возможность оценивать учебные знания с помощью различных инструментов.

Например, какие имеются возможности:

1. Выполнение тестовых заданий на платформе онлайн -мектеп.
2. Выполнение заданий в инструкции к уроку, прикрепленном в Кунделик.
3. Фото -отчет готовой работы, или в процессе выполнения работы по этапам
4. Презентации
5. Видеоролики
6. Устный опрос по теме в онлайн-режиме и т.д.
7. Онлайн мастер-классы в стриминге и т.д.

Параллельно с развитием художественной грамотности развивается и цифровая. Мне бы хотелось отметить жирным плюсом возможность цифровых медиа в обучении предмету «Художественный труд» именно в рамках ДО. Сейчас наши дети все блогеры, активные пользователи соцсетей. В приложениях мобильных платформ нет недостатка в инструментах. Использование таких технических средств позволило сделать творческий процесс более увлекательным и интересным. (фотографии готовой работы не в счет). Учащиеся имели возможность объединяться в группы, обмениваться информацией, работать вместе над созданием итоговой работы над темой. Также это позволило заполнить разрыв между классической культурой и цифровой, где можно применять инструменты цифровых медиа не просто фотографируя готовую работу, а создавать видеоролики, мультфильмы, цифровые истории и т.д. Умение пользоваться современными технологиями, использовать

их на уроке – все это развитие необходимых навыков, диктуемых современным миром. Но, хочется сделать поправку при дистанционном обучении - это всего лишь инструмент.


Многие люди думают, что уроки художественного труда, не столь важны, как другие предметы и науки, но это не так. Основная цель таких занятий не в овладении конкретными знаниями, а формирование умений нестандартно смотреть на ситуацию, развивать творческое видение и самостоятельность мышления, умение решать проблему творчески и видеть её с разных сторон, а главное применять это в жизни (умение готовить, шить, рисовать, создавать проекты различных изделий, и умение делиться своими знаниями с другими).

Ну и конечно, чтобы чему то научиться и выполнить нужны четкие инструкции, критерии.


ПРИМЕРЫ КОМПЕТЕНТНОСТНЫХ ЗАДАНИЙ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО СОДЕРЖАНИЯ.

Задание: 6 класс. Создание теневого кукольного театра. Работа групповая.


Учащиеся снимали видеоролик придумывали сценарий, создавали кукол, подбирали декорации, освещение, озвучивали, подбирали музыку, делились своим проектом, размещая на лицейской страничке в Инстаграм). Целью работы в группах- создание условий для развития коммуникативной компетенции, а значит формирование у учеников взаимодействия друг с другом, умения планировать и осуществлять совместную деятельность, анализировать результаты совместной деятельности оценивать вклад каждого члена группы.



Задание. 6 класс. Приготовление пиццы.(Задачей учащихся было: поиск рецептов, расчет стоимости продуктов, разработка технологической карты с пошаговой инструкцией, съемка мастер-класса по приготовлению)



Задание творческого характера. «Цифровые истории» (посты самопрезентаций, рассказа о себе, о своем увлечении, творчестве)



На уроках детям предлагались задания, которые направлены на развитие различных форм функциональной грамотности. Задания носили характер творческого проекта, в ходе выполнения которого, обучающиеся разрабатывали и изготавливали новый продукт. Подготовительная часть проекта выполняется под руководством педагога и плавно переходит в самостоятельную работу обучающегося. Выполняя проект обучающийся должен продумать мельчайшие особенности изделия своего проекта

Литература

1. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 264 с.
2. Савельева Л.В. Современная русская социоречевая культура в контексте этнической ментальности. Сборник научных трудов. Петрозаводск, 1995.
3. Сабитова З.К., Алтынбекова О.Б. Русский язык. Учебник для 10 классов естественно-математического направления общеобразовательных школ. – Алматы: Мектеп, 2019 – 192 с.: илл.

МРНТИ: 14.25.09

М.С. Муратова

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті КЕАҚ
marzhan-84.23@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік дүние жасауға және қолдануға мүмкіндік береді. Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген оқушы дегеніміз мектепте білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады. Жинақтай алғанда, функционалдық сауаттылық оқушының жеке тұлғасының әлеуметтенуіне игі ықпал ететін басты тірек болып табылады. Тілдің саналы түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным қасиеттерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. Мұғалім оқушының қазақ тілінде төсіле сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жән. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту заман талабы.. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеттің алатын орны ерекше . Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға рухани-адамгершілік, этикалық,эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті оқыту құралдардың бірі ретінде пайдалану әдебиет пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету- қазақ тілінің басты міндеті болып табылады. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни заман ағымына , жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік , дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы-сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі.Сындарлы оқытудағы мақсаты-оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту,алған білімдерін сыныптан тыс жерде,кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.Сондай-ақ оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі басты назарға алынады.Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті қажет етеді.Яғни дәстүрлі оқудағы оқытушы мен шәкірт арасындағы көп жағдайлар оқушы көңілін қанаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықтар ұстаз бен шәкірт арасындағы көп жағдайлар оқушы көңілін қанаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықта, ұстаз бен шәкірт серіктестік қарым-қатынасқа ауысады.

Сонымен қатар оқушыға қалай оқу керектігін үйрету,соның нәтижесінде еркін,өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін,ынталы,сенімді,сыни ойлай алатын,пікір көзқарастары жүйелі дамыған,сандық технологияларда құзырлық танытатын оқушы қалыптастыру.

Сындарлы (оқытудың бағдарламаның) жеті модулі:

1.Білім беру мен білім алуудағы жаңа тәсілдер «Диалог негізінде оқыту және оқу» және метасана немесе «Қалай оқу керектігін үйретуді» қарастырады.Білім беру әдістеріндегі ерекше орын алатыны-диалог.Диалог оқушылардың сөйлесу әрекетін,сұрақты дұрыс қоя білуде,ақпарат алмасуда,жалпы тіл үйренуде таптырмас жұмыс түрі.

2. Сыни тұрғысынан ойлауға үйрету.Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы бойынша ол:шыңдалған ойлау,кез-келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарайды. Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасының нәтижесінде оқушы:

білім алушының белсенділігі артады, пәнге қызығушылығы оянады,өзіндік көзқарасын білдіруге мүмкіндігі бар,зерттеуге икемділігі дамиды,басқаларды тыңдауға,түсіністікке қарауға үйретеді.Жалпы,сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады.

3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.

Бағалау-оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл,оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда,оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор.Мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес,ол материалды меңгеру,меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады.

4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияның тиімділігі-келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына,іскерлігі мен шығармашылығын еркін дамытуға жол ашатын педагогикалық-психологиялық жағдай жасауында.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту арқылы,шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет.Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты-олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру.

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.

7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Осы заманғы кез-келген оқыту технологиясы оқу процесін ұйымдастыру кезеңінде технологияның бар мүмкіндіктерін үнемі шығармашылықпен пайдалану қажеттілігіне көңіл аударуда.Мұғалімнің көшбасшылық қабілеті ең бірінші сабаққа далықпен басталады,яғни,сабақтың жоспарын құру,оны өткізу әдістемесі,оқушылардың қабілеттерін,жас ерекшеліктерін ескере отырып,иллюстрация,техникалық құралдары,дидактикалық материалдарды пайдалану.

Мұғалімнің шығармашылық әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады.

Болашақтың нұрлы,жарқын болуына ықпал етіп,адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде.Біздің еліміздің негізгі тірегі-зияткерлік ұлт мүмкіндігі.Оқушыларымыздың сапалы білім алып,функционалдық сауаттылықтарын арттыру,еліміздегі білім мен ғылым дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс.

Әдебиеттер


1. Функциональная грамотность выпускников школ Вершловский С.Г, Матюшкина М.Д.
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана, 2012 ж.
3. Ергешбаева Ш.Н. Мүдде мен мақсат-жарқын болашақтың кепілі. Өрлеу – Шымкент. – 2014 ж.

МРНТИ: 14.01.11

А.М. Амирбекова, М.А. Туранова
«Шәкәрім атындағы гимназия» КММ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ, АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі пәндерін оқытуда жаңа технологияларды, белсенді әдіс-тәсілдерді пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды. Белсенді әдіс-тәсілдер оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді. Белсенді оқу мен оқыту әдістері: жеке, топтық, жұптық жұмыстар; жоба жасау; сұхбат, сахналау, интервью; шығармашылық жұмыстар; ой шабылуы; ақпарат көздерімен жұмыс; пікірталас, оқу, рөлдік ойындар, жағдайлық тапсырмалар, кері байланыс жасау; Оқытудың белсенді әдістерін сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Жақсы ойластырылған оқыту әдістерінің көмегінсіз оқу материалының игерілуін ұйымдастыру қиын.



Сабақтың «қызығушылықты ояту» кезеңі - жаңа сабаққа деген оқушы белсенділігін арттырудың ең бір маңызды кезеңі. Бұл кезеңде оқушыны жаңа сабақты бастамас бұрын түрлі әдістерді қолдану арқылы «нені білетінін», «не қызықтыратынын» аңғаруға болады. Мысалы, 7-сыныпта А. Құнанбаевтың «Сағаттың шықылдағы емес ермек» өлеңін өткен кезде алдымен оқушыларға ақын туралы не білетіндігі сұралады.

— Ақын туралы не білеміз? Бұл жерде «ББҮ» әдісін пайланамыз.

Біле Біл Үйрен
мін дiм дiм

Оқыту оқушының бастапқы білімі мен дағдыларын назарға алып, оларды өрістетуді мақсат еткенде мәнді болады. Топта бір-біріне үй тапсырмасын түсіндіру немесе үй тапсырмасын пысықтау кезеңінде «Ыстық орындық», «Аквариум», «Үштік әңгіме», «Білім футболы» және басқа белсенді әдістерді қолдануға болады. «Қарлы кесек» әдісін үй тапсырмасын пысықтау кезінде жиі қолданамыз. Оқушылар бір-біріне ақ қағаз лақтыру арқылы сұрақтар қояды, сұрақтарға толық жауап беруге үйренеді, шапшаңдыққа төселеді.

Жаңа тақырыппен танысу кезеңінде «Миға шабуыл», «Таныстырылым», «Сұрақ-жауап» әдістерін тиімді қолдануға болады. «Миға шабуыл» әдісінде проблемалық сұрақ ортаға тасталады; оқушылардың жауаптары тақтаға баған етіп жазылады; кез-келген пікір, жауап қабылдана береді; соңынан мұғалім қорытындылайды. Мен өз сабағымда бұл әдісті көп қолданамын. Мысалы, «Ғаламтордың пайдасы» тақырыбын өткен кезде осы әдісті кері байланыс үшін қолдандым. Оқушыларға мынадай сұрақ қойылды: Ғаламтор бізге не үшін керек? Осы сұрақ төңірегінде өздерінің ойларын айтуға ұсыныс жасадым. Оқушылар «Ғаламтор-заман талабы» деген қорытындыға келді.

«Аквариум» әдісі көбіне жаңа тақырыпты меңгеру барысында жүргізіледі. 9-сынып оқушыларына мәтін беріледі, түсінгендері мен білгендері ортаға салынады. Оқушылар үлкен шеңбер болып, айнала отырады. Ортаға екі оқушы балық рөліне енеді де, бір-біріне қармақарсы отырып, диалог құрады. Сыртта отырғандар диалогқа араласа алмайды. Соңынан аквариумның сыртында отырған көрермендер балықтардың пікіріне өз ойларын қосады. «Фишпул» әдісі «Аквариум» әдісіне ұқсас. Мұнда оқушылар екі шеңбер құрады да, ішкі шеңбердегілер өз ойларымен бөліседі. Берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді [1].

«Карусель» әдісін сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Мысалы: алған білімді қорытуда, өздік жұмысты ұйымдастырғанда, сабақтың нәтижесін жасағанда, кері байланыста қолданған өте тиімді. «Карусель» әдісін қазақ әдебиеті сабағында жиі қолданамыз. М.Әуезов шығармашылығы бойынша оқушылар 3 сұрақ құрастырады. Сынып екі топқа бөлінеді: бірінші топтың оқушылары сұрақ қояды, екінші топтың оқушылары жауап береді. Сұраққа жауап берсе, жұлдызша алады.




Сабақтың «Мағынаны тану» кезеңінде мұғалім бағыт беруші де, оқушы белсенді рөл атқаруы тиіс. Мысалы, қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушыны көркем әдебиет үлгілерінің мәтінімен, өлең мәтінімен таныстырғанда, мұғалім мазмұндап бермей, оқушы өзі оқып, талдау кезінде түрлі әдістер арқылы тақырыбы мен идеясын ашып, кейіпкерге мінездеме беруге, жан-жақты талдауға, салыстыруға болады. Мысалы,

Б. Ұзақовтың «Жантаза» повесі бойынша ұсынылатын жұмыс түрі- әңгіме кейіпкеріне мінездеме жасау. Бұл жұмыс түрі тарау бойынша жиынтық бағалау жұмысында кездеседі. Мінездеме беру үшін ВЕНН диаграммасы, бес жолды өлең әдістерін қолдануға болады. Сабақтың осы кезеңінде «Ой жалғау» әдісін тиімді қолдануға болады. Мұғалім мәтінді жартылай оқиды, ары қарай 1-топқа қайғылы, 2-топқа – көңілді аяқтауға тапсырма беріледі. Жұмыс аяқталған кезде топ мүшелері белгі береді. Спикер шығып оқиды.

«ДЖИГСО» әдісінде топтарға мәтін бөлігі таратылады. Мәтін бөлігін оқып, өз топтарында талқылайды. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылайды. Бастапқы топқа қайта келіп, қолдарындағы мәтін бөліктерін құрастырады. Топтарға мәтіннің толық

2 нұсқасы таратылады. Толық мәтін мазмұнымен танысып, мәтін желісін топ мүшелері бірлесіп отырып аяқтайды. Оқытудың осы ұжымдық әдісін жүзеге асыру мақсаты — жалпы мәселені алдымен жұпта, кейін ұжымда талқылау, үйрену мен үйрету, идеялармен бөлісу, ынтымақтастықты дамыту. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады [3].

«Броундық қозғалыс» әдісі сабақтың бекіту кезеңінде және мағынаны тану кезеңінде өткіземіз. Сынып ішіне тақырыпқа қатысты мәліметтер мен ақпараттар орналастырылады. Оқушылар бүкіл сынып ішінде қозғала жүріп, берілген тақырып бойынша ақпарат жинайды.



«Планшет» әдісін көбінде «Блиц-турнир» өткізгенде қолданамыз. «Блиц-турнирді» сабақтың қорытынды бөлімінде өткізген тиімді. Сұрақтар қою арқылы оқушының тақырыпты қалайша меңгергендігін анықталады.


Сабақтың әсіресе «ойтолғаныс кезеңі» – оқушының жеке шығармашылық қызығушылығы артып, түрлі ой-пікірлер айтылып, жазба жұмыстары орындалатын кезең.

«Мұғалімге хат жазу» әдісі сабақ аяғында өткізіледі. Оқушылар өтілген тақырып бойынша сұрақ қояды немесе түсінбеген, түсініксіз сұрақтар бойынша ұсыныстарын жазады.

«Эссе жазу» – сабақты қорытындылауға өте тиімді әдіс- тәсілдің бірі. Үш минут ішінде өтілген тақырып бойынша не түсінгенін жазады. Бұл әдіске «Автор орындығы» әдісі ұқсас. Оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдіс үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

«Көршіңізге айтыңыз» әдісі оқушыларға өз ойын дауыстап айтуға мүмкіндік береді. Оқушыға сұрақ беріп, ойлануға уақыт беріледі, содан кейін мұғалім оқушыдан өз ойын көршісімен бөлісуді өтінеді. Оқушыларға жаңа тақырып айтылады және осы тақырып төңірегінде не білетінін өзінің көршісіне айтуды өтінеді. Осылайша оқушылар бірінің білімін екіншісі толықтырады [2].

Әрбір адамға ойлау қабілетінің белгілі бір дағдылары мен жеке тұлғаның қасиеттері керек. Сарапатама жасай білу, салыстыра білу, негізгісін анықтай білу, мәселені шеше білу, өзін-өзі баламалы бағалай білу, жауапты болу, өз бетінше жұмыс істей білу – міне, жоғарыда аталғандардың барлығы балаға өмір жолын бастауға қажеттіліктер деп атасақ та болады. Соңғы үш жылда белсенді әдіс-тәсілдерді, ойындарды кеңінен қолданудың нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызуғышылығы артып, шығармашылық мүмкіндігі ашылып, білім сапасы көтерілді.



Сабақта қолданылған әдістер оқушыны ойлауға үйрету керек және тапқан ақпараттарын практика жүзінде қолдана білуге үйрету – мұғалім үшін өте маңызды. Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері осыған жағдай жасайды.

Әдебиеттер

1. Молдағалиев Б., Махимова А., Сатқанова Г. Интерактивті оқыту әдістері. «Қазақстан мектебі» – 2008., 204 б.
2. Оспанова С.Х. БҚО, Зеленов ауданы, 2016 жыл, «Белсенді оқу әдісі – белсенділікке жетелейді»
3. Сарсекенова А.Б «Өрлеу» БАҰО, 2016 жыл, «Белсенді оқу мен оқыту әдістері»

А.А. Амренова

«Шәкәрім жоғары колледжі», akur_83@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

«Тегінде адам баласы бір-бірінен ақыл, білім, ар мінез деген нәрселермен озады»- деп ұлы ақын Абай Құнанбаев айтқандай қазіргі заман- тек білім мен ғылымның ғана заманы. Тұңғыш елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы - білімді ұрпақта» -деп, ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлырақ болуына ықпал ететін, адамзат қоғамын алға апаратын құдірет тек – білімде. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын тандай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Қазақ тілі пәнінен оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру жұмыстарының мақсаты: бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын

қалыптастырудың жолдарын анықтау, оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өзіндік пайымдау жасауға пайдалана білуге баулу.

Міндеттер:

– Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік, психологиялық негізін талдау;

– Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін анықтау;

– мәтіндерге өз тұжырымын жасай отырып, белсенділік таныту, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алуға даярлау;

– тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын қарастыру;

– ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын тұлға даярлау.

Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Бұл – дәстүрлі мектеп моделінен рационалды модельге, әрі қарай феноменальді модельге «үш адым» ілгері аттау дегенді білдіреді. Осы мақсатқа қол жеткізу арқылы Қазақстан оқыту деңгейі мен сапасы жағынан жетекші елдер тобына қосылады деп күтіледі. Бұл жолда атқарылатын сан жұмыстың бағдары төмендегідей: оқушылардың тұлғалық қабілеттерінің дамуындағы функционалдық; сауаттылықтың мәні мен маңызын оқыту үдерісінде саралай түсу; қазақ тілі пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын мәдениеттанымдық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық, оқу-танымдық құзыреттіліктер негізінде дамыту әдістемесін басшылыққа алу; қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыратын басты ұстанымдарды анықтау; оқушылардың қазақ тілінен функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ұсынылған әдістемелік жүйелердің тиімділігін практикада сабақтың нәтижелері арқылы дәйектеу.

1. Мектеп оқушыларының қазақ тілінен функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздері

Қазақстан Республикасының орта білім беру саласындағы басым бағыттарын әлемдік білім беруді дамыту үдерістерімен сәйкестендірілуі мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын (ОФС) дамыту өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне қойылып отыр.



1-сурет – Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықтың белгілері

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.


Қазақ тілін оқыту барысында қалыптастырылуы тиіс деп күтілетін «функционалдық сауаттылықтың» белгілерін төмендегі модельден көруге болады (1-сурет).

Бұл белгілерді бір аяға жинақтап модель ретінде көрсетуде функционалдық сауаттылыққа берілген анықтаманың құрамындағы белгілер негізге алынып отыр.

Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген оқушы дегеніміз - мектепте білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады.

Жинақтай алғанда, функционалдық сауаттылық оқушының жеке тұлғасының әлеуметтенуіне игі ықпал ететін басты тірек болып табылады.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздері жүйесінің моделі төменде көрсетілді (2-сурет).



2-сурет – Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың теориялық негіздері

2. Жаңа оқыту әдіс – тәсілдері арқылы қазақ тілін меңгерту жолында оқушылардың сауаттылығын арттыру

Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Оқушының бойына білім нәрін дарытуға көмек беретін функционалдық сауаттылық мұғалім бойында да болуы тиіс. Барлық елде балаға білім беру ерекше орын алып келеді. Балалардың ойлау қабілетін дамытуға, байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуге оқушыларды тәрбиелеу мұғалімдердің басты борышы. Мұғалім сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып өтуінде, пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және

сауаттылығына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру негізінде жүзеге асады.

Тек білім ғана бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыра алады. Сондықтан да мұғалім сапалы білім, сапалы ой – өрісі кең тұлғаны қалыптастыру үшін 40 минуттық сабағын қазіргі заманғы білім берудің жаңа технологияларын қолдана отырып өту керек. Осы жерде орыс педагогы А.С. Макаренконың «40 жыл мұғалім болса да 40 минуттық сабағына дайындалып келу керек» деген нақыл сөзін еске алуға болады. Мұғалім оқушыны тек қана мектептің бағдарламасымен шектеліп қалдырмай, теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен, өмірмен байланыстыра білуге үйрету керек. Осындай әдіс - тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның талабы.

Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасын білу арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен танысып,білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез-келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады. Біздің өзекті мәселеміз: жаңа оқыту әдіс-тәсілдері арқылы қазақ тілін меңгерту.

Менің ұстанымым: «Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында» деп елбасымыз атап айтқандай, оқушылардың талантын ашу – біздің күн тәртібіміздегі өзекті мәселелердің бірі.

Функционалдық сауаттылық біліммен, іскерлікпен және дағдылармен ғана шектелмей, солардың негізінде әр елдің өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып, қалыптасатын құзіреттіліктермен анықталады.

Оқу сауаттылығы - оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой-толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі мақсаты – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Осындай мақсаттарға жету үшін мынандай міндеттерге тоқталайық.

1. Оқушының алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыра білу.
2. Оқушылардың алған сапалы білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету.
3. Кез келген проблемалық ситуациялардың шешімін таба білуге үйрету.
4. Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетінше жұмыс істеуге үйрету.

Осыған орай оқушылардың алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даналықты білдіретін құзыреттерді қалыптасытыру орта мектептердегі орыс аудиториясында қазақ тіліндегі пәндердің алатыны орны зор.

Қазақ тілін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында оқытуды ұйымдастыруда сабақтың мынадай түрлерін тиімді нәтижеге қол жеткізеді деп ұсынуға болады.


Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – гуманитарлық бағытындағы пәндер оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытудың басты шарты.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – оқушының логикалық ойлау қабілеттерін дамытудың үйлесімді жолы.

Олай болса, функционалдық сауаттылық оқушының белгілі ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және білім, білік дағдыларының жиынтығы. Ол тек білім мен білік әлеміне барудың жолы ғана емес, ұлттық әлеуметтік дамуының өлшемі. Қазақ тілі сабақтарының мақсаты – оқушылардың сөздік қорын дамыту, оқу техникасын қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, сөйлем құрылысын меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарын айтып, сөз ішінен ажырата білуге үйрету. Біз үшін ең басты мәселе- оқыту әдісін дұрыс таңдау. Себебі, жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қасиеттерінің қалыптасуына игі

әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы орта мектеп оқушысының белгілі бір деңгейдегі білімінің жиынтығын, соның негізгі құзыреттіліктерін білуі, соны тиімді қолдана білетіндігін көрсетеді. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру - проблеманы шешуді, қажетті ақпаратты табуы, өз ойын айта білуі ретінде көрініс табады.



3 сурет – Қазақ тілі сабақтарының түрлері

Мектепте функционалдық сауаттылықты іске асыру практикум-сабақтарда, пән бойынша сыныптан тыс ішаралар өткізуде, оқушылардың ғылыми қоғамдарында жүргізіліп келеді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру сабақтың әр кезеңінде әр түрлі өтеді. Сыныптан тыс ішаралар да оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға игі ықпал етеді. Сабақта эксперименттік тапсырмаларды орындау кезінде,

шығарма, мазмұндама секілді шығармашылық жұмыстарды атқару уақытында өздерінің білімдік функциясы негізінде жазуға төселеді. Бұл оқушылардың жүйелі біліміне негізделеді (4-сурет).



4-сурет – Функционалды сауаттылыққа берілген түсініктемелер

Функционалды сауаттылықты табысты ету үшін, тиімді жұмыс жүйесін құру қажет.

1. Әр түрлі пәндердің тақырыптық материалдарынан тапсырма даярлау керек, оның дұрыс орындалуы білім интеграциясын талап етеді.

2. Әр түрлі ақпарат дайындау (мәтін, кесте, сызбалар) қажет.

3. Шығармашылық тапсырмаларды сабақта және сабақтан тыс іс-шараларда қолдануды көбейту керек. Сондықтан да функционалды сауаттылықты дұрыс қалыптастыруда бар күшімізді білім беру стандарттарындағы базалық білім мазмұнына, оқу бағдарламалары мен оқулықтарға салуымыз керек. Білім қазығы мықты болса, оқушы алған білімін өз керегіне жарата алады. Міне, осындай жоғары талаптар 12 жылдық білім беру мазмұнын жасауда ескерілетін болады. Алған білімін қоғамдық-әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалды сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық беріледі. Әрине, білім мен ғылым заман талабына ілеспей, еліміздің өркениетті елдермен тең терезелес болуы мүмкін емес (5-сурет).



5-сурет – Функционалды сауаттылықты дамыту мен қалыптастыру моделі

Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады (6-сурет).



6-сурет – Оқушы білімін жүзеге асыру жолдары

3. Қазақ тілі сабағында оқушылардың сауаттылығын арттыру жолдары

Мен өз тәжірибемде оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, ауызекі сөйлеуге үйрету үшін әр түрлі әдістерді жүйелі түрде қолданып жүрмін:

1. Өз ойын айту;
2. Дыбыстарды тіркестіріп сөз жасаңдар;
3. Түсіп қалған буынды табу;
4. Тиісті сөздерді тауып, сөйлемді аяқтау;
5. Берілген сөздерден сөз құрастыру;
6. Сөздердің мағынасын табу;
7. Сөздерді сәйкестендіру;
8. Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап жазу;
9. Сөйлемдерден мәтін құрастыру;
10. Берілген мақалдардың сыңарын табу.

Мысалы, «Өз ойын айту» әдісін 1 сыныпта «Үй жануарлары», «Аңдар» атты тақырыптарды өткенде қолданған тиімді екенін аңғаруға болады. Мұғалім оқушыларға оқулықтағы тапсырмада берілген сұрақтар бойынша сұрақ қояды, оқушылар оған өз қалауы бойынша жауап бере алады. Әр жауап сайын, жануарлардың суреттерін құрастырады. Мысалы: Мынау не? (Мұғалімнің қолында немесе тақтада бір аңның немесе үй жануарының суреті болуы керек).

– Мынау піл ме? (Мұғалім бір суретті көрсетеді)

Осы бөлімнің соңында оқушылардың:

– аңдарды атай алу (аю, арыстан, кірпі, түлкі, керік, піл, қасқыр, қоян);

– үй жануарларын атай алу (қой, ешкі, сиыр, жылқы, түйе);

– бұл не? сұрағына жауап беретін сөздерді атай алу (аңдар, үй жануарлары, ауладағы гүлдер, ағаштар);

– Мынау піл ме? сияқты сұрақтарға жауап бере алу (Иә, мынау піл. Жоқ, піл емес);

– аңдардың жануарлардың санын, түсін айта алу (1-10 сандар, үйренген түстер), атай алу;

Осы жерде «Қолдау» әдісін пайдаланған тиімді.

– сөйлесу үлгісі бойынша өз суреті туралы сөйлей алады;

– тыңдаған сандарды дұрыс қайталайды;

– сөз тіркестер, сөйлемдер құрастырады.

Қазақ тілі сабағында мәтінмен жұмыс үлкен рөл атқарады, сондықтан мен сабағымда оқушыларға мынадай тапсырмалар ұсынамын:

1. Мәтіннен тіректі сөздерді тауып алу.

2. Мәтінмен жұмыс істеп болған соң, оқушыларға қайта сол мәтін таратылады, бірақ ол мәтінде грамматикалық және басқа да қателер болады. Оқушылар сол мәтіннен қателерді табу керек (осындай жұмыс арқылы біз оқушылардың қаншалықты мәтінді мұқият оқиды екенін байқаймыз).

3. Мәтін арқылы постер жасайды. Оқушыларға постерлердің бірнеше түрлерін дайындауға үйреттім (кесте, сызбалар, ағаш т.б.). Оқушылар кейін постерді қорғау үшін жоспар құрады (жоспар арқылы біз оқушылардың мәтінді қаншалықты түсінгенін, ойдың, тақырыптың ашылуын байқаймыз).

«Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында» деп елбасымыз атап айтқандай, оқушылардың талантын ашу – менің күн тәртібімдегі өзекті мәселелердің бірі.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін сабағымда белсенді оқыту, диалогтік оқыту, сыни тұрғыдан ойлау стратегиясы сатылай кешенді талдау, мән беріп оқыту технологиясын қолданып келемін.

Белсенді оқытуда қысқа әңгіме, ойын түрлері, сөздік ойыны т. б. атауға болады. Өзім беретін 1, 2, 3 – сыныптарда мән беріп оқыту технологиясы бойынша оқушылардың оқу, тыңдау, айту, жазу дағдыларын дамытудамын. Көбінесе топтық жұмыс жасап, достық қарым – қатынасты нығайта отырып, ұлттық бірліктің жарасымына жол ашамын.

Сонымен бірге оқушылардың теориялық білімдерін дамыту мақсатында Н. Оразақинованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясының тиімді жақтарын айтқым келеді.

1. Оқушыларға теориялық білім береді.

2. Тілін дамытады.


3. Ұлттық құндылықтарды бағалай білуге, құрметтеуге үйретеді.

4. Ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастырады.

5. Оқушының оқуға, білуге деген ынта - ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

1-сыныпта қазақ тілінің төл дыбыстарын өткен кезде сауаттылықтарын дамыту мақсатында жүргізуге болатын жұмыстар:

Мысалы: «Ә» дыбысы (7-сурет).



7-сурет – «Ә» дыбысын өту барысында беруге болатын тапсырма үлгісі

Мұндағы, оқушылар Ә дыбысын өткенде суретте берілгендерді («ә» әрпін, сол әрпіден басталатын суретті сөздер) бояу арқылы есте сақтауы бір деңгейге артпақ. Сонымен қатар, фонетикалық жаттығуды пайдалануға да болады.

Ән, ән, ән, Ән әлемі,

Сән әлемі,

Әлия әдемі,
Әсия әдемі.

4. Функционалдық сауаттылығын арттыруда қолданылатын технологиялардың тиімділігі

Интерактивті әдістерді қолдану арқылы оқушылардың белсенділігін арттырып, функционалдық сауаттылығын нығайтуға қол жеткізуге болады. Пән бойынша білім сапасын анықтайтын негізгі факторлардың бірі білім мазмұны. Білім мазмұны ғылыми білім беруді, іс-әрекет түрлерін және тиімді шешім қабылдай білуге бағытталған шығармашылық әрекетті, қоғамға, табиғатқа қарым-қатынасты қарастыратын бейімделген жүйені қамтиды.

Білім мазмұнын жаңарту-пәндік мазмұннан интегративті-модульді мазмұнға, жекелеген белсенді іс-әрекетке, білім, білік, дағдыға бағытталған білімнен құзыреттілікке бағытталған білімге ауысуды талап етеді. Аталған талапқа сәйкес құзыреттілікке бағытталған білім беруді іске асырудың 4 аспектісін қарастыруға болады:

1. Пәндік білімнен жоғары түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру.
2. Білім мазмұнын әмбебаптандыру.
3. Мектеп деңгейіндегі білімнің тиімділігін қамтамасыз ету үшін білім мазмұнының әрекеттік, қолданбалылық, практикалық маңызын арттыру.
4. «Өмірлік дағдыларының кең спектрін» қалыптастыру, функционалдық сауаттылықтарын арттырады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін мектептердегі «Қазақ тілі» пәнін оқыту сапасын жетілдірудің қажеттігі туындап отыр. Олар мемлекеттік нормативтік құжаттарды дайындау кезінде жан-жақты ашып көрсетілді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының жаңа нұсқасында «2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасында білім беру саласын дамытудың тұжырымдамасында» жалпы білім беретін орта мектепті дамытудың «адам ресурстарын даярлау сапасын арттыру», «білім берудің мазмұнын білім үстемдігі» деңгейінен «нәтижеге бағдарланған» құзыретті білімге өзгерту; «қазақстандық патриотизмге, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу» және т.б. қағидалар басшылыққа алынды.

Жалпы білім беру жүйесіне құзыреттілік бағытты енгізу мәселесі бойынша көптеген еңбектер жарыққа шықты. Оның ішінде отандық ғалымдар Н. Оралбаева, А. Жапбаров, А. Қыдыршаев, Н.Ж. Құрман, Ф.Ш. Оразбаева, К. Жақсылықова, Ж. Сүлейменова, Ж.Т. Дәулетбекованы атауға болады. Орыс тілді мектептердегі қазақ тілі негізінде құзыреттілік бағытына сай функционалдық сауатты тілдік тұлғаны дамыту мәселесі жалпы ғылымда, соның ішінде қзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту әдістемесінде бұл мәселенің ғылыми-теориялық тұрғыдан да өзекті екендігін айғақтайды.

Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Президенттің жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» – деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс – тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық – педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс – әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог – зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Бастауыш сынып мұғалімдері өз сабақтарында оқушылардың тілін дамытуда, өздік жұмыс жасау, өз дағдыларын қалыптастыруда өз ойларын еркін жеткізе алуға баулуда. Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ, ең басты технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек.

Инновациялық технологиялар:

- Жобалау технологиясы;
- Саралап даралап оқыту;
- Дамыта оқыту технологиясы;
- Модульдік оқыту технологиясы;
- Сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- Сатылай комплексті талдау;
- Деңгейлеп оқыту технологиясы.

Инновациялық технология нәтижелері:

1. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі.
2. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туды.
3. Олардың әрқайсының деңгейін анықтай аласың.
4. Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік аласың.
5. Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді.
6. Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.
7. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады.

XXI ғасырда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейімен (жазу, оқу, есептеу) өлшенбейді, оның критерийі – функционалдық сауаттылық.

Бұл проблемаларды шешуде жаңа технологиялардың атқаратын орны бөлек. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу – бүгінгі күннің мақсаты.

Оқыту технологиялары оқушының тұрақты жоғары нәтижелерге қарай біртіндеп сатылай жылжуын, жаңа оқу ақпараттары мен біліктіліктерді меңгеру мақсатына жақындау деңгейлерін әр қырынан бағалау және өзін – өзі бағалау мүмкіндіктерінің туындауын қамтамасыз етеді.

Білім стандартында белгіленген, білім беру бағдарламаларында айқындалған талаптарды нақты жағдайларда жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагогикалық технологиялардың бірі деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы. Даралап – саралап оқыту технологиясының мақсаттылық принципі – әр сабақты өткізуге арналған жоспарда, ең бірінші сол сабақтың мақсаты көрсетіледі. Сондай – ақ деңгейлік тапсырмаларда оқушылар ерекшеліктерін ескере отырып белгілі бір мақсатта берілуі қажет.

«Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан жүктелетін міндет өте ауыр» деген болатын. Осы ғылым мен білімнің негізін тереңдету нәтижесінде ғана еліміз өзінің елдігін басқа елдер алдында көрсете алады. Ал ел тағдыры, оның келешекте кемелді ел болуы мектептің қандай негізде құрылуына байланысты болған. Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

Ортақ Отанымыз – Қазақстанның одан әрі Мәңгілік Ел болып өркендеуі үшін, жан – жақты дамуы үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқасында талай асулардан абыроймен өтеміз деп және мұғалімдер тек қана адал салиқалы еңбек етіп, функционалдық сауаттылығы бар тұлға тәрбиелеп шығарымыз деген ойдамын.

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. – 2012 ж. «Ана тілі» газеті, № 5. – 7-8 бет.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің № 832 қаулысы. 2012 жылғы 25 маусым, Астана, Үкімет Үйі.
3. ҚР Білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.
4. Н.Ж. Құрман, Г. Есенова Коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесі. – Ақтөбе, 2010.
5. М. Мұқанов Жас және педагогикалық психология. Алматы, 1981. – 111-113 бет.
6. Н. Құрман Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. – Астана, 2008.
7. А.Қ. Рауандина. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы, 2010.

МРНТИ: 16.16.01

Ж.Е. Әуезхан

«А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты», auezkhanzhanerke03@mail.ru

М. СӘРСЕКЕНІҢ «ҚАНЫШ СӘТБАЕВ» РОМАН-ЭССЕСІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

10-сыныптың қазақ әдебиеті кітабында Медеу Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесіне арналған «Қазақтың Қанышы» атты үлкен тарау берілген. Бұл тарауда оқушылар жазушы Медеу Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесімен жан-жақты танысады. Туынды оқиғасы нақты тарихи деректерге құрылған. Романда халқымыздың біртуар перзенті, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың адами болмысы, өмірінің ерекше кезеңдері, бастан өткерген қиындықтары мен қуанышты сәттері шебер суреттелген [1, 45].

М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі Қазақстан мектептерінде 10-сыныпта әдебиет пәнінен оқытылады. Осы роман-эссеге 15 сабақ бөлінген:

- 1) М.Сәрсекенің өмірі мен шығармашылығы;
- 2) М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі;
- 3) М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесінің сюжеттік композициясы;
- 4) М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесіндегі кейіпкерлер бейнесі;
- 5) Кейіпкерлер әлемі;
- 6) Роман-эссенің жанрлық табиғаты ;
- 7) Қашаған құлын мен қасқыр;
- 8) Сібір шамшырағында;
- 9) Романның тарихи және көркемдік құндылығы;
- 10) Романда көтерілген негізгі мәселелер;
- 11) Қ.Сәтбаевтың қазақ ғылымына қосқан үлесі;
- 12) Роман-эссенің көркемдік ерекшелігі;
- 13) Роман-эссенің көркемдік ерекшелігі;
- 14) Әдеби-теориялық ұғымдар;
- 15) Қорытынды сабақ [2].

Әр сабаққа лайықты оқу мақсаттары мен жоспарлары жасалынған. Әдебиетті оқытудың тілдік дағдыларын яғни білу және түсіну, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру кезеңдерін ескере отырып, арнайы барлығына ортақ оқу жоспарлары тағайындалды:

- автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау;
- әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану;

–әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау;
–әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну;

- әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану;
- көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру;
- көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;
- шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау;
- әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану;
- көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;
- шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау;
- автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау;
- шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;
- қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау;
- көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме) жазу;
- шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау;
- ғылыми еңбектерді негізге ала отырып, шығармаға әдеби сын жазу;
- көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану.

Оқытудың тілдік дағдыларына сәйкес тек қана оқу жоспарлары емес, сонымен қатар оқулықтарда әр тақырыпқа сай тапсырмалар берілген. Ең алдымен жаратылыстану бағыты бойынша 10-сыныптың қазақ әдебиеті кітабында «Қазақтың Қанышы» атты тарауда белгілі ғалым, геолог Қ. Сәтбаев жайында кішкене мағлұмат берілген. Содан соң осы туынды авторы М. Сәрсекенің өмірі мен шығармашылығы жазылған өмірбаяны ұсынылған. Өмірбаянның соңында осы тақырыпты толық игеруге көмек көрсететін білу және түсіну деңгейінің бірнеше сұрақтары бар. «... Жақсы шығарма – жан серігің. Сәтті сомдалған кейіпкерімен қоса қуантады, ойландырады, мұңайтады. Жаңа шығармаларда әр кез оқуға уақыт табамын. «ЖЗЛ» сериясымен шыққан Медеу Сәрсекенің Қаныш Сәтбаев пен Ебіней Бөкетов жайында терең зерттеуден туған кітабын сүйсіне оқыдым. Соңғы екі шығарма кәнігі меллург ретінде маған жаныма жақын» [3]. Шапық Шөкиннің «Бүгінгі күннің төрінен қарағанда мен үшін шүбәсіз шындық: Қазақстан ғылымының жолы әуелден-ақ құтты болды; өйткені оның негізінбекемдеумен Сәтбаев айналысты»[4], делінген пікірімен «Ұлытау жотасы» үзіндісі бастау алады. Бұл үзіндіден кейін де, сөз қоржын және білу деңгейіндегі оқылған ақпаратты қорытындылауға арналған сұрақтар бар. Үшінші «Алатау баурайында» деп аталатын үзінді Дмитрий Рундквисттің «Қ. Сәтбаевтың кен орындарының орналасу заңдылықтарын түбегейлі зерттеуі сол күнде кен іздеушілерді қарадүрсін барлаудан тыйылып,ғылыми болжаммен жасауға үйретті. Академик Сәтбаевтың жұрттан асқан көрегендігі де осында... » [5], деген пікірімен бастау алады. Осы соңғы бөлімнен кейін сөз қоржын және білу деңгейінің сұрақтары берілген. Осы үш бөлім аяқталғаннан кейін «Қаныш Сәтбаев» романын қорытындылауға арналған тапсырмалар берілген. Ең алдымен кестелік тапсырма берілген, толығырақ: оқушылар кесте сызып, кестені Қаныш Сәтбаев туралы маңызды деректер және ғылымға қосқан үлесі деп екі бөлікке бөліп,кестені толтырады. Келесі тапсырмалар: Қаныштың бойындағы қазақ халқына тән ұлттық мінезді мысалмен дәйектеп, сызбаға түсіру; шығармадан бір кейіпкерді таңдап, мінездеме жазу; шығарманың негізін ашатын оқиғаны дамытып, әңгіме құрастыру; Қаныштың өмірлік ұстанымы мен қағидаларын анықтап, қазақ ғылымының дамуына қосқан үлесі туралы әңгімелеу сияқты тапсырмалар білу және түсіну кезеңдерін меңгеруге ұсынылған. Келесі кезең қолдану және талдау. Бұл кезеңге арналып мынадай тапсырмалар берілген: шығарманың барлық бөлімін қамтитын күрделі жоспар құру; шығармаға композициялық талдау жасау; Қ. Сәтбаевтың шетелде білім алуымен қазіргі кездегі жастардың шетелде білім алуын салыстыру; шығармадағы кен өндіру ісіне қатысты сөздер мен сөз тіркестерін жинақтап, терминдер сөздігін құрастыру; қазіргі кездегі ғылым саласында атқарылып жатқан іс-шараларға баға беру; қазақ ғылымының даму тарихын кестеге түсіру. Келесі соңғы кезең жинақтау және

бағалауға да тапсырмалар берілген. Мысалы: шығармадағы тарихи оқиғалардың Қ.Сәтбаев өміріне әсерін саралау; репрессияның көздеген мақсат-мүддесіне тарихи мәліметтер жинақтау; оқулықта берілген суреттерді қатыстырып, салыстыра әңгімелеу; «Қазақтың Қанышы әдеби шығармаларда» тақырыбында әдеби сын жазу. Кейіннен осы тарауды қорытындылауға арналған бақылау сұрақтары құрастырылған және ең соңында ғылыми эссе жазуға ұсынылған тақырыптар бар [6].

Әдебиеттер

1. «Егемен Қазақстан» газеті, 02.07.2021 ж. № 32. – 5-6 б.
2. Ақтанова А., Жүндібаева А., Жүмекенова Д. «Қазақ әдебиеті» 10 сынып. – Атамұра, 2019. – 160б.
3. Байтанасова Қ.М., Айтұғанова С.Ш «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі». Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008. – 160 б.
4. Орда Г., Дәрібаев С., Сатылова А. «Қазақ әдебиеті» 10сынып. – Алматы: Мектеп, 2019. – 120 б.
5. Керімбекова Б. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі»: Оқу құралы/ Астана: Фолиант, 2017. – 160 б.
6. Бітібаева Қ. «Әдебиетті оқыту әдістемесі». Алматы: Рауан, 1997. – 131 б.

МРНТИ: 14.07.09

Р.К. Конкаева, М.К. Омаров

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
rosa_konkaeva@list.ru,

ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады [1]. ХХІ ғасырдағы білім алушыны сапалы біліммен қамтамасыз ету үшін мұғалімге алдымен оқушының функционалдық сауаттылық пен өмірге қажетті құзырлылықтар жиынтығын дамыту маңызды болып отыр. Ұстаз шәкіртінің жеке дамуын қамтамасыз етуде үнемі ізденісте болу қажеттілігі айқын көрінеді. Оқу орнын бітіріп шыққан түлек өзіне сенімді, білімді өздігінен алатын, өз елінің патриоты болатын, коммуникабельді болуы тиіс. Сондықтан қоғам әрдайым мұғалімдерге жоғары талаптар қояды, сол талаптардың бірі – бүгінгі педагогтар қауымының алдында оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру, рухани өсуіне жағдай жасау. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынында өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі құрамдастары адамның қазіргі қоғамда әрекет ету, белгілі бір білімді, іскерлікті және құзыреттілікті пайдалана отырып, әртүрлі міндеттерді (барынша кең диапазонды) шешу қабілеті болып табылады. Функционалдық сауаттылықтың қалыптасуын бағалау нақты өмірдің әртүрлі жағдайларында көрсете алатын оқушылардың іс-әрекетінің, мінез-құлқының белгілі бір стратегияларын бағалау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Оқуда сәтті болу үшін бала ең алдымен ақпаратпен жұмыс істей білуі керек: оны

табу, қажет нәрсені қажетсізден ажырату, фактілерді тексеру, талдау, жалпылау және ең бастысы – өз тәжірибесінде қолдану. Мұндай дағды әр пән бойынша қалыптасады. Ақпаратты түсіну және болашақта не қажет екенін түсіну мектеп пәндерінің әрқайсысында маңызды: тарих, жаратылыстану, математика тағы басқа.

Функционалдық сауаттылық – бүгінгі таңда білім беру үдерісіндегі орталық ұғымдардың бірі-адамның қоғаммен өзара әрекеттесу жағдайында оқу және жазу дағдыларын пайдалану қабілеті. Шет тілін оқытудың негізгі мақсаты еркін қарым-қатынас және практикалық қолдану дағдыларын қалыптастыру болып табылады, сондықтан ағылшын тілі сабақтарында мұғалім функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың барлық бағыттары бойынша жұмыс істейді.

Мұғалімнің негізгі міндеті – оқушылардың сөйлеу-ойлау белсенділігін ынталандыру, оқытудың ситуациясын құру, басқаша айтқанда, оқушыларды стихиялық сөйлеуге итермелейтін осындай оқу жағдайын модельдеу. Мұндай жағдайлардың негізгі сипаттамасы практикалық тапсырмалар: кинотеатрға билет сатып алу, кафеде/мейрамханада тапсырыс беру, қайда бару туралы шешім қабылдау және т. б.

Функционалдық сауаттылықты бағалауға арналған тапсырмалардың бірнеше ерекшеліктері бар:

- пәннен тыс қойылған және пәндік білім арқылы шешілетін міндет;
- әр тапсырмада өмірлік жағдай сипатталады;
- тапсырмалар мазмұны күнделікті өмірде кездесетін проблемалық жағдайларға жақын;
- жағдаят мінез-құлық үлгісін саналы түрде таңдауды талап етеді;
- сұрақтар қарапайым және түсінікті тілде беріледі;
- суреттер, кестелер, схемалар, диаграммалар қолданылады [2].

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың мынадай бағыттары бар:

- математикалық сауаттылық;
- оқу сауаттылығы;
- жаратылыстану сауаттылығы;
- қаржылық сауаттылық;
- жаһандық құзыреттер;
- шығармашылық ойлау [2].

PISA зерттеуіндегі жаһандық құзыреттер "жаһандық сипаттағы және мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін әр түрлі тұрғыдан сыни тұрғыдан қарау қабілеті; мәдени, діни, саяси, нәсілдік және басқа да айырмашылықтар адамдардың қабылдауына, пікірлеріне және көзқарастарына қалай әсер етуі мүмкін екенін түсіну; ортақ пікір негізінде басқа адамдармен ашық, силасымды және тиімді қарым-қатынас жасау" деп түсіндіріледі [3].

Оқу сауаттылығы – функционалдық сауаттылықтың бір бағыты – базалық бағыт. Оқушы қандай тапсырма алса да, бірінші кезекте тапсырманы оқып шығу керек. Оқу процесінде мұғалім мәтінмен жұмыс жасау кезінде оқушылардың проблемаларына жиі тап болады. Сонымен қатар, шет тілін айтпағанда, ана тіліндегі мәтінмен жұмыс жасау кезінде де проблемалар туындайды.

Сонымен, PISA ұйымын зерттеу функционалды оқу дағдыларын келесіге бөледі (қарапайымнан күрделіге дейін):

1. мәтіннен қарапайым критерий бойынша қажетті ақпаратты іздеу (ең төменгі деңгей);
2. мәтіннен қажетті ақпаратты бірнеше критерийлер бойынша іздеу;
3. мәтіннен қажетті ақпаратты іздеу, ақпарат үзінділері арасындағы байланысты тану, белгілі, бірақ қарама-қайшылықты білдіретін ақпаратпен жұмыс істеу;
4. терең жасырын ақпаратты қамтитын үзінділер тізбегін немесе комбинациясын іздеу және құру, тапсырманы орындау үшін мәтіндегі қандай ақпарат қажет екендігі туралы қорытынды жасау мүмкіндігі;

5. күрделі мәтіндерді түсіну және оларды түсіндіру, мәтін мазмұнына қатысты тұжырымдар мен гипотезаларды тұжырымдау [4].

Функционалды оқу дағдылары қалыптасқан оқушы "мәтіннен ақпарат алу үшін – оны түсіну, қысу, түрлендіру және т.б. үшін оқу және жазу дағдыларын еркін қолдана алады".

Функционалдық сауаттылық дағдылары қалыптасқан оқушы оқудың әртүрлі түрлерін (үйренуші, көруші, танысу) пайдалана алады. Ол мәтінді оқу және түсіну әдістерінің бір жүйесінен оқу мен түсінудің берілген мақсатына және мәтіннің осы түріне сәйкес келетін екіншісіне ауыса алады. Ағылшын тілі сабақтарында функционалды оқу объективті (тілдік, лингвистикалық) және мета-пәндік сипаттағы бірқатар қажетті дағдыларды қалыптастырады, олар әртүрлі өмірлік жағдайларда бірдей дағдыларды қолдана алатын, оларды үнемі өзгеріп отыратын сыртқы орта жағдайларына бейімдейтін функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Ағылшын тілі сабақтарында функционалдық оқудың түрлері:

1. Көру (skimming reading) – бұл мәтін туралы жалпы түсінік алуға бағытталған еркін, таңдамалы оқу.

2. Іздеу (scanning reading) – оның міндеті мәтіндегі белгілі бір ақпаратты іздеу туралы оқу түрі.

3. Танысу және зерттеу (intensive reading) – мәтінді толық түсінуге бағытталған оқу түрі.

Оқушылардың оқу құзіреттілігін қалыптастырудағы мәтінмен жұмыстың негізгі кезеңдері:

1. Мәтінге дейінгі (Pre-reading). Бұл кезең осы тақырып бойынша оқушылардың білімін өзектендіруді, сонымен қатар болжау дағдыларын дамытуды қамтиды. Бұл кезеңде мұғалім оқушылардан мәтіннің тақырыбын анықтауды; онда көтерілген мәселелердің тізімі; кілт сөздер мен тіркестер, бірлестіктер; қолда бар иллюстрациялар немесе бейне үзінділер немесе тіпті музыкалық үзінділер негізінде мәтін тақырыбы туралы болжамдар жасауды сұрай алады; осы сөздер бойынша мәтіннің негізгі идеясын анықтаңыз, бұл сөздер қандай ассоциацияларды тудырады деп сұрай алады. Аудармасы бар сөздер немесе анықтамалары бар сөздер берілуі мүмкін; мәтінді/ бірінші абзацты қарап, осы мәтіннің не туралы екенін анықтаңыз; мәтін бойынша сұрақтар/ мәлімдемелерді оқып, оның тақырыбы мен мәселелерін анықтаңыз; мәтінді оқымас бұрын ұсынылған сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз; басты кейіпкер кім болатынын анықтаңыз (оның мамандығы, ұлты)? деген сияқты тапсырмалар ұсынылады.

2. Мәтінмен жұмыс (While-reading). Бұл кезең әр түрлі тілдік дағдылар мен сөйлеу қабілеттерінің қалыптасу дәрежесін бақылауды, сондай-ақ тиісті дағдылар мен қабілеттердің қалыптасуын жалғастыруды қамтиды. Бұл кезеңде мұғалім оқушыларға ұсынылған сұрақтарға жауап табуды ұсына алады; мәлімдемелердің дұрыстығын немесе жалғандығын растау немесе оның мәтінде айтылмағанын анықтау; рет-рет бойынша ұсыныстар жасау; сәйкестікті табу; бірнеше таңдау тапсырмасын орындау; әр абзацқа сәйкес тақырыпты таңдау; мәтінмен бойынша сөздің немесе сөздердің мағынасын болжау, сөздің ұсынылған аудармаларының қайсысы оның осы контекстегі мағынасын дәл көрсетеді; жетіспейтін ақпаратты толтыру.

3. Мәтіннен кейінгі (Post-reading). Бұл кезең мәтіннен жағдайды ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту үшін тілдік, сөйлеу, мазмұнды қолдау ретінде пайдалануды қамтиды. Бұл кезеңде мұғалім оқушыларға оқылған мәтіннен жаңасын анықтауға, оқылған мәтін туралы өз пікірін білдіруге; мәлімдемелерді жоққа шығаруға немесе олармен келісуге; бір нәрсені дәлелдеуге немесе сипаттауға; мәтіннің негізгі ойларын бөліп, жоспар құруға; мәтіннің мазмұнын қайта айтуға/қорытындылауға; мәтінді бас кейіпкердің атынан айтуға болады [5].

"Teens with drive" мәтінінің мысалын қолдана отырып, оқудың барлық түрлерін игеруге арналған тапсырмалардың кейбір түрлерін қарастыралық.

Pre-reading activities:

1. Read the title and say what will be the text about? What does drive mean: ambition or trip? (оқушыларға тақырыпты оқып, мәтінде не талқыланатынын анықтау ұсынылады).

2. Make a list (spider gram) of words you can meet in the text. Who are teens with drive? What qualities do they need to have? (оқушыларға жасөспірімдердің амбициясы болуы керек қасиеттер тізімін жасау ұсынылады) While-reading activities:

1. Find key sentences in each paragraph. Find main ideas of the paragraphs. Read three shorts paragraphs about teens and give each a title (оқушыларға әр абзацтағы негізгі сөйлемдерді, негізгі идеяны анықтау және әр абзацты атау ұсынылады).

2. While reading the text fill in the table (5 «W» тәсілі) Who? What? Where? When? Why
Post reading activities:

1. Find out what plans the young people have. What character traits do they have to realize plans (оқушыларға жасөспірімдердің жоспарларын, мінез-құлқы мен дағдыларын анықтау ұсынылады).

a) Name

b) Plans

c) Character traits

d) Skills e) Swan Mendes

f) Martin Odegaard

2. Write an e-mail to your English pen-friend about teens with drive. In your e-mail write: name of person, country, character qualities, why you find him interesting (оқушыларға досына хат жазуға және амбициясы бар жасөспірім туралы айту ұсынылады).

Мәтіндегі белгілі бір ақпаратты іздеуге бағытталған ең көп таралған тапсырмалардың бірі - True - False сияқты тапсырмалар әр түрлі тұжырымдалуы мүмкін.

– Mark the correct answer according to the text.

– Read the text and choose the statements which are NOT mentioned in the text.

– Read the text and decide which of the fact are not stated in the text.

Функционалды оқуды қалыптастыруға арналған мәтіндердің ерекше белгілері:

– түпнұсқасы өзгенмеген мәтіннің үлкен көлемі;

– суреттер, сызбалар, диаграммалар түрінде ұсынылған ақпарат;

– біріктірілген тапсырмалар;

– аяқталмаған мәтіндер – театр билеттері, плакаттар, жол жүру құжаттары және т. б.

Диаграмма түрінде ұсынылған ақпарат көптеген оқушылар үшін қиындық тудырады, сондықтан мұндай тапсырманы жиі қолдану керек.

Men and women have different tastes in films. Look at the diagram and comment on it using the phrases from the box.

I understand from the chart that...

I'm surprised to see that...

I find it interesting that...

It's difficult to believe that...

I quite agree that...

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмаларды қолдана отырып, мұғалім оқушылардың ынтасын арттыруға ықпал етеді, олардың ой – өрісін кеңейтеді, шығармашылық қабілеттерін дамытады, заманауи әлемнің құндылықтарын сезінуге көмектеседі-мұның бәрі тұлғаның үйлесімді дамуы және қоғаммен әрі қарай өзара әрекеттесу үшін қажет.

Әдебиеттер

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі./ Ф.Ш. Оразбаева – Алматы, 2019. – 69 б.

2. Даулеткалиева Р.Л. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту / Р.Л. Даулеткалиева. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2021. – № 18.1 (152.1). – С. 16-18.

3. Ермоленко В.А. Дидактические основы функциональной грамотности в современных условиях. / В.А. Ермоленко, Р.Л. Перченков – М.: Дрофа, 2021. 312 с.
4. Акатова Т.И. Языковая функциональная грамотность и языковая культура студентов: психолого-педагогический аспект / Т.И. Акатова – Москва : Дашков и К, 2016 – с.125.
5. Перминова Л.М. Минимальное поле функциональной грамотности // Л.М.Перминова / Педагогика. 2019. – № 2. – С. 26-29.

МРНТИ: 14.01.11

Б.А. Абдыханова, Қ. Бауова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

ҒЫЛЫМИ ҮЙІРМЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Жалпы, білім беру мекемелеріндегі ұйымдастырылатын тілдік үйірмелердің оқушыға жалпы білім беруде үлесі бар. Шетел тілі бойынша оқушылардың жалпы білім дегейін көтеруге өз үлесін қосады.

Тілдік үйірмелерде шетел тілін үйретуде төрт түрлі мақсат көзделеді. Олар: білімділік мақсат, тәрбиелік мақсат, дамытушылық мақсат және тәжірибиелік мақсат. Қазақстанда ағылшын тілі маңызды орын алуда. Себебі, еліміздің әлемдік нарыққа кіруі, дамыған елдермен бәсекелестік терезесін тең ұстауға ұмтылуы шет тілін меңгеруді талап етеді. Тілдік үйірмелерде ағылшын тілін оқыту әдістемесі оқу-тәрбие үдерісін құруда басшылыққа алынатын ұстанымдарға негізделеді. Сол ұстанымдардың бірі- ағылшын тілін оқытудағы коммуникативтік бағдар ұстанымы. Бұл ұстанымның негізгі мақсаты тілдік үйірмелерде оқушылардың бағдарламада белгіленген тақырыптар көлемінде шетел тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру. Тілдік үйірмелерде интеракцияның мақсаты-тілді коммуникативтік мақсатта қолдануға, мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде қолдана білуге мүмкіндік жасау болып табылады.

Жалпы алғанда, ағылшын тілін оқытуда оқушылардың осы тілде жаза білуі, оқи білуі және сөйлей білуі, сонымен қатар екінші тілге аудару білуге мүмкіндік жасау болып табылады.

Осыған байланысты тілдік үйірмелерде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыратын, шығармашылық іс- әрекетке жетелейтін жаңа инновациялық технологияларды сабақ барысында белсенді пайдалануға қосымша көмек ретінде қызмет атқаратын тілдік үйірменің маңызы зор. Бұл орайда тілдік үйірме жетекшісінің рөлі ерекше.

Ұстаздардың курсты қаншалықты тиімді ұйымдастыруына байланысты тіл үйренушілердің шетел тілінде нәтижелі қарым-қатынас жасауына мүмкіншілік туады. Мұғалім оқытудың әдіс-тәсілдерін біліп қана қоймай, тиімді пайдаланғанда ғана оқушылардың білімге құштарлығы артып, пәнге қызығушылығы туады, ал бұл өз кезегінде сол пәннен оқушының білім деңгейінің жоғарлауына себеп болады. Демек, мұғалімдерден үлкен жауапкершілік, шеберлік талап етіледі, ағылшын тілін оқытудың маңызы мен тиімділігіне баса назар аударып, білім беру әдістемесін соған орай құру маңызды.

Тілдік үйірме – бұл жастары шамалас, құрамы тұрақты оқушы топтарымен оқытуды ұйымдастыру формасы, тұрақты кесте және бәріне ортақ оқыту бағдарламасымен сабақ өткізу. Бұл формада оқу-тәрбие процесінің барлық компоненттері – мақсат, мазмұн, құралдары, әдістері, ұйымдастыру және басқару қызметі және оның барлық дидактикалық элементтері қарастырылады. Біртұтас дидактикалық жүйе ретіндегі тілдік үйірмелерде оқыту процесіндегі сабақтың мәні мен мақсаты мұғалім мен оқушының ұжымдық-жекелей өзара қарым-қатынасына алып келеді, соның нәтижесінде оқушылар білім, білік және дағдыны иемденеді, олардың қабілеттері, қызмет тәжірибесі, араласуы мен көзқарастары дамиды,

сонымен қатар мұғалімнің педагогикалық шеберлігі жетіледі. Сонымен, сабақ, бір жағынан тұтастай алғанда оқытуды қозғаушы форма түрінде, екінші жағынан, оқытудың заңдылықтары мен принциптерінен туындайтын, мұғалімнің сабақты өткізуді ұйымдастыруына қойылатын негізгі талаптарымен анықталатын оқытуды ұйымдастыру формасы түрінде анықталады [1]. Мұғалім оларды басшылыққа ала отырып, оқыту процесінде оқушылардың тұрақты құрамымен мектептің күнделікті нақты жағдайында шешілуге тиісті дидактикалық міндеттердің - білім беру, тәрбие, даму жүйесі ретінде дайындалады. Педагогикалық процестің біртұтастығы тұрғысынан үйірмені ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде қарастыру қажет.

Тілдік үйірмелер жұмысын ұйымдастыру формасы ретіндегі сабақтың артықшылықтары оның фронтальды, топтық және жекелей жұмыстарды сабақтастырудағы мүмкіндігінің молдығында: мұғалімге материалды жүйелі және ретімен түсіндіруге, оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуын басқаруға және ғылыми көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді, оқушылардың, басқа да қызмет түрлерін, соның ішінде сыныптан тыс және үй тапсырмаларын, сондай-ақ оқушының мақсатқа жетудегі негізгі құралы және қызмет тәсілін таңдау және құрудың шарты ретінде көрінеді [2].

Сабақ оқытудың ұйымдастырылған түрі ретінде – динамикалық құбылыс. Ол педагогикалық процестің негізгі даму тенденцияларын оның біртұтастығы бағытында бейнелей отырып, ұдайы дамиды.

Бәрінен бұрын ол оқытудың үш бірлік - білім беру – тәрбие -даму - қызметін тиімді іске асыруда көрінеді, олай болса, оқушылардың табиғи қасиеттерін шығармашыл дамытуға бағытталғандығымен де көрінеді.

Сабақты дамытудың басқа тенденциясы сабақты өмірлік маңызды мазмұнмен толықтыруда, оқытуды оқушы өмірінің табиғи құрамдас бөлігі ретінде ұйымдастыруда көрінеді. Осыған байланысты сабақ танымның арнайы ұйымдастырылған формасы болып қана қоймайды, сондай-ақ әлеуметтік және адамгершілік тұрғысынан алғанда толыққанды араласу болып табылады. Ол танымдық мүддені, оқуға және дамытуға белсенді оң қатынас қалыптастыруға бағытталған, оқу қызметінің өзгеше коммуникативтік фонын қамтамасыз ету құралы ретінде көрінеді. Бұл тенденцияның пайда болуы оқытудың сұхбаттық формасын - әңгіме, талқылау, пікірталас, проблемалық элементтерін, оқу жұмыстарының фронтальды, топтық және жекелей формаларын сабақтастыруды кеңінен пайдалану және оқытудың топтық, ұжымдық формасының үлесін кеңейту болып табылады [3].

Сабақтың жалпы ұйымдастыруын құруға қатысты тенденциялар: олардың құрылымдық жағынан өзгеруінен, оқытудың басқа да ұйымдастыру формаларымен сабақтастығынан, ауызша сұрау және үй тапсырмасын тексеруге кететін уақытты мейлінше қысқартудан сабақтың бұл кезеңдерін дидактиканың негізгі міндеттерін оқушылардың өз бетінше жұмысымен біріктіру арқылы шешу үшін пайдаланудан көрінеді. Сабақтың шығармашық бастамасын күшейту тенденциясы өз бетінше жұмысты ұйымдастыруға ерекше назар аударудан байқалады.

Пән бойынша үйірме сабақтарына қойылатын төмендегідей талаптарды атауға болады;

1. Әрбір сабақта білім беру, даму және тәрбиелеу мақсаттарының бірлігі сақталуы керек. Әрбір сабақ оқыту процесінің басты заңдылықтарын жүзеге асыруға ықпал етуі қажет.

2. Сабақта белгілі бір білімді баяндай отырып, оқушылардың пайымдауын дамыту, олардың ойлау қабілетінің дамуына

ықпал ету және оларды қоршаған дүниеге лайықты қатынасын қалыптастыру, оларға осы қатынастар негізінде мінез-құлқын дағдысын сіңіру қажет. Тұлғалық қасиет қалыптасуы үшін алған білімнің оқушылардың мінез-құлқын айқындауына, оларда қажетті тұлғалық қасиеттің қалыптастыруына ұмтылу керек - жұмыс орнындағы мәдениеттілік, тапсырманы орындау сапасын жауапкершілікпен қарау, оларды орындаудағы қиындықтарды жеңу.

3. Әрбір сабақ дидактиканың барлық принциптеріне және бәрінен бұрын оқыту мен өмірдің ғылымилығы мен байланысына жауап беруі керек. Кез- келген оқу пәні бойынша кез келген сабақ – ол процестің бір бөлігі, сондықтан да оқып-үйретуді ғылыми танымда

нақтылықтың критерийі рөлін атқаратын өмірмен, практикамен байланыстыра білуге, ал оқу процесінде - оқуға ынталықты, оған оң көзқарасты, айналадағы ортаның құбылыстарын түсіндіру үшін теориялық білімдерін практикада қолдана білу дағысын қалыптастыруға тиіс.

4. Әрбір сабақ, ең алдымен, сабақтың тақырыбымен жиі ауыстырылатын айқын дидактикалық мақсатпен сипатталуы керек. Әрбір тақырып бойынша бірнеше сабақ өткізілуі мүмкін және олардың әр қайсысының өзінің нақты дидактикалық мақсаты болуы тиіс: оқушыларды ойлау операцияларымен қаруландыру – классификациялау, көшіру, жалпылау, білімін практикада қолдануға дағдыландыру, оқуды тақырып бойынша жекелеген фактілермен таныстыру, теориялық қорытындыларды өз бетінше тұжырымдау дағдысын қалыптастыру. Мұғалім белгіленген мақсатқа байланысты сабаққа дайындалу процесінде оқушыларға беретін оқу материалының мазмұнын, сабақтың құрылымын, оқыту әдістерін, құралдарын – анықтау керек. Әрбір сабақтың айқын мақсатының болмауы оларды біржақты болуға, ал бұл оқуға деген қызығушылықтың жойылуына алып келеді.

Сабақтың барлық кезеңдерінде оқушылардың танымдық қызметін жандандыру мақсатында оқытудың әр алуан әдістері мен тәсілдерін пайдалану, оқушыларға кез-келген бірыңғай ұзақ ықпал ету. Мысалы: ұзақ ауызша түсіндіру, олардың ынтасының ыдырауына, енжарлыққа алып келуі мүмкін.

Сабаққа қойылатын талаптардың бірі – оның эмоционалдығы. Ол оқушыларды сабақтағы маңызды қызметті - жаңа білімді игеруге итермелейді. Ол сырттай ғана байқалуы мүмкін.

Оқушылар сергек болуы үшін сабақ эмоционалды болуы керек, бұл олардың белсенділігін арттыру тәсілдерінің бірі. Сабақта әр түрлі проблемалық ситуацияларды пайдалану да эмоционалдылыққа жағдай жасайды, оқушылардың танымдық қызметін жеделдетеді.

Әрбір сабақта оқушылардың білімін үздіксіз есепке алу жүргізілуі керек. Оқыту процесі кез-келген сабақта тұрақты кері байланыс болған жағдайда тиімді болады. Сабақтың әрбір кезеңінде мұғалім, оқушының оқу материалын игеру деңгейін біліп отыруы керек, өйткені ол осы деңгейдің үнемі өсіп отыруына жағдай туғызуы керек. Сондықтан да оқушылардың білімін бақылаудың әр алуан түрлерін пайдалану керек. Осы мақсатта әр түрлі компьютерлік бағдарламалар, жазбаша тапсырмалар, сауалнамалар, перфокарталар пайдаланылуы мүмкін, олар білімді тексерудің нәтижесін бірден алуға мүмкіндік береді. Бұл жерде ең бастысы-әрбір мұғалімде оқушының сабақтағы танымдық қызметінің нәтижесін бағалау үшін байқағыштық қасиеті жақсы дамуы керек.

Әрбір сабақ өзінің ұйымдастырушылық заңдылықтарымен, оң нәтижелерді сезінумен ерекшеленуі керек. Сабақ білім көлемінің елеулі өсуін қамтамасыз етуі немесе сапасын жетілдіруін, немесе осы екеуін де қамтамасыз етуі керек. Білімнің осындай елеулі өсуі - білік пен дағдының қанағаттану сезімін туғызады, әрине оқушының оқуға деген белсенді көзқарасын туғызады. Әрбір сабақ оқыту процесінің тамамдалған бөлігі болуы тиіс.

Әрбір сабақта жүйелі қайталаудың элементтері қатысуы тиіс. Қайталау ешқашан да жаттанды қайта айтуға алып келуі тиіс емес. Әрбір сабақтағы жаңадан оқылатын материал бұрын өтілгеннің тұрғысынан қарастырылуы керек. Мұғалім жаңа материалды баяндағанда мүмкіндігінше оны алдыңғы өткенмен байланыстыруы, оған сүйенуі керек.

Әрбір сабақ техникалық оңтайлы және дидактикалық жарақ-тандырылған болуы керек. Таным сезімдік қабылдаулардан басталады. Әйтсе де, көрнекілік, техникалық құралдарды орынды пайдалану қажет, бәрінің де шегі болуы керек. Мұғалімнің сабаққа дайындалуда көрнекі, дидактикалық құралдарды ойлап табуға және дайындауға кеткен уақыты оқытудың нәтижесімен ақталады.

Кез-келген пән бойынша әрбір сабақтың өткен және алдағымен байланысы. Кез-келген сабақ басқалардан оқшауланып қарастырылмауы керек, ол сабақтың жалпы жүйесіндегі белгілі бір буын болуы керек. Мұғалім белгілі бір пән бойынша сабаққа дайындалғанда өткен сабақты жақсы елестете білуі керек. Әрбір мұғалім өз мүмкіндігіне қарай сабақтың материалын өткен материалмен байланыстыруға тырысады. Сондай-ақ алдағы сабақтың

құрылымы мен мазмұнын да жақсы білуі керек. Бұл бастауыш сынып педагогтары үшін өте маңызды. Мұғалім кез-келген сабақта білімді

МРНТИ: 14.01.11

Ж.Д. Бекирова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВАНЫҢ «ШАШТЫ» ӘНГІМЕСІНІҢ ИДЕЯСЫ

Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесі өткен жылдың құйрықты жұлдызындай жарқ етіп, сөзге көңіл суарған көпшіліктің айызын бір қандырып, қапысыз бабамұратты бағзы заманның шежіресіне қанық еткен-ді. Себебі, әңгіме өрісі кең, қазақтың дегдарлығын паш етеді, кей тұста ел мен жердің аңысын аңдығандай географиялық әу-жайға қанықтырып қояды деп ойлаймын. Сондықтан да, жазушының жұрнақ пен жалғауға шолақ, қайыруы тез, ұғынуы күрделі сөз байламдары кібірткітетіп, екі үш қайтара оқуға байлап қоятыны бар. Әйтсе де, маған Айгүл Кемелбаева идеяны қиялдан өрмей, тарихи негізі бар оқиға желісін кейінгіге шынайы ұқтырмақ болғандай. Дегенмен, Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесіндегі көтерілген мәселенің маңыздылығы қандай.

Біріншіден, ұлттық құндылықтар мен өшпес мұраттар, дін мен ділді, адамшылық пен азбандықты ту еткен шығармасының кең ауқымына, терең иіріміне қарап эпикалық әңгіме деп тануға болады. Жылқышы ата түрк пен қазақ руларының аталас, дағды қалпын айырып, екі елдің жаугершілік мінезінен сыр шертеді. Дәлел ретінде осы үзіндіні келтіре аламын: «Қазақылық заманнан үш жүз бір ту астына біріксе, ер түрікпеннен бөлек, Өр Алтайдан Еділге өтіп, қырғидай тиген құба қалмақтан, Ысық көлдің арғы жағынан жөңкіліп тиісетін жауынгер тайпа қырғыздан. Ормандай көпір орыстан, сірә да жеңілмес еді». Екіншіден, қазаққа өз болмысынан аттау ардан аттаумен бірдей. Арды жоғалту-өліммен тең. Жазушыдағы қазақы кеменгерлік-көкірегі қазына қариялардың көзімен беріледі. Өйткені, бабамұратты дана дәстүрлер көнекөздермен аттанып кеткендей ме екен?! Алты бақан алауыз болғанымен, «кертағыдай бұл қазақ бүлікшіл, өлермен халық екенін көрсет!» деп баланы түрікпен ат бәйгесінде қаракөк тұқым, аузымен құс тістеген хас жүйрікпен қашырмақ болады. Құлдықтан қашу зор үрей, алдын тосып құмдақ шөл, сусыз шөлейт, алаөкпедей көбік құсқан ағынды дария тұр, бірақ, ата балаға "Ғазиз, абыройлы өлімнің алдында құлқамыт өмірдің түк мәні жоқ. Өмір мен өлім деген не тәйірі!»-деп қанат береді, құлдың түбі тексіздік, тамырсыздық деп көрсетеді. Жазушы қазақтық санадағы тексіздікті бүгінгі құлдыққа да саяды, санаң құлдықтан азат болсын деп үгіт етеді деп ойлаймын. Бірақ, ши екеш ши де тамырынан ажырауға құлықсыз. Ал санасы бодау ұрпақ тамырынан оңай ажырауға неге бейіл? Үшіншіден, қаламгердің әңгімесінің идеялық, көркемдік критерийлері құбажондасып, шұрайлы баянмен оқиға желісін кино түсіргендей бейнелеп, идеялық маңызын әлемдік әдебиеттердің ішін сүзіп шыққандай астарлап өреді. Әр сөзінің құнары мен жұпарын төгіп, қылаудай артық эмоцияға берілмей, аса кең жүрекпен баяндауға көшкенде бауырыңды жаза түсіп, суреткермен бірге қаның қызады. Аспан мен жердің, жан жануар мен тіршіліктің ділін ұққан, қабырғасымен кеңесіп, әр демі мен дірілін аңдап басатын аңғарымпаз қазақтың тыңшылығын, епшілдігін, түздің қарадүрсін майданына бой үйреткен жаугершілігін, жылқы десе жан беретін әуейлігіне сүйсіне түсесің.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қорыта келе айтқым келетіні, шығармада құлдық қамыт еркіндікте емес, құлдық – санада дегісі келеді. Себебі, бір рет бодан болған сана, еркіндікте де бодау, екінші ретте бас шұлғып кете береді деп қазақ баласы үшін қылып еткен жазушының жан айқайын байқайсың. Жазушы шебер шендестірген – еркіндік пен құлдық, сұлулық пен жабайылық ұғымдары салғастырыла көрсетіледі.

Жаугершілік заманда шапқыншылар өзге елді тұтқиылдан шауып, жылқыларды барымталап тұтқын ретінде үлбіреп тұрған сұлу қыздары мен батыр ерлерін еріксіз алып кететін. Ұлы даланың қатаң ережелері тұтқынға түскен бойжеткендерді күң етсе, ер азаматтарын құл қылатын. Алайда туған елге деген сағыныш еріксіз тұтқынды да тәуекелге бел буып, қашуға итермелейді екен. Алғаш рет “Шашты” әңгімесін оқығанымда, мен осындай тұрғыдағы сезімдерді бастан кешкен едім. Әңгімеде көтерілген мәселелер: ер-азаматтардың ар-намысы, шапқыншылыққа ұшыраған елдің күйі Айгүл Кемелбаеваның өзге де туындылары секілді аса аяныш, үрей, қобалжу сезімдерін туғызады. Аталған автордың шығармашылығының өзіне тән ерекшелігі, асыра сілтеу секілді әдеби құралдары жиі қолданыла бермейді. Оның туындыларында тек қана шындық, бүкпесіз айтылады. Солардың бірі “Шашты” әңгімесі. Әңгіменің бас кейіпкері қарапайым жылқышының бейнесінің негізінде бұқара халықтың күйін автор шебер жеткізеді. Сонда да неліктен әңгіменің басты мәселелерінің біріне ер адамдардың ар-намысын жатқызып отырмыз?-, деген сұрақ туындайды. Тұтқынға түсу-көшпелі рулар үшін қарғыс таңбалы, көк сокқанмен тең. Жат жарылқамайды. Міне сондықтан, еркек баланы өлсе де аямайды. Тіпті әңгіменің бас кейіпкерлерінің бірі Кенжебекті де жау қолының оншалықты аямағандығын да байқап қаламыз. Кенжебек секілді талай адамдарды құл ретінде жұмсап, отбасын құруға да мүмкіндік бермейтін. Тек қара жұмысқа салып, қашқындар жазадан көз ашпайтын. Өз еркінен тыс тұтқынға түскен адамдардың өмірін, тағдырын ойыншық еткен жау қолындағы құл тірі адамның емес, тірі өліктің күйін кешкендей өмір сүрді. Қаншама адамның өмірі “Шашты” әңгімесіндегі дана қарттың балаға айтқан шерінен, жүрегіндегі терең жарасынан көрініс табады. Өзге елге құл болғасын, қанша еркекпін деп намыстанса да, жау үшін олардың құны тышқақ лақ ғұрлы жоқ.” Шашты” әңгімесі тек сол замандағы жау қолына түскен халықтың күйін ғана емес, қасиетті жылқы малын бағудың қыр-сырын да атап көрсетеді. Сіз қазақ халқының қатардағы тұлпарды, жүйрік сәйгүлікке айналдыратын көреген халық екендігіне көз жеткізе аласыз. Алайда мені ойландыратыны жылқы малын бағудың біз білмейтін қандай ерекшелігі болуы мүмкін? Біріншіден, әңгіме барысында жылқышы тұлпарға түйе сүтін ішкізіп бағады. Соның нәтижесінде сәйгүлік қайратты әрі жүйрік бола түседі. Екіншіден, жылқышы жылқыны өзеннің мөлдір суында жуындырмай, құмда аунатады, бұл әлдеқайда тиімдірек. Үшіншіден, әр тұлпардың өзінің кемшілігі бар болғандықтан, қанша жүйрік десекте, оның да әлі құратын кез болады. Сондықтан, әсіресе шөл далада жылқы үлкен күтімді қажет етеді. Кенжебектің қу далада аштан қатып, шөлден қысылып жатқанына қарамастан, азығын бірінші сәйгүлікке беріп жатады. Жылқы атасы Қамбар атаның рухына сыйынып, дұға тілеп отырады. Көпті көрген дана қарттың кеңесімен аспандағы Темірқазықты бағыт-бағдар көрсетуші көмекші құрал ретінде қабылдайды. Өзін жын-шайтандардан қорғау мақсатында арқанды шеңбер күйде жасап өзін де, тұлпарын да тылсым күштерден қорғап қалады. Осыдан екінші атам қазақ:”Қазақ атқа мінбесін, қазақ атқа мінсе, бір дене бір жанға айналып кетеді. Қашса-құтылады, қуса-жетеді,-дегені осыдан екен. Әңгімеден тағы бір байқайтынымыз қарттың көрегендігі мен баланың өжеттігі жайлы жиі айтылады. Ендеше қарттың көреген дана екендігі, ал баланың айтқанынан қайтпас қайсар екендігін не дәлелдейді? Қарт даналығы баланың бойындағы өжеттік, қайсарлық іспеттес қасиеттерді көре білгенінде. Баланың қазақ екендігін тани сала, оған бас салып, қашуды ұсынған жоқ. Алғашқы он екі айда жылқы малын бақтырып, жүйріктің барлық қыр-сырын үйретеді. Ал бәйгенің ұйымдастырылуы қажетті сәтті туғызып, қашуға қолайлы жағдай пайда болады. Дегенмен, бала әлі жас бүлдіршін болғандықтан, біраз күдіктеніп, өз-өзіне сенімсіз бола бастайды. Шал да бұның қисынын тауып, оны ойынан айныту үшін шындықты айтуға мәжбүр болады. Баланың бойына сенім біткесін, бойындағы ерлік қасиеті бәйгеде анық көрініс табады. Тіпті шөл далада қысталаң күйді кешсе де, ол еш мойымайды. Бұл баланың мінезділігін көрсетеді. “Шашты” әңгімесінде жылқышы үшін де, Кенжебек үшін де жыт еткен сәуле қай уақытта жағылады? Бәйге ұйымдастырылмақ болғанда жылқышы анасынан жаңа туған сәбидей қуана жөнеледі. Ол үшін үміт пайда болады. Кенжебекті елге қайтару үміті. Қанша жылдық кегін

қайтару үміті. Кенжебек үшін де бұл үлкен мүмкіндік болатын. Басында сенімсіз болғанымен, бойындағы жігерліктің шалдың оятуы нәтижесінде жылқышы қарттың да, өзінің де үмітін ақтай білді. Менің ойымша жылқышы қарт пен баланың кездесуі кездейсоқ жайт емес. Екі заман адамдары басындағы тағдырдың қиыншылықтары мен ортақ қайғымен бір-бірін тапқан жандар. Біреуі баланың бойындағы арманда кеткен жастықты көретін. Әрі өміріндегі ең үлкен қателігін қайталамау үшін барын салатын. Бала болып жатқан жайттардан не ұғынсын, өзінің қандай күйге түсетінін қайдан білсін. Бірақ бұл жағдайлардың барлығы оны күрт есейтіп жіберді. Қорытындылай келе: Атаулы тарихи әңгімелердің бірі тап сол заманның өзекті мәселелерін қозғап қана қоймай, бүгінгі күнмен де тығыз байланысты. Сол заманда ер азаматтар ар-намыс секілді бағалы қасиеттерінен құл болғандықтан айырылса, қазіргі заманның ер адамдары сол секілді қасиеттерді өз бойынан жоғалтып, еркек аттарынан ерікті түрде айырылып жатыр. Бұл мәселенің бүгінге дейін де өзекті болып келе жатқаны өкінішті-ақ. А.Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесінде ұлттық құндылықтарымыз жан-жақты суреттелген деп айтуға болады. Ұлттық мүдде идеясын бірнеше оқиғалар барысында көреміз. Автор барлығын өз кейіпкерлерінің бойындағы құндылықтар арқылы жеткізеді.

«Шашты» әңгімесі – адамның жан дүниесіне қатты әсер ететін шығарма. Оны қаламгер ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырған деп білемін. Шығарманы оқыған сайын ұлттық құндылықтарымыз биіктей түседі.

Ең алдыменен, шығармадағы көтерілген басты мәселе – адам тағдыры. Жер бетінде адам тағдырымен ойнап, оның өмірін ұрлаудан артық күнә жоқ. Жазушы, біріншіден, осыны ашып көрсетеді. Оны біз түрікпендерде құлдықта өмірін өткізген Тасқұл бейнесі арқылы көреміз. Құлдықта жүрсе де, ар-намысын алдыңғы орынға қойған Тасқұлда ұлтымызға ғана тән намысқойлық қасиет басым деп ойлаймын. Ол қанша рет қашуға бел буса да, босап шыға алмайды. Сонымен қатар, ешқашан да өзінің шыққан тегі туралы тіс жарып айтпайды. Бұл халқымызда өз тегіне, руына қара дақ, сүйекке таңба салмау деген қастерлі ұғымымен тікелей байланысты деп түсінемін. Міне, шығармадағы ұлттық мүддеге келгендегі ең бір ұтымды жері Тасқұлдың осы бір қасиетінде жатыр.

Екінші бір ұлттық құндылықтың көрініс тапқан жерін «Өзге жерде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген халық даналығымен байланыстыруға болады. Түрікпендерден қашып құтыла алмаған Тасқұл құлдыққа түскен Кенжебектің өз тағдырын қайталап, құлдықта өмірі өткенін қаламайды. Өз арманына жете алмаса да, соны Кенжебек арқылы жүзеге асырады. Осы жолда Тасқұлға халқымыздың даналығы, көрегендігі, ат баптау өнеріне деген, аспан әлемінің құпияларын терең меңгерген сұңғыла қасиеті көмектеседі. Бұндай қасиеттер біздің қазағымызға ғана тән екенін білеміз. Шығармада: «– Шашты-түкті дүние сені адастырмас, толған ай алтын қазығың. Түнгі дегдар даламен көк бөріше жортарсың... Әулие пірің Баба түкті Шашты Әзиз қолдасын, жылқы пірі Қамбар ата қолдасын, қысылтаянда қырық шілтен ғайып ерен кезіксің!» деген Тасқұлдың балаға берген батасының ұлттық мүдденің ең бір шарықтау шегі деп айтуға болады. Көк бөрі біздің көк түріктердің символы болған, жылқы пірі Қамар ата халқымыздың серігі, қанаты болған, Баба түкті Шашты Әзиз қорғаушымыз болған. Тасқұлдың осы батасының өзі қазақ халқының бүкіл болмысын ашып көрсетіп тұр емес пе?

Халқымыздың бойындағы ең бір асыл қасиет – ұлт мүддесіне қызмет етер ұрпақ жалғастығы. Тасқұлдың Кенжебекке берген бүкіл тәрбиесі, айтқан сөздері оны намысты, қайсар етіп тәрбиелеп шығарады. Еліне жеткен Кенжебек осы тәрбиені ту етіп, ұлт мүддесіне қызмет етіп, атақты батыр болады. Шығарманың соңында Әз Тәуке хан тұсында шокбелдеу таққан Шашты айтулы азамат болып, аты ел аузына ілікті деп аяқталады. Жорықта қол бастайды. Баяғы теке түрікпенді шауып, қыруар жылқысын қайтарып алып, түрікпеннің сұлу қызын қоса әкелді. Осылайша, жылқышы атасының ғана емес, құлдыққа түскен күллі қазақ затының кегін қайтарады. Кенжебек қалған өмірінің азаттықта өтуіне себепші болған атасының сөздерін есіне алып, өміріне жаратады. Осы тұстан ұлтымызға тән жаудан кек қайтару, туған елге қызмет ету, намысты қолдан бермеу, үлкеннің кеңесін азық, аманатқа

қиянат жасамау сияқты ешқашан ортаймайтын, құндылығы жойылмайтын ұлт тағылымын көреміз деп ойлаймын.

Қорыта келгенде, әңгімеден алар тәлім-тәрбие көп, осы құндылықтарды өз бойымызға сіңіріп, Шашты сияқты еліміз бен жерімізге қызмет етейік деп ойымды аяқтаймын.

Әдебиеттер

1. Кемелбаева А. «Мәжнүн жүрек» Алматы «Алаш» баспасы, 2013 ж.

МРНТИ: 14.01.11

С.Қ. Имағамбетова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Мектеп оқулықтарындағы Шәкәрімнің адамгершілік туралы ой-тұжырымдарын оқытуда қолданатын өлеңі – «Жастарға» болады. Бұл өлең ақынның немере ағасы, өнердегі ұстазы Абай Құнанбайұлына арналған. «Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза,- дейді ол шежіре кітабында. Қазақ ішінде Абай деп атайды. Сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік, һәм алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек, дана кісі еді. Ер жеткен соң сол кісіден тағлым алып, әр түрлі кітаптар оқып, насихатын тыңдап, азғана ғылымның сәулесін сездім»,- дейді [1]. Ақынның жиырма жасында жазғандары көбінше жастық, махаббат өлеңдері болады: Мысалы.

Гауһардай көзі,
Бұлбұлдай сөзі.
Жаннан сақан бір пері.
Жүзі бар айдай,
Мінезі майдай,
Өзгеден артық сол жері.
Дариядай ақыл мол еді,
Жан ғашығым сол еді... [2].

деп, басталатын өлеңін 21 жасында жазған. Енді бір өлеңі:

Жиырма үш жасымда бұл өлең жазылған,
Табылмай басыеда өзіне лайықты ән...

деп басталады. Бұндай өлеңдері көп және өлеңдерінің бәрі де Абай үлгісімен жазылған.

Әрбір өлеңіне арнап әнін де қоса шығарған. Ақынның 21 жасында жазған және Абай сын айтатын, кәрілік туралы ұзақ өлеңі былай аяқталады.

Қызусыз тәнің,
Сезімсіз жаның,
Болалы кәрілік белгісі.
Оны да сезбей,
Үмітін үзбей,
Келмейді шалдың өлгісі.
Алпыстар ары бармаңдар,
Байқамай шал боп қалмаңдар [2, 6].

Әрине, қазақ әдебиеті сол күнде баспа жүзіне шығып, сол күнде оқушы тауып отыратын жайға жетсе, Абай айналасынан, Абай мектебінен шыққан ақындар түгелімен Абайдың ізін баса шыққан үлкен әдебиет ағымын көрсеткен болар еді.

Абай бұл жастардың өлең жазуын қабылдаған. Кейбіріне өзі тақырып та беріп отырған. Бірақ бұлардың өлеңдеріне де жалпы өлеңге қоятын қатты сынын түгел қояды. Сондықтан

сөздерін, ұнамаған уақытта міндерін өлеңге қосыпта жібереді. Мәселен, Көкбай, Әріп, Шәкәрім үшеуінің үш түрлі өлеңдерін еске алады.

Енді Шәкәрімнің өмір кезеңдерін шолуымызға келейік. Шәкәрімнің өзінің жазған өмірбаянынан: «Жиырмадан өткенде, азғана ғылым оқыдым...» деген сөзін жоғарыда келтірдік. Енді Шәкәрім өмірінің осы бір кезеңі туралы Мұхтар Әуезовтің жазғанын келтірейік: «Ысқақты ұдайы үш сайлау – 9 жыл болыс қылған соң, төртінші сайлауда: «Енді болыстықты Бәкемнің орнына бермін» деп, жасы жиырма эзер толған Шәкәрімді болыс сайлатады. Бәкем деп өзінің үлкен шешесі Күнкеден туған Құдайберді деген ағасын айтады. Ол кісі ертерек өліп, артында екі-үш баласы жетім қалған. Сол ағасының аруағын сыйлағандықтан, жасы жетер-жетпесте, Ысқақты өкпелетіп, Шәкәрімді сайлайды. Шәкәрім бір сайлау болыс болып, 84-жылдың сайлауына келгенде, Абай ендігі болыстықты өзімен бірге туған кенже інісі Оспанға бермек болады» [2, 4],-дейді.

Бұл жөнінде Шәкәрім өзінің өмірбаянында былай деп жазды:

Өнерлі шебер тіл-жақты,
Алады деп бұл бақты,
Еріксіз маған ел жапты,
Болыстықтың тоқымын.
Болыстық салды жаман ой,
Ғылымды әзір қума, қой,
Ұлықтық деген үлкен той –
Деп, осыған лоқыдым,
Ашылмас кесел болды бұл,
Іздеген ғылым қалды тұл.
Азат басым болды құл,
Еріксіз жемтік шоқыдым.

Сөйтіп, Шәкәрім ел басқару ісіне еріксіз араласқанын өмірінің өкінішті бір кезеңі деп біледі. «жиырма мен қырықтың арасы; жас өмірдің сарасы, бос өткенін қарашы»,- деп налиды. «Туған елім – надан ел»тдеп қапалан отырып, өз мінін де ашық айтып, аяусыз сынайды.

Туған елім надан жұрт,
Жуандықты тағы бір қылқұрт,
Жетім ерке болып қырт,
Мансапқа мінген мен бір мас,
Осы айтылған төрт кесел,
Қырыққа келіп астым бел,
Деді бір ой, көзінді аш!

Көзін ашып, өсіп, өзгерген санамен, жаңарып, жаңғырған ұғыммен ғылым дүниесіне терең бойлауға берік бекінеді. Шығыс тілдерін, орыс тілінемін-еркін меңгеруге бой ұрады.

«Ақыл сенбей сенбеңіз, бір іске тез келсеңіз» деген Абай қағидасын берік ұстаған Шәкәрім діннің соқыр сенімін мансұқ етіп, дін иелерінің азғындығын әшкерелейді. Ғалым, ойшылдардың жазғандарына да талғаусыз табына бермейді, өз ақылына жүгініп, сыншыл ой көзімен қарап оқиды.

Адасып дінші азғанын
Пәншілер ғылым қазғанын,
Философ ойшыл жазғанын,
Сынауға енді бұрдым бас,-

дейді. Өзінің зероеп іздену жолы омындай болса, сол кезде өз халқының күйінішті тағдырына дерттеніп, терең тебіреніп, көп өлең жазады. Ол өлеңдері туралы айта келіп, былай дейді.

Тағы да талай сөз жаздым,
Елім тәлім алсын деп,
Қазақтың мінін көп қаздым,

Адам емес, аңсың деп,
 Өнер-білім білмеген,
 Бірінді-бірін күндеген.
 Тура жолмен жүрмеген
 Төрт аяқты малсың еп
 Сөзіме құлақ қоймады.

Оқушыларға ақын өлеңдерінің жалпы тақырыптарын таныту мақсатында тапсырма беруге болады.

Ш. Құдайбердіұлының шығармаларын кестеге толтырындар. Тақырыптық-жанрлық жіктелістен қандай ерекшелік байқадыңдар?

Тақырыптары	Өлеңдері	Поэмалары	Аудармалары
Адамгершілік			
Өнер – білім			
Махаббат, сүйіспеншілік			
Әлеуметтік			

Жас кезінде Шәкәрім ауылдан ұзап шығып, ешбір оқу орнында оқымаған адам. Оның мектебі де, университеті де – Абай.

«Жастарға» деп аталатын өлеңінде жастарға Абайдан үйренуге шақырады. Абай үлгісін үйренуді, бар ақылын, тәрбиесін алып қалуды айтады. Абайдан үйренер ғылымның елді алға бастайтын, халықты алға шығарар үлгі екендігін бейнелейді.

Өлеңмен сөзді шеберлеп, айтқаным мақұл болар деп», анық ақындық өнер жолына түскенде, он тоғыз жасында жазған өлеңін өзі құрбылас талапты жастарға арнап, оларды Абайдан үлгі-өнеге үйреніп, тәлім алуға шақырады.

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
 Арам айла, зорлықсыз мал табалық.
 Өтпес өмір, таусылмас мал берерлік,
 Бір білімді данышпан жан табалық.
 Ал енді олай болса кімді алалық,
 Қазақта қай жақсы бар көз саларлық...
 ...Жүз айтқанмен өзгенің бәрі надан,
 Жалыналық Абайға, жүр, баралық.
 Білімді сол кісіден ізденелік,
 Әдейі іздеп біз келдік сізге,- делік,
 Өмір зая болмастық өнер үйрет,
 Ақылыңды аяма бізге делік.
 Көп қуға көзіңізді сүзбе делік,
 Ұқпас деп бізден үміт үзбе делік.
 Залымдар заң үйретіп адастырды,
 Бізді сал жөнделерлік ізге делік...
 ...Мынау Абай – бір ғалым жол шығаралық,
 Замандасы болмады сөзді ұғарлық.
 Амал жоқ айналды енді бізге
 Күн туды етегіне жабысарлық... [2, 18-19].

Оқушыларға ақынның «Жастарға» өлеңін талдауға ұсынамыз. Бұл үшін оқушылар өлеңнің мазмұнын, идеясын ұғуы тиіс.

1. Өлеңді мәнерлеп оқындар.
2. Өлеңдегі негізгі идеяны анықтаңдар.
3. Ақын неге жастарға Абайдан үйрену керек дейді?

4. Ұлы ақын туралы: «Мынау Абай – бір ғалым жол шығаралық»
 «Бұл Абай – саудагер ғой ақыл сатқан
 Өртүрлі асылы көп өтпей жатқан», - деген ойларын таратып айтып көріңдер.
5. Өлеңді талдауға оқушыларға бірнеше тапсырмалар беріледі.
 Кестені толтыру ұсынылады.

Абай мінезін анықтайтын жолдар	Абайдан үйренетін істер

6. Ақын өміріндегі Абай тәрбиесінің, үлгісінің маңызын ашыңдар. «Шәкәрім – Абайдың ақын інісі» деген тақырыпта өз ойларыңды қорытып жазыңдар.

7. Ақынның Абай үлгісін үйренген өнегесін «Сен ғылымға болсаң ынтық...» өлеңімен байланыстыруға болады. Бұл өлең оқушылардың түсінігіне ыңғайлы. Бұл өлеңді балаларға жаттауға да беруге болады. Бұған дейін Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жаттап, ғылым үшін керек шарттар қатарында талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым деп аталатын ұғымдарды түсініп, иегеріп, оларды бойға сіңіріп, жақсы қасиеттер екендігін ұққан балалар бұл өлеңді де ұғады.

Сонымен бірге балалар бұл өлеңде ғылымға ынтық болу, білім мен ғылым жолына түсудегі ақын айтатын жаңа ойларды да ұғатын болады. Адамзаттың ақылының жоғары деңгейі – ғылым. Ғылымды игеруге терең ақыл мен еңбек, талап пен ой керектігін білетін оқушылар оны адамгершілікпен де сабақтастырады. Осы арқылы Абай-Шәкәрім өлеңдеріндегі үндестік ашылады. Біз Шәкәрім – Абайдың шәкірті дейміз. Осы шығармалар арқылы үйренудің үлгісі, дәлелі ретінде де балаларға тәлім-тәрбиелік мән айтылады. Шәкәрім де ұлы ақын ағасының жолымен жүрді. Өнер-ғылым, білімді үйренді. Енді ақын кейінгі жастарды Абайдан үйренуге, Абайдың үлгісі ғылымды үйренуге шақырады. Ақын адамгершілікті ғылым арқылы үйренуге шақырады. Ұлы Абайдың ғылымға бет бұрған жасқа айтатын үлгісімен сабақтасады. Ақын өлеңдеріндегі Абай үлгісі өнер мен ғылым, білім жайындағы өлеңдерінен анық байқалады. Шәкәрім қандай да бір ғылым мен білім, өнер, жаңалыққа ұмтылу жолын көрсетсе – Абай үлгісімен көрсетеді.

Сен ғылымға болсаң ынтық,
 Бұл сөзімді әбден ұқ:
 Білгеніңнің жақсысын қыл,
 Білмегенді біле бер.
 Білген ердің бол шәкірті,
 Білмегенді қыл шәкірт

Табиғат пен адам, қоғамды Абай жолымен тануға бет алған, шындыққа Абай көзімен баға берген Шәкәрім білім алудың қажеттілігін ерте ұғынады. Абайды ұстаз тұтқан Шәкәрім ұлы ақын даналығы мен сезімталдығын да лирикасына негіз етті. Ақыл-ойды басты байлық еткен адамгершілік өмір өзегі деген ірі ойшыл болуына Абай өнегесі, мектебі ықпал еткені өмірлік ұстанымдарында да, шығармаларында да сипатталды. Шәкәрім үлгі тұтар өнер – «Өмір зая болмастық», мәңгілік өнер осы жолдағы адастырмас шырақ - данышпан, ақылдың белгісі Абай сөздері. Шәкәрім өлеңдерінде тұтастап алғанда ақыл, талап, еңбекті оймен басқарған білімді бейне тұтастығы ашылады. «Адамдық борышың» өлеңінде халықтың: «Аққа - құдай жақ» деп, адал жүрек пен адал еңбекті өсиет етеді. Ақын өнер - білімді насихаттау арқылы қоғамдағы жат қылықтарды жоюға болады деген гуманистік ойды айтады. Өнер мен білім ақылды жасайды, ақылмен келешек заманды жақсартуға болады деген идеяға жалғастырады. Дүниетанымның, білім мен ғылымның негізі - ақыл-ой, адамның кісілікті ойында деген Шәкәрім өлеңдерінің негізгі өзегі.

Қорыта келгенде, Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығын оқытуда мектепте – түпкі түйін ақынның адамгершілік идеясына келуі шарт. Ақын шығармашылығындағы адамгершілік идея арқылы басқа идеяларды таратуға болады.

1. Ақын шығармаларын мектепте оқыту кезінде оқушыларға ақыл, ынсап, ар, ұждан туралы түсінік берілгені жөн.
2. Шәкәрім шығармаларындағы адамгершілік – ар, ұждан, ар білімі, «аққа құдай жақ», ақ, адамдық борыш сияқты негізгі ұғымдармен байланысты екендігін оқушылар білуі керек.
3. Оқушыларға бұл ұғымдарды тереңдеп түсіндірудің қиын екендігін ескеріп, біз тек осы сөздердің жақсылық, адам бойындағы жақсы қиеттерді көрсетіндігін мектеп балалары білуі керек. Тереңдеп оқуды өздері қызыққандар оқиды деп есептейміз. 4.
- Шәкәрім шығармаларындағы осы сөздер ақынның тілдік стилі екендігін де ұғуға мүмкін береді.
5. Оқушылар бойында білім мен ғылымды адамшылыққа жұмсау, мінезді адамшылықпен, адамгершілікпен сабақтастыру сияқты сипаттарды түсінетін болады.

Әдебиеттер

1. Құдайбердіұлы Шәкәрім Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар // Құраст. М. Мағауин. – Алматы: Жалын, 1988. – 256 б.
2. Шәкәрім Құдайбердиев Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов, [А. Құдайбердиев.] – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б. суретті, портр.

МРНТИ: 14.01.11

М.К. Мухамбеталина

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

ЭКОЛОГИЯ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ БЕЙНЕЛЕНУІ

Экология тақырыбында қарымды қалам тербеген Қадыр Мырза Әли лирикасының тақырыптарының негізгісі – табиғатты жырлау. Қадыр Мырза Әли табиғат суреттерін аса бір шабытпен жырлайды. Табиғат сұлулығын «Нұр», «Шалкөде жайлауы», «Түн кірпігін ілмеді» атты өлеңдерінде аса бір сезіммен, сыршылдықпен жырға қосқан.

«Мүйізтұмсық немесе миллионның тағдыр» немесе «Қызыл кітап» шығармаларында экология тақырыбын қозғаған. Поэмадағы лирикалық кейіпкердің аузымен табиғатты жойып алмауға деген қауіптің барын жеткізеді. Адамзат баласы өзін табиғаттың бір бөлшегі ғана екендігін ұмытып оған қол сұғушылық жасап жүргендігін күйіне жазады. Поэмадағы лирикалық қаһарман табиғатты жойып алу қаупінен қорқады:

«Шынтақтаған жастықты

Көрінеді

Аққу қазды жаныштап жатқандайын

Өкпелетпеу керек қой қожайынды.

Айта алмайсың халіңді,

Не жайынды

Ұстап беріп айырды

Шошып кетем

Шаншығалы жатқандай дәу жайынды»

Қадыр ақын өзінің көкейкесті түпкі ойын былайша білдіреді:

«...Аяймын мен анасыз,

Атасызды,

Аяймын мен құлынсыз,

Ботасызды.

Хайуанатқа жасаған қиянатың

Бауырыңа жасаған опасыздық» - деп күйініп табиғат-анадан кешірім сұрайды.

«Кешіре гөр біздерді, Әулие көл

Кешіре гөр біздерді Қыр киелі!». Ақын табиғатты қорғауды тек қана ел арасында ғана емес әлемдік проблема ретінде қарастырып, оқушыны Африкаға да, Европаға да, Америкаға да апарды. Бір заманда бұнда адам саудасы болғанын да айтып өтеді. Адамзаттың бір-біріне көрсететін зорлық-зомбылығынан бас тарту керектігін түсіндіреді. Кей халық өкілдерінің жойылып кеткендігін шошына жазады. Бағзы заманда жерімізді мекендеген аңдарды жоқтайды, соларды түгендейді. Экология тақырыбында жазған «Қызыл кітап» поэмасын не себепті осылай атағандығына түсінік береді:

«...Қызыл кітап

Мезгілсіз кеткендердің

Бастарына қойылған қызыл шырақ

...Қызыл кітап

Опат боп кеткен аңның

Бастарына қойылған қызыл күмбез» -дей келе

«орнында ма санамыз

Күшіміз де?!

Мамонт құсап

Жігіттік,

Азаматтық

Қалған жоқ па көміліп ішімізде?! – деп саналы ойға шақырады. Ата дәстүрді ұмытпауға үндейді.

«Жақсылықтың алдында бас иетін

Бабалардың не істейміз қасиетін»

Адам мен жаратылыс, табиғат арасындағы үйлесімділік, айналадағы қоршаған ортаны қорғау мәселелесінің маңызын поэма соңында былайша түйіндейді:

Одан көріп,

Ақыры бұдан көріп,

Таласқаннан не таппақ құлан, керік?!

Жоғалтқанды жоқтаған жөн болағмен,

Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі!

Қадыр мырза Әли шығармаларының тақырыбы мен мазмұны адами құндылықтар, олардың сезімі, ой-толғаныстары, өмірге деген көзқарастары, толғаныстары, қоршаған ортаға деген қарым-қатынастары, жинақтала суреттелген.

Адамзаттың табиғатты ойсыз да күрделі күйзеліске ұшыратуының зардаптарынан соңғы отыз жыл төңірегінде экология ғылымына деген көзқарас бірсыпыра жанданды. Алғаш рет экология терминін неміс биологы Эрнест Геккель 1866 жылы санамызға енгізген және бұған «табиғат пен тірі ағзалардың өзара қарым-қатынасын зерттейтін ғылым» деп анықтама берген. Дегенмен, экологияның қалыптасуына негіз болған алғашқы ғылыми тұжырымдар ежелгі Греция мен Рим кезеңдеріндегі философтардың еңбектерінен туындаған болатын.

Қазақ аңызында желмаямен жер кезіп, елге жайлы қоныс іздеген Асан Қайғы қазақияны аралап, әр мекенге әр қилы баға береді. Арман қуған Асан атаның сын сөздері мен терең ойлы тамаша толғаулары бүгін де соншалықты мәнді, бүгін де соншалықты ғибратты... Өйткені, адамзаттың табиғатқа зәрулігі күн санап ұлғайып келеді. Экологиялық проблемалардың зардаптық ауқымы өсуіне байланысты пәннің өзімен пейілдес генетика, демография, география, элеуметтану, топырақтану, гидрология, климотология сияқты ғылым салаларымен байланысы да күшейді. Адамға экологиялық жауапкершілік пен сана-сезімді сіңіріп, экологиялық тәрбиені өрістетуде көркем әдебиеттің ролі қандай, жалпы табиғатқа жанашырлықтың әдебиетіміздегі бейнеленуі, насихатталуы, көріністері қай дәрежеде десек, қазақ әдебиеті де бұл мәселеге өз шама-шарқынша үн қосуда. Жүрдек жанр болып табылатын публицистика өзгелерден оқ бойы озық келеді десек артық айтқандық болмас. Бұл мәселелер «Қазақ әдебиеті», «Жалын». «Жас алаш». «Егемен Қазақстан», «Ана тілі»,

«Халық кеңесі», «Атамекен», «Денсаулық» газет-журналдарында кенінен көтеріліп келеді. Басылымдардағы белсенді авторлар қатарына М. Шахановты, С. Балғабековты, С. Жұбатыровты, Р. Бектібаевты, М. Қаназовты, Э. Ғаббасовты, А. Бақтыгерееваны, Р. Отарбаевты, Ө. Ақыпбековтерді жатқызуға болады. Бұл күндері планеталық маңыз алып отырған экология, оның арғы жағындағы халық мүддесі әр уақытта қаламгердің де бас мақсаты болуы хақ. Биосфераны, табиғатты қорғау сияқты мәселені шешуде де халқымыз өз жазушыларына үлкен үміт артуда. Қоғамның басты даму бағдарын, маңызды мәселелерін батыл көрсететін көркем шығармалардың қатарында жазушы Қалихан Ысқақовтың «Қараорман», «Ақсу жер жаннаты» романдарын атауға болады. Бұл шығармалардағы басты көтерілген мәселе – ең алдымен жазушының өмірдегі толғағы жеткен, зәру болып отырған экологиялық проблемасын таба да тани білуінде, сол проблеманы суреттей білуінде.

Жазушы Қ. Ысқақовтың туған жер табиғатының көз алдымызда құрып бара жатқан байлығына шырқырап ара түскен перзенттік, азаматтық белсенділігі кімді болса да сүйсіндірері хақ. Алтай өңірі – Қалиханның көркемдік әлемі. Ол жоғарыда аталған романдарында ғана емес, «Қоңыр күз еді», «Менің ағаларым», «Бұқтырма сарыны» повестерінде және «Тұйық» романында да Алтай өңірін өзінің зерттеу объектісі етіп ала отырып, ондағы адамдар, Алтайдың кешегісі мен бүгінгісін, ертеңін реалистік түрде айқын көрсетеді. Алтай тек географиялық орта ғана емес әлеуметтік үлкен адами орта. Жазушы осы ортаны жаза отырып, азаматтық, ортақ шындықтарды іздейді. Осы тақырыпқа қалам тартқан жазушы Қ. Жиенбаевтың «Құлан жанарындағы ғұмыр» атты повесінде теңіз ортасындағы Барсакелмес аралына орналасқан мемлекеттік қорықтың жәй-күйі, ондағы жануарлар әлемі, оның Жетісу бойына көшірілуі бас қорықшы Әбдімомын Ермолаевтың тағдыры арқылы берілген. Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Парыз» деп аталатын диологиясында көне Арал аймағының экологиялық зардаптарын, оның осыған келу жолын тамыршыдай тап басып, көркем прозада кең ауқымда көрсете алды. Академик Әзім Жуан Жақайым, балық колхозының басқармасы Жәдігер бейнелері – айшықты да ойлы бейнелер. Туған жері, өскен өлкесі үшін шыр-пыры шыққан табанды жәдігер бейнесі атақты академиктен гөрі әлдеқайда жоғары тұр. Адамзат һәм табиғат, қоршаған орта. Экология... Белгілі себептермен бұл тақырып жазушының «Қан мен тер» романында кең өрістемеген. Мұнда адам табиғат-анаға тым қатыгез екендігін айтып үлкен бір әңгіменің шетін шығарады да («қолы жетсе, адам аспанды да былғайды»), сол заматында тоқтайды. Бірақ басталған әңгіме аяқсыз қалған жоқ. Жалғасын жаңа шығармадан тапты. Атап айтқанда, маңызы зор экология әңгімесі, табиғат пен адам туралы толғаным «Соңғы парыз» роман-диологиясының (1999) өзекті тақырыбына айналды. Алдымен оқырман адалдықты, адамдық асқақ арманды мақсат тұтқан, туған жеріне, туған еліне перзенттік парызын адал еңбек, маңдай терімен өтемекке бел буған тағдыр иесі Жәдігермен танысады. Одан соң дәл сондай туған жеріне, еліне деген перзенттік парызын пысықтықпен, оза шауып бәйге алумен, атын шығарып атақ алумен өлшейтін ісінен сөзі көп академик Әзімді көреді. Осы екеуінің арасындағы үшінші тағдыр иесі Бәкизат, кешегі, бүгінгі, ертеңгі қоғамдағы қыз, әйел бейнесі. Екінші кітапта үш кейіпкердің ауыр да азалы, қиын да күрделі, қараңғы түні баяндалады. Ерен еңбегі еш болып, елінің де, туған жерінің де берекесі кетіп, ұрпағы кеміс, ауру болып, жары опасыздық жасап сергелдеңге түскен Жәдігер сондай бір түнде сең үстінде жан тапсырады. Бір қарағанда бұл фабула жаттанды махаббат драмасы, тақырға айналған тақырып секілді. Міне осы шындықты жазушы кең байтақ жасыл жазира еткен. Жәдігердің шағын отбасы трагедиясы мен замана трагедиясы тығыз байланыста суреттеледі. Жер де, адам да азып барады, – дейді роман. Кең байтақ Қазақстанның даласында күні кеше миллиондап заулайтын киіктің жұқанасы ғана қалған. Сол азын-аулақ киікке су ішер суат табылмайды. Тартылған теңіз табанынан босаған борпылдақ тұз аралас құм қысқы бораннан жаман ұйтқиды. Құм боран шыдатпаған киік бұрын маңына жуымайтын ауылдардың қора-қопсысына тығылады. Заманақыр зауалындай трагедия адамның өз басына да түскен. «Теңізі тартылған, жері азған, елі босқан» Жәдігердің бүкіл тағдыры замандасына былай дегізеді. «...Есалаң сорлы, есіңді жи! Оның мен солыңа қара! Басқаны ойламасаң да, ойраны шыққан мына дүниенің ертеңі не

боларын ойласаң еді? Осы дүниеге соңыра, өзіңнен кейін келетін сорлы ұрпақтың күні не болатынын ойласаңдар еді».

Жері азған, елі босқан жалғыз Арал ғана ма екен? Сондықтан «Соңғы парыз»: адамзат үлкені, кішісіне, басшы мен қара табанына қарамай табиғат, қоғам алдындағы борышын қайтаруға міндетті дейді.

Ол міндет қалай өтелуі керек? Нұрпейісов романы мәселені төтесінен қояды. Бәрі-бәрі адамның өз қолында. «Арал өңірі тұзға тұншығып, тамыры күйген шөп көктемде де көктемей, қара кеңірдектеніп қурап барады; адам көрмеген індет шығып, ана жатырында ұрығынан ауруға шалдыққан балалар делікүл, дімкәс боп, келешек ұрпақ азып бара жатқанына қарамастан Кремльдегі көсемдер біз болмағанда Орта Азия мен Қазақстанның халқы адамзат көшіне ере алмай, ескі жұртта сарыжамбас боп қалатын еді деп, екі көзіңді бақырайтып қойып көкіп жатқан жоқ па?» – деп жосытады.

Қайта айналып республика ұлығына ұрынады. «Соларға қарсы қайсысың дауыс көтеріп едің? Басқа-басқа Үлкен кісінің өзі ауыз ашса, соларды қостап... зарлап қоя бермеуші ме еді?» Өстіп «Соңғы парыз» бүкіл елдің берекесін кетірген жалғандық құртының жайлаған мекенін табады. Әзімдей академик боп қомпайып жүргендер – Қазақстан жерінің асты қаптаған су деп өтірік карта жасағандар – Кремльде көз бояушыларының қасында жіп есе алмайды екен. Нұрпейісов дилогиясы – табиғаттың, не дүниенің бүлінуі пиғылдың бұзылуынан шығатынын көрсетеді. Әділдікке, ар-инабатқа кір келтірмеуге шақырады [1, 5-б.]. 2009 жылы «Сырдария кітапханасы» 200-томдық антологиясына енген эколог-көсемсөзші Сайлаубай Жұбатырұлының «Абыржы» атты романының екі томдығы және басқа да шығармаларында жазушы Арал тағдырының, Арал тауқыметінің көркемдік шындығын психологиялық, философиялық жақтан терең толғаныспен суреттейді. «Теңіз бен Шөл хикаялары» жинағына жазушының балалар мен жасөспірімдер тақырыбына арналған повестері еніп отыр. Жинақ Арал мен Шөл табиғатының мәңгі өлмес жанды панорамасын құрайды. «Алыстағы аралдар» әңгімесі 1970 жылы, автор журналистика факультетінің 3-курсы студенті кезінде жазылған. 1971 жылы Қазақстан комсомолы және «Жалын» баспасының алғашқы жабық бәйгесінде шығарма жүлдегер атанды. 1980 жылы «Қазақфильм» киностудиясы осы повестің желісінде «Әнші аралдың құпиясы» атты толық метражды көркем фильм түсірген.

Повесть республика оқырмандарының сүйіп оқитын шығармасына айналды. Бұл шығармамен бірнеше буын ұрпақ тәрбиеленіп өсті.

Повесть кешегі күндері шалқып жатқан Арал теңізіне арманшыл саяхатқа шыққан жасөспірімдердің романтикалық сапарын баян етеді. Ержүрек саяхатшылар жолында кездескен көптеген қызықты да, қатерлі оқиғалар оларды достық, адамгершілік, білімқұмарлық қасиеттерге шыңдайды.

Шығарманың үлкен отансүйгіштік, тәрбиелік мәні өнбойынан көрініп-ақ тұр. «Жасыл сағым» шығармасы ел-жердің құтын алған қатыгез шөл мінезіне келіскісі келмеген бір жасөспірімнің тағдырын сөз етеді. Өзі пайымдаған әділетсіздікке қарсы баланың ой-қисыны мен іс-әрекеті сондай шынайы. Адамды мойындатады, бірге толғантады, сезім иірімдеріне тартады...

Бірақ, баланың аты – бала, өз ортасына асыл арманын жеткізу сондай қиын. Ал сені түсінбеген адамдар «аузыңа су тамызбайтын сор-тақыр» боп қала бермек. Шығарма лирикалық сарында, ауыл балаларының мінез-құлық, өмір-пайымын табиғи баяндайды. Жас оқырман жүрегіне ізгілік, адалдық, адамгершілік дәнін терең егетін көркем туынды. «Тамұқ төріндегі қазына» әңгімесінде жазушы өзінің романтикалық, хикаятшыл табиғатының жаңа бір қырынан көрінеді.

Автор бұл жолы елсіз-сусыз қалың құм құрсауындағы оқиғаны сюжетке арқау еткен. Оқиға дамуы өте күрделі жағдайда өрбиді. Көне тарихтың құнды дерегін емес, алтын, қазына іздеген қарақшы топтың әрекеті өзінің қитұрқы амалдарымен оқырманды қызықтырып жетелеп отырады. Қат-қабат қиындықтардан аман алып шығатын, әрине, өзіңнің адал мұратыңа сенім, айнымас адамгершілік қасиетің.

Осы қасиеттер шығармадағы басты тұлғаның желеуші-жебеушісі, шым-шытырық сюжеттің қозғаушы күші. Ізгілік жеңеді, зұлымдық тізе бүгеді. Кешегі аузын айға білеген «жасампаз идеялар» мен «биік мақсаттардың» иесі – Кеңес үкіметі бір демде аяғы аспаннан келіп, омақаса құлады. Оның жолында қолшоқпары, өз анасы – Аралды құрбандыққа шалған жас маман сенделіп далада қалды. Ұлы теңіз кепкен шөлге айналды. Міне, бұл бір абыржыған шақ еді. «Абыржы» романыны аса күрделі өтпелі кезең, жаңа қоғам қалыптасуының бірегей проблемалары, ел егемендігінің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік, экономикалық, моральдік ахуалды мейлінше жіті зерделеуді мақсат еткен.

Бұл дара тұлғалы романның негізгі персонажы Медет Жармекеновтың өзіндік дүниетаным-көзқарасы арқылы жүзеге асады.

Осынау, кітап тұлғасының ой-пайымы қалыпты стандарттармен өлшенбейтін, ерек құбылыс.

Алдыңғы ұрпаққа кешегі тарихтан жақсы таныс коммунистік шынғаудың (Ұстаз, Нұрлы Идея) темір тезінен өткен «совет азаматының» ділі берік, сеніміне сызат түспестей. Ол өзінің өмірлік қисынына сыймастай жағдайда дүниеге орнығып жатқан өзгерістер мен жаңғыруларды қабылдай алмайды. «Көппен жүріп адаспайтын», «уақыт құбылуларына ауаланбайтын» адамның жеке қасіреті мен азапты ой-пайымы арқылы кезең шындығы батыл сарапталады.

Бұл өзекті де игі дәстүр тек проза жанрында ғана емес, қазіргі қазақ поэзиясында да лайықты қолдау тауып келеді. Ақындар Ә. Тәжібаев, Қ. Мырзалиев, К. Мырзабеков, И. Оразбаев, К. Салықов, Ж. Әбдірашев, Ұ. Есдәулетов, Е. Раушановтардың мерзімді баспасөзде жарияланып жүрген өлең-жырлары соның дәлелі. Берлгілі ақынымыз

Қ. Мырзалиевтің «Қызыл кітабын» бірыңғай экология тақырыбына арнауының сыры неде? Бұл, әрине, шабыт перзенттерін, сезімтал жүрек иелерін бей-жай қалдырмағанының белгісі деп қарауымыз керек. Ақын жан-жануар әлеміндегі, өсімдіктер дүниесіндегі зардаптарды айта келіп, енді азаматтығымыз бен адамгершілігіміздің, адамдық қасиеттеріміздің экологияға ұшырауынан сақтандырады...

Біз ең алдымен табиғат перзенті екенімізді, қоршаған ортаға тигізетін зәредей зардап өзімізге сан еселей қайтатынын әлі толықтай санаға берік сіңіре қоймаған секілдіміз. Сондықтан да бұл тақырыпты тоқыратпай, күн тәртібінен түсірмей толыққанды туындылар беріп көтере беру – қазақ жазушыларының түбегейлі де, маңызды міндеттерінің бірі болып қала бермек.

Әдебиеттер

1. Елеуқенов Ш.. Әдебиетіміздің әлменді иығы Әбдіжәмил // Ә.Нұрпейісовтің 5-томдық шығармалар жинағы. Кіріспе сөз. - «Сырдария» кітапханасы. 200-томдық антологиясы. – Астана, Фолиант. - 2008.
2. Жұбатырұлы С. Абыржы // С.Жұбатыровтың шығармалар жинағы. «Сырдария» кітапханасы. 200-томдық антологиясы. – Астана, Фолиант, 2009. – 315 б.

МРНТИ: 14.01.11

Л. И. Садуақасова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Бүгінгі оқырманның интеллектуалдық деңгейі биік, эстетикалық талғамы жоғары. Олар кез-келген қаламгерден әдемі ырғаққа, шымыр да селкеусіз ұйқасқа құрылған шығарманы ғана іздемейді, әр шығарманың астарынан өзіне ой салар философияны, өзі бұрын көп біле бермейтін ғылыми пайымдаулардың поэтикалық үлгісін, сол арқылы сөз зергері

тұжырымдаған соны байлам, тың шешімдерді іздейді. Біздіңше Қадыр Мырза Әлидің қадырын арттырып, өзгелерден өзгешелеп тұратын да осындай ой мен сезімнің тұтасқан бір бүтінге айналып, өлең өмірінің әр кезде жаңаша сипатта көрінуі, шығарма шешімінің әрқашан да біз күтпеген тұстан келіп шығып, ойлануға итермелеуінде деп түсінеміз.

Қадыр Мырза Әлидің шығармашылығы біршама зерттелген. Мәселен, сатирик ақын Үмбетбай Уайдиннің естелігінен үзінді келтірейік. «Қадыр ақын тәңір берген талантты өне бойы жоғары кәсіби деңгейде ұстауды үйретіпті, үйрене алсаң. Уақытты шашпай-төкпей, аса үнемді пайдалануды пайымдапты. Шабытты күтіп, мәдениетті, ұшаққа мініп сұлу курортты түгендепті. Жерұйығында жер басып жүргеніне ырза болыпты. Қара шаңырағында қарапайым күн кешіпті. Әлемнің ақыл ойын жеке кітапханасына жинапты. Атақ - даңқын шығару үшін қолдан аңыз туғызуға, жұртты ертуге, биіктіге құрақ ұшуға құлықты болмаған, ұлты жіберген, уақытын қимаған ақын оқи берген, жаза берген. Жәй жазбаған. Күңіренген, күйзелген. Тебіренген, боздаған. Қорамсаққа» қол салған. Байсалдыға ой салған. Қадыр Мырза Әли – ұлт ақыны. Қазақ деген тегі мықты, тарихы күрделі, түйсігі мың қатпар, қалтарысты, астарлы-тысты, қабілетті қаһарман, қайсар халықтың тұңғыығына бойлап, кеңдігіне кепіл боп, бітіммен біте қайнасып, ұлылығын, рухын, ар – ұятын, үмітін барынша әспеттей отырып, кемшілігін, мінін, қайғысын, сырын адамзаттық тұрғыда қазып айта алған шыншыл да ойшыл ақын. Ұлы ақын! Сондықтан да Қадырдың өлең жолдарын кітап оқитын қазақ жатқа айтады. Жадында ұстайды. Жырларыңыз еліңізбен жасай берсін, ақберен ақын, ұстаз аға! Ұзындық өлшемі арқанға да, тауға да қатысты айтылады. Төменінен төбесіне шейін тау ұзын емес, Қадыр – биік» - деп Қадыр Мырза – Әлидің ақындығына баға беріп, азаматтық келбетін ашып көрсетеді [1].

«Қадыр ағаның шығармаларындағы нұрлы парасаттан туған поэтикалық пайым-қағидаларына қалтқысыз сенесіз. Оқырманын орынды оймен, тұңғыық түйсік иірімдеріне салып алып, оның жаны мен арын тазартып алатын қуатты дарын иесі Қадыр Мырза Әли деп білемін» - дейді Жадыра Дәрібаева.

«Қадыр Мырза Әли өз буынының, өмірінің ғұмырнамасын жазушы ғана емес, сол арқылы тұтастай ұлттың атынан сөз айта алатын атақ – дәрежеге көтеріле білген ірі тұлға. Қадыр Мырза Әли өлеңдерінсіз қазақ ұлттық поэзиясын толыққанды көз алдымызға елестету мүмкін емес. Ақынның шығармашылық өмірбаяны қазақтың ұлттық тарихы, сол ұлт барометрі. Ол уақыт пен кеңістікті үндестірген ақын» - деп баға береді Аманхан Әлімұлы [2].

Ақын Жәркен Бөдешұлы «Қадыр мырза Әли – қазақ жырының сұр мергені. Оның поэзиясы тұтас дәлдіктен тұрады. Дәл табады. Дәл көздейді. Дәл тигізеді. Атылған жебелерін көктен де жерден де таба алмайсың. Тек елден іздеп табасың», - деп өзіндік баға берген [3].

Ал ақын Оразақын Асқар болса ақын ағасына былай деп баға берген екен: «Қадыр Мырза Әлидің туындылары он бес том болса, аудармалары он том екен. Ал, шығармаларның толық жинағын шығарар болса жетпіс том болады. 19 ғасырда айтылған «Қазақтан сөз қалмаған» деген тіркес бар еді. Оған 20 ғасырда «Абайдан сөз қалмапты» деген сөз тіркесі қосылды. 21 ғасырда «Қадырдан сөз қалмапты» деген сөз тіркесі жалғанды. Шындығын айтар болсақ, бұл аксиома осы үшеуінен басқа әзірше ешкімге де үйлеспейді. Қадырдың айтары әлі де көп. Соның бәрін айтуға қаңтарда туған қыран Қадырдың өмірі ұзақ болса екен деп тілейміз» [4].

Асылы, адам әдебиетіне сұлудың бұрымындай өрілген екі мақсатпен келеді. Бірі – өзінен бұрын ешкім айтпағанды айту, екіншісі – өзге ешкімге ұқсамай тек өзінше айту. Осы екі мақсат орындалған жерде ғана шын мәніндегі әдеби туынды бар. Енді турасына көшсек қазақ поэзиясына осы ғасырдың орта тұсынан өте бере келіп соңғы 30 жылда тек қана өзіне тән өзгеше тілімен тапқан шын мәніндегі шынайы таланты екеу болса бірі, біреу болса өзі – Қадыр Мырза Әли», - деп бағалайды Зейнолла Қабдолов [5].

Қазақ балалар поэзиясының ірі өкілі – Қадыр Мырзалиев жас жеткіншектердің сүйікті ақыны. Ең алғашқы шығарған балаларға арналған 1959 жылы шыққан «Көктем» атты кітабынан кейін бірнеше балаларға арналған жыр жинақтары жарық көрді. Жиырмасыншы ғасырдың 60-70 жылдарындағы қазақ балалар лирикасындағы көркемдік ізденістерді

зерттеген ақын Шөмішбай Сариев: «1960 жылдардағы поэзия өкілі Қадыр Мырзалиев 1959 жылдан бастап 1965 жылға дейін балалар ақыны болып, 1965 жылдан бастап «Ой арманы» атты философиялық лирикалық кітабымен жарқ ете тісті» - деген пікір білдірген. [6].

Өткен ғасырдың 60-70 жылдары балалар лирикасы дегенде бірден атап өтетініміз Қадыр ақынның «Күміс қоңырау» кітабы. Қадыр Мырза Әли лирикасы өзінің көркемдік талғамымен, ешкімге ұқсамайтын өлең құрылысымен, даралық стилімен ерекшеленеді. Ақынның «Ағаның әлдиі» өлеңі пішін жағынан дабесік жыры үлгісіне ұқсайтындығы бұл шығарманың ба басты кейіпкері сәби уатқан бала.

«Ақ мамаңа асықпа,
Апам малда алыста
Ақтылы қой бағып жүр
Алтын жұлдыз тағып жүр

Өлең жолдарының бірінші сөздері бірдей а – дыбысынан басталуы, яғни ассонансты қолдану жырдың ырғаққа бейімділігін арттырып баяу тербеліске ыңғайлайды. Өлең шумақтарындағы эвфониялық үйлесімділік, сөздердің дыбыстық гармониясын айтпағанның өзінде «жүр» сөзінен басқа сөздердің барлығы да жуан дыбыстан құралып сөздерге созылықты сипат беруі де әсерлі шыққан. «Ассонанс сөздің екпіндік – әуездік мәнін, экспрессивтік эмоционалдық бояуын күшейтіп, ерекше елеулі тұстарын дыбыстандырып, ой-сезімнің әсерлілігін арттырады», - дейді ғалым Серік Негимов [7].

Ақын Қадыр мырза Әли өлеңдері ассонансқа тән осындай сипатты бесік жырларында ән сөз, сезім бірлесіп қиысатындықтан, өлеңнің ісерлі болып шығатындығы, әдеттегі өлеңдерден ерекше болып шығатындығы анықтала түседі. Өлеңдегі бесік жырын айтып, баланы уатушы анасы емес ағасының болуы «Апаң малда алыста, ақтылы қой бағып жүр» дей келе «алтын жұлдыз» таққан еңбекшінің мақтауы да бар. Өлең жас бала ағасының атынан айтылуы да бөпені уатқан баланың сезімі, баланың жас ерекшелігіне сай лайықталып берілген.

«Атам болса пішенде,
Айғайлама, күшенбе!
Жылай беру күнә ғой,
Ал көзінді жұма ғой»

Өлеңнің алғашқы жолында бесік тербетуші баланың апасынан кейін атасы жайлы айта бастағаны да нанымды шыққан. Келесі жолда баланың қарсылығын басқысы келіп «айғайлама, күшенбе» деп бұйыра айтуға да айтушының өзінің бала екенін еске алып «жылай беру күнә ғой» -деп бөпесіне өзінші бала көңілмен ақыл айтуы үлкендерден естігені болса «көзінді жұма ғой» -деп алдаусыратуы да шынайы шыққан.

Әлди-әлди, бөпешім,
Әлдилейді көкешің!
Жырлай, жырлай жалықтым,

Өзім де ұйықтап қалыппын, - деп аяқталуымен әдеттегі бесік жырларына мүлде ұқсамайтын тосын шешіммен аяқталады. Осы ерекшелігімен де өлеңнің көркемдік қуаты арта түседі. «Жырлай, жырлай жалықтым, өзім де ұйықтап қалыппындеген жолдар балаға тән тез жалыққыш мінез-құлық танытса сонымен бірге лирикалық кейіпкер баланың шынай мінезін береді. Өлеңде түнімен ұйықтамай, бала баққан кейіпкерді көреміз. Бала уатушының аса бір ыждаһаттылықпен балаға қарап отырғанын суреттесе де нанымды шығуы мүмкін еді. Бірақ бұл жерде бала бағушының өзінің әлі бала екендігі лирикалық кейіпкер психологиясымен сәйкес мінез ерекшелігін сәтті бергендігін көре аламыз.

Ауыз әдебиеті фабуласын сөз қолданысын, дәстүрлі көркемдік ерекшеліктерін сақтай отырып, қазіргі балалар түсінік, психологиясына бейімдеп, дамытып пайдалану ақын Қадыр Мырзалиев шығармашылығында санамақ, жұмбақ, ойын өлеңдері, сұрақ -жауап түрінде де кездеседі.

Қадыр мырза Әлидің «Ат жарысы» атты өлеңінде жүйрік құнанға мінген бала қиял шабысымен, құнан шабысымен қатар алынған. Қадыр ақын өлеңдерінде ұллық дәстүр

көріністері көптеп кездеседі. Ұлттық ұғымды беретін сөз тіркестері қажет жерінде сәтті берілген ақынның шеберлігін айқындайды. Мысалы: құнанның қаты шабатынын көрсету үшін лирикалық кейіпкердің «жалына жармасып, көзімді тер басып» - деген жолдарды алсақ қазақи шабандоз ұғымына сай тұлпарға сай «жүйткідім қыратта» деп аламан шабысты білдіретін «жүйтқу» сөзімен бейнелейді. Сонымен қатар фольклорлық үлгідегі батырлар жырындағы

«Құбылып бурыл гуледі,

Аяғы жерге тимеді,

Тау мен тасты өрледі

Төрт аяқты сермеді,

Құлақтың түбі терледі,- делініп «Қобыланды» жырындағы Тайбурылдың шабысымен үндес жырланады. Өлеңнің аяғында

«Алыста, алыста

Айналып ағысқа

Құмайдай құлдырап,

Бұлдырап, бұлдырап

Көрінбей мұнардан,

Шығамыз құмардан!

Қадыр Мырза Әли өзінің бала күнгі естелігінен мынадай оқиғаны айтады: «бала күнімде жиі көретін екі түсім болатын. Екіншісі бала қиялына сай романтикалық әдемі түс. Түсімде мен әппәк қаздай қанатты ақ құлынға мініп, ақша бұлттардың арасында қалықтап жүретінмін» [8].

Қадыр ақын кеңес кезінде өмір сүрген ақын болса да ұраншылдыққа бармай, ұлттық өлеңнің мазмұны мен калоритін сақтаған ақын. Ақын өлеңдерінің тақырыптарынан – ақ ұлтжанды қаламгер екендігін бірден танимыз. «Көкпар», «Қорамсақ», «Домбыра» деп аталуларының өзі де осының бір айғағы. Қадыр ақын өлеңдері осылайша ұлттық нақышта берілуімен ерекшеленеді.

Қадыр Мырза Әли балаларды өнер-білімге тәрбиелейтін, еңбекке баулитын, этика-эстетикалық тәрбие беретін өлеңдер жазды. Сөйтіп, бала тіліне лайықты, ойына қонымды, ойнақы өлеңдер мен қызықты әңгімелері арқылы қазақ балалар әдебиетінің дамуына өз үлесін қосты.

Қ. Мырзалиев балалар әдебиетін өзіндік сипаты, тақырыптары, қалпы бар бағыт етіп қалыптастыруда көп еңбек сіңірді.

1965 жылы шыққан Ш. Ахметовтің «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі» атты балалар әдебиетінде алғаш жасалған зерттеуіне арналған алғы сөзінде С. Мұқанов: «Әдетте, біз қазақ совет балалар әдебиетін «барлық жанрлырын да марқайды» деп жазасыз да, балалар әдебиетінің жанрына келгенде, «әлі жеткіліксіз, жасаң» деп өте шығамыз» деп бастаса, келесі жолдарда: «Расында бұлай емесін қазақ совет әдебиетінің балалар әдебиеті аталатын бұтағының да толыққанын, жемістенгенін Ш.Ахметовтің «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі» есімді оқушыларға ұсынып отырған қалың кітабы дәлелдеп береді» [9], - деп жазады.

1950-60 жылдардан бастап, балалар әдебиетінің көркем өнер ретіндегі қоғамдық-әлеуметтік мәні артты. Қаламгерлер көзге елене бермейтін бала қылығын немесе кейіпкер сезімін, көңіл-күй, эмоциясын жасауға талпыныс жасады.

Әдебиеттер

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі./ Ф.Ш. Оразбаева – Алматы, 2019. – 69 б.
2. Даулеткалиева Р.Л. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту / Р.Л. Даулеткалиева. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2021. – № 18.1 (152.1). – С. 16-18.

3. Ермоленко В.А. Дидактические основы функциональной грамотности в современных условиях. / В.А. Ермоленко, Р.Л. Перченко – М.: Дрофа, 2021. – 312 с.

МРНТИ: 14.01.11

С.К. Саятова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

«ЕҢЛІК-КЕБЕК» ПОЭМАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

«Еңлік-Кебек» оқиғасына Абайдың тапсырмасы бойынша Мағауия мен Шәкәрім эпикалық шығармалар жазған. Шәкәрімнің «Жолсыз жаза» поэмасы 1912 жылы Семей қаласындағы «Жәрдем» баспасынан жарық көрген. Шәкәрімнің ардақты есімі халқына қайта оралған шақта, әр жылдары жарық көрген басқа да шығармаларымен қатар төрт-бес рет тағы да жарық көрді. Шәкәрімнің «Жолсыз жаза» деген атпен «Еңлік-Кебек» поэмасы Мағауия Абайұлы поэмасынан бұрын жарық көргенімен, жазықсыз есімінің қаралануымен ХХ ғасырдың аяғына дейін оқырманға белгісіз болып келді. Ал Мағауия Абайұлының «Еңлік-Кебек» поэмасының тарихы туралы Қайым Мұхаметханұлы мынадай дерек келтіреді: «Еңлік-Кебек» –Мағауияның ақындық қадамын жаңа бастаған шағында жазған алғашқы поэмасы. Мағауияның өз қолжазбасы сақталмаған. Поэманың бір ғана көшірме қолжазбасы, 1940 жылы, Мұхтар Әуезов өз архивін тәртіпке келтіріп, реттетіп жатқан кезде, көп қағаздың ішінен табылады. Поэманы көшіріп жазған Дайырбай Қожанұлы. Бұл кісі де Абай шығармаларын көшіріп жазып, елге таратушылардың бірі болған. Дайырбай қолжазбасы тозыңқырап қалған екен. Қайта көшіріп жазу оңайға түскен жоқ, «Еңлік-Кебек» поэмасын Дайырбай қай жылы, қайдан көшіріп жазғаны анықталған жоқ. Мағауияның «Еңлік-Кебек» поэмасының бізге жеткен жалғыз қолжазба нұсқасы осы [1].

Бұл поэманың тағдыры да күрделі болды. 1950 жылдары Мұхтар Әуезовтың соңына түскендер оның шәкірті Қайым Мұхаметқанұлына да шабуыл жасады. Кандидаттық диссертация сынға ұшырады, өзі қамалып, айдалып кетеді. Әуезов Мұхтар Мәскеуге бас сауғалап кетеді. Ал Мағауияның поэмасын қолжазба қорына өткізген болатын. Тек 1960 жылы Ханғали Сүйіншәлиев құрастырған «Дастандар» атты жинақта басылып шықты. Бұл поэмаға өз кезінде Мұхтар Әуезов те баға берген: «Еңлік-Кебек» Мағауияның алғашқы шығармасы. Өлеңдік жағынан ол әлі поэма тіліне жете шеберленбеген күйді танытады. Тілге тұтқыр және анық поэзиялық ерекшелік жағынан олақтау келген сырт құбылыс байқалады. Бірақ идея жағынан қарағанда бұл поэманың да өзінше өз тұсындағы адамдардың шығармаларынан оқшау тұрған озғын жайлары бар» [2].

Мұхтар Әуезов ол жылдары әрине Шәкәрімнің «Еңлік-Кебегі» турасында еркін айтып, жаза алмағаны белгілі. Дегенмен қиын-қыстау кезеңде қиыстырып Шәкәрім есімін атап кетуге, оның көркемдік қуатын көрсетуге қашанда ұмтылыс жасап, толастамаған талап үстінде болды. Абайтану ғылымының канондық негізіне айналған «Абай Құнанбаев» мақалалар мен зерттеулер атты 1967 жылы филология ғылымдарының докторы Ысқақ Дүйсенбаевтың редакциясымен жарық көрген еңбегінде топтастырылған ғылыми еңбектерінде Шәкәрімді қашан да биік деңгейде атауы осының айғағы. Мәселен, белгілі «Абай ақындығының айналасы» атты тарауында оның нақ шәкірттері төртеу екенін айтады. Олар Абайдың өз балалары Ақылбай мен Мағауия дейді. Және қалған екеуі Көкбай мен Шәкәрім дейді. Қиын-қыстау, қуғын-сүргін заманда осылай атап өтеді.

М. Әуезов өзінің «Еңлік-Кебек» пьесасын 1917 жылы жазды. Шығарма бірнеше рет толықтырылып, өңделіп қазақ сахнасының классикасына айналды. Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмасының ықпалы болғанын сол кездегі мерзімді баспасөз беттерінде жазды: «Өткен мамыр айының аяғында бір жерде отырған Абайдың оншақты ұлының 14-15 жасы игілік мақсатпен бір ұйым ашты. Ұйым аты «Талап» болды. Ұйымға кірген талапты

жігіттердің алды 100, арты 10-15 теңге жарна жинады. Бұдан басқа ұйым мүшелері отбасы 3 теңге беріп, ұйым қазынасын толықтыра беруге міндетті болды. Бұл ұйым ашылғандағы әзіргі көздеген мақсаты – әлдері келгенше кітап бастыра бермек. Онан соң бұл ұйым Шәкәрім қажының «Еңлік-Кебегін» театр түріне айналдырып, Тұрағұл Құнанбаев мырзаның бір бала ұзатқан тойына представление істеп, ойын көрсетті. Екі үй қатарластырып тігіледі. Билет 50 тиын болды. Ойын басталар алдында семинарист Мұхтар Әуезов пьеса-представлениенің мақсаты жолынан сөз сөйлеп, халықты болар іспен таныстырады».

Біріншіден, Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасының жазылуына Шәкәрім поэмасының ықпалы болғанын байқасақ, екіншіден тек поэманы ғана негізге алмай халық арасында кең тараған аңызға да сүйенген. Мұхтар Әуезовтің драмалық шығармасының тарихи негізі жөнінде академик Рымғали Нұрғали: «Мұхтар «Еңлік-Кебегінің» сюжеті негізінен халық аңызының бұрынғы әңгіме, поэма түрінде келген нұсқаларының іргесінен тарайды. Тобықты мен Найман арасында нақты болған оқиғаның драма материалы екенін ұғыну – жас қаламгердің жазушылық көрегендігін аңғартады» [3].

Жалпы, ғалымның осы мақаласы қиын кезеңнің өзінде көп мәселенің бетін ашты. Шәкәрім поэмасының көркемдік қуатын ерекше талдап көрсеткен зерттеу еңбек болды. Мәселен, батыр Кебектің портретінің берілуін және Еңлік бейнесіндегі сонылықты, яғни оның батылдығын ашып көрсете білді. Сөзіміз дәйекті болу үшін ғалым пікіріне назар аударайық: «Бұл поэма да Кебекті таныстырудан басталған. Бұрынғы варианттарда жоқ ерекшелік – жас батырдың портреті» [3]. Академик Рымғали Нұрғали Шәкәрім поэмасындағы осындағы көркемдік ерекшелікті дәл байқаған. Расында Шәкәрім Кебектің портретін өзіндік ерекше стильмен аша білген:

Он бесінде Кебектің аты шықты,
Атты, жаяу бәріне бірдей мықты.
Көзі өткір, қара торы жігіт екен,
Орта бойлы, тапалдау кең иықты.
Ел қамы үшін өлуге жанын сайлап,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап,
Жауға батыл, жақынға және әдепті,
Кішіні – іні, үлкенді ағатайлап.

Жастайынан батырлықпен көзге түскен Кебекке жолығатын Еңлік те осал жан емес. Ол батылдығымен ерекшеленеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, енді ғалымның пікіріне назар аударайық: «Басқа варианттарда «Еңліктің үй-жайы, әке-шешесі айтылмаса, «Жолсыз жазада» оның жалғыздығы, еріксіз ұзатылып отырғандығы, әкесінің жас күнінде батыр болғандығы, нағашысы Қабанбай екендігі баяндалады. Тұрмыстық детальдар – қонақ күту әдеті, ат жайғау, дәм беру тәртібі бейнеленеді. Жал-жая, қазы-қарта, қарсақ жон сорпа айтылады. Еңлік образын пайымдауында да сонылық бар. Сөз айтушы жігіт емес, қыз. Бұл жағынан алғанда Еңлік Онегинге бірінші боп хат жолдаған Пушкин Татьянасының қылығын еске түсіреді. Батылдықты айтып отырмыз. Болмаса орыс қызы Татьяна мен қыр перзенті Еңліктің алған тәрбие, көрген орта, түйген байламдары да, мінез-құлқы да, тағдыр-талайы да екі басқа екендігі әркімге түсінікті» [3].

Шәкәрімнің суреткерлік шеберлігі сан-қилы кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекетін, көңіл-күйін, әсерлі бейнелеумен қатар, сол арқылы халықтың салт-санасын, әдет-ғұрпын, әртүрлі топ өкілдерінің психологиясын терең ашып көрсетуінен айқын аңғарылады. «Еңлік-Кебек», әсіресе «Нартайлақ пен Айсұлу» дастанынан бұларға қоса ақынның елдегі ертедегі тарихынан мол мағлұматы бар шежірешілдігін де байқаймыз».

Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмасында бейнеленген образдар кесек, классикалық әдебиеттің үздік үлгісі дей аламыз. Ақын басты кейіпкерді суреттегенде романтикалық пафосқа ұрынбайды, «көзі өткір», «кең иықты» деген суреттемелер арқылы сәтті жеткізеді. Көзінің өткірлігі ішкі рухынан хабар берсе, кең иықтылығы кейіпкер тұлғасының ірілігінен хабар беріп тұрған сәтті көркемдік деталь демекпіз. Ал «Жауға батыл, жақынға және әдепті, кішіні-іні, үлкенді ағатайлап» деген жолдар оның адамшылық, кісілік тұлғасын аша түседі.

Кебек бойынан шешімталдық ерекше байқалатын қасиет. Мәселен, Нысан Абызға бал аштырғанда «Балыңа не түссе де жасырмай айт, жалғыз-ақ сол арасын қыламын шарт!» деп шешімтал қайрат көрсетеді. Осы шешімталдық мінезі поэманың өн-бойында Кебек образы бейнеленгенде көрініс тауып отырады:

Біржолата кім тұрар бұл дүниеде,
Өлім көрмей тұра ма туған пенде.
Қарап жүріп қаңғырып босқа өлгенше,
Еңлік үшін өлгеннің қапысы не!...

Кебек – өз ойын ашық та өткір айтатын тұлға. Ғашық, ынтық адамның бейнесі. Өзі қоршаудан сытылып шыққанда, Еңлік сырғып түсіп қалады. Кебектің Қозыкүрең атымен қашып құтылуға мүмкіншілігі бола тұра, қайырылып келеді, қашпайды. Жалпы, Шәкәрім қазақ әдебиетінің тарихында қазақ жігітінің батырлық бейнесін, портретті Кебек бейнесі арқылы келісті бере білген суреткер. Кебек портреті туралы зерттеуші ғалымдар кезінде сәтті пікірлер айтқан. Енді соның біріне тоқталып өтелік: «...портреттің сом суретке толы көрікті, көркем жағын айтпағанда, оның ұлттық, халықтық ерекшелігіне назар аудармасқа болмайды. Автор психологиялық мінездеме мен портреттік сипаттаманы шебер ұштастыра, тұтастыра отырып, қазақ ұғымындағы елгезек, есті, ер жүрек жастың шебер тұлғасын жасайды. Кебек бейнесіне дейін әдебиетімізде (фольклор өз алдына мәселе) ауыз толтырып айтарлық бірде-бір кесек тұлғаның портреті жасалмады десек, асыра айтқандық емес. Адам портретін жасау, әсіресе, оны кесек жанрда ұтымды көркемдік тәсіл ретінде қолдану алғаш поэзияның күрделі саласында осы «Еңлік-Кебек» поэмасынан басталады».

Әдебиеттер

1. Мұхаметқанов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы: Дәуір. 1993. – 224 б.
2. Нұрғалиев Р. «Еңлік-Кебек» трагедиясы. // Әуезов тағлымы. – Алматы: Жазушы. 1987. – 432 б.
3. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Қазмемкөркембас. – 1959, – 556 б.

МРНТИ: 14.01.11

О.Т. Солтанбекова, А.Т. Мукажанова
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

ТЕКСТОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА В 10 КЛАССЕ В АСПЕКТЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ

Главной целью обучения русскому языку в старших классах в рамках обновлённого содержания образования является развитие творчески активной языковой личности, под которой в современной лингвистической науке понимается «вид полноценного представления личности, вмещающий в себя и психический, и социальный, и этнический и др. компоненты, преломленные через её язык» [1]. Достижение этой цели обеспечивается путём совершенствования функциональной грамотности обучающихся по четырём видам речевой деятельности (слушание, чтение, говорение, письмо) на основе сформированных знаний о языке, с учётом норм употребления средств разных уровней и активизации их в продуктивной речевой деятельности в разных сферах общения. Приоритетной задачей при этом становится использование знаний о русском языке, соблюдение норм литературного языка и правил речевого этикета в устной и письменной речи в различных сферах и ситуациях общения. Следует отметить, что современные лингвисты обращают особое внимание на метод включения социокультурного материала в ткань уроков русского языка:

«Становление полноценной языковой личности невозможно без осознания языка как своего рода живого организма, спяянного корневыми нитями образов и ассоциаций с

традициями материальной и духовной культуры нашего народа, уходящими за необозримые горизонты столетий» (Савельева 1997) [2].

Как показывает опыт исследователей и педагогов, работу по формированию языковой личности целесообразнее и продуктивнее строить на материале связных текстов. Изучение и анализ текста должны иметь место на каждом уроке независимо от его темы, поскольку только в тексте язык живёт и проявляет свои коммуникативные функции.

Задача учителя при работе над текстом сводится к двум взаимосвязанным методическим аспектам: научить ученика адекватно понимать «чужой» текст и создавать свой, соответствующий языковым нормам, логике и речевой ситуации. Изучаемые на уроке тексты должны соответствовать основным дидактическим принципам – учёта возрастных особенностей, связи с жизнью, доступности др. Как средство обучения языку образцовый текст должен быть чётко структурирован, предоставлять возможность ученику усваивать приёмы композиционного развёртывания микротема, способы аргументации, находить изобразительно-выразительные приёмы речи. Учебная деятельность при работе с текстом организуется таким образом, чтобы в её ходе происходило взаимодействие всех видов речевой деятельности. Как показывают психолого-педагогические эксперименты, взаимосвязанное обучение будет наиболее эффективным при рационально организованном сочетании заданий различного типа. При этом учитель должен ясно представлять себе их цели и задачи, использовать метод коммуникативно-ориентированного обучения, включающего в себя ситуативность, коллективное взаимодействие, вовлечение в речемыслительную деятельность, личностно-ориентированную самостоятельную работу.

В качестве примера, обратимся к изучению сквозной темы «Толерантность и диалог национальных культур», которой открывается курс русского языка в 10 классе казахстанской школы [3]. Она изучается на протяжении всей первой четверти и структурно включает в себя 4 подтемы: 1. Диалог культур в Казахстане 2. Что такое толерантность 3. Толерантность в межкультурном диалоге 4. Толерантная личность.

Аналитический материал действующего учебника предлагает учащимся тексты различных жанров и стилей: публицистических (резюме статьи, пресс-релиз о молодёжном фестивале «Одна страна – одна судьба», пресс-релиз «Акция «Дерево толерантности», заметки, интервью журналиста с лингвистом, эссе «Терпимость – это не толерантность»); научных (научная статья «Проблема формирования толерантного сознания в многонациональном Казахстане», фрагмент лекции «Межкультурная коммуникация»); научно-публицистических (отрывки из статей выдающихся учёных-филологов Д.С. Лихачёв о диалоге культур, М.М. Бахтина о диалогичности жизни), художественных (пословица о силе единства народа, песня Б. Окуджавы «Давайте восклицать»), официально-деловых (фрагмент из статьи 1. «Декларации принципов толерантности», принятой ЮНЕСКО в 1995 году).

В соответствии с концепцией обновлённой программы по русскому языку наряду с традиционными вопросами и заданиями, преследующими чисто образовательные цели (определение типа и стиля текста, его темы и идеи, выполнение лексико-грамматических упражнений, таких, как подобрать синонимы, вставить в статью пропущенные слова и др.) дидактический аппарат учебника предусматривает комплекс заданий, ориентированных на формирование функциональной грамотности. Так, при изучении текста «Диалог культур в Казахстане» учащиеся составляют «толстые» и «тонкие» к нему, при работе со статьей «Что такое толерантность» заполняют инфографику «Различие людей», кластер «Признаки толерантности», таблицу «Виды толерантности», изучают схему «Модели толерантности», ведут «бортовой журнал» («Я это знаю – это новая для меня информация – мне это непонятно») и записывают свои мысли, читая интервью журналиста с лингвистом.

После знакомства с текстом пресс-релиза «Акция «Дерево толерантности» учащимся предлагается самим «вырастить» подобное дерево, на листьях которого они записывают свои пожелания. Такие приёмы и технологии критического мышления формируют навыки работы с несплошными текстами и развивают умения по свёртыванию информации в тексте.

Пробуждению творческого воображения учащихся способствуют ситуативные ролевые игры: в одном случае им предлагается пофантазировать на тему «Когда все люди абсолютно одинаковые», в другом – побывать в роли бизнес-партнёров, ведущих деловые переговоры, оказавшихся в ситуации требующей проявления толерантности. Укреплению взаимоотношений с коллективом послужит задание написать письмо однокласснику или другу, выражая позитивные мысли о нём, используя стилистические фигуры. Навыки исследовательской деятельности потребуются учащимся при разработке коллективного проекта «Толерантность – искусство жить в мире с непохожими на тебя людьми» с обязательным включением в него «портрета» Казахстана как толерантного государства. Иначе, чем на уроках литературы, строится работа над художественным текстом. Работая с популярным стихотворением Б. Окуджавы «Давайте восклицать» учащиеся должны не только наблюдать над художественными особенностями произведения, но и указать в ней идеи толерантности.

Таким образом, задача учителя на уроках русского языка в 10 классе видится не только в том, чтобы дать ученику определённую сумму знаний, но и сформировать у него умения и навыков, которые помогут адаптироваться в дальнейших социальных отношениях.

Литература

1. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 264 с.
2. Савельева Л.В. Современная русская социоречевая культура в контексте этнической ментальности. Сборник научных трудов. Петрозаводск, 1995.
3. Сабитова З.К., Алтынбекова О.Б. Русский язык. Учебник для 10 классов естественно-математического направления общеобразовательных школ. – Алматы: Мектеп, 2019 – 192 с.: илл.

МРНТИ: 14.01.11

Ж.У. Калимова, Б.Р. Роллан

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Мектеп оқушылардың азаматтық бірегейлігі мен дүниетанымының негіздерін қалыптастыру, балаларды өз өлкесін және өз Отанын сүйетін, отбасы мен қоғамның құндылықтарын құрметтейтін және түсінетін, адамгершілік нормаларын, рухани мұраттарын, мәдени рәміздері мен стереотиптерін құндылық бағдары ретінде тәрбиелеудің стратегиялық міндеттерін жүзеге асырытын білім ордасы.

Шетел тілін оқыту үрдісіне мәдениетті енгізудің мәселесіне соңғы 30 жылда әртүрлі зертеулері бағышталғанын айта кету қажет. Зерттеушілердің барлығы мәдениет компоненті ретінде шетел тілін меңгерудің маңыздылығына ерекше көңіл аударады және, оқу үрдісінің жоғарылаған талабына ғана емес, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы туралы мәселелерді аса терең ұғынуға да, оның тілді оқыту тәжірибесіне тигізетін әсерін де мойындайды. Шетел тілдерін оқытуға лингво-мәдени таным ғылымы тұрғысынан қарауды қолдану қосымша тілдік тұлғаның когнитивтік санасын қалыптастыру міндетін шешуге мүмкіндік береді [1].

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік – әртүрлі мәдениеттер мен елдердің адамдары арасындағы өзара әрекеттестік пен өзара түсіністік артып келе жатқан қазіргі әлемде маңызды сапа. Бұл адамға басқа мәдениет өкілдерімен табысты қарым-қатынас пен қарым-қатынас жасауға, олардың құндылықтарын, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен мінез-құлық нормаларын түсінуге мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылар жиынтығы. Бұл жұмыста біз әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын қарастырамыз.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік – адамның әлеуметтік мәдени өзара әрекеттесу және өзара түсіністік жағдайында табысты қызмет етуіне мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылардың жиынтығы. Оған мыналар кіреді:

- байланыста болатын мәдениеттерді білу;
- әлеуметтік мәдени айырмашылықтарды түсіну және түсіндіру қабілеті;
- әлеуметтік мәдени жағдайларға бейімделу қабілеті;
- басқа мәдениет өкілдерімен тиімді тіл табыса білу;
- әлеуметтік мәдени өзара әрекеттесуге байланысты мәселелерді шешу қабілеті.
